



«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Астана

2006

«МӘДЕНИ МҰРА»

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ

КІТАП СЕРИЯЛАРЫ

БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*

Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*

Тәуекел С.Т., *жауапты хатшы*

Әбділдин Ж.М.

Әуезов М.М.

Байпақов К.М.

Зиманов С.З.

Кәлетаев Д.А.

Кекілбаев Ә.

Кенжеғозин М.Б.

Қасқабасов С.А.

Қойгелдиев М.Қ.

Қосыбаев Е.М.

Құл-Мұхаммед М.А.

Мағауин М.М.

Мәмбеев С.А.

Нұрпейісов Ә.К.

Нысанбаев Ә.Н.

Рахмадиев Е.Р.

Сұлтанов Қ.С.

Сүлейменов О.О.

Хұсайынов К.Ш.

БАБАЛАР СӨЗІ

жүз томдық

Батырлар жыры



36 том



ББК 82.3 (5 Қаз)

Б12

«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:

Қасқабасов С. (төраға), Қорабай С. (төрағаның орынбасары),
Жұмасейітова Г. (жауапты хатшы), Әзібаева Б., Күзембаева С., Қирабаев С.,
Мамыраев Б., Қосан С.

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:

Қосан С. (жауапты редактор), Қасқабасов С., Елеукенов Ш.,
Ақыш Н.

Томды жүйелеп, ғылыми қосымшаларын дайындағандар:

Қосан С. филология ғылымдарының кандидаты,
Салтақова Ж. (жауапты шығарушы), Әкімова Т.

Б12 Бабалар сөзі: Жүз томдық.—Астана: «Фолиант», 2006.
Т. 36: Батырлар жыры.—2006.—480 бет.

ISBN 9965-35-287-9

«Бабалар сөзі» сериясының 36-томына «Қобыланды батыр» эпосының
халық ақындары Б.Толымбаев, Н.Байғанин, Е.Ешімов жырлаған көлемді әрі
көркем нұсқалары еніп отыр.

Б 4702250205
00(05)—07

ББК 82.3 (5 Қаз)

ISBN 9965-35-287-9 (т. 36)
ISBN 9965-619-60-3

© Әдебиет және өнер институты, 2006
© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2006

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарық көретін «Бабалар сөзі» сериясының жүз томдық ғылыми басылымын әзірлеуді одан әрі жалғастырады.

Серияның бұған дейін жарияланған отыз бес томы ұлттық фольклорымыздың аса бір көркем де көлемді саласы болып саналатын эпостық шығармаларға арналды. Дәлірек айтқанда, бүгінге дейін хикаялық дастандардың он үш томы, діни дастандардың жеті томы, ғашықтық дастандардың сегіз томы, тарихи жырлардың үш томы, батырлар жырының үш томы, сондай-ақ шежірелік дастандардың бір томы әзірленіп, баспа бетін көрді. Бұл басылымдардың он томы Қытайдағы қазақ фольклорына арналғаны мәлім. Қазақ халқының қымбат қазынасы—фольклор жинақтарының жоғары деңгейде безендірілген жаңа басылымын оқырман қауым үлкен қуанышпен қарсы алды. Алла қаласа, қазақ эпосының көркем үлгілерін жариялау осымен шектелмейді.


Оқырман назарына ұсынылып отырған аталмыш серияның 36-томы батырлар жырына арналды. Бұл томға «Қобыланды батыр» эпосының үш нұсқасы енді.

«Қобыланды батыр» жырының ел арасында кең тараған отызға жуық нұсқасы бар. Бұл жыр үлгілерін, негізінен, қазақтың батыс өңірінен шыққан көптеген ақын-жыраулар айтқан. Солардың ең атақтысы—Марабай ақын. Эпостық нұсқаларды ғылыми тұрғыдан жүйелеп, төрт томға жинақтау жоспарланды. Алғашқы томға Көшелек Еламанұлы, Құлзақ Амангелдіұлы, Сүйіншәлі Жаңбыршыұлы жырлаған нұсқалар енсе, кезекті екінші томға Біржан Толымбаев, Нұрпейіс Байғанин және Ержан Ешімұлы сынды ақындардың репертуарында орындалған жыр нұсқалары ұсынылды.


Сондай-ақ «Қобыланды батыр» жырының Кеңес кезеңінде жарық көрген бірқатар варианттарына сол кездің саяси-қоғамдық талаптарына орай мәтіндік өңдеу, редакция жүргізілгені жасырын емес. Бұған қоса ілкі жинақтарда түсіп қалған, яки қолжазбадан қате оқылған жыр жолдары мен жекелеген сөздер түпнұсқа бойынша түзетіліп, мәтіндер бастапқы қалыпқа келтірілді.

«Бабалар сөзі» сериясының негізгі ұстанымдарына сәйкес, отыз алтыншы том ғылыми қосымшалармен толықтырылды. Ғылыми қосымшаларға томға енген мәтіндерге жазылған түсініктемелер, сөздік, жер-су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, эпостың жинаушылары мен оның жырлаушылары туралы деректер, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, орыс және ағылшын тілдерінде жазылған түйін кірді.

Томның көлемі—30 б.т.



М Э Т И Н Д Е Р



Қарақыпшақ Қобыланды батыр

(Б. Толымбаев нұсқасы, Қазан, 1914)

Бұрынғы өткен заманда Тоқтар деген бай өткен. Әр түлікке сай өткен. Тоқсан тоғай толы малы бар еді. Ол малды бағатын тоқсан құлы бар еді. Тоқсан құлдың бастығы Естемше деген еді. Бұл Тоқтарбайдың еш перзенті жоқ еді. Мал иесіз болған соң, Тоқтарбай тұрып жылайды, жад айтып енді Құдайды. Құдайдан бала сұрайды, әулиеге ат айтып, Қорасанға қой айтып, шыбын жанын және айтып, етегін шеңгел сыдырып, әулие қоймай қыдырып, шаршап келіп жығылды. Пірлеріне сыйынды. Тоқтарбайға пірлері түсінде аян берді:—Орныңнан шапшаң тұр. Құдай саған перзент берді,—дейді.

- Бір ұл, бір қыз береді,
Анық түсті көреді,
Кемпірге сөйлей береді:
—Құдай берді тілекті,
Қуантқан Алла жүректі.
Кемпір менен шал байғұс
Бір-біріне жолықты,
Ешнәрсе болмай торықты.
Өлдім, талдым дегенде
Жаппар Ие жар болып,
10 Бір нәрсе енді болыпты.
Тоқсанға келген Тоқтарбай
Әулиеге ат айтты,
Қорасанға қой айтты.
Шыбын жанын және айтты,
Тамам малын әм айтты.

Сөйтіп, үйіне келіп, бірнеше күн өткенде, тоғыз ай, он күн жеткенде, алпыстағы Аналық толғатты, толғағы болды тым қатты. Бір қыз менен ұл тапты, ұлы болды сымбатты. Тоқтарбай сынды байыңыз ел шақырып,

той қылып, ғаріп-қасерге сый қылып, ұлына ат қойдырды. Жарлы-жақыбайды тойдырды. Ұлдың аты—Қобыланды, қыздың аты—Қарлыға болды. Халық тойын жеп тарқасты.

Тоқтарбайдай байыңа,
Кеңіген енді секілді,
Дүниенің тарлығы,
Көңілдің кетіп зарлығы.

Бала ал201 жасқа жетті. Мал бағуға ойланып, тобылғы менді торы атқа мініп, жылқыға барып Естемшеге қосылып, ит жүгіртіп, құс салып, мал бағып жүре берді.

Бір күні у-шу дауыс шықты. Қобыланды:—Әй, Естемше, бұл дауыс не?—дейді.

Естемше айтты:—Қызылбас жұртында Көклен деген кемпір бар, өзі патша еді. Сол кемпір: «кімнің діні қуатты болса, соның оғы тиер» деп елдің ортасына биік баған қағып, басына алтын теңге тағып: «Мұны кім қағып түсірсе, қызым сұлу Құртқаны соған беремін» деп жатыр дейді. Әр жерлерден келген батырлар биіктігі жүз сарзиндай жердегі теңгені атып түсіре алмай жатыр,—дейді.

Онда Қобыланды:—Мен барып атып түсірсем, кемпір маған қызын берер ме?—дейді.

Естемше:—Саған атып түсірсең де бермейді,—дейді,—неге десең Құдайдың зор дұшпаны бойы қырық аршын Қызыл ер деген ер бар. Ол бұл қызға ғашық еді. «Мен оғым тисе де алармын, тимесе де алармын» деп жатыр. Ол сенің оғың тигенменен де бермейді. Сенің бұғанан өспеген, қабырғаң қатпаған, оған әлің келмейді,—дейді.

Соныменен бірнеше күн өтті. Бірнеше күн жетті. Күні-түн дыбыс басылмаған соң, Қобылекең қисайып соған барды. Көз салып тұрды. Әркімдер атып тигізе алмады.

Бір кезде кезек Қобыландыға келді. Саржаны тартып қалғанда теңге қақ бөлініп жерге түсті. Көклен кемпір мұны көрген соң келіп:—Әй, шырағым, мұсылман заттың баласы екенсің. Күштілігіңнен түсірген жоксың, дініңнің асылдығынан түсірдің. Мен де сенің дініңе кірдім, қыз Құртқаны саған бердім,—дейді.

Тоқсан нарға жасауды артып, қыз Құртқаны ұзатып жатқанда кемпір айтты:—Әйелдің бір тегі ерге дұшпан болатұғын, шырағым. Беліңді шешіп, сырыңды айтпағайсың,—дейді,—Қызымның тілі жоқ сақау, құрт жеген ағаштай ақау. «Қылайын енді саған» деп ашуланып қарай көрме

бетіне, таяқ соға көрме етіне,—дейді де кемпір қала береді.

Бұлар жөнеле бергенде баяғы қырық кез Қызыл ер келіп килікті.— Мен қарындасыма қырық күн ойын, қырық күн тойын қылмай жөнелтпеймін,—дейді.

Қобыланды:—Не ойнайсың, батыр?—дейді.

Қызыл ер:—Жерден теңге алмақ ойналық,—дейді.

Қобыланды «жарар» деп тобылғы менді аттың үстінен жердегі теңгені алып шауып кетті. Қызыл ер аламын деп ала алмады, аты асау екен.

Онда Қобыланды:—Әй, батыр, сіздің атыңыз асау екен. Мен жас күнімде, мынау аттың арқасына байлап шауып үйретіп едім. Сонан соң атым жуас болып кетті,—деп батырды алдап нандырды. «Батыр аңғырт, бай салғырт» деген сонан қалыпты.

Сонда Қызыл ер айтты дейді:—Ендеше, менің де екі қолым, екі аяғым сондай қылып байла,—деп, әм байлауға өзінің қанжығасын беріпті.

Қобыланды:—Сіздің қол-аяғыңызды бұл қанжыға ұстап тұра ала ма?—дейді.

Қызыл ер:—Мен ол қанжығаменен талай дұшпанды байлап қарағанмын. Шаншар ханның заманындағы мыстан кемпірдің терісі. Ол үзілмейді,—дейді.

Қобыланды Қызыл ерді қанжығасыменен алып байлап, бұзау терісі кертартарменен тартып қалғанда, белшұбар ат ышқынып тулап ала жөнеліп, батырды тау менен тасқа соғып өлтірді.

Сол уақытта қыз Құртқа:—Қызыл ердің Ағанас, Тоғанас деген екі кішкене баласы бар. Соларды өлтіріп кет. Олар тірі қалып ер жетсе, әкесінің кегін алмай қоймас,—дейді.

Қобыланды:—Олар өскенше кім бар, кім жоқ,—дейді де жүре берді.

Бұлар көшіп келіп бір жерге қонды. Қонған жерлері көп жылқының іші еді. Сол жылқының ішінен қыз Құртқаның көзі бір биеге түсіп:—Әй, батыр, мына биені мені берсеңіз де алыңыз,—дейді.

Қобыланды:—Сені берсем бір рулы елдің малын алмаймын ба?—дейді. Құртқа:—Мұның ішінде тұлпардан пайда болған бурыл құлын бар,—дейді,—аман-есен құлындаса, сол құлынды ат қылып саған берермін,—дейді,—астыңыздағы торы ат жауға, дауға мінуге жарамайды, жабының баласы,—дейді.

Сонан соң бұл батыр:—Жылқының иесі кім екенін білейін,—деп бір таудың етегінде ұйықтап жатқан жылқышыларына келіп:—Бұл кімнің жылқысы?—дейді. Тоқсан құлдың бастығы Қаракөшек деген:—Сәлімбай байдың жылқысы,—дейді. Жөн-жосығын сұрап келсе,

әкесі Тоқтарбайдың інісі болып шықты. Қобыланды батыр Көшекке:— Сәлімбайға барып ініңіз үй ұзатып келе жатыр екен. Тоқсан нарды артуыменен алсын да, кәрі көк Бурылды берсін деп айтты деңіз,—дейді. Қаракөшек байға барып, Қобыландының айтқан сөздерінің бәрін айтты.

Сәлімбай сонда сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
—Айналайын, ініміз,
Туған екен күніміз,
Болмасын біздің мініміз.
Жасаған Ие жар болып,
Қолтығыңнан демесін
Қырық шілтен ғайып піріміз.
Айтқаның, Көшек, әй, рас па,
Жағып кетті құлаққа?!
Биенің несін аяйын,
Шырағым жетсін мұратқа!

Өтірік айтып, Көшегім,
Қалып жүрме ұятқа.
Жүк саламын шанаға,
Үш әйелім бар еді,
30 Ортаншысы жүкті еді,
Арнап едім мен оны
Ішіндегі соның балаға.
Тайдың несін сұрайды,
Әкете бермей далаға.
«Қалауымды алдым» деп,
Мақтанып барсын алдында
Тоқтар сынды ағаға.

Сәлімбай сөйдеп айтқан соң,
Көшек шауып жөнелді,
40 Жауабына кенелді,
Бұ да айтулы ер еді.
Сәлімбайдың сөздерін
Бұлжытпай айтып береді.
Қобылан сынды еріңіз
Биені алып жөнейді.

Тілекті Құдай береді,
Қыз Құртқаға келеді.
Айналдырып биені
Көзін салып көреді.
Желіні жеткен биенің,
50 Жақсылығы болсын Иенің,
Биесі құлын табады.
Табанын жерге тигізбей,
Маңдайын күнге күйгізбей,
Киімге орап алады,
Жақсылап Құртқа бағады.
Аяқтанып алған соң,
Көк ала бие қасында
Айнала құлын шабады.

Бірне~~ке~~ күн өткенше құлын менен биені сонда бағып жата береді. Құлын енесіне тоймайды. Қырық қысырақтың үйірін айдап әкеліп сауып ішкізді. Армасын, талмасын деп жеміне қызыл дәрі қосып жегізеді. Құлын әбден аяқтанып болған соң, бұлар көшіп елге келіп, отауын әкесі Тоқтардың ордасының жанына әкеліп тікті.

Қобыланды:—Әй, әке, мен кеткелі малдың аман, жаманын білесіз бе?—дейді. Онда Тоқтар айтты:—Әй, шырағым, мен сені малда жүрген шығар деп едім, қайдан білейін,—деді. Мұны естіп Қобыланды үйіне түспей, ашытқан балын ішпей, Қараспан таудың етегінде жатқан Естемшеге қосылып ит жүгіртіп, құс салып, мал қызығыменен жүре берді. Сол уақытта қырық мың үйлі қият деген елдің ішінде Сайым деген бай болып, оның Қараман деген баласы бар еді. Қобыланды туған жылы туған, жылы жылдас, жасы құрдас еді. Сол Қараман қырық мың кісі алып, ақ-қара бас ту алып, Қарақозы, Аққозы, Қосдәулет, Қарабұқан жауырыншы—соларды алып, қалмақтан Қазан деген ер шығып, қазақтың жерінен Қарақала, Сырлықала деген екі қала салып, мұсылманның жерін алды дегенменен аттанып келе жатыр еді. «Қарақыпшақ Қобыланды батыр Қараспан тауда Естемше құлменен ит жүгіртіп, құс салып жатыр» дегенді естіп Қараман:—Жылы жылдас, жасы құрдас еді. Соған бара кетелік, жүрсе ала кетелік,—деп жолдастарыменен Қобыланды батыр жатқан жерге келіп қонды. Қобыланды оларға қос басына бір-бір ту бие сойып берді. Ертеңіне жүрейін деп жатқанда Қараман сөйлейді:

Қараман сонда сөйлейді,

Сөйлегенде не дейді:
—Сайым ұғлы Қараман,
Мен Қазанға барамын.
Жүрмеймісің, құрдасжан,
Қол ағалық қыламын.
Замандасым, мұңдасым,
Жасың бірге құрдасым,
Жылың бірге жылдасым,
Сен шыққан соң, құрдасым,
Білемін дұшпан оңбасын.
Қазан салған шаһарға
Сапарланып жол шектім,
Жүрмейсің бе, жолбарысым?

- 70 Сонда Қобылан сөйлейді,
Ителгі құстай іледі,
Сүйкімді назбен күледі:
—Барар-бармас жолымды
Үйдегі Құртқа біледі.
Сұрағалы Құртқадан
Естемше құл жөнелді.
Базарда бар ақ мата
Ойнақтайды жас бота,
Бұл сөзімде жоқ қата.
- 80 Қобыландының қасынан
Естемше шықты ел жата.
Тоқтарбайдың жанында
Құртқа тіккен отауға
Естемше тыстан сөз қатты,
Күн шыққан жоқ таң атты.
—Үйдемісің, қыз Құртқа,
Түздемісің, қыз Құртқа,
Әйелде болдың айла жоқ
Әгар еркек болғанда,
- 90 Болмас па ең тұлға бір жұртқа.
Іс тағдырға сызылды,
Мінгенде аты қызыл-ды.
Жарлының аты кез келсе,

Ұрының құрығы ұзын-ды.
Жол қылмаққа дұшманға
Арыслан көңілі бұзылды.
Мінуге керек қазанат,
Белге керек шар болат,
Денеге керек жалаңғат,
Жаппарға жаны аманат.
100 Жалғыз емес Қобылекең,
Қияттан шықты қолғанат.
Батыр мініп шығуға
Жарады ма, Құртқа, Бурыл ат?

Естемшеден бұл сөзді
Естіген соң қыз Құртқа,
Қылаң етіп, қылт етіп,
Сылаң етіп, сылт етіп,
Алтын шашбау қылт етіп,
110 Шекеде шоғы жылт етіп,
Саулы інгендей ыңқылдап,
Күшігендей сыңқылдап,
Сүмбіледей жылтылдап,
Алтын қалпақ, жез телпек,
Көтеріп Құртқа сөйледі,
Естемше құлға былқылдап:
—Дүние деген адам ит
Пенде тоймас інкәрға.
Екі тоқты, бір саулық
Жарамай ма қырқарға.
120 Жұмсады ма сіздерді
Үйдегі нашар тұлпарға.
Тұлпарына жұмсаған
Көп құлдық бас сәлем айт,
Халық иесі сұңқарға.
Құрбы менен құрдасқа,
Заманы бірге мұндасқа.
Мінемін көшке көк қасқа,
Саламын қамшы жамбасқа,
Бөрі де қастық қылмайды,
130 Соңынан ерген жолдасқа.
Бәдік пенен той басқа,

- Ешкі менен қой басқа.
Шайтан менен жын басқа,
Туған ұл мен құл басқа.
Жұмсады ма сіздерді
Біздей нашар жолдасқа?
Жолдасына жұмсаған
Көп құлдық бас сәлем айт,
Халық иесі жолбарысқа.
- 140 Құлын Алла алмасын,
Алды-артымды шалмасын.
Тілімді алса сұлтаным,
Бұл сапарға бармасын,
Бұл олжадан алмасын.
Көп жылады дегейсің
Үйдегі нашар жолдасың.
Асқар тауда белдік бар,
Құдірет сізде кеңдік бар,
Құрдаста қанша елдік бар.
- 150 Тілімді алса, бармасын,
Сұлтаныма сәлем де,
Біздің баққан Бурылда
Қырық үш күндік кемдік бар.

- Ақылды туған қыз Құртқа
Бұл жауаппен жіберді.
Асаулар үзер шідерді,
Аттан бір үзді күдерді.
Аттан күдер үзген соң,
- 160 Қараман сынды құрдасы
Қайрап-қайрап батырды

Қатынға қайта жіберді.
Қараман сонда сөйлейді:
—Бұл барғаннан барсақ біз,
Сол Қазанды өлтіріп,
Шаһарын бұзып алсақ біз.
Сұлуынан қызылбас
Қойынға бір салсақ біз.
Есіктің алды ебене,

- 170 Ерлер киер кебене.
Өлген кісі келе ме,
Алғанын Тәңірім бере ме?!
Әр талапқа шығарда,
Қатынға ақыл салсақ біз,
Айналайын, құрдасжан,
Қатын да емей немене?
Сонда тұрып Қобылекен
Терлер тамып иектен,
Түгі бір шығып білектен.
Жаны бір тулап жүректен,
180 Ордалы құлан ұйлықса,
Малақай болар үйектен.
Қараманның бұл сөзі
Өтті бір келіп сүйектен.
Сөз сүйектен өткен соң,
Топшақ атқа ер салып,
Ақ алмасқа қол салып,
Шапты батыр ауылға.
Найзасын ұстап бармаққа,
Аттанбаққа қалмаққа.
190 Әгар келсе үйіне,
Еш жазығы жоқ еді,
Келе жатыр бұл батыр
Үйде отырған Құртқаның
Басын кесіп алмаққа.

- Дарбазалы есікті,
Пайғамбардай несіпті,
Үйде отырған қыз Құртқа
Аттың дүбірін есітті.
200 «Атта шапқан кім болсын,
Сұлтаным шығар» десіпті.
Ашыпты Құртқа жабықты,

Жабықтан көзін салыпты,
Салса ерін таныпты.
Еріне болған қыз Құртқа
Ат үшін енді жазықты.

- Батырдан Құртқа қорыққан соң,
Төмен қарап жер шұқып,
Өксіп жылап қамықты.
- 210 Енді Құртқа сасады,
Бетінен қаны қашады,
Оң етегін басады.
Сасып жүріп жөн тауып,
Түтікпенен су берген,
Түндікпенен күн көрген,
Төрде тұрған Бурылдың
Басын шешіп алады.
Алып атты жетелеп,
Алдынан қарсы барады.
Бурыл емес көк дөнен,
220 Туғалы түзді көрмеген,
Түнектен шыққан Тайбурыл,
Айдалаға шыққан соң
Түлкідей көзі жайнайды,
Қаруы сыймай қайнайды.
Он екі құлаш кезеңнен
Бурыл атып ойнайды.
Алдында жатқан көк тасты
Сулығым деп шайнайды.
Бурыл көкке екі ұшты,
230 Салмағымен қыз Құртқа
Алып жерге бұл түсті.
Жазығы әйел демесең,
Құртқа дағы тым күшті.

Отырып Құртқа жылайды:

- Асқар таудың белдігі,
Алланың көп-ті кеңдігі,
Аздың жоқ-ты теңдігі,
Құрдастың жоқ-ты елдігі.
- 240 Шығар едің аспанға
Мен қайтейін, Бурыл ат
Қырық үш күннің кемдігі.

Кентті жердің жиылса,
Үзілмейді базары.

Қайда қалмас жігіттің
Өлгеннен соң мазары.
Бурылды көзі көрген соң
Құртқадан қайтты азары,
Бурылға түсті назары.

250

Сонда Қобылан сөйлейді:

—Қыс қыстауым қыстаппын,
Жаз жайлауым жайлаппын.
Бүйтіп жүрген Құртқамды,
Ақылым жоқ, мен ақымақ,
Шауып тастай жаздаппын.
Құс төсекті мамықты,
Арпа, бидай қабықты,
Батыр жақын келген соң,
260 Наз айтса да, қорықса да
Төмен қарап жер шұқып,
Өксіп жылап қамықты.

Сонда Қобылан сөйлейді:

—Құс төсекті мамықты,
Арпа, бидай қабықты.
Наз айтса да қыз Құртқа
Мені көріп қамықты.
Қараңғы түн ішінде
Шығар едің жарыққа,
Осы кеткен сапардан
270 Есен барып, сау келсем,
Әйел де болсаң басыңды
Хан қылармын халыққа.

Қобыланды және сөйлейді:

—Қызыл тілім шешен-ді,
Қатарда басым көсем-ді.
Артық туған, Құртқажан,
Атың әйел десем де,

Халықтан кетер жауапсыз.

Менің көзім тіріде
280 Ердің құнын жесең де,
Құртқажан, неге қамықтың,
Жолбарысың мен есенде.

Сонда Құртқа сөйлейді:

—Айдын көлден қу аттым,
Керектер болып өтіне.
Ойынға балық шығады,
Жазғы судың шетіне.
Сіздер—сұңқар, мен—шәулен,
Сіз алыстан келгенде
Ажырайып қарарға
Жарармын ба бетіңе?

Сонда Қобылан сөйлейді:

—Жылқы ішінде аламын,
Қылшаң жүнді қарамын.
Аға менен інім жоқ,
Мен байғұсқа тыным жоқ,
Жеке туған дарамын.
Тоқтарбай мен Аналық
Әулиеге ат айтып,
Қорасанға қой айтып,
Шыбын жанын және айтып,
Тілеп алған баламын.
Өкпелеме, қарағым,
Шал-кемпірдің қойнына
Жатайын деп барамын.

300

Қамшы басты Қобылекен
Тобылғы сынды жорғаға.
Дөңгелеп келіседі
Тоқтар тіккен ордаға.
Көлге біткен жекен деп,
Бүршігі жоқ тікен деп,

- Үйде отырған кемпір-шал,
Келеді қозым екен деп,
Жүгіріп шықты далаға,
310 Көзі түсті балаға.
- Бірден келіп екеуі
Шылбырына шырмалды,
Шылауына оралды,
Оң тізгінін қолға алды.
Өлгенде көрген жалғызға
Шәрбеттің суын ішірді.
Және айналып толғанып,
Кезек-кезек қолға алып,
Қобыландыны кемпір-шал
320 Күн батпай-ақ жатқызды.
Жатқызды көрпе төсекке,
Онда Қобылан тек жатты.
Тілеп алған Қобылекең
Кемпір-шалдан дәм татты.
Ол уақытта пенде жоқ
Қобыландыдай сымбатты.
—Өзіме қара, қалқам,—деп,
Ірге жақта шал тартты.
—Өзіме қара, қозым,—деп,
Оң жақта кемпір бұл тартты.
330 Ортасында Қобыланды
Алма-кезек жұмарлап,
Жиырма төрт келген сағатта
Кірпігін қақпай таң атты.
Таң сарғайып атқанда,
Таң шолпаны батқанда,
Шал-кемпірдің қойнында,
Қобылекең ұйықтап жатқанда,
Тайбурыл атқа ер салып,
Аз ғана азық жем салып,
340 Бәйгеден келген көк дөнен
Түк ұйқыны көрмеген,
Ақ орданың алдынан
Бурыл атты жетелеп,

Өткізді Құртқа көлденең.

.*

Тайбурыл атқа мінеді,

Үстіне сауыт киеді.

Беліне семсер іледі,

Алладан медет тіледі.

350

Көп қосыннан соң қалып,

Қобыланды гулеп жөнелді.

Тоқсанға келген Тоқтарбай,

Алпыстағы Аналық,

Қарындасы Қарлыға,

Алған жары қыз Құртқа

Төртеуі қалмай соңынан,

Кескілеп кет деп қолыңнан,

Қобыландының артынан

360 Төртеуі жылап келеді.

Түстік жерге келгенде

Қарлыға сонда сөйлейді:

—Халық ұйғарса, қалмайсың,

Көңілің сүймесе, бармайсың.

Құдай мінеп жаратты

Балдағы алтын болатқа.

Аксұңқар құс ұшады

Құйрығы мен қанатқа.

Жалғыз ағам, жан көкем,

370 Сапарландың талапқа.

Саздыққа біткен қоқтымын,

Бөрік үстінде шоқтымын.

Осы кеткен сапардан

Көкем елге келгенше,

Ел-жұртын аман көргенше,

Артыңда қалған мен сорлы

Айтыңыз, көке, ниязға.

Көзге, көке, жас алдық,

Тағдырға ұсынып бас алдық.

* Түпнұсұда осылай берілген.

- Көкем елге келгенше,
380 Ел-жұртын аман көргенше,
Артында қалған мен сорлы,
Болайық сенен тасаттық.
Басымда бар алтын шоқ,
Көкем барда көңілім тоқ.
Көкем елде болмаса,
Табаныма тиер шоқ.
Қарғаның жүні қаттасым,
Үйректің жүні оттасым,
Бірге туған сүтгесім,
390 Қысылған жерде топ басым.

- Таласып емшек еміскен,
Тай-құлындай тебіскен,
Бірге жатып, бірге өскен,
Кіндігімді бір кескен.
Тоғай толған түйенді,
Жан көке, кімге тапсырдың?
Желі толған жылқыңды
Тағы кімге тапсырдың?
400 Қора толған қойыңды
Және кімге тапсырдың?
Бәрін айт та, бірін айт—
Токсандағы әкең Токтарбай,
Оны кімге тапсырдың?
Алпыстағы Аналық—
Әженді кімге тапсырдың?
Қарындасың Қарлыға—
Мен сорды кімге тапсырдың?
Қасындағы мұңдасың,
Төсекте жатсаң сырласың,
410 Қияметтік жолдасың,
Көклен қызы Құртқаны,
Ағаке, кімге тапсырдың?

Қобылекең сонда тарықты,
Көп ескерді халықты.
Қарлыға даусы шыққан соң,

Шыдай алмай Қобыланды
Ақ найзаға сүйеніп,
Өксіп жылап қамықты.
420 Қайта айналып қаз қонар
Ұя салған жеріне.
Әркім де ойнап-күледі
Өзі қатар теңімен.
Көзден аққан қара жас
Қаныменен аралас,
Төмен қарап жер шұқып,
Қарындасына көрсетпей,
Көзін сұртті жеңімен.

Және Қобылан сөйлейді:

430 —Тауда болар тарғыл тас,
Тарықса, шығар көзден жас.
Арқанды жапқан қолаң шаш,
Шырағым, сөзге құлақ ас.
Мен кешігіп келмесем,
Сендерді мұнда тастамас
Қараспан тауды жайлаған
Қалың қыпшақ, қарындас.
Қарлыға, мен айналсам,
Ағызба жасты көзіңнен,
Сай-сүйегім босайды
Көке деген сөзіңнен.
440 Атадан тақ баламын,
Жауға кетіп барамын,
Әлдеқандай боламын.
Армансыз боп өтейін,
Қыз да болсаң бір тудың,
Нашарсынып нетейін.
Қарлыға, бұршы мойныңды,
Көкең сүйсін бетіңнен.
Айдын көлден қу аттым,
Керектер болып өтінен.
450 Ойынға балық шығады,
Жазғы судың бетінен.

- Еркек болсаң, қарағым,
Қалмас ең менің соңымнан.
Қыз да болсаң бір тудың,
Нашарсынып нетейін.
Мал сатамын базардың
Бояғы мен бөзіне.
Салған жылқым тоқтайды
Арқаның сары көзіне.
- 460 Құлағың сал сөзіме,
Жаратқан Алла бір Құдай,
Жамандық берме өзіме.
Айналайын, Қарлыжан,
Тоғай толы түйемді
Сарысуға тапсырдым.
Желі толған жылқымды
Жасанған жауға тапсырдым.
Қора толған қойымды
Аш бөріге тапсырдым.
- 470 Азу тісі балғадай

- Жас бөріге тапсырдым.
Тоқсандағы әкем Тоқтарбай
Құдіретіме тапсырдым.
Алпыстағы шешем Аналық
Фатимаға тапсырдым.
Қарындасым Қарлыға
Қарашашқа тапсырдым.
Қосақ жарым қыз Құртқа
- 480 Палуан қызға* тапсырдым.
Сендер төртеу, мен жалғыз,
Бір Аллаға тапсырдым.

Кетерін әбден білген соң,
Бет қойып батыр жүрген соң,
Енді батыр Қобыланға
Сұлу Құртқа сөйлейді:
—Жылқы ішінде аласың,
Қылшаң жүнді қарасың.
Алды-артыңды жоқ қылып,

- 490 Жеке туған дарасың.
Ата менен анаңның
Әулиеге ат айтып,
Жылап көрген баласың.
Сөйткен бала тастар ма
Атасы мен анасын.
Тоқтамай кетіп барасың,
Жалғызымның шамасын.
Кетер болсаң, сұлтаным,
Енекемнің еміп кет
Төсінде екі мамасын.
- 500 Құдай қисық жаратты,
Кімнің тілін аласың!
Сабындаса ағармас,
Іштен туған қарасың.
Өз айтқаның болмаса,
Сөзге түспес баласың.
Дін білмеген дұшпанға,
Сұлтаным, жалғыз барасың.
Қош, сұлтаным, аман бол,
Әлдеқандай боласың?!
- 510 Асқар төбе бел дерсің,
Тайбурыл атпен желерсің.
Жақсы-жаман қадірін
Құртқаның сонда білерсің.
Токсандағы Тоқтарбай
Бұтында жоқ ыштаны,
Тізесіне тон жетпей,
Ақтабан боп кәпірге
Қой баққанда келерсің.
- 520 Алпыстағы Аналық
Арқан есіп, жүн түтіп,
Құрт қайнатып жүргенде,
Сұлтаным, сонда келерсің.
Қарындасың Қарлыға
Абадасы қолында,

* Палуан ұыз деп отырұаны Дариұа ұыз.

- Бөтен бір жаудың елінде,
Шай қайнатып жүргенде,
Бауырыңды сонда көрерсің.
Көк етіктің мықтысы,
Күзгі жердің шықтысы,
Сенен қалған мен сорлы
530 Бір дұшпанның мықтысы,
Аламын деп жүргенде,
Сұлтаным, сонда келерсің.
Мінуші едім ақтабан
Айтулы ер мақтаған.
Құданың ісі көп шығар
Өлмеген құлға сақтаған.
Қош, сұлтаным, аман бол,
Қайда жүрсең аман жүр.
Мерген байлап оқ атар
540 Ұшқан құстың қойнына.
Иманды құл тос болар
Хауыз, кәусәр суына.
Бұ дүниеге іңкәрсің,
Құртқамбысың демейсің.

- Аққа қарап жөнелсең,
Ысрапыл көпір аузында.
Пайғамбардың тойында,
Айналайын, сұлтаным,
550 Сорлы болған Құртқанды
Еске бір сонда алғайсың.

Бұл сөзді айтып қыз Құртқа қала берді. Қобыланды сол кеткеннен кете берді. Сонда Құртқа:—Әй, енеке! Сізге мен ақыл айтамын: сіз сонау шок терекке барып, екі аяғыңызды көсіліп, екі емшегіңізді шығарып, балаңызды шақырып «шырағым, маманды еміп кет» десеңіз, сізге келер. Келген соң әкесі, сіз, әм біз төртеуіміз етегінен ұстап «бізді кімге тастап барасың, тоқта, болмаса қолыңнан бізді өлтіріп кет» деп жыласақ, әуелі Құдайдан, екінші сізден, үшінші бізден ұялып, қиып тастап кете алмас,—дейді.

Мұны 560іп кемпір бейшара елпең-елпең жүгіріп, алпысқа келген бейшара етпетінен жығылып, ау деп демін алып, екі емшегін шығарып:—Шырағым Қобыланды, мұнда келіп маманды еміп кет,—дейді. Қобыланды мұның ұстап жібермесін біліп келмеді. Құдай тілекті бермеді. Сол уақытта Аналық әуелі Хаққа, екінші пірлерге тапсырып,

осылайша, баласына оң батасын берді.

—Әуелі Алла хақ Жаппар,
Естідің бе сөзімді,
Жылатпа менім өзімді.
Он үш жасар Қобыланды
Ерінбей сүйген кезімді.
Мұхаммед атты бір жалғыз
Үмбетім деп еске алғын,
Жалғызымның артынан
Тар жерде еске ал өлімді.
Ғаус, Ғияс екі жар,
Омар, Осман шаһариар,
Жиырма сегіз пайғамбар,
Қырда Қызыр пайғамбар,
Суда Илияс пайғамбар,
Бас-басыңа бір жандық,
Қолдамасаң біз қалдық.
Асқар төбе бел кеттік,
Ата-жөнін тербеттік.
Ықылас атты Шашты Әзиз
Дем бермесең біз кеттік.

570 Арғымақ ат мақтанса,
О да бір күн кез келер
Қаланың қазған орына.
Ақсұңқар құс мақтанса,
О да бір күн кез келер
Құсбегінің торына.

Осы кеткен Қобыланды
Есен барып, сау келсе,
Егіз туған көк айғыр,
580 Жасаған, сенің жолыңа.
Егіз туған көк бұқа,
Пайғамбар, сенің жолыңа.
Егіз туған көк қошқар,
Қазірет, сенің жолыңа.
Бұл алпысқа келгенде,
Қобыландыдай ұл тапқан

- Мен бейбақтың сорыма.
Жалғыз қызым орыңа,
Жолықтырма зорыңа.
590 Үмбетім деп еске алсаң,
Мұхаммед атты бір жалғыз,
Осы кеткен қозымды
Тек тапсырдым қолыңа.
Адасып кетсе соғып тұр,
Сыртынан қойдай бағып тұр.
Қозыма келген бәлені
Ықылас атты Шашты Әзиз
Етегің жайып қағып тұр.
Көл иесі Қамбар-ай,
Жол иесі Қамбар-ай,
600 Қазанға қайдан жол қылды
Қараман деген заңғар-ай.
Қамбар, өзің қолдасаң,
Атадан тақ шырақты
Қорғайтұғын кім бар-ай?!
Ағын судың сағасы,
Оқа ердің жағасы,
Әулиелер ағасы.
Бұхар емес жоғары
Құмкент деген шаһары.
610 Тауықтары бақырған,
Есектері ақырған.
Молда, имам қасында,
Абадасы басында,
Қойны толған қырандай,
Сұбхан Алла ұрандай.
Етік киген шоңқайлы,
Жүйрік мінген оңтайлы,

Қара мылтық құндақты,
620 Түзу берен сандықты,
Өз қолыңа тапсырдым,
Атадан тақ шырақты.
Он ай жүріп көтерген,
Омыртқамды бүгілткен,

- Аязды күні айналған,
Айқара есік таянған.
Бұлтты күні бұралған,
Мұздай бесік таянған,
Даусы шықса оянған,
630 Халық тілегін тілеген,
Өлгенде көрген көбеген.
Қабырғам жаздай қайысқан,
Қолым жездей майысқан,
Алса қолым талдырған,
Сүйсе мейірім қандырған,
Денемнен шыққан балдырған.
Қысқа мықты жылқы өлмес
Ойға біткен қамыстан.
Қалушы емес Тайбурыл
Қатар шапқан жарыстан.
640 Жакын емес жалғызым,
Жау іздеді алыстан.
Осы кеткен қозымды
Тек қолыңа тапсырдым,
Ғали атты арыстан.
Астында бар Тайбурыл,
Алдында бар саясы.
Қозымды сізге тапсырдым,
Қызыр Илияс бабасы.
Алла деген Хаққа пәнда,
650 Күнәһарлар күйер жанда.
Құла түзге жөнелген
Самарқанда Шаһизинда,
Қозымды сізге тапсырдым.
Сыйынбасам маған серт,
Қолдамасаң саған серт.
Шаһизадам, қыдыр ед,
Жарылқаушы, жәрдем ет,
Аз-кем жанға сабыр ет.
Сіз сүйесең қозымды,
660 Жұмсаған құдірет қос жендет,
Және сізге бұл—міндет.
Қызылбас—бөтен, бұл—үмбет,

«Үмбетім» деп еске алған
Қозымды сізге тапсырдым,
Алланың досты Мұхаммед!

Астында мінген Тайбурыл
Елпең-елпең жортады.
Қобыландыны көрген жан,
670 Жерге енгендей қорқады.
Ерні төмен салынып,
Қара терге малынып,
Қала берді кемпір-шал,
Бір Аллаға жалынып.
Сонда Бурыл гүледі,
Не болғанын білмеді.
Артық туған Құртқаны
Батыр Қобылан біледі.
Артынан Құртқа келеді,
680 Келіп те сөйлеп береді:

—Сіз бұл барғаннан барарсыз. Алалайдың аузында, Сыңсыламаның көпірінде Қараман көп қоспен барып жатып, ар жағына он жеті кісі барша салар. Ол барша ар жағында бір Індүлі деген тау бар, соның басына шығып болжал-болжал көрінген Сырлықала, Қарақала деген Қазанның қалаларын көріп: «мына жағы бір күндік жол екен» деп қайтып келер. Бірақ олар жақын десе де қырық күншілік жол болса керек,—дейді,—соған Қараман иланып бас-аяғы сегіз күндік жер деген соң «кімдекімнің аты озса, осы қолға аға болсын» деп шауып кетер,—дейді,—бірақ сіз оныменен бірге шаппаңыз. Не үшін десеңіз, мен көп қосынның астындағы 690 тарына көзімді салып едім. Қараманның астында қара құла жалсыз деген ат бар екен. Табаны жерге тиіп, маңдайы күнге күйіп, арқасын ер тесіп, бауырын айыл кесіп, көзіне күн қақты болып, тер құйылып шаба алмай қалар. Елінде ат бағатұғын адам жоқ-ақ екен. Әгарда ат баға білетін адам болғанда ол қосында онан озатын ат болмас еді. Сіз оныменен бірге шаппаңыз. Бірнеше күн кейін қалсаңыз да, иншалла, озарсыз,—дейді.

Бурылға батыр шу дейді,
Шу дегенде гулейді,
Табаны жерге тимейді.

Қасиетін Құртқаның

Батыр Қобылан біліседі.
 Бұрынғы кеткен көп қосын,
 Алалай деген өзенде
 Жатыр екен иіріліп,
 Соңынан жетіп келіседі.
 Қонып жатқан ерлерге
 Қобыланды батыр келіпті.
 Құртқаның айтқан жерінде,
 Жатыр екен көп қосын
 Сыңсылама деген өзенде.
 Он жетісі сайланып,
 Баршаға барып келіпті,
 Мұны Қобылан көріпті.

Сонда Қобыланды ойлайды: «Құртқаның айтқаны келді. Енді елімді жау алады деген сөзі расқа келер,—деп уайым қылып,—не болса да Құданың жазуыменен болар»,—деп жата берді.

Сонда Қараман көп қосынды жинап:—Кімде-кімнің аты озса, осы қолға аға ~~бол~~ қосын,—деп жар салды. Қобыланды оған бармады. Сөзіне құлақ салмады. Құрдасының тілін алмады. Қараман көп қосынмен шауып кетті. Қобыланды бір Жөнтөбе деген төбенің басына шығып жатып қалды. Бір ұйықтаса қырық күн ұйықтайтын еді. Бірнеше күн өткен соң:

Байлауда тұрған Тайбурыл
 Шығыршық атып ойнады,
 Ойынға енді тоймады.
 Ұйықтап жатқан батырға
 Барайын деп ойлады.
 710 Қасына жақын барады,
 Ұйықтап жатқан батырды
 Маңдайға келіп салады.
 Тұяғының даусымен
 Тау жаңғырып қалады.
 Сонда батыр оянып,
 Жан-жаққа көзін салады.
 Көрмеді ешбір қараны,
 Өзінен басқа адам жоқ,

Жататұғын заман жоқ.
Теңдесе басып ырғалып,
Көп қосыннан соң қалып,
Бурылға Қобылан сөйлейді.

- Төрткілдеп соққан түп еді,
Шынжыр найза жіп еді.
Ескіден қалған күн еді,
Тайтермелі шеге еді.
Жаңылдың ба, Тайбурыл,
Мінейін деп жатқанда,
Шешең Құртқа не деді?
Қара жалды жылқыдан
720 Бурылым қалмас деп еді.
Әуелі Алла—анайым,
Хақ Жаратқан Құдайым.
Ұжмақта хордан сымбатты
Үйдегі Құртқа жұбайым.
Жарым жаман болды деп,
Жемеймін, Бурыл, уайым.
Шешең тұлпар деп еді,
Шешеңнің сөзін сынайын.
Жан серігім—жалғыз ат,
Жайың қалай, Бурыл ат?
730 Шырағым, бүгін шабайын,
Төрт аяғың сом болат,
Қолтығыңда қос қанат
Мен үстінде аманат.
Үкілі құйрық, майда жал,
Сөзіме менің құлақ сал.
Кешегі кеткен көп қолға
Тұлпар болсаң жетіп қал.
Құртқам баққан Тайбурыл,
Ырғала басып жүр жарқын,
740 Терлемесің күн салқын.
Жылқыда тұлпар сен едің,
Жігітте сұңқар мен едім.
Сен астымда сау тұрсаң,
Қара жалды қыл құйрық

- Сенен озбас деп едім.
Мал сатамын базардың
Бояғы мен бөзіне.
Салған жылқым тоқтайды
Арқаның сары көзіне.
750 Құлақ сал, Бурыл, сөзіме,
Қырық күншілік шаһарды
Көрсет бүгін көзіме.
Көрсетпесең көзіме,
Онда шешен, мен мұнда,
Қалар бір көңілім өзіңе.
Біздің ауыл Арыста,
Есебі жоқ алыста.
Азулының бойында
Жылқылары қамыста.
760 Кешегі кеткен көп құлға
Қоясың ба намысқа.
Қырық күншілік Қазанға
Бір мезгілде жетуге
Сіздей малға алыс па?!
Озушы едің қыпшақта
Той бәйгіде, жарыста.
Жаным, тәнім, Тайбурыл,
Ұшқан құстан қалыспа!
Қаса тұлпар болсаң сен,
770 Қалқам, бүгін қарышта!
- Құралайдың малына,
Алуаның шекер, балына,
Тобылғы сапты қамшымен
Толғап ұрды санына.
Жанға серік Бурылдың
Жаман батты жанына.
Сауысқан, қарға тойынды
Санынан аққан қанына.
780 Санына қамшы басқан соң,
Қаны бір судай аққан соң,
Күндіз батпай түн батты.
Төменгі ерні қыбырлап,

- Жоғарғы ерні жыбырлап,
Екпінімен сыбырлап,
Тайбурыл атқа тіл бітті.
Тіл біткен соң сөйлейді:
—Қарағай мен бітер тал,
Алуа менен шекер, бал.
Кімге келмес керім сал,
790 Назбедеуге бітер жал.
Аямай тарттың қамшыны,
Артық туған Қобылан нар.
Өлмесек те кеудеде
Шыға жазды шыбын жан.
- Қызылбастың шаһарына
Мұнша болдың ынтызар.
Ойға алғаның қоймайсың,
Батыр туған Қобылан нар!
800 Ата-анадан жалғыз тақ
Жалғыздың кегін менен ал,
Жамбасыма қамшы сал.
Қалалы жерде қарғырмын,
Қазып салған кең орға.
Ақсұңқар құс түседі,
Тамақ үшін ақ торға.
Төрт аяғым тең жорға,
Тізгінім тартпай сал жолға.
Сен үстімде есенде,
810 Астыңда өзім есенде,
Қажу бар ма мен сорға.
Ат қылып Тәңірім жаратты
Сен сықылды лайыққа.
Екі жақсы қосылса,
Бір Тәңірге жылайды.
Қырық күншілік Қазанға
Бір мезгілде жет дейсің,
Қырық үш күнім кем еді,
Жетуге маған оңай ма?!
Қиын да болса, Қобыланды,
820 Қиналамын, қайтейін,

Хаққа уағдаң солай ма?
Намаздігер өткенше,
Намазшамға жеткенше,
Құптан уақты біткенше,
Қазан ағаш бақшасын
Түсірмесем өзіңе,
Көрсетпесем көзіңе,
Жан серігің Бурылды
Сол жерде шал Құдайға.

830

Сонан соң атқа бел шешіп,
—Шырағым, Бурыл, шу,—деді,
Шу дегенде гулейді.
Табаны жерге тиместен,
Тау мен тасты өрледі.
Төрт аяқты сермеді,

840

Құлақтың түбі терледі.
Тер шыққан соң өрледі,
Адырды көзі көрмеді.
Көлденең жатқан көк тасты
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балшықтай иледі.
Қараша емес қауыс-ты,
Қоңыраулатып дауысты,
Күн төбеден аумай-ақ,
Түзеді Бурыл шабысты,
Жақын қылды алысты.

850

Қос құлағы тігілді
Қырға біткен қамыстай.
Түс ауған соң бүктелді
Илеуі жеткен қайыстай.
Байлаулы малдай шешілді,
Төрт аяғы көсілді,
Әбіре сымдай есілді.
Кешегі кеткен көп қолға
Жетем деген Қобыланның
Жоқ еді тіпті есінде.
Қол соңынан барады—

- Қарабұқан жаурыншы.
Ағыны қатты Бурылмен
860 Салып келді бесінде.
Бұқанға келді:—Ар ма,—деп,
Алдыңда кісі бар ма?!—деп.
Сонда Бұқан сөйлейді:
—Жылқы ішінде аланы,
Қылшаң жүнді қараны.
Аты қалар деп пе едің
Өзіңнен үлкен ағаны.
Осынау қырдың астында
Қосдәулет кетіп барады.
870 Тайбурыл атты құтыртып,
Оған да келді сыпыртып.
—Үлкен едің, ар ма,—деп,
Алдыңда кісі бар ма?!—деп.
О да айтты: «аланы,
Жоқтап ек Қобылан баланы».
Осынау белдің астында
Ақкозы кетіп барады.
Тайбурыл атты құтыртып,
Оған да келді сыпыртып.
880 —Үлкен едің, ар ма,—деп,
Алдыңда кісі бар ма?!—деп.
О да айтты: «аланы»
—Жоқтап ек Қобылан баланы.
Мына белдің астында
Қарақозы кетіп барады.
Тайбурыл атты құтыртып,
Оған да келді сыпыртып.
—Үлкен едің, ар ма,—деп,
Алдыңда кісі бар ма?!—деп.
890 Қарақозы сөйлейді:
—Алыстан айқын көрінген,
Жылқыда малдың аласы,
Ағынан көп-ті қарасы.
Жеткен-ді деп ойлаймын,
Шапқалы көзім көрген жок
Өз көңіліммен шамасы.

[Құрдасың Қараманның қарасын],
Көппен бірге шапқалы,
Өзіңнен шығып кеткелі
900 Сонан бері көрмедік,
Не болғанын білмедік.

Көктен жауған тамшыдай,
Шебер қыздың қолында
Балдағы алтын қайшыдай.
Бұлаңдаған Бурылға
Мына тұрған Қобылекең
Баса соқты қамшыны-ай.
Алтынды найза қолынан,
910 Желі тұрды оңынан.
Бақанға жеткен бесінде,
Қараманның шу салып
Қобылекең жетті соңынан.
Артынан келіп сөйлейді:
—Болғаның ба, досым-ай,
Мақтаған атың осы ма-ай.
Он екі күнде жетерсің
Менің тіккен қосыма-ай.
Жүресің бе, Қараман,

920 Сен кеткелі он бес күн
Түсте шауып соңыңнан,
Бесінде өтіп барамын.
Жағалай тауда татыр-ай,
Жарасар тіксе шатыр-ай.
Он бес күн бізге қарамай,
Бұрын кеткен батыр-ай.
Бүгін түсте шауып ем,
Бесінде жетті қатын-ай.
Қатын да болса білдің бе
930 Құртқаның асыл затын-ай.
Жүрмейсің бе, Қараман,
Қатынның баққан аты озды,
Қапыда қалма, батыр-ай.

- Қобылекең гулеп жөнелді,
Көп қиятқа қарамай.
Қалың қият—көп қосын,
Бәрі қалды артында,
Бірі еруге жарамай.
Електен өтсең, Есенбай,
940 Қыс қыстауға—Борсық жай,
Бәрінен озды Бурыл тай.
Қобыланды сынды еріңіз:
—Айт, жануар, шу,—дейді,
«Шу» дегенде гулейді,
Табаны жерге тимеді.
Тау мен тасты өрледі,
Құлақтың түбі терледі.
Тер шыққан соң өрледі,
Адырды көзі көрмеді.
950 Көлденең жатқан көк тасты
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балшықтай иледі.
Аманбайдың ақ тікен
Аса қарғып жөнелді.
Заңғар-заңғар таулардан
Секіріп асып жөнелді.
Ол төбе мен бұл төбе,
Бауыры шұбар күл төбе,
Онан да өтіп жөнелді.
Бөктергінің бүкіл сай,
960 Су түспеген терең сай,
Сыпсың біткен қарағай
Онан да өтіп жөнелді.
Қамыстының қазды көл,
Қоғалының қулы көл,
Жекендінің жалын көл,
Шағалалы шалқар көл,
Қызғыштының қызыл көл,
Бәрінен өтіп жөнелді.
970 Айшылықтың көлінен,

- Күдерінің кара дөңінен
Бесінде өтті деңінен.
Барлы, барлы, барлы тау,
Басы биік қарлы тау,
Хан жайлаған кара тау,
Би жайлаған ала тау,
Қыз емшекті сүйір тау,
Түйемойнақ иір тау.
Атасу мен Манашы,
980 Ішейін десе су ащы,
Мал оттауға оты ащы,
Мұнан дағы жол шекті.
Емпей-күмпей қасынан,
Жем, Темірдің басынан,
Қалбағайлы бұлдидан,
Қас-қабақты ылдидан,
Тобылғылы нұрадан,
Су түспеген жырадан,
Баялышты құмайттан,
Бүлдіргенді шыңайттан
990 Жалғыз шауып келеді.
Астында мінген Бурылдың,
Омырауы есіктей,
Ойынды еті бесіктей,
Сырты сұлу Бурылдың
Құмдаудан қазған көсіктей.
Қос құлағын қайшылап,
Тобықтан тері тамшылап,
Ақ сауыты жылтылдап,
Тобық еті бұлтылдап,
1000 Алдыңғыдан артқысын
Сынық сүйем кем басты.
Жалғасып ұшқан қоңыр қаз
Тозаңынан адасты.
Асқар төбе бел еді,
Бұ да шауып келеді.
Көлденең жатқан көк тасты
Аяғы барып тигенде
Саз балшықтай иледі.

- Жанында қылыш жалтылдап,
1010 Береннен қылған шалбары
Жел соққанда жалпылдап,
Тозаңы шықты бұрқылдап.
Табанына тас тисе,
Түнде шаққан шақпактай,
От шығады жылтылдап.
Аттың жолы қазылды,
Қысқан жерде ұмтылып,
Бес жүз құлаш жазылды.
Омырау тері көпірді,
1020 Бурыл көкке секірді.
Шаба-шаба шатылды,
Тақиядай көрмеді
Үстіне мінген батырды.
Тұяғына тиген тас
Қызылбас атқан оғындай
Аспан көкке атылды.
Тұяғымен тоздырды
Құла дүз майдан тақырды.
Бұлаңдап шапқан Бурылдың
1030 Маңдайында месі бар,
Марал ішсе, таусылмас.

- Арындап аузын ашады,
Аяғын топтап басады.
Бір төбенің тозаңын
Бір төбеге қосады.
Кешке таман Тайбурыл
Жын қаққанға ұқсады.
Құлан менен бұланды,
1040 Киік пенен қоянды
Ұзатпай алдан тосады.
Көл жағалап отырған
Көкқұтан мен қарабай
Көтеріліп ұшқанша
Белінен кесе басады.
Дуадақ пен жек қалды,
Бірқазан құс көп қалды.

- Аксұңқар мен лашын,
Әлде өтірік, әлде шын
1050 Өлген құсты жем қылды.
Көбелек ұшпас көлсізден,
Ебелек ұшпас елсізден,
Құла мидай шөлдерден,
Батпақты талай көлдерден,
Жалғыз шауып келеді.
Үмітін үзіп батырың
Қараспанды жайлаған
Қалың қыпшақ елдерден,
Намаздігер өткенде,
Намазшамға жеткенде,
1060 Белес, белес бел көрді,
Бел астында ел көрді.
Байтақ жерде ай татыр,
Ақты, бозды қой жатыр.
Төтелеп шауып қалаға
Қобылекең келе бұл жатыр.
Құланнан аттым қодықты,
Өксігін басып солықты.
Намаздігер өткенде,
Намазшамға жеткенде,
1070 Бес ағаштың түбінде,
Қазан салған қалаға
Келіп батыр жолықты.
Көк алалы көп жылқы,
Бөрі құлақ ен жылқы
Гүлетіп жылқыны алады,
Айдап жолға салады.
Жылқыны жолға шығарып,
Қайтадан келіп ат қойды.
Қазанның Сырлықалаға
1080 Қалаға кірді Аллалап,
«Иә, Құдай» деп ат қойды.
Ай бетінен кіреді,
Айқай-сүрен салады.
Күн бетінен кіреді,
Күн бойы сүрен салады.

- Койға кірді бір бөрі
Бөріктіре қырады.
Талай қалмақ сорлады,
Ер қайратын сынады.
- 1090 Атысқан жауы артық көп,
Қай уақытта тынады?
Бір уақытта Бурылға
Бастан келіп дүбірі,
Тайбурыл салды мойынды.
Толып жатқан қалмаққа
Қобылекең салды ойынды.
Талай қалмақ жойылды,
Қалмақтың көбі шалбарлы
Шарбарлыны сермеді.
- 1100 Алқындырды сағаттан,
Бауыздады тамақтан.
Адам шыдар ер емес,
Қар жаудырды қабақтан.
Бір уақтар болғанда,
Жалғыз жаумен ойнады,
Жауды ерікке қоймады.
Көтеріп салған көк сүңгі
Тіріде қанға тоймады.
Бір уақыттар болғанда
- 1110 Жалғыз жаумен ұрысты,
Ит арқасы құрысты.
Ердің жаудан қашуы
Шірітті де, борсытты.
Мың жылқының дүбірін,
Тайбурыл жалғыз салады.
Мың кісінің дауысын
Қобылекең жалғыз салады.
Аллалаған дауысқа
Тау да Аллалап барады,
- 1120 Тас та Аллалап барады.
Екі шеке солқылдап,
Бас домалап барады.
Қаланың аузын қан қылды,
Көшенің аузын шаң қылды.

Солдатын жаяу айдатып,
Туырлығын тоқым қып,

- Алтынын артып шанаға
Қарамай сиыр, танаға,
1130 Өтірік емес, жан аға,
Сырлықала пендесін,
Жалғыз адам құтқармай
Айдап шықты далаға.
Қаланы шауып алады,
Айдап жөнге салады.
Батырдың көзі көреді:
Будақ-будақ шаң шықты.
Шаң алдынан қараса
1140 Көп қиятқа бас болып,
Қалмақ десе қас болып,
Қазанның Сырлықалаға
Қараман келіп қалады.
Қараманның артынан
Шабылғанын қаланың
Бұлар да енді көреді.
Ор түбінде жиылып,
Бәрі бірдей қамалды.
«Өткіздік бастан заманды»
Деп қияттар сандалды.

Сол 1150 жытта Қобыланды Қараманға келіп:—Қалмақтың Сырлықаласын мен алдым. Қарақаласын сендерге қойдым,—дейді,—барар жері тар екен. Еңбек қылған ерлерге олжа болғандай бар екен. Алты қабат қала екен, жеті қабат ор екен, алсақ олжа мол екен,—дейді.

Сонда бұлар жиылып, сөйлесіп Қараман батыр ат қойды. Мойны алыстан созылып келген ат қарғып кіре алмады. Сонда Қараман қайта шауып Қобыландыға келіп сөйлейді:

- Қараман сонда сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
1160 —Айбалтам тастан өтпейді,
Жамандар сөзді кектейді.
Жүрмейсің бе, құрдасжан,

- Казанның Қарақалаға
Сенсіз күшім жетпейді,
Өтірік сөзім жоқ,—дейді.
Сонда Қобылан сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
—Арғымақ па екен, ат па екен,
Атан ба екен, нар ма екен.
Жая ма екен, жал ма екен,
Шекер ме екен, бал ма екен.
Ер бұзбаған шаһарды
Қатын бұзған бар ма екен?
Не деп айттың өзіме,
Өлейін деп кетіп ем
Қатын деп айтқан сөзіңе.
Ол кезде сен бір айтсаң
Мінеки, мен үш айттым.
Келмеді ме кезіңе,
1170 Көрінбе менім көзіме!
Үйдегі қалған Құртқамның
Сатса алмаймын өзіне.
Өзі түгіл алмаймын
Сағынғанда бәз күні
«Қалқамжан» деген сөзіне.

- Қараман құрдас өкпелеп,
Көрмеймін [деп] жер тепкілеп,
Наза боп қайтып жөнелді.
1180 —Жая да емес жал-ды,—деп,
Шекер де емес бал-ды,—деп,
Қатынымның тілі үшін,
Құрдасым көңілі қалды,—деп.
Гулетіп Қобылан соңынан
Іс келеді қолынан.
Былқылдап Қобылан желеді,
Артынан қуып келеді.
Найза бойы жар екен
Жардың келіп басына,
1190 Қаланың келіп қасына,
Тайбурыл атқа сөйлейді,

- Сөйлегенде не дейді:
—Жолдасым едің жасыңнан,
Садақа саған қылып ем,
Көп малдарды басыңнан.
Алты қабат қала екен,
Жеті қабат ор екен.
Жайың қалай, Тайбурыл,
Секіртейін басынан,
Жараймысың, хал қандай?!
- 1200 Сонда Бурыл сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
—Артта қалды еліңіз,
Болды ма мұнда кегіңіз?
«Шешем—Құртқа» деген соң,
Сатылмайтын теріміз.
Қысылғанда дем берсін,
Жылқышы Қамбар піріміз.
Ойға алғаның қоймайсың,
Қайсар Қобылан серіміз.
- 1210 Қарғысам, қарғып қарайын,
Қарғи алмасам, қалайын.
Тәңірі ісіне амал жоқ—
Тәуекел етіп көріңіз!

- Бурылға Қобылан «шу» дейді,
Шу дегенде гулейді,
Табаны жерге тимейді,
Тау мен тасты өрледі.
Әбден қызып алған соң,
- 1220 Қамшыны баса салған соң,
Алғы аяғын бүгеді,
Артқы аяғын тігеді.
Құлағын істей қадады,
Құйрығын шаштай тарады.
Шекесінен қарады,
Бауырынан жарады.
Қояндай ағып жөнелді,
Ортасына шаһардың
Бурыл барып топ етті.

- 1230 Төрт аяғы тиген жер
Тесіле жаздап солқ етті.
Әлде өтірік, әлде рас,
Айтып өттім—бәрі шын,
Ебіне келді нем кетті.
Қалаға Қобылан енген соң,
Еркімен барып кірген соң,
Не қылса да батырдың
Тайсалмасын білген соң,
Қара қасқа ат мінген,
Ат құйрығын шарт түйген,
1240 Алдына дабыл төңкерген,
Артына сауыт бөктерген,
Аламын деп дем берген,
Азды көпке теңгерген,
Қара бөркі қалпиған,
Мен сондай деп дандиған,
Қайратымен мал жиған.
Қысқа күнде қырық шапқан,
Тері тонды теріс атқан.
Мұсылманға оқ атқан,
1250 Қызылбасқа жан тартқан,
Құдайдан дұшпан сұраған,
Найзаның ұстар жеріне
Қолыма жұмсақ болсын деп,
Топтанып барқыт ораған.
Шын қаһары келгенде,
Жауған қардай бораған.
Суда болар ақ сазан,
Моллалар айтар бес азан.
Бұрынғы ердің бірімен
1260 Алдынан шықты ер Қазан.

Бұ да айтулы ер еді,
Бірін-бірі көреді.
Келіп те сөйлей береді,
Сөйлегенде не дейді:
—Қашпа, балам, қашпа!—деп,
Саспа, балам, саспа!—деп,

- Алдынан шапты ер Қазан
Хан шапқан соң кім қалсын:
1270 Ханның ұлы қарауыл,
Хан шектісі жасауыл,
Бидің ұлы бекауыл,
Хан қасында қайдақтар,
Қатыны жоқ бойдақтар.
Ай басына мың сомнан
Жатып жеген бейбақтар.
Жаудан қашқан кей жаман
Ұстап атын жайдақтар.
Жауға шабар ер жігіт,
1280 Өткір қылыш мойнақтар.
Хандар мінген қанды атты,
Батыр мінген жалды атты,
Қырық мың әскер салт атты—
Түймелетіп кигендер,
Түрегеліп сигендер,
Масақ құлақ мылтық қолында,
Қара сухар қойнында,
Алтыатары қолында.
Бәйгіден келген дөнені,
Сол шаһардың гөзелі,
1290 Иесіз қалды көп әйелі
Талай төре келеді,
Төсінде алтын мыйлады,
Қаланың аузын қандатып,
Солдатын жаяу айдатып,
Шаһардың аузын шаңдатып,
Ішеміз деп бал алып,
Шайнаймыз деп нан алып.
Қырық мың кісі бұл шықты:
Он кісіден қос болып,
1300 Қобыландыға қас болып,
Қазан ері бас болып.
Базарда болар ақша бөз,
Арқада болар сары көз.
Әлім менен Шөменге,

- Жоғары менен төменге,
Төменгі жатқан көп елге,
«Мен—мұсылман» дегенге
Мағлұм болды біздің сөз,
Жекпе-жек деп келді кез.
- 1310 Өзі жеке келген соң,
Қобыландыны көрген соң,
Не қылса да батырдың
Тайсалмасын білген соң,
Басын тартып қара аттың,
Қобыландыға ер Қазан
Екі-үш ауыз айтты сөз.
—Қазақтың ұлы, залым-ай,
Кигенің ала қырмызы-ай.
Ат саурысы тасыпты,
- 1320 Көп шабуыл көргендей.
Атыңның жалы жатыңқы,
Алыс жолдан келгендей.
Қабағыңыз қатыңқы,
Түн ұйқыңды бөлгендей.
Қай шаһарға барасың,
Қай орынға қонасың?
Бурыл атты жас бала,
Кімнің ұлы боласың?
Атаң сенің кім деймін,
- 1330 Анаң сенің кім деймін?
Батыр Қазан—мен деймін,
Шын сөзіңмен кел деймін,
Қалжың сөзге көнбеймін.
Ашуыма жолықпай,
Бурыл ат пен ақ сауыт
Қол тигізбей бер деймін.

Қобыланды сонда сөйлейді:

- 1340 —Пұл жіберіп шығып ем,
Базарда алтын қасыққа.
Арланам атты беруге
Сендей дінсіз жасыққа.

- Ат алуың қаша ма,
Дем алғанша асықпа.
Қызылбас, неден есірдің,
Жолықпай жатып ат бер деп?
Қызылбас қызы сұлу деп,
Дем алмай жүріп келіп ем.
- 1350 Бұл сапарда бұл жақтан
Сұраймыз деп жесірді.
Олай болсаң, қызылбас,
Шыдамасаң бері кел,
Көрсетейін кесірді.
Арқа деген жайларда,
Атан шығар жыл болса,
Ауада сұңқар түйілсе,
Жүніне қара жоламас.
Жауға шабар ер жігіт
Ешкімнен ақыл сұрамас.
Мұсылманның баласы
- 1360 Өзім өлмей жыламас.
Аты-тонын әр жерде
Беруші еді сендей нас.
Атасы жаман атасыз,
Атамды сұрап нетесіз?
Анасы жаман некесіз,
Неке сіз сұрап нетесіз?
Атаң бар-ды үлгісіз,
Алланың күні белгісіз.
Зар боларсың, бәлем-ай,
- 1370 Еріксіз жарық көргісіз.
Өзіңнің салған қалаңнан
Зар қылармын жүргісіз.
Ер емессің тасырсың,
Бас білмеген есерсің,
Патшадан келген қаттауың
Қағылмай-ақ шешерсің.
Қара қасқа тұлпардың
Сауырынан түсерсің.
Мойныңнан аққан қара қан
- 1380 Шамаң келсе ішерсің.

Асқар төбе белсің сен,
Қызылбас деген елсің сен.
Арақ ішіп, нан жесең
Қала ішінде ерсің сен,
Мұсылманнан кемсің сен!
Көкірегіңнің басынан
Қылышпенен өлтірсем,
Қапыда қалдым дерсің сен.
Садақпенен өлтірсем,
1390 Жазым қылды дерсің сен.
Сен аға да, мен іні,
Сендер көп те, мен жалғыз,
Білгеніңді қыла ғой!

Жайықтың бойы қамыс-ты,
Бір қызылбас, бір қазақ,
Бермейміз деп намысты
Басында тәуір сөйлесіп,
Артынан шайтан жабысты.
1400 Шайтан емей немене
Ырғай сапты сүңгімен
Ырғай, ырғай салысты.
Найза қанға майысты,
Қармақ болып қайысты.
Итерісіп тұрысты,
Ат тізесін бүгісті,
Бүгісе-бүгісе тұрысты.
Тебінгіден тер қатты,
Қақырғанда қан татты,
1410 Түкіргенде жын татты.
Қанжар қалды қайысып,
Семсер қалды майысып.
Жеткен екен ажалы
Қан қаттаудан төгілді,
Ерлер жаннан түңілді,
Аш күзендей бүгілді.
Екеуінің ақ сауыт
Шығыршықтан сөгілді.
Хал-дәрмені құртылды,

- Түсермін деп ұмтылды.
1420 Екеуінің ақ сауыт
Ескі бөздей жыртылды.
Сол уақытта Қобылекең,
Найзаны ырғап ендірді,
Қазанды жерге төндірді,
Ат көтіне міндірді.
Туралықтан ай шықты,
Тартып еді жан шықты.
Үлкен сәске болғанда,
Ішкі қамал тысында,
1430 Сыртқы қамал ішінде,
Ер Қазанның аузына
Қобылекең тықты балшықты.
Шалқасынан шалады,
Басын кесіп алады.
Басын кесіп алған соң,
Қанжығаға салады.
Салмағымен кубасы
Аударып кетіп барады.
Сасқанынан Қобылекең
1440 Қолындағы қанжармен
Басты қиып тастады.
Бас барып жерге топ етті,
Қара жер сонда солқ етті.
Дір-дір етіп қорғанның
Бәрі бірдей құлады,
Ордың іші толады.
Қобыландыдай батырды
Қырық мың әскер қамады.
Шілде уақты болғанда,
1450 Көктен түскен самал-ды.
Тура келген өлімге
Кім табады амалды?
Өлген құлдың басынан
Гулеп өткен заман-ды.
Қырық мың атты қызылбас
Алдында көрді қабанды,
Қабанның ісі жаман-ды.

- Сонша қосын көп әскер,
Таба алмады амалды.
- 1460 Қырық мың атты қызылбас,
Қаладан қашып кете алмай,
Дарбазадан өте алмай,
Қобыландыға жете алмай,
Ор түбінде камалып,
Мынау тұрған Қобылекен
Бір Құдайды еске алып,
Жан-жағына көз салып,
Жалғыздықтан жабығып,
Жауды көріп қамығып,
- 1470 Алдында көп қызылбас,
Артында жоқ жалғасып,
Көмек берер қарындас.
Жалғыздық түсіп есіне:
«Қараман көмек бермеді,
Келген екен несіне?»
Құдайды айтып жағалап,
Пайғамбарды айтып паналап,
Қобыланды батыр сөйлейді:
—Өзі болат, өзі өткір
- 1480 Бұрынғының найзасы.
Бақ қараған пенденің
Басында болар хайласы.
Алдында жау көрінді
Қараспан толған халқымның,
Кәнеки, тиген пайдасы?
Мініп шықтым үмітпен
Шырағым Бурыл дөненді,
Көкке тойған көбеңді.
Ерлігімді кім айтар,
- 1490 Қараспан тауды жайлаған
Қалың қыпшақ көп елге.
Жар болды Құдай өзіме,
Шыбын жаным көрінді
Бүгін менім көзіме.
Бір жан үшін сыйындым,
Жасаған, сенің өзіңе.

- Жазым болып көз жұмсам,
Жалғзыңның аты деп
Кім апарып көрсетер
1500 Кемпір мен шалдың көзіне.
.....*
- Бурылыма жаптым сауыт,
Сыйынамын Қамбар, Дәуіт,
Ат қоямын ауыт-ауыт.
Дұшпаннан қорқып тұрмаймын,
Аттың басын бұрмаймын.
Бүгін қанға боялсын,
Балқынға тіккен ақ сауыт.
Мұсылман ұғлы дарқан,
1510 Жауды көрсем қызды арқам.
Бүгінгі күн бөктерсем
Жеті қабат діллә қалған,
Еменнің кестелі талынан,
Кем көрмеймін жанымнан.
Толғамалы ақ сүңгі
Шаншылар майдан күн бүгін.
Бұлғары садақ, бұқар жай
Тартылатұғын күн бүгін.
Жаға басы қақпалы
1520 Бадана көзді ақ сауыт,
Сөгілер майдан күн бүгін.
Суарып шапқан шар болат
Өтелер майдан күн бүгін.
Толғамалы ақ сүңгі,
Жау ішінде жалтаңдап,
Толғамасам, маған серт!
Толғауыма шыдамай,
Толықсып сынсаң, саған серт!
Алтынды құндақ ақ берен,
1530 Қысылған жерде от беріп,
Ата алмасам, маған серт!
Мен атқанда ұсынып,
От алмасаң, саған серт!

* Түпнұсұада осылай күп нүкте ұойылған.

- Қарсы атса, оқ атпас,
Жауын жауса, су өтпес,
Ыстық болса, күн өтпес,
Бадана көзді ақ сауыт,
Шындап соққан ер Дәуіт.
Қалмақтың қалың қолына,
1540 Шашақты найза туына.
Қазан салған қалаға,
Жаяу салған балаға,
Бұл әскердің өзіне
Тая шапсам, маған серт!
Ата-ана сүйген ақ денем
Оқ дарытсаң, саған серт!
- Қобылекең айтып болған соң,
Белі жазық Бурыл ат
1550 Қиналарын білген соң,
Шиыршық атып ойнады.
Тіктеп тиген тұяғы
Қар кешкендей қаршылдап,
Ауыздан аққан ақ көбік
Түсін жуды шалпылдап.
Шабайын деп Қобыланды
Бойын алды аршындап.
Алтын қалпақ, жез телпек,
Баса киді көзіне.
1560 Қырық мың атты қызылбас
Қырық кісідей Қобылекең
Көрінбеді көзіне.
Бурыл атты қамшылап,
Әскердің кірді өзіне.
«Иә, Құдай!» деп ат қойды,
«Мұхаммед!» деп лап қойды.
Қаланың аузын қан қылды,
Көшенің аузын шаң қылды.
Қызылбас қашып жосылды,
Ақбөкен аңдай босылды,
1570 Қобылекең келіп қосылды.
Бөлек-бөлек қылады—

- Бөрі тиген немедей,
Бөктеріп кетіп барады.
Қасқыр шапқан немедей,
Қырып кетіп барады.
Жолбарыс шапқан немедей,
Жойып кетіп барады.
Тиген жері алмастай,
Ойып кетіп барады.
- 1580 Артында жоқ көмегі
«Аллалап» батыр шабады.
Жалғыз өзі Қобылекең
Жарып кетіп барады.
Үш жүз атты бір сайға,
Төрт жүз атты бір сайға,
Аламын деп қайтарда
[Қойып кетіп барады].
Жүрген жері шаң болып,
Ақ білегі қан болып,
- 1590 Жау үстіне жол салып,
Үкімін жауға мол салып,
Жез телпегі басында,
Көмегі жоқ соңында
Тұлпар мініп, ту алды,
Туын қанға суарды.
Қаладан қашқан қырық мың қол
Әрмен-бермен ырғалды,
Қашайын деп қозғалды.
Артуымен оқ қалды,
- 1600 Тартуымен топ қалды.
Қобыландының ақ сүңгі
Қызыл қанға боялды.
Соншама адам әйелі
Шаһарда жылап тұл қалды.
Жетінші күні бесінде
Мұншама қолды сап қылды.
Бурыл атпен бұлғақтап,
Қобылекең жалғыз қалыпты,
Шаһарды жалғыз алыпты.
- 1610 Бұл қырғынмен қоймады,

- Кұмары бұған тоймады,
Жан қалдырмай қырсам деп,
Ат қоймаққа ойланды.
Ел шығармай далаға,
Нақ бесінде сыйынды
Жеті кәміл бабаға.
Аксұңқар құстай шүйіліп,
Лашын құстай түйіліп,
Жеңсіз берен киініп,
1620 Тағы да шықты қалаға.
Қаланың аузын қан қылды,
Көшенің аузын шаң қылды.
Айдарлысын азғырып,
Тұлымдысын жазғырып,
Алтынын артып шанаға,
Баспақты сиыр, танаға,
Қарамай қатын-балаға,
Өтірік емес, жан аға,
Қырық қақпалы шаһардан
1630 Жалғыз адам құтқармай
Айдап шықты далаға.
Есіктің алды мойыл-ды,
Ашыққан қият тойынды.
Алды үш қыз алады,
Арты екі қыз алады.
Онан соңғы байғұстар
Таңдағанын алады.
Бізге ұқсаған бейшара
Айтса тілін алмады,
1640 Қыз да оған бармады.
Қорасан шыққан құжыр бет
Құдайға сүйтіп зарлады.
Малды алып болған соң,
Көңілдері толған соң,
Толып жатқан көп қият
Жиылып бәрі кеңесті,
Кеңескенде не дейді:
—Атадан алтау туғандай,
Асылмен белін бұғандай,

- 1650 Бұрын барып бұлардан
Қаланы өзім алдым дер,
Жаманға олжа салдым дер.
Жалғыз атты қыпшақты
Өлтіріп кетсек не етер деп,
Олжаны бермей кетер,—деп,
Қоста отырған көп жаман
Көтеріліп сөйлейді.
Сөйлегенмен не қылсын,
Бәрінікі құр былшыл.
- 1660 Бірнеше күн болған соң,
Көпке олжа толған соң,
Елдегі сөзі Құртқаның
Тұп-тура анық болған соң,
Қобыландыдай батырдың
Қайтуға көңлі бұзылды.
Мінгенде аты қызыл-ды,
Іс тағдырға сызылды.
Жарлының жалғыз атына
Ұрының құрығы ұзын-ды.
- 1670 Қобыланды сынды еріңіз
Қайтайын деп тұрғанда
Қараман сонда сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
—Әй, құрдасжан, қайтпаңыз,
Қайтамын деп айтпаңыз,
Алдыңыз—күз, артыңыз—жар,
Құдай берген ер едіңіз.
Мына жақта Көбікті бар есітемін,
Соған бара кетелік,
- 1680 Ойранды сала кетелік,—дейді.
Берік туған, құрдасжан,
Құлағың сал сөзіме,
Мен айтайын өзіңе,
Көбікті деген қалмақ бар,
Көрсетейін көзіңе.
Соған енді баралық,
Жылқысын қуып алалық.
Керегесін отын қып,

- Ойранды соған салалық.
1690 Сөзіне құлақ салады,
Әйтсе тілін алады.
Көбіктіні шаппаққа
Іздеп енді барады.
Мінгенде аты дөнен-ді,
Көкке тойған көбең-ді.
Байдың қызы жамылар
Масатыдан беренді.
Көп қосынға тапсырды
Қазаннан алған көп елді.
1700 Қараман, Қобылан қосылып
Кешкі уақыт болғанда,
Көбіктінің шаһарына
Сапарланып жөнелді.
Базарда бар ақ мата,
Ойнақтайды жас бота,
Бұл сөзімде жоқ қата.
Көп қосынның қасынан
Сапар қылды ел жата.
Көбіктінің шаһарына
1710 Келді бұлар таң ата.
Көбікті кеткен ұйқыға,
Жыртылмаған құлпыға.
Екі қабан кез келді
Қоба көлдің үстінде,
Отарда жатқан жылқыға.
Көк алалы көп жылқы,
Бөрі алалы ен жылқы,
Алдарына алады,
Айдап жөнге салады.
1720 Тізе қосып екеуі
Жылқыны айдап барады.
Көрінім жер келгенде
Биік-биік қыр екен,
Оқпанды сай жер екен.
Көбікті мінген тарлан ат,
Жамандатқыр сол көк ат
Құйрығын құстай тарады.

- Шекесінен қарады,
Бауырынан жарады.
1730 Аспанға қарап есінеп,
«Ием бе?» деп кісінеп,
Жау екенін білген соң,
Сыртына құйрық салады,
Көк ат қашып барады.
Артынан қуған екеуі
Қарасын көрмей қалады.
Қалаға көк ат еніпті,
Есітті дүбір Көбікті,
Ат барған соң желікті.
1740 Басы—күміс, сабы—алтын,
Базардан келген қасықты
Жалаңған болат жасықты.
Ақмоншақ атқа Көбікті
Ер салғанша асықты.
Еріндіктеп алады,
Астына терлік салады.
Ат басындай тас шоқпар
Тақымына қыстырып,
Мал соңынан салады.
1750 Алтындай найза қолынан,
Жұлдызы туып оңынан.
Таң сарғайып атқанда,
Көбікті жетті соңынан.
Тау суындай сарқырап,
«Таста,—деп,—малды» барқырап,
Көбікті сөйлеп кетеді:
—Мал иесіз дедің бе,
Жан иесіз дедің бе?
Байлаулы жатқан жылқыны
1760 Байлаудан шешкен кім еді?
Батыр жігіт қайдасың,
Батыр табар хайласын.
Жақсы кісі жаманға
Көп тигізер пайдасын.
Қобыланнан бұрын Қараман
Көбіктінің жүрекке

- Келе салды найзасын.
Қараман ерлік бастады,
Ерлігін Қобылан қостады.
- 1770 Қараманның найзасын
Денесіне тигізбей,
Міне, келген Көбікті
Қолындағы шоқпармен
Допша қағып тастады.
Бұлғары садақ, бұқар жай
Қиядан тартты Қобылекең.
Қобылекеңнің оғын да
Денесіне тигізбей,
Қолындағы шоқпармен
- 1780 Мұны да қағып тастады,
Жаңадан қайрат бастады.
Аттан түсе алысты,
Бермейміз деп намысты,
Саз балшықтай жабысты.
Қобыландыдай еріңіз
Бақалшығы қайысты,
Қабырғасы майысты.
Итерісіп тұрысты,
Ат тізесін бүгісті,
- 1790 Бүгісе, бүгісе тұрысты.
Тебіндіге тер қатты,
Қақырғанда қан татты.
Қанжар қалды қайысып,
Семсер қалды майысып.
Қобылан сынды еріңіз
Бара жатыр бұл жерде
Бақалшығы майысып.
Сол уақытта бабасы:
—Жоқ, балам, жоқ,— деп,
- 1800 Болмас, балам, болмас,—деп,
Көк есегі астында,
Шар кітабы қойнында,
Өзі хақтың жолында,
Есектен түсе қалады,
Қасына жақын барады.

- Сол уақытта Қобылекен
Танымады бабасын.
Қан толды екі көзіне,
—Құлағың сал сөзіме,
1810 Есіге бойлы қара сауыт,
Етегіңіз сіздердің
Орым-орым көрінген.
Арт жағынан бұлтиып,
Жаман нәрсең көрінген.
Көрінбе көзіме, жоғал,—деп,
Иінге түртіп қалады.
Сол уақытта бабасы
Өкпелеп кейін қалады.
Бұлар кейін қалған соң,
1820 Құдай басқа салған соң,
Көбіктідей батырдың
Әруағы асады,
Ағыны судай тасады.
Көбіктідей батырың
Қобыландыдай батырды
Тақымына басады.
Қос батырдың қос тұлпар
Жылқыға айдап қосады.
Ел қаптайды салаға,
1830 Өтірік емес, жан аға,
Қалыңнан сокқан қарсақтай,
Салақтатып екеуін
Көбікті кірді қалаға.

Көбіктінің бойжеткен қызы Қарлығаға келіп айтқаны.

- Көбікті келіп сөйледі,
Сөйлегенде не дейді:
—Алтын камзол жеңдіше,
1840 Бидай өңлі құбаша,
Орта бойлы дембілше,
Айналайын Қарлыға,
Жер астына бір түсер
Бұл пенденің барлығы.

Қайысқан болат сынғандай,
 Асыққан көңіл тынғандай.
 Екі пенде әжелдім—
 Берсем сені күйеуге,
 Бас жетімің қылғандай.
 1850 Көк шыбын қонсын қабаққа,
 Сухарды берді тамаққа.
 Қарлыға мінген кер еді,
 Аяндап басып желеді.
 Жазығы әйел демесең,
 Қарлыға да ер еді.
 Жерде жатқан екеуін
 Боқжамаша қолтықтап,
 Қарлыға алып жөнелді.
 Көк шыбын қонды қабаққа,
 Сухар берді тамаққа.
 Тастады жауып Қарлыға
 Кілті мықты лабаққа.

1860

Лабақта бұлар жатты. Бұйырған дәмін татты. Бірнеше күн өтті. Әлденеше күн жетті. Екі батыр солай жата тұрсын, азырақ Қарлығадан сөз сөйлейін. Көбіктінің баласы Быршымбай деген бар еді. Қарлыға сол Быршымға айтты:—Сен Алшағырға бар, менім әкем Көбікті Қараман, Қобыландыны қараңғы үйге салып тастады деп хабар сал. Сонда саған Қанікей, Тінікей деген екі қарындасын сүйіншіге берер,—дейді,—өйткені ол Алшағыр қыз Құртқаға ғашық еді,—дейді.

Мұны есіткен соң Быршымбай көк ала атқа мініп, күн-түн қатып жүріп, Алшағырдың еліне барып, Қобыланды менен Қараманды осылай еткенді к~~ү~~^н 1870-шына салып, екі қызды сүйіншіге алып, Быршымбай сонда қалыңдық ойнап жата берді. Бір күндері болғанда Қарлыға ойлайды: «Әкем екі мүсәпірді алып келіп, абақтыға салып қойып еді, соған барайыншы,»—деп келіп абақтының есігін ашып қалғанда қараңғы үй жарқ етіп қалды. Екі батыр шошып кетіп, бұл немене деп қараса, қыз Қарлығаның сәулесі екен. Сонда Қарлыға сөйлейді.

Қарлыға келіп сөйлейді,
 Сөйлегенде не дейді:
 —Әй, қос батыр, қос батыр,
 Сенің өзің ермісің,

- Бекер жатар сермісің,
Қолың шешіп қашырсам,
Еліңе барып мақтанып,
Қарлыға қыз қашырмай,
Өзім бір кеттім дермісің.
Қараман сонда сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
—Менің өзім нашармын,
Кілттің аузын ашармын.
Шеш қолымды, Қарлыға,
Рұқсат берсең қашармын.
Сонда Қобылекең сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
—Әй, қаш залым қасымнан,
Бір сағат болмай ұшты деп,
Дәулет құсы басымнан.
Тіліне дұшпан көнбедім,
Әуелден-ақ жасымнан.
- 1880 Азар берме бұл шақта,
Көбікті қызы Қарлыға,
Өшті болған әкеңнен,
Өшімді алмай кетпеймін.
Кекті болған әкеңнен,
Кегімді алмай кетпеймін.
Қыс қыстауым—Көзгелі,
Жаз жайлауым—Қараспан,
Бұрынғы жолдан адаспан.
Алты жаста ат мініп,
- 1890 Он үш жасқа келгенде
Аман қалған жоқ еді
Қызылбас тиіп жанасқан.
Таңбам—әліп, қыпшақпын,
Мұсылманға дін ашқан.
Ел аралап жүргенде
Таулар күйіп, тас жанды,
Алты жаста зарпыма.
Асықпасаң, Қарлыға,
Бір мінерсің Бурылдың
- 1900 Жайдақ сауыр артына.

- Әуелі Алла ағындым,
Ата-анамды сағындым.
Жауға менім түскенім,
Жағаласып жатқанда
Кәміл пірім жаңылдым,
Омар менен Османға,
Ішім толды пұшманға.
Ықылас атты Шашты Әзиз,
Танымай сізді жаңылып,
1910 Жазым боп түстім дұшпанға.
Әгар пірім жад етсем,
Біздей асыл қошқарлар
Болар ма пенде дұшпанға.
Сонда Қобылан сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
—Қараман, кетсең, аман бол,
Қайтасың ба елдерге?
Елге барсаң, сәлем де
Азулы деген көлдерге.
1920 Көп-көп сәлем дегейсің
Ел ішінде серлерге,
Замандас, құрбы, теңдерге.
Бізді дұшпан алды деп,
Аяққа кісен салды деп,
Үлкен аға, кіші іні,
Көз салмасын біздерге.
Қараспан деген белдерім,
Азулы деген көлдерім,
Ел ішінде бар еді
1930 Замандас, құрбы, теңдерім.
Атадан тақ мен байғұс
Жазым болып көз жұмсам,
Кім сұрайды кемдерін.
Алты жаста аттанып,
Қызылбастың жұртынан.
Бұландаған Құртқаны
Ғибратпен сүйген күндерім.
Інім жауда қалды деп,
Не қылайын жанды деп,

- 1940 Алдымнан шығар ағам жоқ,
Алладан басқа панам жоқ,
Тәңірі қылды шарам жоқ.
Ағам жауда қалды деп,
Артымнан жоқтар інім жоқ.
Амалым жоқ құдірет
Жалғыздықтан мінім жоқ.
Қазақ көппін дегенде,
Мен де көппін дейтұғын
Тартынбай айтар тілім жоқ.
- 1950 Қарағай садақ, қырық кез оқ,
Балдағы алтын белге тоқ,
Басымнан өтер дүние бок,
Табаныма тиді шоқ.
Жау қолында жатырмын,
Жазым болып көз жұмсам,
Сүйегім ұстар теңім жоқ.
Қайратыммен халық болған,
Қыпшақ елім жоқ.
Арқанменен арыған,
- 1960 Ауыздығыменен тараған,
Жаныма серік Бурыл ат.
Қай қызылбас от берсін,
Қай қызылбас су берсін.
Токсанға келген Токтарбай,
Үзілген шығар қияғы.
Алпысқа келген Аналық
Тасқа тиіп кетіліп,
Сынған шығар тұяғы.
Қарындасым Қарлыға,
- 1970 Алған жарым қыз Құртқа,
Арыстаны мен едім,
Сөнген шығар шырағы.

Қобыланды батыр абақтыдан шықпаған соң, Қарлыға менен Қараман ақыл тауып, жылқыдағы Тайбурыл атты алып келіп, тақымына қылшылбыр салып бұрады. Сонда Бурыл шыдамай шыңғырып жіберді. Құлағына Тайбурылдың даусы келген соң Қобыланды төзе алмай жүгіріп шықты. Бұлардың алдап шығарғанын білмеді.

- 1980 Сол уақытта Қобылекең
Тайбурыл атқа мінеді,
Үстіне сауыт киеді,
Беліне семсер іледі.
Ат мінген соң тұрмады,
Көбіктінің жылқысын
Және айдап жөнеді.
Қаладан қиғаш өткенде,
Коба көлге жеткенде,
Жамандатқыр сол көк ат
- 1990 Құйрығын шаштай тарады,
Шекесінен қарады,
Бауырынан жарады.
Аспанға қарап есінеп,
«Ием бе?» деп кісінеп,
Жау екенін білген соң
Сыртына құйрық салады,
Көк ат қашып барады.
Жалғаса куған екеуі
Қарасын көрмей қалады.
Көк ат енді қалаға,
Жәрдем берсін Құдайым
Қобыланды сынды балаға.
Қалаға көк ат еніпті,
Естіді дүбір Көбікті.
—Ояумысың, Қарлыға,
Ат ертте,—деп желікті.
Қарлыға сонда сөйлейді:
- 2000 —Ұйқыңды бұзба, Көбікті,
Жамандатқыр Ақмоншақ
Жем жейін деп келіпті.
Көбіктіні жатқызды,
Әбілетке батқызды.
Ақмоншақ атқа ер салып,
Аз ғана азық жем салып,
Артында байтақ ел қалып,
Қобылекең еске түскенде
Қарлыға шері қозғалып,

- 2010 Ақмоншақ атқа мінеді,
Беліне семсер іледі,
Денеге сауыт киеді.
Қарлыға қыз, мінеки,
Қобыландыға қосылып,
Әкесінің жылқысын
Және айдап жөнеді.
- 2020 Қаладан қиғаш өткенде,
Сарыөзенге жеткенде,
Пайғамбар Құдай пендесі,
Төменде аттың денесі
Сілтесе, тастан өтеді
Ғалидің шапқан қылышы.
Оттамай да, жусамай
Жамандатқыр көк бесті—
Қашаған көктің інісі
Көрінем жерге келгенде,
Құйрығын құстай тарады,
Шекесінен қарады.
- 2030 Аспанға қарап есінеп,
«Ием бе?» деп кісінеп,
Жау екенін білген соң,
Сыртына құйрық салады,
Көк бесті қашып барады.
Жалғаса қуған үшеуі
Қарасын көрмей қалады.
Көк бесті енді қалаға,
Естіді дүбір Көбікті
Көбікті батыр желікті.
- 2040 Көк бестіні көрген соң,
Кеткенін қыздың білген соң
Көк бестіге мінеді,
Шокпарды қолға іледі,
Мал соңынан шабады.
Көбікті мұнда келгенше
Қарлыға ақыл табады.

Сонда Қарлыға айтты:—Әй, Қобыланды менен Қараман, енді ол Көк бесті әкеме барады. Әкеме барған соң атқа мініп бізді қуар, тез жетіп келсе керек. Әкем Көбіктіге атсаң мылтық батпайды. Шаншысаң найза, шапсаң қылыш өтпейді. Өйткені үстіндегі ақ сауытын өзім қолдан жасап едім. Көзін тар қылып едім. Бірақ кіндігінің тұсындағы төрт көзін кем соғып шығарып едім. Өзім бір жақсы адамды сүйіп барам десем, әкем бермесе, сол жерден байлап аттырармын деген жерім еді. «Балам, мына жердің шығыршығы қайда?» дегенде «жетпей қалды» деп едім. Сол жерінен кіндігі бұлтыйып шығып тұратын еді. Сонан байлап атсаң қаза бар, болмаса бөтен жерден қаза жоқ,—дейді.

Қараманға:—Ақырын жылқыңды айдай бер. Биен құлын салмасын, тайың жолда қалмасын. Артыңа көзіңді салып жүргейсің. Екі қара көрінсе, Қобыланды менен Қарлыға екен дерсің. Жалғыз қара көрінсе, Көбікті болар. Онда өзіңіз қамыңызды қыларсыз,—дейді. Қараман жылқыны айдап жүре берді. Мұнда Қобылекең қисайған оғын түзетіп, тоғайда жол тосып жата берді.

Бір уақыттар болғанда,
Көбікті сынды еріңіз
Таң сарғайып атқанда,
Шолпан жұлдыз батқанда,
Төбеден жұлдыз аққанда,
Көк бесті атқа ер салып,
Тас шоқпарды қолға алып,
Теңселе басып ырғалып,
Енді атына мінеді.
Қобыландының соңынан
Көбікті қуып келеді,
Батыр мұны көреді.
Көтерілді Қобылекең,
Қорамсаққа қол салды,
Бір салғанда мол салды.
Қалмақы ердің басы деп,
Қақ жүректің тұсы деп,
Өлер жерің осы деп,
Салдыр-гүлдір өткізіп,
Оқ масаққа жеткізіп,
Сонда Қобылан сөйлейді:
—Сынғыр қолым сындың ба,

- Шыққыр көзім шықтың ба,
Шын бір қазам жеттің бе,
Шын бұйрығым біттің бе?
Ықылас атты Шашты Өзіз
2070 Қысылған жерде дем бермей,
Сарт болып-ақ кеттің бе?
Қобыланды тартты бір кезде,
Тартқан кезде Қобыланды
Жанына азап көрінді.
Азап емей немене,
Көк бесті аттың үстінде
Бөксесі жатып қалады.
Кеудесі оқпен бөлініп,
Шоқпар қолда қалады.
2080 Шоқпарды қолға алмаққа,
Қобыландымен қарсы тұрмаққа,
Екі қолмен тырбаңдап,
Кеудесі кетіп барады.
Базардың бар мақпалы,
Ұстайды құндыз қақпалы,
Жетіп келді Қобылекең
Алтынды семсер қолға алып,
Көбіктіні шапқалы.
Заманақыр тақалды,
2090 Саудагер сатар бақалды.
Қыздан келген хайланы
Біліп енді Көбікті:
—Қыз он беске жеткенде,
Өспесін,—деп,—өркені,
Жұлып та жатыр сақалды.
Діні кәпір, зат басқа,
Аяп болмас атпасқа,
Хайласы қанша қыз жасқа
Екінші сөзді сөйлетпей,
2100 Суырып алып қылышын
Қобылекең салды қақ басқа.
Шалқасынан сылқ етіп,
Жаны шығып бүрк етіп,
Өліп қалды сорқасқа.

- Бөксесі атпен барады,
Қараманның жылқыда
Құлағын дүбір салады.
Арт жағына қарады,
Көреді жалғыз қараны.
- 2110 «Қобыландыны өлтіріп,
Сағатына келтіріп,
Көбікті мұнда келеді деп,
Сазамды менің береді» деп,
Жылқыдан қаша жөнелді.
Үшінші күдер асқанда,
Қараман жаман сасқанда,
Шығып кетіп оңаша
Артына және қараса,
Жылқы ішінде жүр екен,
- 2120 Бөксе екенін біледі,
Өз-өзінен күледі,
Жылқыға шауып келеді.
Ат үстінен бөксені
Тартып енді қарады.
Бөксе бұған болмады,
Қараман сөйтіп сорлады.
Аттан түсе қалады,
Аяғынан алады.
Өлдім-талдым дегенде,
- 2130 Әрең деп жерге салады.
Өтірік емес оңайдан,
Тілейді әркім Құдайдан.
Қос аты бар қолында,
Қуғыншы жоқ соңында,
Қобыланды мен Қарлыға
Көбіктіні өлтіріп,
Сәтіне оны келтіріп,
Аударыспақ ойнасып,
Гулетіп шықты тоғайдан.
- 2140 Биік-биік қыр екен,
Оқпандай сай, жыра екен.
Көбікті батыр өлген соң,
Қобыландының алдында

- Сайымұғлы Қараман
Қарсы түсіп тұр екен.
Бұлар енді келген соң,
Қараман сонда сөйлейді:
—Шешен сөйлер дауға деп,
Қайрат қылдың жауға деп.
- 2150 Олжа қылған, құрдасжан,
Беріңіз маған сауға деп.
—Жая менен жал құрдас,
Шекер менен бал құрдас.
Көбіктің жылқысын
Олжаға қоспай ал, құрдас.
—Келіп ем, құрдас, кезіңе,
Мұндай жылқы өзіңе.
Ішіңіз қиып берсеңіз,
Қарлыға сауға өзіме.
- 2160 —Көбіктің көрдің өлгенін
Қыздың көрдің келгенін.
Өзі келді ерлікпен
Көңілі сүйсе бергенім.
- Есендік пенен саулық деп,
Тірілік пенен барлық деп,
«Түйенің көркі—нарлық» деп,
Жарасар нарға сандық деп,
Қарлығаны алып жөнелді,
- 2170 Құрдасжан берсе алдық деп.
Ел жайлаған Есілді,
Қарлыға қолға тиген соң,
Қараман батыр шешінді,
Осы жерде қылды кесірді.
Қарлыға қызды ұстады,
Бола ғой деп қыстады.
Қараманның сөзіне
Қарлығадай сұлудың
Ашуы келген сықылды—
- 2180 Қараманға қылды өкімді.
Жағасынан алады,
Шалқасынан салады.

- Қарамандай батырың
Масқара болып қалады.
Жаңылтпа, Құдай, есімді,
Аузыма келген жел сөзді
Аяйын енді несіне.
Қараман, Қобылан екеуі
Қазанда жатқан қосынға
Көбіктінің жылқысын
- 2190 Айдап келді бесінде.
Қобыланды батыр келген соң,
Иесін көзі көрген соң.
Байлар мінер дөненді,
Жарлы мінер көбенді.
Байдың қызы жамылар
Масатыдан беренді.
Әкеліп қосты жылқыға
Қазаннан алған көп елді.
Қияттан шыққан көп жаман
- 2200 Көтеріліп шулайды,
Жатып малға кенелді.
Екі арыстан келген соң,
Қожа бесін болған соң,
Ақсайға барып қонған соң,
Көп қосын көшіп жөнелді.
Жалғызға Қобылан ұқсайды,
Мезгілсіз жылап қақсайды.
Жыламай Қобылан не қылсын,
Жанына серік Бурыл ат
- 2210 Томар қағып жүре алмай
Аяғынан ақсайды.
Келіп қонды Ақсайға
Ақсайға келіп қонған соң,
Қарлығаны алып келген соң,
Қараман барып алғандай
Ақымақ қият бірталай
Қараман атты батырды
Көтеріп аттан алады,
Ақ киізге салады.
- 2220 Шаһарды бұзып алды деп,

Хан көтеріп барады.
Арыстан туған Қобылекең
Атын ұстап тұратын,
Ас пісіріп беретін,
Толып жатқан қияттан
Шай қайнатар кісі жоқ,
Бұл қосынның ісі жоқ,
Қобылекең жалғыз қалады.

2230 Жамандар қорлық еткен соң,
Қараман қият кеткен соң,
Жалғыздықтан жабығып,
Қорлық көріп қамығып,
Өксіп жылап қайғырып,
Қайғы тартып қан жұтып,
Запыран ішіп, май жұтып,
Осынша көптің ішінде
Жалғыз жылап қалады.

2240 —Көптің ісі бітеді,
Жалғыздың ісі кетеді.
Шауып алған олжамды
Қият алып кетеді.
Шамырқанып шамдансам,
Буырқанып бұрсансам,
Мұздай темір құрсансам,
Қосыны түгіл, қияттың
Еліне әлім жетеді.

Ақылсыз туған мен ақымақ,
2250 Елден жалғыз шыққанша,
Онды, бесті жаным
Кісі ертсем нетеді?
Құдіретті күшті, Құдайым,
Жаратқанша жалғыз қып,
Жаратпасаң нетеді?
Туғызғанша жалғыз қып,
Туғызбасаң нетеді?
Көп болған соң жалғызға
Жаманның әлі жетеді.

- Үйге барсам түзім жоқ,
2260 Түзге барсам үйім жоқ.
Осындай жалғыз жүргенде,
Өтесің бе дүние бок?
Қарағай кестім талымды,
Қайнаттым шекер-балымды.
Әттең, шіркін, жалғыздық,
Бетімнен төктің арымды.
Кетірдің мұнша сәнімді,
Көп қинадың жанымды.
Атадан алтау туса да,
Шірік туған жаманға
2270 Болайын нағып жалынды.
Қазам жетіп мен өлсем,
Жұрт талайды малымды.
Қай мезгілде көремін
Үйдегі кемпір-шалымды.
Құлым десең, Құдай-ай,
Бүгін маған көрсетші
Ататұғын таңыңды.
Көрсін десең таңыңды,
Ойла менің қамымды.
2280 Бүгін таңға жеткізбей
Тауыс менім нанымды.
Қият қылды мастықты,
Жылап жүріп Қобылекең
Ерін қылды жастықты.
Жамандар қылды өсекті,
Наза болып Қобылекең,
Тоқымын қылды төсекті.
Тоқымын төсеп, ер жастап,
Етбетінен Қобыланды
2290 Ұзынынан сұлады.
Алтынды ерге сүйеніп,
Артық туған Қобыланды
Өксіп сонда жылады.
Жылап жатып Қобылекең
Бөлінбеген ұйқыға,
Жыртылмаған құлпыға,

- Таң мезгілі болғанда,
Көк есегі астында,
Алтын дәстар басында,
2300 Сырлы асасы қолында,
Өзі Хақтың жолында,
Жетіп келіп қасына,
Отыра қалып басына,
Тізесін бүгіп сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
— Ұйқыдамысың, Қобыланды,
Мінгенде атым боз-ды ғой,
Арқам желге қозды ғой.
Саған келген пәлені
2310 Қорғаймын деп мен сорлы
Етегім әбден тозды ғой.
Құланнан аттым қодықты,
Көлден тарттым борықты.
Сенің әкең Тоқтарбай—
Қартайған шалға жолықтым.
Биік-биік қыр екен,
Оқпанды сай жер екен.
Сенің әкең Тоқтарбай,
Бұтында жоқ ыстаны.
2320 Қойшы болып кәпірде
Ақтабан боп жүр екен.
Алпыс жаста Аналық
Арқан есіп, жүн түтіп,
Алшағырдың елінде
Құрт қайнатып жүр екен.
Қарындасың Қарлыға
Пиаласы қолында,
Дастарханы қарында,
Белдемшесі белінде,
2330 Бөтен жаудың елінде,
Шай қайнатып жүр екен.
Өзіңнен қалған Құртқаны
Қалмақтың ханы Алшағыр
Аламын деп жүр екен.
Шауып кетті елінді,

- Кесіп кетті желінді,
Өзің тірі тұрғанда
Қыпшақты жаудың алғаны
О да саған өлім-ді!
- 2340 Елінді алған дұшпанға
Көрсеткейсің көрімді.
Жалған айтар деменіз
Жеті кәміл піріңді.
Қалмақтың ханы Алшағыр
Бүгін үш күн болады.
Шауып кетті елінді,
Кесіп кетті желінді.
Хандар мінген қара ала ат
Жалтарып шабар қояндай.
- 2350 Татулықтың белгісі
Қозы Көрпеш—Баяндай.
Жас күнінде ойнап қал
Бозбалалар аянбай.
Бабасының сөзімен
Қобыланды шошып оянды-ай.
Қылған ісі пенденің
Жаппар Хаққа аянды-ай.
Көзін ашып жіберсе,
Таң шымырлап атыпты,
- 2360 Моллалар азан айтыпты,
Шолпан жұлдыз батыпты.
Көзін ашып қараса,
Мақталы жастық мамық-ты
Оянып түске қамықты.
Талауға жұрты түскен соң,
Байлауға малы кеткен соң,
Осыны біліп Бурыл ат,
Қапаланып ақсап жүр екен.
Пірден хабар тиген соң,
- 2370 Ақсап жүрген Бурыл ат
Құлындай ойнап қалыпты.
Белгілі төбе бел еді,
Әйел де болса ер еді.
Қараман алған Қарлыға

Батыр жалғыз қалған соң,
Майқара мен көдеге,
Жусан менен бетеге,
Шұңқыр менен өзенге,
Түніменен ұйықтамай,
2380 Бурыл атты жетелеп,
Қарлыға бағып жүр екен.
Көзінің жасы мөлтілдеп,
Қос бүйрегі бүлкілдеп,
Елін дұшпан алған соң,
Аяғын басып жүре алмай,
Қарлығаның қасына
Азар келді былқылдап.

Қобыланды келіп сөйлейді:

2390 —Жолдас болдың, Қарлыға,
Алланың қатты жарлығы.
Жер астына бір түсер
Бұл пенденің барлығы.
Жалғыз маған түсіпті
Алланың қысым, тарлығы.
Жау шауыпты елімді,
Дұшпан басып белімді,
Кесіп кетті желімді.
2400 Жалған айтар демеймін
Жеті кәміл пірімді.
Қалмақтың ханы Алшағыр
Бүгін үш күн болады
Бабам айтты өзіме.
Жылқыда құмай аламын,
Атадан жалғыз баламын.
Көмек берер демеймін
Сайымұғлы Қараман.
Әйел де болсаң қатар ең,
2410 Мұңымды саған саламын.
Рұқсат берсең, Қарлыға,
Көмегім жоқ соңымда
Жалғыз да болсам барамын.

Қарлыға сонда сөйлейді:

- Ерлер сасар болар ма,
Етегін басар болар ма?
Үмбетінен пайғамбар
Дінсіздер асар болар ма?
Әуелі Құдай анайым,
Хақ жаратқан Құдайым.
- 2420 Бөлініп елден шыққан соң,
Сіз болар ма деп едім,
Тәңірі қосқан жұбайым.
Өзім сізден қалған соң,
Мұныма жеймін уайым.
Сіздіңменен дос болып,
Өз еліммен қас болып,
Сөйтіп шыққан сорлы едім.
Артық туған сұлтаным,
Бір шыбындай жанымды
- 2430 Сенен бір несін аяйын.
Қайғы ішіп, қан құспай,
Запыран ішіп, май жұтпай,
Бүлінген елге кете көр,
Шабылған елге жете көр.
- Асқар-асқар бел болса,
Қараман сынды құрдасың
Жаны ашыған ер болса,
Жинап алып артыңнан
Тап үш күнде барайын.
Жанына байлап болатты,
- 2440 Басына асыл жалатты.
Сүйіп мінген Бурылдың
Жел тимеген саурысын,
Күн тимеген баурысын
Қамшымен ұрып қанатты.
Тайбурыл аттың маңдайын
Қараспан тауға қаратты.
Қаратып тауға шу дейді,

- Атылып Бурыл гуледі.
Тау мен тасты көрмеді,
2450 Құлақтың түбі терледі,
Тер шыққан соң өрледі.
Көлденең жатқан көк тасты
Тіктеп тиген тұяғы
Саз балшықтай иледі.
Ерте шапқан Қобыланды
Кешке шейін шабады.
Бара алмады еліне,
Жете алмады жеріне.
Таң мезгілі жеткенде,
Шолпан жұлдыз батқанда,
2460 Есіктің алды ағынды,
Бола жазды шығынды.
Шығынды емей немене,
Екпіндеп шапқан Тайбурыл
Етбетінен жығылды.
Жылап жүріп Қобыланды
Жерге қолын салады,
Жерді сипап қарады.
Ертеңгі таң атыпты,
Бұйырған дәмін татыпты.
2470 Жазығы мал демесең,
Адамнан ақылы артық-ты.
Ел барында Құртқаның
Екі мезгіл жем берген,
Жаныменен тең көрген,
Алтыннан соққан албарға
Бурыл құлап жатыпты.
- Таң ата Қобылан қараса,
Жұрты жатыр, елі жоқ,
2480 Батпағы жатыр, көлі жоқ,
Сандалып жүрген бала жоқ.
Табанына тиді шоқ,
Жанды қара бірде жоқ.
Балта кеспес мұртына
Сүйексіз тілім бел қылды.

- Сәске мезгіл болғанда,
Шауып келді Қобыланды
Бұлаңдаған Құртқаның
Отауын тіккен жұртына.
- 2490 Қылыш сала байланып,
Жұртын жүрді айналып,
Есіктің алды ойыңқы,
От ортасы көбіңкі,
«Томпайған мынау күл ме?» деп,
Найзаны күлге салады,
Аударып күлді қарады.
Жая менен жал екен,
Шекер менен бал екен.
Өзін қалмақ алғанда
- 2500 Босанып қолдан қалғанда,
Батыр бұған кез келсе,
Қарны ашып келер деп,
Қаны қашып жүрер деп,
Көмген екен жұртына
Бір табадай нан екен.
Бұйырғаны осы ғой,
Азды-көпті жиған деп,
Нанның түбі—иман деп,
Шетінен тістеп алады,
Қоржынға батыр салады.
- 2510 Бурыл атқа шу десе,
Етбетінен құлады.
Сонда тұрып Қобыланды
Алтын ерге сүйеніп,
Өксіп-өксіп жылады.
- Тұлпардан туған Бурылым,
Сен де айрылдың анаңнан,
Мен де айрылдым анамнан.
Және айрылдым Қарлыға,
- 2520 Бірге туған бауырдан.
Қарағым, Бурыл, әлменен,
Адаспай шауып жолменен.
Өкпе-бауыр жалменен,

- Тұман болды шаңменен.
Ауылға барған кезімде
Құртқа түссе қолыма,
Суартамын балменен.
Сипатармын, шырағым,
Ақ сүңгідей қолменен.
- 2530 Қобылекең сонда шу дейді,
Шу дегенде гуледі.
Ерте шапқан Қобыланды
Кешке шейін шабады.
Шапса да елге жете алмай,
Іңір болып барады.
Есіктің алды ағын-ды,
Бола жазды шығын-ды.
Шығынды болмай немене
Екпіндеп шапқан Тайбурыл
Етбетінен жығылды.
- 2540 Жерге қолын салады,
Жерді сипап қарады.
Аллаға қанша жазықты,
Батыр бұған кез болса,
Аты арыса, қарны ашса,
Болсын депті атқа жем,
Өзіне қылсын азықты.
Тұлпардан туған Бурылдың
Астынан тауып алыпты.
Алтын қазық бес бүктеп
- 2550 Ат қоржынға салыпты.
Таң мезгілі болғанда,
Алшағырдай қалаға
Қобылекең жетіп келеді.
«Қолыма алдым найза деп,
Шерменде болған халқыма
Тигізейін пайда» деп.
Таң атқанда Қобыланды
Шаһарды үш айналды,
«Енуге есік қайда?!» деп.
- 2560 Бір шетінен өткенде,

Мүсідеу жерге жеткенде,
Жылқыда құмай аланы,
Атадан тақ баланы.
Күнде қойға барғанда,
Жалғызым деп Тоқтар шал
Жоқтаушы еді баланы.
Бүгін тағы зарлаған,
Жас қозыдай маңыраған,
Саулы інгендей аңыраған,
2570 «Уай, балам» деп сарнаған
Тоқтар шалдың дауысы
Сыртта жүрген Қобыланның
Құлағын жарып барады.

Сонда Қобыланды тыңдап тұра қалса, тоқсандағы атасының
Қобыландыны жоқтап зарлағаны екен.

Тоқтар шал сонда сөйлейді,
Жадына алып Құдайды.
2580 —Келелі түйем ішінде
Бурадайын айдынды,
Жалғызым, сенен айрылдым.
Омар менен Османға,
Ішім толды пұшманға,
Ай мүйізді кошқардай
Қозым, сенен айрылдым.
Қолымнан құт кетті енді,
Құтым Қобылан айрылдым.
Қайыңға біткен жапырақ,
2590 Құлан шабар шоқырақ.
Бұл бейнетті көргенше
Неге өлмедім мен шұнақ?!
Өлгенде мені кім көмсін,
Тілеп алған қозым жоқ,
Кім салар маған топырақ?!
Балтам тасқа өтпейді,
Ауырған жерім бітпейді.
Күнде «ал» деймін Құдайға,
Мезгілсіз ажал жетпейді.

- Күн ыстықта қой бағып,
Маңдайымнан тер ағып,
Бұтымда жоқ ыстаным,
Кендірден киген кебене
2600 Бұтыма тартсам жетпейді.
Бүгін айдың нешесі,
Ай қараңғы кешесі.
Алпысқа келген Аналық
Енді оянып жылайды,
Қобыландының шешесі.
—Өріп едім жібекті,
Құлан тастар тезекті.
Шырағымды жоқтайын,
Шаршаған жерде тоқтайын,
2610 Жан қосағым, Тоқтар шал,
Беріңіз маған кезекті.
Алтын бесік иісім,
Күміс еді киісім.
Ереуі жоқ күмісім,
Жастан қосқан білісім,
Ойнау менен күлісім.
Жалғызымның барында
Кеңейіп еді өрісім.
Қондырып еді өзіме
2620 Бұл дүниенің бейішін.
Түн ортасы болғанда
Шырағым жақтан жел соқты
Жаңылмасам деп едім,
Шырағым мінген астына
Тайбурыл аттың желісін.
Омар менен Османға
Ішім толды пұшманға.
Шырағымның жоғында
Пенде болдым дұшпанға.
2630 Жан қосағым, Тоқтар шал,
Разымын Тәңірге
Сені маған қосқанға,
Көзінді сал аспанға.
Төрткілдеп соққан төбемнен,

- Шырағым шыққан денемнен.
Жаз болса шығар күн жаққа,
Қыс болса шығар жел жаққа,
Бабасы берген шырақтың
Бұлты келді төбемнен.
- 2640 Қарағай садақ, қырық кез оқ,
Балдағы алтын белге тоқ.
Бұлты келді, өзі жоқ,
Бұлтын көріп кеулім тоқ.
Қобыланды үйде барында
Мақпалдан тонды киіп ем.
Айналайын, Жасаған,
Көзімнің жасын иіп ең.
Тілегімді берсейші,
Қозы бағып жүргенде,
- 2650 Шырағым менің келсейші.
Оң қабағым тартады,
Шырағым менің келгендей.
Иінім менің тартады,
Қамқаны таңдап кигендей.
Тақымым менің тартады,
Қараспанға ел көшіп,
Парымен жорға мінгендей.
Жан қосағым, Тоқтар шал,
Етіме қатқан қос тері
- 2660 Бұлақ болып есілді,
Жалғызым келіп емгендей,
Бір нышанын көргендей.
Қуанамын мен ғаріп,
Кеткен қозым келгендей.
Алпыста шешең Аналық
Арқан ескен не қорлық?!
Өзге қорлық, қорлық па,
Өзің алған Құртқаны
Қалмақтың ханы Алшағыр
- 2670 Аламын деген не қорлық?!
Мен бір пақыр анаңды
Дұшпаннан халас қыла көр.
Ықылас атты Шашты Әзиз

Біздерге жәрдем қыла көр.

Қарлыға сонда сөйлейді:

- Қасіретті, жан шеше,
Көкеме бүгін түс көрдім.
2680 Бүгін емес мен кеше
Адыра қалған ай балта
Тасқа тиіп кетілді,
Қайрасақ тағы жетілді.
Тәңірі аямас болар ма
Біздей сорлы жетімді.
Мойнымда көк моншақ
Бармақ басым жауһардан.
Жете алмады Тайбурыл
Ақ сауыттың ауырдан.
2690 Қалмақтың ханы Алшағыр
Мал алмас еді ауылдан.
Бүгінгі күн түсімде,
Өзімнің бабам ішінде,
Бұ заманда жан бар ма
Қобылекеңдей пішінде.
Қазанның Сырлы қаласын
Жалғыз алып жүр еді.
Сарт болмаса пірлерім,
Ықылас атты Шашты Әзиз
Аян беріп жүреді.
Аюдайын ақырып,
Қараманды шақырып,
2700 Қасына енді келген соң,
Қатын деген бір сөзді
Бетіне соғып жүр еді.
Қысқаға ұзын жалғатып,
Тайбурыл атты ойнатып,
Қазанды шауып жоқ етіп,
Көп қосынға Қобылекем
Олжа салып жүр еді.
Бүлінбеген ұйқыға,
Жыртылмаған құлпыға,

- 2710 Жалғыз ағам, жан көкем,
Таң ата алып жүр еді
Көбіктің жылқысын.
Жамандатқыр Ақмоншақ
Қашып барып еліне,
Терлік салып беліне,
Көбікті мініп атына,
Бұрынғы тартып салтына
Көбіктіні өлтіріп,
Кемеліне келтіріп,
2720 Ағамның құрып айласы,
Өз аттасым Қарлыға
Көкеме тиіп пайдасы.
Сөйтіп жүрген жан көкем
Қарамандай батырға
Көбіктің қызы Қарлыға
Сауғаға беріп жүр еді.
Бурыл ақсап қалғанда,
Көкем қақсап қалғанда,
Қалың қосын көше алмай
2730 Ақсайға қонып жүр еді.
Ақырында көп қосын
Жан көкеме қарамай
Жұртына тастап жүр еді.
Жеңешем көмген сары нан
Шетінен тістеп жүр еді.
Қоржынға салып жан көкем
Аллаға қанша жазықты.
Аты арыса, қарны ашса,
Керек болса атқа жем
2740 Өзіне қылсын азықты.
Жеңешем көмген қазықты
Бурыл ат тауып жүр еді.

Енді Құртқа сөйлейді:

—Аспаннан ай түсірдім,
Хордың қызын құшырдым.
Ойпаң жерге ор қаздым,

- Аксұңқар құсқа тор жаздым.
2750 Шырағым түзде, мен үйде,
Жарғабында қылғандай,
Бибі Фатима, не жаздым?!
Биік таудың жылғасы,
Бауырында ойнар құлжасы.
Әр пендеге бітер ме,
Сұлтанымның тұлғасы.
Тәңірі неден жаратты
Төмен етек ұрғашы.
Аламын деп қинайды
2760 Діні жаман болмашы.
Шырағым сүйген ару денем
Бола ма жаудың олжасы?!
Құлыны өлген қулыққа
Тай теліген бар ма екен?!
Ботасы өлген түйеге
Нар теліген бар ма екен?!
Сұлтаным түзде, мен үйде,
Аксұңқар құстың орнына
Қарға қонған бар ма екен?!
Сары бал қойдым аяққа,
Бұғалық салдым саяққа.
Өзім баққан Тайбурыл
2770 Менен кеттің қай жакқа?
Мінген атым Шалқасқа,
Алтыннан таға салдырдым
Таймасын деп тау-тасқа,
Қызмет еттім мен жаста.
Қулықтың сүтін еміздім,
Бәрекелді дегіздім.
Сексен күні біткен соң,
Токсан күні жеткен соң,
Құнанда емдің, тайда емдің.
2780 Бес жасыңа келгенде
Бел қызығын көрсін деп,
Бес бедеуге салдырдым.
Алты жаста ақтаттым,
Ат болар деп батырға

- Сені сонша мақтаттым.
Таралып мойны өссін деп,
Алты қабат ала арқан
Жібектен есіп сүйреттім.
Белде белден өткізді,
2790 Бурыл аттың дауысын
Қыз Құртқаға жеткізді,
Періштелер жалғасып.
Танығансын дауысын
Жалтыр да көлдің қатысын,
Тілеп ала барады
Алшағыр ханның сатысын.
Сатыны тілеп алады,
Сатыны тамға салады.
Сатыға шығып өрмелеп,
2800 Жан-жағына қарады.
Қобыланды менен Бурылды
Құртқаның көзі шалады.

Сонда Құртқа сөйлейді:

- Әуелі Алла әл-хамым,
Атса мылтық өткізбес,
Үстінде далда қалқаның.
Күнім туды, Құдай-ай,
2810 Дұшпан іздеп, жол кешкен
Келген екен сұлтаным.
Қайтып келіп қонар ма
Ұшып кеткен сұңқарым?!

Енді Қобыландыны көрген соң, Құртқаның балқымаған жері қалмай, аққан судай көңілі тасып, аяғын жылдамырақ басып, Алшағыр ханға айтқаны.

- Құртқа сондай сөйлейді,
2820 Сөйлегенде не дейді:
—Елімді шапқан, Алшағыр,
Сөзіме құлақ сал, Шағыр.
Сақтағаны сен итке

- Бір Тәңірдің бар шығар.
Мінгенде атым кер ме еді,
Кекілден аққан тер ме еді.
Әкелдің де қамадың,
Жарық сәуле көрмедім.
Құртқа шығып, бой жазып,
Далаға шықсын демедің.
Рұқсат берсең, Алшағыр,
Ала қапты алайын,
- 2830 Беліме арқан шалайын.
Тезек теріп, бой жазып,
Далаға таман барайын.
Аянбасаң, Алшағыр,
Екі құл мен екі күң
Бақташыңды сал, Шағыр.
Теремін деп тезекті
Сәске мезгіл болғанда,
Шаһардан шығып барады.
Бақташысы қасында,
Екі құл мен екі күң—
Құртқаменен бесеуі
Ақылдаса қалады,
Сөзіне құлақ салады.
Көрінім жер барғанда,
- 2840 Келді бір сай басына,
Отырды Құртқа қасына.
Отырып бір сөз бастады,
Күң менен құлдар қостады.
Бір күң менен бір құлды
Осы сайдың басында
Ойнай бер деп тастады.
Күнді құлдар ұстады,
Бола ғой деп қыстады.
Күң менен құл қалған соң,
- 2850 Бойын жазып алған соң,
Тақырға тұрған құла қақ,
Сөйлеген ғазиз тіл мен жақ,
Патшалар мінген алтын тақ.
Ала қапты төрт бүктеп,

- Жүкті қатын секілді,
Ішіне тықты Құртқажан—
Қобыландыны сынамақ.
Қыл кобызға жаққаным
Қарағайдан шайырды.
- 2860 Үлкен-кіші жамағат
Тіріде қайыр бермеген,
Ғибадат жүзін көрмеген.
Бұл дүниеден өткенде,
Ақыретке жеткенде,
Білесіз бе байырды?
Мынау шарбақ осы деп,
Иә болмаса тұсы деп,
Бұл шарбаққа байлаған,
Терек басын шайнаған,
- 2870 Шығыршық атып ойнаған,
Бурылды Құртқа көріпті.
Құртқажанды көрген соң,
Тұлпардан туған Тайбурыл
Теректегі шылбырды
Жұлып ала жөнелді.
Бурылды Құртқа көрген соң,
Омырауда он түйме
Құртқа ағытып жіберді.
Есіктің алды ағынды,
- 2880 Бола жазды шығынды.
Шығынды болмай не қылсын,
Сағынып келген Бурыл ат
Қолтығына Құртқаның
Тұмсығын тығып жығылды.
Ат қашқан соң «тәк-тәк» деп,
Артынан Қобылан жүгірді.
Ат тоқтаған мезгілде
Құртқажанды көреді.
Ғашық жарын көрген соң,
- 2890 Артық туған Қобыланды
Құртқаны көріп күледі.
Қобыландыны көрген соң,
Бұлаңдаған Құртқажан

- Тұра келіп иілді,
 Қол кусырып жиылды.
 —Дүниеде іңкәрім,
 Бұрын жетті өзіңнен
 Астыңда мінген тұлпарың.
 Тұлпар мініп, ту алған,
 2900 Туын қанға суарған,
 Кеткен жері қуарған,
 Келген жері қуанған.
 Аман-есен келдің бе,
 Жұрт иесі сұңқарым.
 Сақтадың жаудың қаласын,
 Дұшпанның мініп аласын,
 Қалмақтың жегіп шанасын.
 Қасіретті қылған данышпан
 Әлдеқандай боласың?
 2910 Үкімменен жина-дүр
 Кәуірдің дұшпан баласын.

Онда Қобылан сөйлейді:

- Күлме, Құртқа, қой,—дейді,
 Кетті заман баяғым.
 Кім ұстамас жылқының
 Қырға қашқан саяғын.
 Бірді таппа, мыңды тап,
 2920 Көріп келдім бұл жолда
 Жалғыздықтың азабын.
 Омса болмас баяғым
 Адам болып ер жетсе,
 Өзімнің соғар таяғым.
 Қобылекең кеңдік бастайды,
 Кетігін Құртқа қостайды.
 Тұл болсын деп ақ қапты
 Көзінше алып тастайды.
 Қап екенін біледі,
 2930 Езу тартып күледі.
 Аузы айтса да Қобылекең,
 Іші қимай тұр еді.

Құртқаны қолдан жетелеп,
Қасындағы тоғайға
Қобыланды алып жөнелді.

Құртқа сонда сөйлейді:

—Көптен дамыл көрмеген,
Көнбісті болған ер едің,
Аз-кем күнге шыдаңыз.
Тайбурылды ойнаттың,
2940 Дұшпаның көп, достың аз,
Сұлтаным, бұзба қайратың.
Айдын көлдің бетіне,
Ойынға балық шығады,
Жазғы судың шетіне.
Ертеңгі күн, сұлтаным,
Жұрт қолыңа тигенде,
Біреуменен ұрыссаң,
Біреуменен керіссең,
Өзілдесіп, күлісіп,
2950 Жамандардың тілі ащы—
Қадір білмес кей жаман
Ата-анасын танымай,
Қатынын көрген Қобылан деп,
Кінә қылар бетіңе.

Сонда Қобылан сөйлейді:

—Асып туған, қыз Құртқа,
Әйел болдың амал жоқ.
Әгар еркек болғанда
Болар ең тұтқа бір жұртқа.
Төрткүлдеп соққан төбедей,
2960 Алтыннан соққан жебедей,
Сағындырған жарым сен едің.
Соншама күн жол шегіп,
Абырой-ажат көп көріп,
Сағынған жұфұтым сен едің.
Құдай қосса, шырағым,

- Ертең Бурыл мінейін,
Беліме семсер ілейін.
Қазам жеткен күн болса,
Ата менен анадай
- 2970 Құрбандық болып өлейін.
Иә болмаса, Тәңірге
Жүгініс етіп көрейін.
Байқамас па екен деуші едім,
Әсіре қыпшақ баласын,
Өткен ерлер шамасын.
Құртқа кейін кеткенде,
Шаһарға барып жеткенде,
Күңі мен құлға жүр дейді,
Тұрайын десе күң мен құл
Ойындарын қимайды.
Еркіне Құртқа қоймайды,
Күңі мен құлын жинайды.
- 2980 Ертіп алып қыз Құртқа
Құлдарыменен келген соң,
Қалаға Құртқа енген соң,
Шұбалаңдап шаң шықты,
Қаңғыр-күңгір даң шықты.
«Немене шаң?» деп қараса,
Саулы іңгендей аңқылдап,
Күшігендей саңқылдап,
Алтын күмбез дулыға
Шекесінде жылтылдап,
- 2990 Ақмоншақ аты астында
Қарлыға келді сылқылдап.
Қарлығаның соңынан
Сайымұғлы Қараман
О да келді былқылдап.
Бұл Қараман соңынан
Есіктің алды балдырған,
Нан пісірдім тандырдан,
Қызылбастың көңілін қалдырған.
Қызылбастың жұртынан
- 3000 Мұштай деген шаһарды
Тағыболат, Тасболат

- Бұрынғы үш ағасын
Бірдей қырып салдырған.
Шонжар қатар заты бар,
Жіңішке жирен аты бар,
Аллаға жеткен даты бар,
Балалы тауда бар-ды Орақ,
Қосын салған мырзалық.
Айдынды Орақ, айлы Орақ,
3010 Айбалтасы қанды Орақ.
Қобыландының елдерін
Қалмақ алды деген соң,
Келген екен бұл Орақ.
Торғай емес, Тосынды,
Ақбөкендей жосылды.
Қараман менен Қарлыға,
Аты шыққан Орақжан
Қобыландыдай батырға
Үшеуі келіп қосылды.

3020

Бұлар тұра тұрсын. Алшағыр ханның шешесі бар еді, денелі зор кісі еді. Маясоқ домбырақок, аузы үңгірдей, мұрны пештей, көзі көрдей, сиқы адам құсарлық жаман қатын еді. Құрма тастап, бал ашып, Қобыланды әм Орақтардың келгенін біліп, баласы Алшағырға сөйлейді:

- Мінгенде атым құлаша,
Бидай өңді құбаша,
Қобаған мұрын, қой көзді,
Ұзын бойлы, нұр жүзді,
3030 Сымбат бойлы дембелше,
Алтын камзол жеңдіше,
Бейне Қобылан секілді,
Келді, балам, тұр-сәна.
Қобыландының артынан
Сүйек біздікі, ет бөтен,
Көбіктінің қызы Қарлыға
О да келгенге ұқсайды,
Жалғыз балам, тұр-сәна.
—Әуелі тартқан иегі,
3040 Ұстаған садақ білегі,

Үш ай тоқсан болғанда
Шешілер қошқар күйегі.
Он жыл болды Қобыланның
Қайдан келсін сүйегі.

- Тағы кемпір сөйлейді:
—Май жүзінде тортамын,
Қобыланды деп қорқамын.
Атаң мінген алтын тақ
Сол мінер деп қорқамын.
Ойран болар жұртыңыз,
Басыңнан ұшып әруақ,
Атаңыз жиған байтақ ел
Бүлінер деп қорқамын.
Тура атқанда оқ өтпес,
Сол киер деп қорқамын.
- 3050 Емпең-емпең жүгірген,
Еңкейе басып бүгілген.
Ертеден салса, түске озған,
Ертеден шапса, кешке озған.
Томаға көзді, қасқа азбан
Сол мінер деп қорқамын.
Менің өзім нашармын,
Кілттің аузын ашармын.
Күнікейдей кекті қыз,
Тінікейдей текті қыз,
- 3060 Екі қызымды алармын.
Тіл алмасаң қайтейін,
Бас сауға қылып қашармын.
Екі қызды алады,
Күймесіне салады,
Кемпір қашып барады.
Көбіктінің қызы Қарлыға
Қиядан көзі шалады,
Қасына жақын барады,
Екі қызды ұрлап алады.
Арбада қызым аман деп,
Кемпір кетіп барады.

- 3070 Сол уақытта Қараман
Мұны көзі көреді,
Қасына жақын келеді,
Келіп те сөйлей береді.
—Екі қызды бер,—дейді,
Қарлыға сонда сөйлейді:
—Апырым-ау, енді не дейін,
Байытқалы келіп пе едім,
Қияттың жаман кедейін.
Өзімнің басым сауғадан
3080 Құтыла алмай тұрғанда,
Мен кімге сауға берейін?

Қараман сонда сөйлейді:

—Мұсылманға ғазат-дүр,
Қызылбасқа оқ аттыр.
Екі қызды бер маған,
Тіпті сені алмаймын,
Өз басыңа азат-дүр.

3090

Енді Қарлыға екі қызды Қараманға беріп, өз басын босатып алды. Бұл қосынның ең кішісі Орақ екен. Қараман Ораққа айтты:—Мына екі қызды Қаракөзайым жеңгеңе апарып бер, ешкімге көрсетпесін. Әгар көрсетсе, мен ол жеңгенді талақ қылармын деп айтты дегейсің,—дейді. Орақ батыр екі қызды алып барып қатынға тапсырып, Қараманның сөзін айтып, қайтадан бұларға келіп шықты.

- Орақ батыр келген соң,
Бірін-бірі көрген соң,
3100 Бұлар ат қойды.
Жылқыда құмай аланы-ай,
Ер жігітке мал бітпес,
Шыбын жанын қинамай.
Ата менен анаға
Әсіре қыпшақ балаға,
Жатқаннан соң байлауда,
Қобылекең жалғыз ат қойды,
Күн шығуға қарамай.

- Қалаға еніп ақырды,
Нар түйедей бақырды,
Сыйынып пірін шақырды.
—Атың шыққан, Алшағыр,
3110 Сөзіме құлақ сал, Шағыр.
Менім атым Қобыланды,
Әбден ұғып ал, Шағыр.
Оқ өтпес тонды киген соң,
Қарға сүңгі ілген соң,
Қара қасқа ат мінген,
Ат құйрығын шарт түйген,
Алшағыр шықты қаладан.
Түлкідей көзін жайнатып,
Астына мінген тұлпары
Ауыздығын шайнаған.
Қолындағы найзасы
Қара тасқа тигенде
Қарыс сүйем бойлаған—
Қобылекең шықты бұл жақтан,
Тайбурыл атын ойнатып.
Жайықтың бойы қамыс-ты,
Қараспан тау алыс-ты.
Бермейміз деп намысты,
3120 Алшағыр менен Қобыланды
Қарсыласып қағысты.
Емен найза салысты,
Найза қанға майысты.
Ат тізесін бүгісті,
Бүгісе-бүгісе тұрысты,
Қобыланды сынды батырдың
От шығады ұртынан.
Сәске мезгіл болғанда
Жұлмаланып жоқ болды
3130 Қара қасқа аттың сыртынан.
Алшағырды құлатты,
Жерге мықтап сұлатты.
Бедеу аттың тағасы,
Қамысты көлдің қоғасы,
Құртқаны алған сапарда

- Өлтіріп еді Қобыланды
Қырық кез Қызыл ердің баласы—
Ағанас пенен Тоғанас
Жаңа шықты қаладан.
- 3140 Келісіменен Ағанас
Қобыландыға салды найзаны.
Қызылбасқа тигізіп,
Осы жерде пайданы.
Ағанас сынды-ай жас бала
Қайратың мол масқара,
Көңілге кінә болмаса,
Қобылекеңнің бөксесін
Қисайтып кетіп барады.
Сол уақытта Қарлыға
- 3150 Қиядан көзі көреді.
Қарлыға да ер еді,
Шауып жетіп келеді.
Ағанастай баланы
Алып тастап жөнелді.
Атқа түзеліп мінген соң,
Тоғанастай баланы
Қобылекең алып тастады.
Қазан басты қара дәу
Шығып еді қаладан,
- 3160 Орақ алып тастады.
Жүзден Тайлақ батыр
Шығып еді қаладан,
Қараман алып тастады.
Берен тонның жағасы,
Көбікті ханның баласы,
Көк ала атты Біршымбай
Қарлығаны бір шанышты,
Қараманды бір шанышты.
Үміт қылды тағы да
- 3170 Орақ сынды-ай батырдан,
Болар емес Біршымбай.
Сауыты мықты болған соң,
Шығарып алып Қарлыға
Қараман менен Орақты:

«Асқар-асқар бел дейді,
Белден асқан ел дейді.
Бола қалмас сіздерге
Қобыланды батыр болмаса
Сіздер кейін тұр,—дейді.
3180 Есебін тауып амалдап
Өлтірейін мен»,—дейді.

Қарлыға айтты:—Әкем Көбіктінің күші менен мың батпан артық. Әм менен Біршымбайдың күші батпан артық. Үстіндегі ақ сауытты өзім қолдан соғып жасап едім. Атсаң мылтық, шапсаң қылыш, соқсаң найзаң өтпейді. Оған жалғыз інім болған соң Құдайдан болмаса, пендеден қаза болмасын деп соғып едім. Өзім амалдап ебін тауып өлтірейін. Әйтпесе сендерге болмас,—дейді. Біршымбайға шауып жөнелді.

Қасына жақын келіп жылай берді:—Ойбай, менің жалғыз інім, қайда жүр едің? ~~Әкем~~ Көбіктіні өлтіріп, мені ұстап әкелді. Құдай жалғызға кез келтір деп едім, Құдай тілегімді берді,—дейді, бетіне шашын жайып жылай берді.

Онда Біршымбай:—Ойбай, апа, сен бе едің? Мен танымадым,—дейді,—өзіме жақын кел,—дейді.

Қасқа жақын келген соң апасы жылайды:—Ойбай, қарағым, менім ауыр науқас әлім бар. Мені бір көз көрмес жерге алып бар,—дейді.

—Пәлен жерде бір таудың үңгірін көріп едім соған жүр,—дейді.

Онда апасы айтты:—Шырағым, сен алға жүр,—дейді.

3200 Назары әрман ауғанда,
Түстей мақпал көрпеден.
Қарлығасы құрысын,
Біршымбайдың артынан
Найзасын салды желкеден.
«Жан апа» деп жылапты,
Біршымбайды аттан құлатты.
Жан апасы құрысын,
Өтірік емес рас-ты.
Бұл Біршымбай өлген соң,
Баспақты сарлы танадан,
Қалмады қатын-баладан.
Пенде болған көп қыпшақ
Қобыланды қамал бұзған соң,

- Шулап шықты далаға.
Ақбөкен аңдай жосылды,
Тоқсандағы Тоқтарбай
Қобыландыға қосылды.
Алпыстағы Аналық,
Қарындасы Қарлыға,
Алған жары қыз Құртқа
Пенде болған көп қыпшақ
Балаға есен қосылды.
Алшағырдың шаһарын
Жалғыз жүріп шабады,
Адаспай Қобылан табады.
Байлар мінер дөненді,
Жарлы мінер көбенді.
Байдың қызы жамылар
Масатыдай беренді.
Пенде болған көп қыпшақ
- 3210 Олжа малға кенелді.
Қарақыпшақ елдері
Қараспан тауға бет алып,
Ырғытып аттап жөнелді.
Белгілі болды еліне,
Семсер буды беліне.
Нан пісірді деміне,
Келмеді дұшпан шебіне.
Үш ай тоқсан болғанда,
Келді қыпшақ жиылып,
- 3220 Бөлініп көшкен жеріне.
Пенде болған елдердің
Сірә, қыпшақ баласы.
Олжа малға толады
Қараспан таудың арасы.
Қобылекең сынды батырың
Тайбурыл атпенен желеді,
Ел қонаға келеді.
Жағалай елі қоныпты,
Ел жағалай қонған соң,
- 3230 Салаға малы толған соң,
«Басым екеу болсын» деп,

- Қарындасын Қобыланды
Орақ ерге беріпті.
Қонған жері жыңғыл-ды,
Құмырсқа бел, талма бой
Қарлығаны ұзатып,
Батыр Қобылан той қылды.
Бір-біріне қосылды,
Жібек болып есілді,
3240 Екі аяғын көсілді.
Мұратына жетіпті,
Сөйтіп, дәурен өтіпті.
Иманды құл көреді
Пайғамбар жатқан Меккесін,
Жарлы тігер кепесін.
Отыз күндей ойын қып,
Қырық күндей тойын қып,
Токсан қатын жеңге боп,
Бұлаңдаған Құртқаны
3250 Қасына алып келеді,
Бірін-бірі көреді.
Тойына сойған секілді
Ешкі малдың текесін.
Қыз Құртқаның бұл жерде
Батырға қиды некесін.
Құртқа жатты қасында,
Қосылған деген осы ма?
Бұйырғанын көрсетті
Сүйіп алған досына.
3260 Енді үстіне мінеді,
Сағынысып жүрген ер еді.
Бірін-бірі қинады,
Тұрайын десе қимады.
Қобылекең асылы
Қыз Құртқаға сыймады.
Бұйырғанын береді,
Токсан екі қатын жеңгесі
Ертең түсте келеді.
Жарқырап жатқан асылын
3270 Қатындар келіп көріпті.

- Көрген қатын қызықты,
Қызыққанның себебі—
Алтыннан түсі бұзық-ты.
Көрген қатын қызығып,
Қасықпенен алады,
Денесіне салады,
Перзент болып қалады.
Тоқсан екі қатын алған соң,
Денесіне салған соң,
3280 Перзент болып қалған соң,
Тоқсан екі қатыннан
Тоқсан екі бала туған соң,
«Тоқсан екі баулы қыпшақ» деген сөз
Мирас болып қалыпты.
Айлардан ай өткенде,
Тоғыз ай, он күн жеткенде,
Сұлу Құртқа толғатты,
Толғағы болды тым қатты.
Дүниеге жар қылып,
3290 Бала келді сымбатты.
Құндақтап алды баланы,
Тойына сойды аланы.
Үлкендігін сонан біл,
Екі қарыс болыпты
Жас баланың табаны.
Тілекті берді бір Құдай,
Жақсылығы тым оңай.
Жиылып елдің молдасы
Атын қойды Бөкенбай.
3300
Бөкенбай келді бір жасқа,
Жүгіріп бала шығады
Үйде енді тұрмасқа.
Бөкен келді екіге,
Жан шыдамас лебіне.
Атадан бала сұрайды
Малды бағып кетуге.
Бөкен келді үш жасқа,
Артықша бала іс басқа.

3310 Мықтылығын сонан біл,
 Найзасы кірді тау-тасқа.
 Төртке келді Бөкенбай,
 Қобылекеңнің көңілі жай.
 Бес жасына келгенде,
 Қобыландыменен болды сайма-сай.
 Бөкенбай келді алтыға,
 Таулар жанды зарпына.
 Дұшпандарын мұқатып,
 Пайдасы тиді халқына.

3320

Бөкенбай алты жасқа келген соң, тобылғы торы атын мініп, Естем-шемен қосылып, мал бағып жүре берді. Ит жүгіртті, құс салды.

Қарындасын Қараман алды. Қобыландының қарындасы Қарлығаны Орақ ерге берді. Көбіктінің қызы Қарлығаны ешкім алмады, жаманға ол бармады. Он екі құлақты алтын шатырын тігіп, Қараспан таудың етегінде жата берді. Ешкім оған келмеді. Қобыланды мұны көрмеді. Бұл мұныменен жата берсін.

Хан Шошай деген бар екен. «Қобыланды Көбіктіні әм Біршымбайды, Алшағырды және Қазанның қырық кез Қызыл ерін өлтіріп алды» деген соң, он екі мың кісі алып, ақ қарабас ту алып аттаныпты. «Қобыландыны өлтіріп, не³³³⁰м өліп келейін» деп.

Қобыланды енді дұшпанды жеңіп, хабарсыз жатқанда, ұйқыда келіп тиіпті. Қобыланды шошып оянып, арқанда тұрған Тайбурылға бара алмай, сасқалақтап дамбалын көйлегім деп киіпті. Бөрігін етігім деп киіпті, сасқанның белгісі білте мылтыққа от бермей құр ата берді. Сол уақытта қыз Құртқа келіп мылтыққа от беріп, гүрс етіп даусы шықты. Онда қарындасы Қарлыға «көкем мылтығының даусы мезгілсіз шықты» деп оянып, қасында Ораққа «бар» дейді.

Сол уақытта Қобыланды,
 3340 Тайбурыл атқа мінеді,
 Қарына сүңгі іледі,
 Жау екенін біледі.
 —Айт, жануар, шу,—дейді,
 «Шу» дегенде гуледі.
 Ұшқан құспен жарысып,
 Үстіне мінген Қобылекең

- Басыменен алысып,
Салып жетіп келеді.
Бірін-бірі көреді,
Бұ да айтулы ер еді.
Екі батыр қосылып,
Соғысуға келеді.
Итерісіп тұрысты,
Тебінгіден тер шықты,
Семсер қалды майысып,
Ерлер жаннан түңілді.
Екеуінің ақ сауыт
Шығыршықтан сөгілді.
Әл-дәрмені құрыды,
Қайрат қылып Қобылекен
Шошайды жерге бір ұрды.
Сол уақытта, мінеки,
Көбіктінің қызы Қарлыға
Қобылекендей батырға
Өкпе қылып жүр еді,
Бірін-бірі көреді.
Өш алғанда өш жоқ деп,
Кек алғанда кек жоқ деп,
Хан Шошайдың алдында
Ескі кекті енді алдым,
Етбетінен бір салдым.
Маған енді қылды деп,
3350 Ашу қылсаң өзің біл деп,
Маған енді қылды деп,
Қоңынан найза салады,
Сүйтіп кегін алады.
Қобылан сынды-ай еріңіз
Шоңқайып аттан құлады.
Сол қалпыменен Қарлыға
Шаһарға қашып барады.
Орақ менен Қараман
Бұлар да келіп қалады.
3360 Міне, тұрған хан Шошай
Хан Шошай батыр ақырды,
Әруағын судай сапырды.

- Жекпе-жекке келші деп,
Батырларын шақырды.
Сол уақытта Бөкенбей
Жылқыдан салып келеді.
Хан Шошайды көреді,
Бөкенбай да ер еді.
Хан Шошайменен екеуі
- 3370 Жеке-жеке десісті,
Жекелесе қалысты.
Келе найза салысты,
Найза қармақ майысты.
Итерісіп тұрысты,
Ат тізесін бүгісті,
Бүгісе-бүгісе тұрысты,
Тebінгiден тер қатты,
Қақырғанда қан татты.
Қанжар қалды майысып,
- 3380 Семсер қалды майысып,
Сол уақытта Бөкенбай
Омыртқасы өспеген,
Қабырғасы қатпаған,
Хан Шошайдың қайраты
Өте айрықша маскара.
Еңкейіп кетіп барады
Бөкенбай сынды жас бала.
Сол уақытта бабасы:
«Жок, жоқ, балам, жоқ,—деп,
- 3390 Болмас, балам, болмас,»—деп,
Көк есегі астында,
Шар кітабы қойнында,
Өзі Хақтың жолында,
Қасына жетіп барады,
Аяғынан алады.
Хан Шошайдай батырды
Өлдім, талдым дегенде
Бабасы менен Бөкенбай
Әрең деп жерге салады,
- 3400 Басын кесіп алады.
Сонда бабасы сөйлейді,

- Сөйлегенде не дейді:
—Айналайын Бөкенжан,
Құлағың сал сөзіме,
Мен айтайын өзіңе.
Бұл не деген мықты-ай,
Сыйынған пірің мен болсам,
Екеулеп әрең жықтық-ай.
Бөкен сынды-ай жас бала
- 3410 Әруағы асады,
Ағыны судай тасады.
Хан Шошайды өлтіріп,
Сағатына келтіріп,
Талай енді дұшпанды
Табанына басады.
Қобылекеңдей батырдың
Құртқа келді қасына.
Көбіктінің қызы Қарлыға
Дұшпандық етті басына.
- 3420 Сүйіп алған қыз Құртқа
Ақ дәріні алады,
Жараға үгіп салады.
Саламаттанып Қобылекең
Жазылып енді қалады.
Жан-жағына көз салады
Шақырады баланы.
Бала келді қасына:
—Ау, шырағым, Бөкенжан,
Қайғы түсті басыма.
- 3430 Сөзіме құлақ сал,—дейді,
Айтқан тілім ал,—дейді.
Көбіктінің қызы Қарлыға
Соған шапшаң бар,—дейді,
Алып мұнда кел,—дейді.
Бөкенбай сынды жас бала
Тайбурыл атқа мінеді,
—Айт, жануар, шу,—дейді,
«Шу» дегенде гуледі.
Әне-міне дегенше,
- 3440 Салып жетіп келеді.

- Көбіктің қызы Қарлыға,
Қарлыға келіп Бөкенге
Найзаны келіп салады.
Сол уақытта Бөкенбай
Ашуы келіп қалады.
Найзаның тоқал жағыменен
Бөкенбай салып қалады.
Сол уақытта Қарлыға
Ат көтіне мініп қалады.
3450 Қарлыға сонда сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
—Айналайын, Бөкенжан,
Құлдығым бар өзіңе,
Құлағың сал сөзіме.
Кәрі қакбас әкенді
Көрсетіп өлтір көзіме.
Бөкен сынды-ай жас бала—
Қайраты болды масқара.
Қарлығаны жетелеп,
3460 Қия жерде төтелеп,
Қарлығаны алып келеді.
Қарлыға енді келген соң,
Қобыланды батыр көрген соң,
Некахын енді қимаққа
Молдаларды шақыртты.

Сол уақытта Қараман жүз сексен бас ордасын тігіп, Қобыланды менен Қарлыға екеуін алдырып, бір-бірімен келістіріп, сөйлестірді.

- 3470 Сонда Қарлыға сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
—Өзімнің әкем Көбікті
Сенің үшін өлтірттім.
Әкемнен шықпай жатқанда
Басымды сауғаға Қараманға бердің.
Оны не қылайын, еліңді жау алғанда,
Қараспан құрып қалғанда,
Жұртың болды арманда.
Төртеуіміз барғанда,

- 3480 Өзім інім Біршымбай
Төрт-төрттен найза салғанда,
Төртеуіміз меңдеп қалғанда,
Жалғыз інім Біршымбай
«Жан апа» деп жылаттым,
Біршымбайды аттан құлаттым.
Сенің үшін Қобыланды—
Сонда да қадірім білмедің.
Шақырып едім шатырға,
Сөзімді сыйлап келмедің,
3490 Халі-жайым білмедің,
Бір қайырылып көрмедің.
Сонан саған өкпелеп,
Хан Шошайдың алдында
Ескі кекті мен алдым.
Етбетінен бір салдым,
Қазір өлтір, міне, бас,
Көзімнен аққан, міне, жас,—дейді.

- Анда Қобыланды сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
—Өлгенше ғұмырың тілеген,
Ақ торғынға бөлеген
Өзің әкең Көбіктіні өлтірдің,
Әкеңнен жақын кім еді?
3500 Қарақыпшақ Қобыланды
Танымайсың, нең еді?
Осы отырған Қобыланды
Не қылғанда саған сенеді?
Жалғыз інің Біршымбай
«Жан апа» деп жылаттың,
Біршымбайды аттан құлаттың,
Ініңнен жақын кім еді?
Осы отырған Қобыланды
Не қылғанда саған сенеді?

3510

Сонда кінә Қарлығаның мойнына ауып, өкіріп жылап қоя берді. Сол уақытта жұрт бәрі Құдайдың бұйрығы деп Қарлығаны Қобыландыға неках оқып қосты. Сонан соң Қарлығадан бір ұл туды. Ұлдың атын

Киікбай қойды. Киікбай әм мықты болды. Мықтылығы Бөкенбайдан он есе артық болды. Киікбайдың жағын Бөкенбай алып келуге жарамады.

Сөйтіп, бұрынғы қазақтың батырлары мұратына жетіпті.

3520

3530

3542

Ұобыланды батыр

(Н. Байұанин нұсқасы)

Қарақыпшақ деген елде Тоқтарбай деген бай болған, оның Аналық деген бәйбішесі болған. Аналық 49 жасқа келгенше бала таппаған. Содан кейін Тоқтарбай: «Жасым болса жетіп келеді, жас әйел алып көрейін, бала таппас па екен,»—деп жас әйел алады. Одан да бала болмайды. Содан кейін тағы екі әйел алады, олардан да бала болмайды. Перзенттерінің жоқтығынан Тоқтарбай талай жиында ханнан, ханның уәзірлерінен «кубас» деген сөздерді естиді. Оған ол мықтап налиды.

Күндердің бір күнінде дәулетіне мас болған бір бай он екі ханның қол астына асқа сауын айтады. Тоқтарбай өзі бай болғанмен кішіпейілді, жарлыларға етер жақсылығы көп, ізгі адам болған. Өзін ханнан кем санамаған, ханға қарсы болған. Сондықтан хан Тоқтарбаймен өш болған. Сөйткен Тоқтарбай осы асқа барайын, салтанатымды өзім қатарлылардан арттырайын деп сексен нарға саба артады, сексен нарға алтын мен күміспен аптап тігілген асыл киімдер, жиһаздар артады. Тоқтарбайдың осындай сән-салтанатпен келе жатқанын хан естіп, өзінің бір уәзірін Тоқтарбайдың алдынан шығарады, уәзіріне айтқан сөзі мынау болады:—Сен Тоқтарбайды өткір сөздермен, өлеңмен келемеж қыл, баласының жоқтығын айтып бетіне соқ,—дейді,—сонда Тоқтарбай осы асқа келмей кейін қайтар.

Тоқтарбайдың алдынан шыққан уәзірдің айтқан сөздері мынау екен:

—Бұл жиынға хан келді,
Бай мен бектер паң келді.
Кілең байлар саба артып,
Бәйбішеменен сән келді.
Байтақ ұлан ел келді,
Бай сабасы келді енді.
Салтанатты байларым,
Киім киіп сәнденіп,

- Ажары топтың өңделді.
Байларға мақтау жарасар,
Байдың сәнін көргенде
Жоқ, жұқа естен адасар.
- 10 Байға паңдық миясар,
Байым сәнді, сайманды,
Асым асқа ұласар.
Патшаның нағыз ұлындай,
Өсірген сипап тұлымдай.
Бай баласы мырзалар,
Бәрі сәнді, білімді-ай,
Тәрбие, сәні сайма-сай.
- 20 Ағып жатқан аппақ май,
Хан мен билер қонақжай.
Бай ішінде байлар бар,
Ақылға кем, санасыз,
Сүйеуі жоқ панасыз.
Көп дәулетке мас болып,
Хандарменен қас болып,
Тоқтарбай, қайда барасың?
Ақылың жоқ, миың жоқ,
Көңілінде білім жоқ.
Көтересің кеуденді,
Тоқтарбай, саған сыйлық жоқ.
- 30 Ұлсыздарға орын жоқ,
Қызсыздарға қызық жоқ.
Сен кірмейсің, Тоқтарбай,
Бай есепке санауға.
Сексен нарға саба артып,
Тоқтарбай байсың қарауға.
Бір күні көзің жұмылса,
Мал мен дүниенің кімдікі,
Бір күні кетеді талауға.
Осыны естіп Тоқтарбай,
- 40 Іші оттай күйеді,
Күйеді де жанады.
Сексен нардың сабасын
Қанжарменен жарады.

- Төгілген қымыз сабадан
Көл суындай ағады.
Тоқтарбай қылық бастады,
Әсем киім, әсем ат,
Түсе қалып тастады,
Ашу ерді қаптады.
- 50 Неге де болса батырды
Бір қылыққа бастады.
Тоқтарбай сонда сөйледі,
Сөйлегенде бүй деді:
—Уа, Аналық, Аналық,
Көп мал менен дүниені
Енді талақ салалық.
Сәуе болса пірлерден,
Жоқты іздеп қаралық.
Енді еліме бармаймын,
- 60 Айтқан серттен танбаймын,
Сапарымнан қалмаймын.
Жердің жүзін қыдырып,
Көзімнің жасы шұбырып,
Жоғымды іздеп зарлаймын.
Басыма жауды қара түн,
Қараңғылық басып мұң,
Аналық, айтқан мұңым шын.
Малым бар деп нетемін,
Мүлік, дәулет, көп малды
- 70 Бүгін талақ етемін.
Бір перзенттің зарпынан
Қаңғырумен өтемін.
Ей, Аналық, Аналық,
Қу таяқ қолға алалық.
Иесіз малдан пайда жоқ,
Иесін іздеп қаралық.
Жәрдем болса Алладан,
Бір перзентті табалық.
Аналық сонда сөйледі:
- 80 —Уа, Тоқтарбай, алғаным,
Бір баланың зарпынан

Қайғы отына жанғаның.
Төрт қатын еді алғаның,
Одан перзент болмады,
Білмеймісің, бейшара,
Жасыңның жетіп қалғанын.
Алпыстан асып мінекей,
Жетпіске келдің таянып.
Мен қырық тоғыз жасымда,

90 Қалай бала табамын?
Үлкейе келді Аналық,
Сабырлық ет, уа, қартым,
Қайтып елге баралық!
—Аналық, тіліңді алмаймын,
Ант еткен менің сертім бар,
Сол сертімнен танбаймын.
Талақ еттім мал-мүлкім,
Қанша айтсаң да бармаймын.
Аналық сонда сөйледі:

100 —Олай болса, батырым,
Мақсатың болсын іздеген,

Оңға пірлер бастасын.
Елуге келді жақындап,
Батыр, менің қарт жасым.
Жәрдем болса пірлерден,
Табар перзент жас қатын.
Батыр, менің тілімді ал,
Осы сапар үйге бар.

Ақзарбапты қасыңа ал,
110 Қаразымның шәрінде
Әулие, пірлер көп дейді,
Ақзарбаппен бірге бар,
Пірлерге бар да, тілек сал.
Тоқтарбай сонда сөйледі:

—Уа, Аналық, Аналық,
Әуелі ант еткен соң,
120 Қайтып елге бара алман,
Ақзарбапты қасыма
Жолдас етіп ала алман.

- Осы жолы жолымнан
Қанша айтсаң да қала алман.
Жолдас бол да өзің жүр,
Жақсылық пен жамандық
Жаратқан Жаппар панамнан.
—Уа, алғаным, алғаным,
Тіліңді айтқан алмасам,
Қиындық екен маған да,
Ақыр түбі аңдасам.
Амалым бар ма ерейін,
130 Мұңыңды айтып зарласаң.
Мүсәпір болған Тоқтарбай,
Кедейге көңілі кеңейді.
Әуелден ақ қалыбы
Жарлыны жарлы демейді.
Қайырымды қарт еді,
Жарлыға да мерейлі.
Кедейді жиып алады,
Үстінде асыл киімді,
Шын кедейге жабады.
140 Асыл киімдерді де,
Қақпа шекпен, жаман тон,
Тоқтарбай содан алады.
Тимеген кіршік бетіне,

Жібектен бөтен кимеген
Аппақ қардай етіне.
Аналық беріп киімді,
Күң үстіне жабады.
Шекпен киген күң байғұс,
Жібекті киді етіне.
150 Еңіреп, жылап, езіле,
Қақпа шекпен жамылып,
Аналық жылап, тарығып,
Тоқтарбай мен екеуі
Еңіреп, өксіп, зарығып,
Екеуі де қамығып.
Енді тұрсын неғылып,
Көзінің жасы төгіліп.

- Қатты қайғы зарпынан,
Көйлектің бауы сөгіліп.
160 Көп қайғыға шаталып,
Қасіретке маталып.
Елуге келген Аналық
Ықылас күннен бата алып,
Кетуге шықты сыбанып.
Бел байлады жүруге
Жылағаннан жұбанып.
—Мүсәпір, пақыр, нашар,—деп,
Тоқтарбай айқай салады.
Айқайлаған дауыспен
170 Алба-жұлба киімді
Кілең сорлы барады.
Үстінде қымбат көп киім,
Ортасына жаяды.
Киімге жарлы таласып,
Төбелесіп жөніне
Пақырлар кетіп барады.
—Ей, кедейлер, болсын мерейің,
Бәріңді бірдей көрейін.
Үстімде асыл киімді
180 Ең сорлы пақыр, жарлына
Қолымнан бөліп берейін.
Жалаң аяқ, жалаңаш,
Бас киімсіз жалаң бас,
Үстіне киген құрымды,
Көрген күні байғұстың
- Әуелден-ақ бұрынғы
Жасқаншақ болған бейшара
Алыста тұрып жылайды.
Тоқтарбайдан пақырлар
190 Көйлек, ыстан сұрайды.
Әуелден де мейірімді,
Кісі екен, сірә, райлы.
Киімі жоқ жалаңаш,
Жарымаған алаң, аш.
Тоқтарбай өз көзімен қарады,

- Пақырларын табады.
Жалаңаштың үстіне
Асыл киім жабады.
Талайлары кедейдің
200 Киімденіп қалады.
Батасын беріп шуласып,
Бәрі қолын жаяды,
Ақ батасын қағады.

Әлкисса, пақырлардан бата алып, Тоқтарбай мен Аналық жаяулап, жалпылап перзент іздеуге сапар шегіп жүріп кетеді. Кедейлер мейірімді қарттың балалы болуын тілеп қала береді.

- Қу таяғы қолында,
Көп дәулеттен не көрді.
Бір баланың зарпынан
Көкірек қайғы, шемеңді.
Тоқтарбайдың бай басы
Аналық пен екеуі
210 Құл мен күнге теңелді.
Ел, мүліктен безеді,
Дүние жүзін кезеді.
Көзінен аққан қара жас
Омырауына төгеді.
Күннің ыстық күнінде
Талай-талай шөл көрді.
Шөлдеуменен меңдеді,
Екеуі жылап еңіреді.
Маңғыстаудың бойында
220 Әулиелер көп екен,
Пірлерге пақыр келеді.
Шетінен түнеп пірлерді,
Қалта толы сары алтын
Шырақшыға береді.
Қанша пірге түнеді,
Еш болмады себебі.
Қолындағы таяқтың
Үш тұтамы қалады.
Аяққа киген етіктің

- 230 Тек тақасы қалады.
Тоқтарбай мен Аналық
Екі нашар, қос ғаріп,
Екеуі де арыпты,
Арып, жүдеп талыпты.
Тоғыз жүз тоқсан әулие,
Баршасына барыпты.
Бәрінен себеп болмады,
Қайғы отына жаныпты.
Жылауменен байғұстың
- 240 Көзінің нұры жойылды.
Етігінде ұлтан жоқ,
Табандары ойылды.
Маңғыстауда шаһарға,
Көрінуге де қорынды.
Қандай болған кісі еді,
Осындай халге түседі.
Табандары ойылып,
Аяқтары іседі.
Көрген жолы қиын-ды,
- 250 Көзден аққан қара жас
Қойынына құйылды,
Сонда да пірге сиынды.
Тоғыз ай күні өтеді,
Жылаумен өмір өшеді.
Қаразымнан кетеді,
Еш ишарат көрмеді,
Түсінде себеп бермеді.
Екі пақыр зарығып,
Арықтап әбден меңдеді.
- 260 Күн он бір ай болады,
Алба-жұлба болады,
Қайғы ішіне толады.
Қаран күні қаранғы,
Қызыл гүлдей ажары,
Қу томардай солады.
Он екі айдың жүзінде
Тап сол жылғы күзінде,
Бір жер мола кездесіп,

- Жер молаға келіпті,
270 Келе сөйлей беріпті.
Сол молаға келгеннен
Шаршаған көңлі сергіпті.
—Ей, жер мола, жер мола,
Мен де сенімен тең мола.
Мені өзіндей көр, мола,
Ықыласым құлады,
Мен де пақыр, сен пақыр,
Бір перзентті бер, мола.
Басына шырақ жағады,
280 Қос пақыр түней қалады.
Қатып келген қабағы—
Көз ұйқыға барады.
Қатты ұйықтап қалады,
Төбеден жұлдыз ағады,
Таң сімері жауады.
Таң мезгілі болғанда,
Таң шабыты толғанда,
Токтарбай байғұс арманда,
Арманда болған жазғанда,
290 Түсінде аян болады.
Көк есегі астында,
Ақ шалмасы басында,
Бір адам келіп сөйлейді:
—Уа, Токтарбай, Токтарбай,
Басыңды көтер сен,—дейді.
Келген пақыр сен бе едің,
Қайғылы болған шерлі едің.
Осы жасқа келгенше,
Бір перзентті көрмедің.
300 Бір баланың зарпынан
Жердің жүзін кезгенің.
Дүние мал, еліңнен,
Қоныс еткен жеріңнен,
Талақ етіп безгенің.
Қайырымсыз хандардан,
Токтарбай, тарлық көргенің.
Қаразымда әулие

Саған себеп бермеді.

- 310 Ықыласпенен түнедің,
Ықыласты пірің—мен,—деді.
Ей, мүсәпір, болсын мерейің,
Қолтығыңнан демейін.
Зарығып келген Тоқтарбай,
Екі бала берейін.
Енді еліңе барыңыз,
Зарығып келген Тоқтарбай,
Қонды қайта басыңа
Бақтан артық бағыңыз.
Сүйдеп қолын жаяды,
- 320 Бір батасын қағады.
Ұйқысынан оянып,
Бала іздеген Тоқтарбай
Төңірекке қарады.
Ешнәрсе жоқ қараса,
Аналықты тұр-тұрлап,
Оятып жылдам алады:
—Ей, Аналық, Аналық,
Ишарат түс мен көрдім,
Бақ-дәулетті кен көрдім.
- 330 Таң алдында түсімде
Екі перзент мен көрдім.
Осы көрген түсімде
Баланың бірін ер көрдім.
Ай менен күннен нұр көрдім,
Ер қолында ту көрдім.
Ақ бидайдың дәніндей
Алтын айдар тұлымды,
Нашар да болса білімді,
Қуаныш көрген күнімді,
- 340 Абырой, әжет, шын көрдім.
Тілектесі, сүйеуі—
Артынан науша қыз көрдім.
Аналық сонда сөйлейді:
—Мен де айтайын түсімді,
Түсімде көрген ісімді.

- Ақбоз орда ішінде
Келбеті келген пішінді,
Жауырыны қақпақтай,
Қос шекесі тоқпақтай,
350 Алғыр бүркіт қабақты,
- Арыстандай айбатты,
Қуанып көңлім жаратты—
Ұл перзентті мен көрдім.
Тар құрсағым кеңіпті,
Тас емшегім жібіпті.
Сәулетті, кеңдік заманды
Бұл бәйбішең көріп жүр.
Бір арыстан, ай нарша
Емшегімді еміп жүр.
360 Қуанышпен шаттанып,
Арықтаған екеуі
Елге қайтып жөнелді.
Ісігі қайтып аяқтың,
Көңілі өсіп шат болып,
Жас күніне теңелді.
Жасармай бұлар неғылсын,
Шын ишарат көріпті.
Көрген түске сеніпті,
Көңілі өсіп желікті.
370 Он екі айдың жүзінде
Қайтып елге келіпті.
Малын сойып, ел жиып,
Садақасын беріпті.
Қуаныш ойға толады,
Елуге келген жасында
Аналық жерік болады.
Енді бала көтеріп,
Баладан кеткен түңіліп,
Омыртқасы үзіліп,
380 Бес айдың жүзі болғанда,
Іші қалды білініп.
Жеті ай күні толғанда,
Салмағына шыдамай,

Еңкейіп жүрді бүгіліп.
Тоғыз ай, он күн толады,
Туар мезгіл болады.
Он алты күн толғатып,
Ұл перзентті табады.
Аңсап жүрген қос қарттың
390 Мерейін пірлер қандырды,
Қуаныш көңлін жандырды.
Кіндік кескен әйелдің
Осы туған жас бала
Ұйытып қолын талдырды.

Ат шаптырып, той етіп,
Халқына хабар салыпты.
Ретті тойы парықты,
Той қылғаны анық-ты.
Алтын қабақ аттырып,
400 Ат бәйгесін шаптырып,
Қуаныш көңілін шат қылып.
Сапырулы сары қымыз,
Келген жанды мас қылып.
Кілтін ақша ашады,
Алтын менен күмісті
Пақыр, міскін алсын деп,
Қуанышқа шашады.
Осындай жиын той қылды,
Келген халық баршасын
410 Аппақ майға тойдырды.
Алтыннан бесік соқтырып,
Күмістен шүмек құйдырды.
Мүсәпір, жарлы адамды,
Тоқтарбай жиып алыпты,
Есебі жоқ дәулетті
Тойға келген елдердің
Ортасына салыпты.
Аш, жалаңаш адамдар
Олжаға байып қалыпты.
420 Ат қоюға тағы арнап,
Ту бие мен қомды нар

Атаққа арнап сояды.
Құрметі үшін баланың
Көп дәулетті жояды.
Сағынып көрген баланың
Қобыланды атын қояды.

Бірге жасы жетеді,
Екіге жасы келеді,
Ата менен ананың
430 Сүйеніш бала тірегі.
Тағы буаз әйелі,
Пірлерден болған себебі,

Жаз ортасы болғанда,
Тамыздың күні толғанда,
Бір қыз бала тауыпты.
Тоқтарбай қарт жақсы адам,
Сабыры көп, білікті.
Ер тілегі қабылы—
Аналық пен Тоқтарбай
440 Жана бір қыз сүйіпті.
Ер мақсаты болған жер,
Мереке тағы той етіп,
Шашуына көп ақша,
Перзент үшін жойған жер.
Осы туған баланың
Хансұлу атын қойған жер.
Бірге жасы жетеді,
Ата менен ананың
Қуаныш көңлі өседі.
450 Екіге жасы келеді,
Сағынып көрген баласын
Ардақтап баға береді.
Үшке жасы келгенде,
Тілі шығып сайрады.
Қуаныш көңлі жайланып,
Төртке жасы келгенде,
Балалармен ойнады,
Ойынға Қобылан тоймады.

- Беске жасы келгенде,
460 Парасат ақыл ойлады.
Алтыға жасы барады,
Ақыл, сана табады.
Жеті-сегіз жасында
Ата менен ананы
Құрмет етіп бағады.
Тоғыз бенен он жаста
Көп қыпшаққа жағады.
Құрметті Қобылан балаға
Халық ақыл салады.
470 Қобыланды бала сөз айтса,
Халық қабыл алады.
Он бір жастан өтеді,
Келбеті келген сияқты
Жас теректей өседі.

- Он екіге келгенде,
Ала тұлпар мінеді,
Үстіне сауыт киеді.
Алмас пенен садақты
Беліне орай іледі.
480 Арыстандай айбатты
Алып-ұшып жүреді.
Үш қырлы жебе көк найза
Ордасына сүйеді.
Қобылан атты батырдың
Ел тілегін тіледі.
Жаугершілік заман деп,
Елді қорғап, бағам деп,
Он екіге жас толды.
Сүйенді халқым маған деп,
490 Өзіне қатар баллардан
Қасына жолдас алады,
Қарауыл Қобылан қарады.
Қарауыл қарап жүргенде,
Шаң-шұң еткен көп дауыс
Құлағын келіп жарады.

- Дауысты естіп қызады,
Астындағы ала аттың
Санына қамшы ұрады.
Сол дауысқа барам деп,
500 Ана тауға шығады,
Мына тауға шығады.
Сол дауысқа жете алмай,
Аң-таң болып тұрады,
Қайтып үйге барады.
—Токтарбай әкем сен едің,
Жалғыз балаң мен едім.
Алыстан естіп көп дауыс,
Сол дауысқа жете алмай,
Арманда болып келгенім.
- 510 Осы дауыс не дауыс,
Айтып бер, әке, себебін.
—Жақсы айтасың, шырағым,
Дауысты байқап сынадың.
Сені көрмей тұрғанда
Еңіреп, өксіп жыладым.
Сені көзім көрген соң,
Болып еді мұрадым.
Айтпасыма амал жоқ,
Қиылып, ұлым, сұрадың.
- 520 Осы дауыс себебі:
Руы қалмақ ел еді,
Есепсіз, сансыз көп еді.
Хабары талып келеді,
Дәумаманың Аққұртқа
Айдан сұлу деп еді.
Кемелге келіп сол Құртқа
Теңін тауып халықтан,
Сынап береді деп еді.
Теңін тауып берем деп,
- 530 Күйеуін сынап көрем деп,
Бек сауытын белсенген.
Батыр болса берем деп,
Лайығын табам деп.
Ардақтаған Аққұртқа

- Кәдірлі жалғыз балам деп.
Уәзірлерін жиып ап,
Неше күн кеңес қылдырған.
Баршасының ақылы
Ер қайратын сынауға,
540 Шойыннан терек құйдырған.
Ару, сұлу Аққұртқа
Майысып тұрған балдырған,
Көздің жауын алдырған.
Көрген жанның көрікпен
Көргенде есін тандырған.
Шойыннан құйған терекке
Күмістен бұтақ салдырған.
Хабар салған Дәумама
Он екі ханның еліне,
550 Еліндегі еріне.
Беремін деп Құртқаны
Құйған шойын құлатқан
Қайраты асқан еріне.
Қобыланды сонда сөйлейді:
—Батаңды бер, ал, ата,
Мен сол Дәуаманың шәріне
Тәуекел етіп барайын.
Бұйыра қойса тұз, нәсіп,
Теңімді іздеп табайын.
560
Тегіннен тегін мал бермей,
Қыз Құртқаны алайын.
Құлаққа хабар тиген соң
Бармай неғып қалайын.
Ердің аты шыға ма,
Таңдап тұлпар ат мінбей,
Ат құйрығын шарт түймей.
Қолымдағы көк найза
Қара тастан өткізбей.
Өзінің тайпа халығын
570 Тереңдеп тегін қайратпен
Ару таңдап қыз сүймей.
Несі батыр батырдың—

- Таңдап жүйрік мінбесе.
Шығыршықты көк сауыт
Берік сақтап кимесе,
Орай садақ, қырық кез оқ
Орай белге ілмесе.
Жасанып тұрған сансыз қол,
Жападан жалғыз тимесе.
- 580 Күні де бір, түн де бір,
Жау ішіне кірмесе.
Қыпша белді, ақ қылаң
Тартып алып қайратпен
Теңін тауып сүймесе.
Ер мақсаты бола ма,
Қайтпай жауға кірмесе?!
Жылқыдан тұлпар мінейін,
Шығыршықты көк сауыт
Кебінім деп киейін.
- 590 Тауға салса, тас кескен,
Айбаттанса, бас кескен.
Ханнан қайтпас ақ алмас
Орай белге ілейін.
Батаңды бер, ата-анам,
Тәуекел етіп жүрейін.
Мың болмастан сан болсын,
Сан жетпейтін қол болсын,
Барып жауға тиейін.
Қарт анам мен қарт атам,
- 600 Сізге тілек саламын.
Мақұл көрсең екі қарт,
- Осы жауға барамын.
Алға басқан жас жанмын,
Қайтармаңыз талабым.
Айдан ару Құртқаны
Қалмақтан тартып аламын.
Құртқадан хабар келген соң
Бармай неғып қаламын?
Талапты туған жас ұлмын,
- 610 Қайырмаңыз талабым.

- Сонда атасы сөйлейді,
Сөйлегенде бүй дейді.
Қайғыланып қарт сасып,
Не болғанын білмейді.
Әлден уақыт болғанда,
Әкесі ақыл тоқтатып,
Азар бойын билейді:
—Ей, Қобыланды шырағым,
Сені көрмей тұрғанда
620 Қайғымен өксіп жыладым.
Қоныс еткен жерімде,
Ұлан байтақ елімде,
Болмады менің тұрағым.
Жетпіске жасым жақындап,
Болмаған соң мұрадым,
Қу таяғым қолға алып,
Пірлерден бала сұрадым.
Жалғызым, тыңда мұңымды,
Сені көрмей тұрғанда,
630 Білмеді халық бұлымды.
Жер жүзін кезіп, қыдырып,
Қарт әкең мен қарт шешең,
Баладан кеткен түңіліп.
Сен туған соң жалғызым,
Қызық көрген күнімді,
Хансұлу мен Қобыланжан,
Өсірдік сипап тұлымды.
Дәумаманың Аққұртқа
Кемелге жасы толған соң,
640 Анасы оның Дәумама
Беретін күні болған соң,
Он екі ханның еліне
Патша хабар салыпты.

Көзімен сынап көруге,
Лайықты батырдан
Теңін тауып беруге.
Не келер де, не кетпес,
Басы жұмыр пендеге.

- Шойыннан терек құйдырған,
650 Қайраты асқан ерлердің
Күшін сынап көрмеге.
Құртканы берем деген соң
Жиылмасын ел неге!
Құртқаға ғашық сыртынан
Келмесін тойға ер неге!
Дәумама үкім етті байтақ елге,
Дәмелі Аққұртқадан талапты ерге.
Мақсаты өзімсініп баршасы да,
Айдынды айдан сұлу Құртқа серге.
660 Талабы батырлардың Құртканы алып,
Мақсаты, бар мұраты шықпақ төрге.
Батырлар кезек-кезек теректі атты,
Сақ етіп атқан оғы кейін қайтты.
Үсті-үстіне желігіп алмас шапты,
Шапқан қылыш өтпеді сол шойынға,
Ерлердің мықтымсынған беті қайтты.
Көрген жан қызығына батып жатыр,
Батырлар кезек-кезек атып жатыр.
Оқ тимей бірқатары асып жатыр,
670 Аңсызда бірқатарлар кетті қапыл,
Айқайласып қалмақтар шулап жатыр.
Қалыңда, қапылыста кейбір оқтан
Бірқатар жан оқ тиіп құлап жатыр.
Бір қыз үшін шулаған көп қалмақтың,
Талайы аңсыз өліп қирап жатыр.

- Таланды туған ер Қобылан,
Қарауыл тағы қарады.
Ақсұр аты астында,
Тау басына барады.
680 Ер қаруы—бес қару,
Айқара бойға асынып,
Қарауыл тағы қарады.
Қарауыл қарап тұрғанда
Үш жолаушы тап болды.

- Акқұртқаның тойының
Хабарына Қобылан қанады.
Қобыланды батыр желігіп,
Тоқтарбай мен Аналық
Екеуіне барады.
- 690 —Әкем, шешем сен едің,
Жалғыз балаң мен едім.
Акқұртқадай арудың
Хабарын естіп қуанып,
Шын желігіп келемін.
Жақсылық пен жамандық
Маңдайымнан көремін.
Анам менен қарт атам,
Батанды берсең деп едім.
Ықыласпен бата бер,
- 700 Батанды берсең барамын.
Егер бата бермесең
Қайырдың ердің талабын.
Ықыласпен қол жайсаң,
Мен Құртқаны аламын.
Ілгері басқан перзенттің
Қайырма, ата, талабын.
Хабарына ғашықпын,
Бармай неғып қаламын.
Сонда атасы сөйлейді:
- 710 —Балалықпен, балам, айтасың,
Айтып тұрған ол жерің
Адам барар жер емес,
Барам деуің жөн емес.
Сан жетпейтін халықтың
Ерлері сенен кем емес.
Балам, бекер бармаңыз,
Бармаған болар пайдаңыз.
Әкең менен шешеннің
Сөзін тыңдап, андаңыз.
- 720 Беркіндегі қалың ел,
Есебі жоқ сансыз жау,
Оған болмас айлаңыз.
Сонда Қобылан сөйлейді:

- Жеделденген балаңмын,
Бармағаным мін болар,
Батырлыққа кір болар,
Менен артық кім алар.
Бармай қалсам егер де,
Ерлігіме сын болар.
- 730 Сонда анасы сөйлейді,
Сөйлейді де толғайды:
—Қайырылмайсың, шырағым,
Жасы жеткен бабаңа.
Бермейісің шын тілек
Тоғыз ай, он күн көтерген
Тілеп алған анаңа.
Бөтен жерден теңің тап,
Байтақ елден қара да.
—Көңілім, анам, желікті,
- 740 Қанша айтсаң да тұра алман,
Өтінгенмен тіл алман.
Беренгі сауыт белсеніп,
Қайратыма сия алман.
Жақсылық пен жамандық—
Жазған шығар бір Аллам.
Айдан сұлу Құртқаны
Терімді төгіп алармын
Он екі ханның ерлері—
Берік тұрған құралдан.
- 750 —Әкеңнің тілін алмадың,
Анаңның айтқан сөзіне
Құлағыңды салмадың.
Қайсар туған ер Қобылан
Жеделіңнен танбадың.
Оңай болмас, шырағым,
Он екі ханның қол асты
Елін жеңіп түп-түгел,
Құртқаны тартып алмағың.
Сонда Қобылан сөйлейді:
- 760 —Ажалым жетсе өлгеймін,
Қабыл болса сапарым,
Құртқаны алып келгеймін.

- Қолда тізгін барында,
Ерліктің қонған бағында,
Қолымдағы көк қылыш
Қалмаққа қарсы сермермін.
Өтінбе, әкем, қарт шешем,
Өтінгенмен көнбеймін.
Берік асындым бес қару
770 Өзіме өзім сенгенмін!
Әкесі мен шешесі
Шарасыз қолын жаяды,
Екеуі бата қағады.
Ата менен анадан
Батыр туған ер Қобылан
Ықыласпен бата алады.
Ақ боз атпен жарқылдап,
Белінде қылыш сартылдап,
Қобыланды кетіп барады.
780 Күні бес күн болады,
Алтыншы күнге толады.
Қарашоқы басынан
Қарауыл Қобыланды қарады.
Шулаған халық дауысы,
Құлағын ердің жарады.
Тағы бір күн жорытты,
Астындағы ақ боз ат
Ор қояндай орытты.
Қобыланды мықты шонықты,
790 Алдынан тура батырдың
Бір қара оба жолықты.
Қара обаға барады,
Қарауыл Қобылан қарады.
Есебі жоқ әскерді,
Жиылған сансыз халықты
Ердің көзі шалады.
Күш қайратым көрсін деп,
Батырлыққа сенсін деп,
Айбатыма шыдамай,
800 Күннен сұлу Құртқаны
Еркімен жаулар берсін деп.

Екпінінен садақтың
Жолдағысы өлсін деп.
Садақты толғап алады,
Алыстан көрген қалмаққа
Қобыланды тартып қарады.
Токтайтұғын оқ емес,
Зулап кетіп барады.
Жолындағы жаулардың
810 Қабатынан келгенді
Қабаттап өтіп барады.
Қыл жалаулы жаулардың

Талайларын қағады.
Оқ өткенде тулады,
Ағып қаны зулады.
Оқ екпінін көрген соң,
Он екі ханның қол асты
Қойдай маңырап шулады.
Қырық қызы бар қасында,
820 Алтын телпек басында.
Кемалға келген жасында,
Гауһар моншақ шашында,
Қиялға келді Аққұртқа
Ақылға асқан асылға.
Мамекелеп Дәумаманың
Осындай тұрды қасында.
—Көңілімді айтайын,
Ал тыңдашы, мамам-ай.
Білгенің болса тура айт,
830 Ал, мамеке, маған-ай,
Өтінем, анам, саған-ай.
Қайдан шыққан бұл садақ,
Қабат келген ерлерден,
Қабаттап өтіп барады-ай.
Кейбір шеттеп кеткен оқ,
Шойын терек бұтағын
Қу ағаштай қағады-ай.
Мынау кімнің ұлы екен,
Батырлығы шын екен,

- 840 Көңіліме жағады-ай.
Тұрған жерден жақындап,
Қобыланды бермен келіпті.
Шойыннан құйған теректі
Көзбен байқап көріпті.
Садақ толы жебені
Сарыжаға керіпті.
Ырғап келіп алыпты,
Тартып келіп қалыпты.
Шойыннан құйған теректі
- 850 Ортасынан жарыпты.
Соны көріп сасады,
Он екі ханның қол асты:
—Екі атқаны мынадай,
Үшінші атса қырады-ай.
- Екпінін көріп шыдамай,
Самсап тұрған көп қалмақ
Қашуға бет бұрады-ай,
Атына қамшы ұрады-ай.
Енді қалмақ қашады,
- 860 Атқа қамшы басады.
Ерсініп тұрған қалмақтар
Мұзбел деген таулардың
Ар жағына асады.
Қорқып қалмақ сығынды,
Сығынбай қалмақ неғылсын,
Көк сауытты Қобыланның
Мықтылығы білінді,
Дұшпандар жаннан түңілді.
Қалмақтар қашып тарады,
- 870 Ару, сұлу, ақ Құртқа—
Дәуаманың қарағы.
Не қылса да бұл Қобылан
Қыз Құртқадай арудың
Сынағына жарады.
Қашып қорлық көргенше,
Қасына жақын келгенше,
Оттай іші жанады.

- Ал, мама, ақыл салайын,
Ақылдасып қарайын.
- 880 Мамеке, тіліңді алайын,
Сынадың ердің талайын.
Кімдер мықты, кім осал,
Қайсысына енді барайын?
—Жақсы айтасың, шырағым,
Мақсатпен болды мұрадың,
Ерлерді байқап сынадым.
Өмірі ұзақ, ұзын жас,
Жолдаспен болар тұрағың.
Дәумама анаң сынады-ай,
- 890 Көңілім тоқтап тынады-ай.
Алыстан тартқан садақ оқ
Ғайыптан зулап шығады-ай.
Құйған шойын бұтағы,
Тұс-тұсына құлады-ай.
Он екі ханның ерлері
Мықтылығын көрген соң,
- Бәрі қашты шыдамай.
Сынауым шайтан болмаса,
Таланды туған жас,—дейді.
Қобыландыдай жас бала,
- 900 Хабарыңды естіп, Құртқажан,
Келген шығар шыдамай.
Әруақты ердің данасы—
Тоқтарбайдың баласы.
Ақылды ата-анасы,
Ғайыптан келген осы ер
Қобыланды шығар шамасы.
Қызым Құртқа, бағың бар,
Жолына кілем салыңдар.
Қырық қыз жолдас қасында,
- 910 Салтанат, сәнмен барыңдар.
Дидар жүзін көріңдер,
Табанын жерге тигізбей
Көтеріп алып келіңдер.
Айбатты туған Қобыланның

- Дидарын, қыздар, көріңдер.
Сөзіне кемпір қандырды,
Қызметкері, қырық құлға,
Қобыланның жүрер жолына
Төсетіп кілем салдырды.
- 920 Кілең жібек кигені,
Салтанат сәнмен жүргені.
Табылды деп Құртқаның
Халықтан таңдап сүйгені.
Айдан сұлу Құртқаның
Халықтан іздеп жүргені.
Қырық қыз бар қасында,
Алтыннан тон жамылып,
Оттай беті қабынып,
Ғашық болып Қобыланға
- 930 Көргенінше сағынып.
Асық болған сұлу жар
Шыдап тұрсын неғылып.
Қырық қызбенен қылаңдап,
Аққайраңдай сылаңдап,
Нәзік белі бұраңдап.
Кербездікпен керіліп,
Басуға аяқ ерініп,
- Ер Қобыланды көргенше,
- 940 Қуанып Құртқа желігіп,
Қос шашбауын тебініп,
Алдынан шығып барыпты,
Көрісіп қолын алыпты.
Қуанышты көңілі
Қобылан менен Құртқаның
Қосылған күні анық-ты.
Қырық қыз жолдас қасында,
Құшақтасып баршасы,
Құртқаның мекен-жайына
Қызықпенен барыпты.
- 950 Батыр Қобылан келген соң,
Дәумама ерді көреді.
Қуаныш етіп көңілі,

- Ерлігін сынап сенеді.
Қуанышты қызық той
Мереке еткен жері еді.
Елі-жұртын Дәумама
Басын құрап жияды,
Халықтың басын құрады.
Отыз күн ойын, қырық күн той
960 Осындай қызық қылады.
Қобыландыны жақсы қарады,
Қару-жарақ асынып,
Қобыланның жатқан алтын үй,
Қырық жігіт беркін бағады.
—Ей, Қобыланды ер, Қобыланды ер,
Көңілімде айтарлық,
Батыр, сізге сөзім бар.
Қарақыпшақ елің бар,
Жетпіс күн болды келгелі,
970 Қайтатын елге жөнің бар.
Жан жолдасым сен едің,
Сұлу Құртқа мен едім.
Ғашық болып қосылған
Сүйіскен жолдас тең едің.
Көңілімдегі сөзімді,
Айтатын, батыр, жөнім бар.
Келгеніңе көп болды,
Қарақыпшақ елің бар,
Елінде құрбы, теңің бар.
980 Біраз болды жатқалы,
Қайтатын елге жөнің бар.
Келгеніңе көп болды,
Қарақыпшақ елің бар,
Кеткеніңе көп болды,
Ағайыннан араңыз,
Ақылға салып қараңыз.
Жалғыз ұлын сағынып,
Тарыққан ата-анаңыз.
Ерде болады даналық,
990 Өзіңе ақыл салалық.

- Мақұл көрсең ер Қобылан,
Енді еліңе баралық.
Сонда Қобылан сөйлейді:
—Алған жарым сен едің
Байтақ жұрттан қалаған.
Жан жолдасың мен едім
Өзіңмен қатар балаған.
Ұлықсат болса, кетелік
Дәумамадай анадан.
- 1000 Дәумамадай анаға
Хат жазамын мен,—деді.
Жан жолдасы Аққұртқа:
—Айтқаның тура жөн,—деді.
Ер игісі доста бар,
Әуелден нақыл сөз еді.
Дәумамадай анадан
Ұлықсат сұрап қарайын.
Ұлықсат болса анадан,
Қайтуға пұрсат алайын.
- 1010 Қарақыпшақ халқымда
Білікті талай данам бар,
Сағынған ата-анам бар.
Асыл ердің белгісі,
Үлкеннің қақын тамамдар.
«Дәумама атты анайым,
Ұлықсат берсең қайтуға,
Енді еліме барайын.
Жасы жеткен екі қарт
Сағынған ата, анайым.
- 1020 Қобылан қашан келер деп,
Көзі талып телміріп,

Тұрған қыпшақ ағайын»—
Осылайша хат жазып,
Дәумамаға беріпті,
Хатын оқып көріпті.
Қобыландының сөзіне
Шешесі әбден сеніпті.
Ақылдасып ойласқа

- Өзі менен жолдасқа
1030 Келің деп хабар беріпті.
Білімді би мен ер келді,
Азамат ерлер тең келді.
Келген сонша халыққа
Дәумамадай дана адам
Тура сөз айтып сөйледі:
—Мақұл көрсең, елдерім,
Ел ішінде ерлерім,
Білікті би мен беглерім,
Аққұртқам менің ардақты,
1040 Қобыланды батыр—бергенім.
Келгеніне көп болды,
Қайтамын деп ер Қобылан,
Сағынған Қыпшақ елдерін.
Мереке тойын қылалық,
Астана елді жиялық,
Халықтың басын құралық.
Аққұртқаның қызығы—
Тойға малды қыралық.
Мерекеге ел жиылып,
1050 Есепсіз жылқы, қой қырды.
Келген халық баршасы
Арақ пенен шарапка,
Келген жанды тойдырды.
Алтын қабақ аттырып,
Ат бәйгесін шаптырып,
Сапырулы сар қымыз,
Келген халықты мас қылып.
Ортасына ту тігіп,
Қуантып елді шат қылып.
1060 Сексен нардың үстіне
Есепсіз жасау арттырып,
Жібектен арқан тақтырып.
Тәрбиесін өзгеден
Анағұрым арттырып.
Өзге той мұндай болған жоқ,
Талай патша қыз берген,
Мұндай дәулет жойған жоқ.

- Қызмет қылды Дәумама,
Жалғыз қызға қорған боп.
- 1070 Күміспенен күптеген,
Алтынменен аптаған.
Мереке талай той болды,
Мұнан еш той аспаған.
Қызға берер жүктерін
Кіл жібектен қаптаған.
Қазына сансыз пұл берді,
Мерекелі бұл тойды
Дәумама дана үлгерді.
Қобыланға қызмет етуге
- 1080 Жалшы берді, құл берді.
Құртқаға қызмет етуге
Салтанатқа күң берді.
Бір-біріне жарастық
Алтын шашақ ту берді.
Тәрбие мен қонағын
Патша әйел үлгерді.
Сексен нарды арттырып,
Қобыланның еліне
Көш тарттырып жүрді енді.

1090

Әлкисса, Қобыланды батыр көшпен біраз жол жүріп келгеннен кейін, көшті өз елінің жолына салып: «Енді ел жақын, біздің елдің жайлауына келдік. Енді көштен озып елге хабар берейін, қалған жерге өздерің көшіп келерсіңдер, мен озып елге хабар айтайын»,—деп жүріп кетеді. Құртқа көшке басшы болып қалады. Қобыландының, яғни Тоқтарбайдың көп жылқысы мекен етіп жайылып жатқан бетегелі, шалғынды жердің ортасыменен жүріп, ортасы шұқырайып жайылып жатқан көп жылқыны қақ бөліп ортасынан жүреді. Жылқы жайылып жатқан жердің бір жағы жазық, бір жағы көл еді, бір жағы дөң еді. Тоқтарбайдың бас жылқышысы Өтеміс деген ер еді. Бұл көштің алдынан шығып, ол Қобыландының тапсыруы бойынша, көшті тосып алады. Қобыландының тапсырып кеткен сөзі бар еді: «Ендігі қалған жерге көшті бастап елге алып барасын» деп еді. Өтеміс көшке келіп ару Құртқаны көреді, дидарласып сәлемдеседі. Көш үстінде келе жатқан сұлу Құртқа көп жылқыға көзін салып келе жатып, қысырақтың үйірінде желіні дертіп, қарыны жер сызып, туар мезгілі таянған кер қулықты көреді. Көштен түсіп, жаяулап барып кер

қулықтың алды, артына шығып сынап қарайды. Кер қулық тұлпар табатын жануар екен, ішіндегі құлыны тұлпар екен деп сынайды.

- Қулықты Құртқа сынады,
Әрбір мүше, тәндері
Аққұртқаға ұнады,
Көрген соң көңлі тынады.
Бір ауыз сөз сол жерде
Өтемістен сұрады:
—Биесі болса атамның
Өтінем сізге мен,—деді.
Жасы жеткен атамның
Сенімді ері—сен,—деді.
Кер қулықты атамнан
Көрімдікке сұраймын,
Атайға хабар бер,—деді.
- 1100 Өтінемін атамнан
Баласындай көрер деп,
Атекем маған сенер деп,
Дәме етемін атайдан
Қысырақта Кер қулық
Көрімдікке берер деп.
Көрімдікке бермесе,
Беруді мақұл көрмесе,
Келініне сенбесе,
Бермегенім жөн десе,
- 1110 Қоңсы болып қонбаймын.
Көрімдікке алмасам,
Қайғылымын, оңбаймын.
Осы жерге қонамын,
Кер қулықты алғанша,
Мен Қыпшаққа бармаймын,
Айтқанымнан танбаймын.
Атам берсе қулықты,
Еншіме соны арнаймын.
Еншіме оны бермесе,
- 1120 Қайғылы, мұңды келінмін,
Жылаймын да, зарлаймын.
Сүйдеді де Аққұртқа,

Қонып қалды көліне.
Жылқышының қос тіккен
Мекендеген жеріне.
Өтеміс кетті хабарға

1130 Тоқтарбай қарттың еліне.
Ертең тал түс болғанда,
Аттан түсіп Өтеміс
Сәлем берді иіліп,
Сексенге келген Тоқтарбай
Даңқы күшті еріне.
Азаматтар жиылып,
Кеңес еткен күн еді,
Тоқтарбай қарттың төріне.

Әлқисса, Өтеміс Тоқтарбайдың үйіне кіріп, төрде отырғандардың барлығына сәлем береді. Амандасып болғаннан кейін отырған жұрт:—Алдынан қыз, келіншек кетіп еді, келіннің көші жақындады ма, неғып кешігіп жатты?—деп сұрады. Сонда Өтеміс тұрып:—Аққұртқа көп жылқының ішінен қысырақтың үйірін көрді, оның ішінен Кер қулықты көрді. Алды, артына шығып сынап, «осы Кер қулықты атам маған көрімдікке берсін, енші етемін, осы хабарды атамның құлағына сал, не дер екен, айтқан сөзін алып кел» деді. Соған мені жіберіп еді, кәзір келіп отырған жұмысым осы,—деді. Егер Кер қулықты бермесе, онда атамның мені қайғыландырғаны деді. Сонда отырған халық ду ете қалды, келіннің сұраған Кер қулығын беру керек, өз балаңнан аяйтын нең бар деді. Сонда Тоқтарбай қарт:—Ердің жеті дұшпанының бірі әйелі деп еді, Кер қулықтың ішінде тұлпар бар, мен оны көрімдікке бере алмаймын. Қобылан мен Құртқадан бөлек жинайтын малым да жоқ, бірақ сонда да Кер қулықты беруге сене алмаймын. Мал-мүлкім екеуінікі, қанша сұраса да, не сұраса да баскасын сұрай берсін, тек Кер қулықты сұрамасын. Мал-мүлкімнің қожасы—Қобылан мен Құртқа. Өлерімнің шағында, сақалымның ағында Керқулықты өзімнің еншіме алып қаламын. Сонда Өтеміс былай дейді:—Отырған халық тыңдаңыз, Құртқаға Кер қулықты бермесеніз, көп қайғы-қасірет түсетін секілді. О, халық, Кер қулықты берген мақұл ма, бермеген мақұл ма, өздерің ақылдасыңыз. Сонда Аналық:—Ей, Тоқтарбай, Қобыландыны көрмей тұрғанда қандай едік. Тілегеніміз болған соң Қобыланды кемелге келіп, он екі жасқа толған соң жат жұртқа барып өзінің теңін тауып алды. Қобыландының жан жолдасы

Құртқаның тілегін бермей, тауын қайырғаның қалай, Кер қулықты сен бермесең де, мен беремін, алсын,—дейді. Отырған халық осы сөзге ырза болып, Тоқтарбайдың билігін алып, Кер қулықты көрімдікке бермек болды. Көп жолдаспен қыз Құртқаны көшіріп, отауды Тоқтарбайдың қасына әкеліп қондыруға Өтеміс жүріп кетеді. Құртқаның алдынан шыққан қыз-келіншек, бозбала жарастықты сауыт-сайманымен Құртқаның қостанып жатқан жеріне барып, көлден көшіріп елге жүре бастайды. Құртқа Кер қулықты өзінің еншісіне берілгендігін естігеннен кейін жылқыдан Кер қулықты ұстап, көшпен бірге алып жүреді. «Осы қулықты бөлек бағайын деп едім» деп, көшіп келгеннен кейін өзіне арнап отауын тіккізеді, сарай салғызады, сарайдың ішін терең етіп қаздырады. Аяғына қатты жер тимесін деп астына кілем жайдырады, салқын тимесін деп жарға кілем ұстайды. Сөйтіп, Кер қулықты осылай бағады. Тоқтарбай қарт баласының жат елге барып, аман-сау келгеніне жана сұлу Құртқа секілді келіннің құрметіне астана жұртын жинап, үлкен той етеді.

Жер астында ардақтап,
Кер қулықты бағады.
Асты, үстін құрғатып,
Жеті жігіт жақсы қарады.
Жібектей жал мен құйрығын
Жез таракпен тарады.
Туар күні таяды,
Жұмсаққа құлын түссін деп,
Астына кілем жаяды.
Қалың кілем үстіне
Мақпалдан төсек салады.
Тоғыз ай күні толыпты,
Туатын күні болыпты.
Маңынан бие кетпе деп,
Қыдырмаңыз шетке деп,
Мақпал төсек үстіне
Аяғын жерге тигізбей,
Көтеріп қолмен тудырың.
Егер сендер ұйтпесең,
Мойныңда болар өкпе деп.
1150 Құлынның қалай туғанын
Білдірмеңіз шетке деп,
Болмасын дабыл көпке деп,

- Жетеуі жақсы қарады.
Бие қашан туад деп,
Ұйықтамастан бағады.
Төбеден жұлдыз ауғанда,
Түрегеліп Кер қулық
Торы құлын табады.
Қалғып кетіп бір жігіт,
1160 Жаңа туған құлынның
Жерге тиді аяғы.
Ілініп кеткен жігіттің
Қалғыған ғана кезі еді.
Тәрбиемен тусын деп,
Жігіттерге Құртқаның
- Осылай айтқан өзі еді.
Аяғы жерге тигеннен
Тобығы меңді болғаны—
1170 Жерге тиген себебі.
Жаюлы тұрған жібекке
Туған шақта жас құлын,
Тіке түссін деп еді.
Кемелге құлын келген соң,
Үстіне қатты тигізбей,
Макпалдан жабу жаптырды.
Мойнына қатты тигізбей,
Жібектен арқан тақтырды.
Тәрбиемен өссін деп,
Сары балға тамдырып,
1180 Торышаның көңілін
Шын өсіріп шат қылып,
Жетеуіне қаратты,
Шыны бағып қарапты.
Күн-түн сайын торының
Таракпен түгін таратты.

Әлқисса, ендігі сөзді Қырымның қырық батырынан естіңіз.

- Қырымдағы қырық батыр,
1190 Оза шауып әр жаудан

- Қайрат, күшпен олжа алған.
Көрсө жауды долданған,
Талай батыр паңды алған,
Қарсыласып ханды алған.
Алшағыр қалмақ шаһарын
Шабуға ой мен жадыға алған.
Қырымдағы қырық ердің
Қартқожақ екен ағасы.
Қасындағы жолдастың
Ақылдасар, ойласар,
Талайды көрген данасы.
Жау ізденіп, батырлар
1200 Ақылдасқан шамасы.
—Қартқожақ, басшы сен,—деді,
Қасындағы жолдастар,
Сізге ақыл саламыз.
Лайықты бір жауды
- Өзің тауып бер,—деді.
—Жақсы айтасың, жолдастар,
Ер қаруы—бес қару,
Тастан қайтпас алмас бар.
1210 Қайратқа асқан ерлерім,
Өзіме қатар жалғастар.
Менің айтқан сөзімді
Ақылменен аңдап қал.
Тұлпар мініп ту алған,
Қырық жолдас ерімсің,
Жауды көрсең қуанған,
Әскерді көзің көргенде,
Түріп білек сыбанған.
Талай кезген ерлерсің,
Айбатты қолға ту алған.
1220 Қызғынды берен басшыңмын,
Білгенімді айтпай тұра алман.
Талай жерде жауды алдық,
Жасанған әскер құралдан.
О, қырық жолдас, қырық жолдас,
Еңбегіңіз еш болмас.

- Қолда қару, батылмыз,
Бізге ешкім келе алмас.
Жау ізделік, жолдастар,
Еңбегіміз еш болмас.
- 1230 Есітемін алыстан,
Мықты дейді данышпан.
Алдырмайтын арыстан,
Талайлармен алысқан,
Талай жаумен қарысқан.
Оның елі төменде
Сырттан құмар ер едім,
Алшағыр мықты дегенге.
Мақұл көрсен қырық жолдас,
Алшағыр ханға баралық,
- 1240 Барып қимыл салалық,
Болмасын сөзде шалалық.
Арын арлап халықтың,
Кел, осы жауды шабалық.
Шынарға найза саптайық,
Тұлпарларды баптайық.
Тасты кесер алмасты,
- Қынапқа ерлер қаптайық.
Желденген соң ер көңлі,
1250 Айтқан серттен қайтпайық.
Бейпіл жатқан халыққа
Ішкі сырды айтпайық.
Басшысының бұл сөзін
Жолдастар қабыл алады,
Тұлпарды баптап бағады.
Қырық күн баптап тұлпарды
Атқа ер тоқым салады.
Бес қаруын асынып,
Алшағырдың еліне
Ерлер кетіп барады.
- 1260 Үзеңгісі сартылдап,
Белінде қылыш жарқылдап,
Өмілдірік омырауда,
Ат мойнында алқылдап.

- Жігіт кекті Нұрғожа
Қартқожақ пен екеуі
Батырлардың ағасы.
Шығыршықты сауыттың,
Дулығалы жағасы.
Алшағыр хан мен Қырымның
- 1270 Алыс еді арасы.
Неше күндей жол жүріп,
Алшағырдың еліне
Жақындап келді шамасы.
Қырымнан шыққан қырық батыр,
Келген сойды желігіп,
Алшағырдың жеріне
Көп қалмақтың шеніне,
Келді де ерлер қос тікті,
Елсіздегі көліне.
- 1280 Көк шалғынды ағашты
Қалың шыққан ну ағаш,
Бұлтпенен таласты.
Алыстан келген ерлерге
Қалың шалғын, тәтті су,
Көлдің көркі жарасты.
Жеті күн атын бағады,
Жалғыз атқа жал бітіп,
Ат тыңайып қалады.
- 1290 Ерлер де дамыл алады,
Қалмақтың ері ер Тәуке
Қарашоқы басынан
Қарауыл келіп қарады.
Көлде жатқан қырық атты
Тәукенің көзі шалады.
Алды-артына қарамай
Көлге қарап шабады.
Қанша дұшпан келсе де,
Тәуке жалғыз баратын,
- 1300 Жалғыз ұрыс салатын,
Ұрысқан жауды алатын.

- Атақты, мықты ер еді,
Еріні қанды бөрі еді,
Қайтпайтұғын мықты сері еді.
Қанша жаулар кездесе,
Жалғыз шабам дер еді.
Астында торы тұлпармен
Көлге қарап жөнелді.
Желігіп жетіп келеді,
Шалғындағы қырық атты
1310 Сартылдатып сабалап,
Тәукекең айдап жөнелді.
Қырық батыр Тәукеге
«Тоқта» деп айқай салады.
Қайтпайтұғын ер Тәуке
Қырық жігітке барады.
Ұстаймын деп қырық батыр
Ер Тәукені қамады.
Қырымнан келген қырық жігіт
Найзаменен сермеді.
1320 Батыр туған ер Тәуке
Қу курайдай көрмеді.
Қайратты Тәуке өрледі,
Қырық жігітті ер Тәуке
Қайрат күштен алуға
Тәуке батыр меңзеді.
Таяқ тиген батырлар
Талайы құлап көлбеді,
Талайлары еңіреді.
Жалғыз келген Тәуке ер
1330 Батырсынған жігітті
- Сілтеген найза қаруын
Қу курайдай көрмеді.
Шақырып алып бір-бірлеп,
Ерлердің қолын байлады,
Батыр Тәуке айлалы.
Қырымнан келген қырық ердің
Зығырданы қайнады.

- Амалы жоқ, Тәукеге
1340 Мөлдіреп көзі қарады.
Қолға алды найзаны,
Ерлердің қолы буулы,
Қалаға қарай айдады.
Қырымнан келген қырық ердің
Ер Тәуке көңлін басады.
Батырсынған немені
Жалғыз өзі шағады.
Тәукені көзі көрген соң
Ерлердің құты қашады.
Байластырып шылбырмен,
1350 Қырық тұлпар, қырық ерді
Қалаға қарап айдаған.
Тітіреп жылап қырық батыр
Тәукеден қорқып зарлаған.
Талай жауға шапқан ер
Тап осы жерде қалды пайдадан.
Қайтпайтұғын ер еді,
Халықтың қамын қамдаған.
Көңілі өсіп ер Тәуке,
Қырық батыр мен қырық ерді
1360 Қалаға айдап келіпті.
Тартуға болсын ханға деп,
Қырық атты беріпті.
Айдап келген қырық ерді
Алшағыр көзбен көріпті.
Қуанып көңілі өседі,
Дарбаза сарай қама деп,
Ханы әмір етеді.
Қырық ердің соры қайнады,
Сарбаз алып қасына
1370 Қырық ерді Тәуке айдады.
Бұрынғыдан беркітіп,
Қырқының қолын байлады.

Дарбаза биік қақпаға
Бұларды айдап барыпты.
Биік аула қақпасын

- Берік етіп бекітіп,
Шынжыр мен құлып салыпты.
Аяйтұғын адам жоқ,
1380 Қолға түскен ғаріпты.
Дарбаза аула ішінде,
Шығар күн қашан болад деп,
Батырлар жылап зарықты.
Қысым беріп осындай
Қамап салды кәріпті.
Тап сол күні кеш болды,
Еңбектері ердің еш болды.
Жүдеу кірген батырлар
Шыққалы елден көп болды.
Таршылықта жылайды,
1390 Кең дәурені жоқ болды.
Қайғыланып батырлар
Көкірек жалын, от болды.
Өздері амал таппаса,
Бұларға теңдік жоқ болды.
Ақылдасып қарады,
Бір-біріне ақыл салады,
Ойласып амал табады.
Тісімен шешіп қолдарын
Босанысып алады.
1400 Үзік-үзік жөке арқан
Сол сарайдан табады.
Олардың тапқан амалы
Бірін-бірі көтеріп,
Сол сарайдың үстіне
Амалдап шықты біреуі.
Ендігі қалған ерлерді
Арқанмен тартып алады.
Қамаудағы батырлар
Есебін тауып құтылып,
1410 Қаладан қашып барады.
Қан матаудан арылып,
Қалың жыныс ағашқа
Түн ішінде барады.
Ақылдасып қарады,

- Ойласып ақыл табады.
Қартқожақ батыр сөйлейді:
— Жолдастарым, сен, — деді,
Ақылдасып қарайық,
1420 Қасыма жақын кел, — деді.
Есітемін хабарын
Руы қыпшақ ел, — деді.
Қарақыпшақ елінде
Токтарбайдың Қобыланды
Арыстан туған ер, — деді.
Кел, Қобыланға баралық,
Осы көрген қорлықты
Құлағына салалық.
Бұл не деген қиындық,
Батырға барып шағалық.
1430 Мақұл көрсе Қобыланды,
Қалмақтан кекті алалық.
Айдаһардай айбатты,
Арыстандай қайратты,
Қанша дұшпан болса да
Қорқып жолдан таймас-ты.
Айбатты қолға ту алған,
Тап он жеті жасында,
Болат кылыш суырған.
Дәумаманың Аққұртқа
1440 Күшпенен тартып қыз алған.
Он екі ханның елінде,
Ару Құртқа сұлуды
Қобыланнан бөтен кім алған?!
Қобыланға қарай жол шекті,
Екі қонып арада,
Үшінші күн болғанда
Қырық батыр тез жетті.
Токтарбайдың үйіне
Көптен жүрген алаң, аш,
1450 Тоналып келген жалаңаш.
Сүдіндері жүдеулі,
Оларға ешкім қарамас.

Ұлықсат сұрап қоныпты,
Жүдеп келген ерлер деп,
Қысырдың тайын сойыпты.
Жүдеп келген қырық жігіт

- Аппақ майға тойыпты.
Сылдырлақты қасықпен
1460 Сапырып қымыз қойыпты.
Он төрт күн қонақ болады,
Күн он беске толады.
Ашыққан ерлер тойынып,
Қалыбына толады.
Жүдеген қырық ер еді,
Жаңа талап Қобыланды ер,
Қонағын қабыл көреді.
Жалаңаш келген қырық ерді
Ылайықты киіммен
Бас-басына береді.
Қайғысы ердің жойылды,
1470 Қырық батыр тойынды.
Киім киіп, түр бітіп,
Дегені ердің болулы.
Он жеті күн өткен соң:
—Қартқожақ ағаң мен,—деді,
Інім Қобылан сен,—деді.
Көңілімде бар бір мүддем,
Мүддемді тыңдап көр,—деді.
Атыңа асық ағаңмын,
Алшағырда кегім бар,
1480 Кегімді алып бер деді.
Қырымнан шыққан қырық батыр,
Қырқымыз да ер едік,
Қайтпас жүрек сер едік.
Еріні қанды бөрі едік,
Талайды басып жеп едік.
Алшағырдың қаласын
Біз шабамыз деп едік.
Батырсынып еріктік,
Біз мықты деп желіктік.

- 1490 Қару-жарақ асынып,
Қалмаққа жақын келіппіз.
Елсіз көлдің бойында,
Көк шалғынды ойында,
Тынықтырып ат бақтық,
Бір жетідей біз жаттық.
Кемалға ерлер келген соң,
Шабуда жауда ойластық.
Үлкендік бізде көкірек,
Жауда еш нәрсе қоймастық.
- 1500 Осы көлде жатқанда,
Атты күйлеп баққанда,
Жападан жалғыз ер келді,
Осы көлде кез келді,
Қосқа жақын тез келді.
Шалғында жатқан қырық атты
Жиып алып меңгерді.
Бізге қорлық жетті ғой,
Зәбірі қатты өтті ғой,
Абыройды төкті ғой.
- 1510 Жаяу айдап шәріне,
Қас масқара етті ғой.
Қобыланды, жәрдем бермесең,
Зәбіріміз кетті ғой.
Абырой бізден төгілді,
Нұрлы көлде кездесіп,
Бізге қорлық берді ғой.
Көреген қорлық шағында,
Ағаларың келді ғой.
Сен болмасаң, шырағым,
- 1520 Ерлерім жаннан түңілді.
Көзімізден аққан жас
Мойнымызға құйылды.
Көрген қорлық қиын-ды,
Қобыланды шырақ, өзің біл,
Қырымнан келген қырық ағаң,
Зәбірін айтып қиылды.
Тартып алды ат пенен,
Қару-жарақ, киімді.

- Қобыланды, бүйім сұрадым,
Мұңымды шақтым, шырағым.
1530 Қалмақтан қорлық көрген соң,
Сіз болды келген тұрағым.
Әпере алсаң кегімді,
Бітеді сонда мұратым.
Сонда Қобыланды сөйледі:
—Зәбіріңді айттың, ағайын,
Жастары үлкен ағайым.
Зәбірің көрген тағайын,
Тарлықтың көрген талайын.
Жасы үлкен ағаның
1540 Айтқан тілін алайын.
Қырық ағам кез келдің,
Сөзіңді қабыл алайын.
Шағынған соң қорлықты,
Бармай неғып қалайын.
Сенің үшін, қырық батыр,
Жанды ортаға салайын.
Көшіп барып қыпшақпен,
Мен елсіз көлге қонайын,
Ауыл үйлес болайын.
1550 Жакыннан жаулап қалмақты,
Қан жылатып шабайын.
Елімді жиып алайын,
Қарттарға ақыл салайын.
Мақұл көрсе көп халқым,
Көше-мөше барайын.
Қыпшақтың үлкен-кәрісін,
Жөн білетін азамат
Жиып алды бәрісін.
Қырық жігіттің жүрген жайы
1560 Айтты түгел бәрісін.
—Ал, ақсақал, ақыл саламын,
Ілгері басқан жас жанмын,
Жоғары менің талабым.
Қайырма, халқым, тауымды,
Алшағырдың жеріне,
Елсіздегі көліне,

- Қарақыпшақ елімен
Түгел көшіп барамын.
Жақын жерде жайласып,
1570 Найзаға шашақ байласып,
Қанға тоймас қылышты
Өткірлеп шарға қайрасып,
Жауға жақын барайын,
Жақындап жауға шабайын.
Қырымнан келген қырық ердің
Сөйтіп кегін алайын.
Қобыланды деп келдің еңкейіп,
Бармай неғып қалайын.
Қобыландыны қайырмай,
1580 Халық ұлықсат беріпті.
Қайтпайтұғын қайратты ер
Батыр Қобылан желікті:
—Замандасым, қатарым,
Жастар, бермен келіңдер.
Менің айтқан сөзімді,
Жолдастар, мақұл көріңдер.
Айтқанымның бәрі рас,
Шын сөзіме сеніңдер.
Тіл алғаның шын болса,
1590 Бұл қоныстан көшіңдер.
Ертең жүрем мен жауға,
Артымнан көшіп жетіңдер.
Артыңнан көшіп барам деп,
Уағда бер, кесім бер.
Қайтпас жаудан талабым,
Кәрі жирен үйірін
Өзім айдап барамын.
Суы тұнық, жері от,
Сол қонысқа жаямын.
1600 Қоныс ету сол көлді,
Болды менің талабым.
Барып жауды жоямын,
Қалмақтың көзін оямын.
Елсіздегі сол көлге
Жирен тайды соямын,

- Жирен қопа қоямын.
Қырық жігіт қасында,
Қобыланды жүрді қалмаққа,
Қалмаққа бүлгін салмаққа.
- 1610 Қарсы шабар ер Қобылан
Тасты кескен алмасқа.
Уәде етті көп қыпшақ
Бәрі көшіп қалмасқа.
Он төрт күн етті уағда,
Артынан көшіп бармаққа.
Қырық жігіт бар қасында,
Жирен айғыр үйірін
Қобыланды айдап жөнелді,
Рауан жолға кенелді.
- 1620 Екі қонып арада,
Көлге келді сол енді.
Жирен тайды сояды,
Қасындағы қырық жігіт
Ет пен майға тояды.
Қыпшақ елім қонсын деп,
- Құтты қоныс болсын деп,
Осы көлдің атағын
«Жирен қопа» қояды.
- 1630 Халық басқарған Қобыланды ер,
Бір жеті көлде тұрады.
Бір жетінің соңынан
Баяғы мықты ер Тәуке
Қарауылға шығады.
Жайылып жатқан жылқыны
Тәуке батыр көріпті.
Кенелдім деп олжаға,
Жылқыны көріп желікті.
Астындағы торы атпен
Шабуыл салып келіпті.
- 1640 Қанша жауды көрсе де,
Бермеген жауға ерікті.
Астындағы торыға
Орай қамшы салады.

- Жайылып жатқан жылқыны
Дүркіретіп қасынан
Батыр қуып барады.
Арқандаулы боз атқа
Жайдақ мініп Қобыланды,
Қолға қару алмастан
- 1650 Тәукенің қуды артынан.
Әне-міне дегенше-ақ,
Қалмақтың ері ер Тәуке
Қарсыласа қалады.
Келе келге келгенше
Тәуке батыр қылышпен
Қобыландыны шабады.
Етіне қылыш тигізбей,
Батыр туған ер Қобылан
Қолынан жұлып алады.
- 1660 Ат үстінен алысты,
Бір-біріне жабысты.
Таудай болған торы аттан
Қалмақтың ері Тәукені
Аударып Қобылан алыпты.
Жұлып алып Қобыланды ер
Тақымына салыпты.
Мұрнынан қаны ағыпты,
Сонда Тәуке талыпты.
Қобыланды қайрат бастады,
- 1670 Сабырдың түбі сары алтын,
Тәукеден қорқып саспады.
Батыр Тәуке талған соң,
Сылқ еткізіп тақымнан
Көтеріп жерге тастады.
Мұрнынан қалмақтың
Бұркылдап қаны атады,
Қан шүмектеп жатады.
Ерсініп жүрген Тәукенің
Қобылан емес қатары.
- 1680 Қобыландының қалмаққа
Осы келген сапары.
Әлден уақ болғанда,

- Есін жинап ер Тәуке
Көзін азар ашады.
—Уа, ер Тәуке, ер Тәуке,
Қырық жігітті алғанда,
Батыр едің сен, Тәуке.
Қан шүмектеп мұрныңнан,
Есіңді танған нең, Тәуке?
1690 Қобыландының айбатын,
Қайтпайтұғын қайратын
Осы арада көр, Тәуке.
Алшағырдай ханыңа
Кешікпей хабар бер, Тәуке.
Қырық батырды алыстан
Көрген көзің осы деп,
Оң көзін ойып алыпты.
Естір құлақ мынау деп,
Құлағын кесіп алыпты.
1700 Тәуке міскін ғаріпті,
Қырық батырды қуалап,
Ұрған қолың осы деп,
Қолын кесіп алыпты.
Құлағын кесті шұнтитып,
Қарын кесті құнтитып,
Мұрнын кесті жымпитып.
Аяқтан басқа бұдыр жоқ,
Қоя берді сымпитып.
—Алшағырға сәлем айт,
1710 Тоқтарбайдың баласы
Батыр Қобылан ер едім,
Айтатын ханға дерегім,
Елсіздегі көліне,
Менің келген себебім,
Қырымнан келген қырық ерге,
Алшағыр, неге желіктің?
Өзіңе өзің сеніпсің,
Қатты қорлық беріпсің.
Қырық батырдың кегі үшін,
1720 Атқа міндім желденіп,
Желігіп келдім тербеніп.

- Нулы көлдің бойында,
Тәуке батыр кез келіп.
Қарын кестім құнтитып,
Мұрнын кестім жымпитып,
Құлағын кестім шұнтитып.
Жеделімнен танбаймын,
Қырық батырдың зәбірін,
Алшағыр, сенен арлаймын,
1730 Қыр соңыңнан қалмаймын.
Қапы қалма, хабарла,
Қыл жалаулы еліңді.
Кешікпей жи, Алшағыр,
Еліңдегі еріңді.
Елшіңменен баян ет
Соғысатын жеріңді.
Дәмең болса ұрысқа,
Қазып қой бұрын көріңді.
Сүйдеді де Қобыланды
1740 Қаны аққан Тәукені
Зар жылатып қуады,
Тәукенің жанын сығады.
Есін танып бір жерге
Екпеттеп барып құлады.
Әлден уақ болғанда,
Орнынан азар тұрады.
Амалдап зорға құтылып,
Осы көлден шығады.
Қарға менен құзғындар
1750 Қанын көріп қуады.
Қайғы салды Қобылан ер
Ер Тәукенің басына.
Қатты батты жанына
Қобыланның өткір алмасы.
Қанды көріп қызығып,
Тыным бермей барады
Көлдің құзғын қарғасы.
Тәлтіректеп баратыр,
Тура жүрер жолы жоқ,
1760 Осы келген сапардың

- Ер Тәукеге оңы жоқ.
Етін шұқып қарғалар
Тыным бермей барады.
Қағайын десе қолы жоқ,
Қобыландыға тап болған,
Бұл Тәукенің соры көп.
Шыбындай жаннан түңіліп,
Әр бұтаға сүрініп,
Тұла бойдан аққан қан
- 1770 Аяғынан шұбырып,
Кеудеде жаны қыдырып.
Күн бататын мезгілде
Алшағырдың үйіне
Еңіреп келді үңіліп.
—Ей, Алшағыр, Алшағыр,
Қайырлы ханым сен едің,
Қайтпас батыр мен едім.
Қанша жауды көрсем де,
Қайтпайтұғын ер едім.
- 1780 Патша, тыңда мұңымды,
Қайғылы болып келемін.
Сау жерім жоқ, ей, патшам,
Бүгіннен қалмай өлемін.
Көргенімді, Алшағыр,
Айтып өлсем деп едім.
Сен патша да, біз нөкер,
Сүйенішің мен едім.
Әлім кетіп шаршадым,
Таңнан қалмай өлемін.
- 1790 Нулы көлдің бойында,
Қарақыпшақ елінен
Тоқтарбайдың баласы
Қобыланды атты ер келді.
Жылқыны көзім көрген соң,
Қайтпаған тауым ер едім,
Жау келді деп желдендім.
Жау табылды маған деп,
Қайтпай жауға шабам деп,
Қанша дұшпан болса да,

- 1800 Жалғыз барып алам деп.
Көлде жатқан жылқыны
Мен олжаға алам деп.
Ойымда жоқ қорқыныш
Еркінсініп барғанмын,
Жылқыны қуып алғанмын.
Батыр аңқау, ер көдек,
Жеңілер көңіл ойда жоқ,
Батырсынып барғанмын.
Өзімнің аңсыз ісімнен
- 1810 Қайғы отына жанғанмын.
Көп айтуға әлім кем,
Ақылымнан таңғанмын.
Көлде жатқан жылқыны
Дүркіретіп қуғанмын,
Өзімді-өзім ұрғанмын.
Қобыланды қуып артымнан,
Өз әліме қарамай,
Ерге қарсы тұрғанмын.
Қарсыласып қарыстым,
- 1820 Қылышпенен шабыстым.
Жұлып алды қылышты,
Ат үстінде алыстым.
Аударысып Қобыланмен
Бір азырақ қарыстым.
Ерлігі асып өрледі,
Маған ерік бермеді.
Аударып алып атымнан,
Жеңуге Қобылан меңдеді.
Толықсып тұрған жасында,
- 1830 Қырымнан келген қырық ер
Жолдасы екен қасында.
Қобылан екенін білмедім,
Мен ұрылдым қапыда.
Аударып алып торы аттан
Қатты басты тақымға.
Қобылан қатты соққанда,
Жаным көзге көрінді.
Мұрнымнан аққан қара қан

- Шүмектеп жерге төгілді.
1840 Ғайыптан маған тап қылды,
Тоқтарбайдың баласы—
Қобыландыдай көрімді.
Қобыланды мені ұрды ғой,
Жел терістен тұрды ғой,
Қас масқара қылды ғой.
Мұрнымнан аққан қара қан
Етегімді жуды ғой.
Қобыландының көк қылыш
Шыбын жанға өтті ғой,
1850 Түп-түбіме жетті ғой.
Мен емес жалғыз, көп қалмақ
Кемеңіз құмға шөкті ғой,
Құлақ, мұрным кесті ғой.
Құлағымды кесті шұнтитып,
Мұрнымды кесті жымпитып,
Қарымды кесті құнтитып.
Қанша батыр десең де,
Қобыландыдан кем болдым.
Шын қорқақ мен болдым,
1860 Еңіреп жылап сел болдым.
Қағайын десем қарым жоқ,
Қарға менен құзғынға
Орта жолда жем болдым.
Көргенім айтқан себебі,
Алшағырдай патшаға
Осылайша айт деп еді.
Көргенін айтып баяндап,
Ғаріп болған ер Тәуке
Жұлдыз шыға өледі.
1870 Келгенін Қобылан хан біліп,
Ер Тәукеге қайғырып,
Алшағыр қатты сасады.
Қайғырмай хан не қылсын,
Сүйеніші Тәукеден
Қалғаннан соң айрылып.
Таянады бүйірін,
Жасыған жездей майрылып.

- Қобыланды келген есер деп,
Халқымды әлек етер деп,
1880 Елімнің оты өшер деп,
Басымнан бағым кетер деп,
Көзінің жасы төгіліп,
Омырауына нөсерлеп.
Жанынан үзіп күдерді,
Патшаның жүзі қарайды,
Қабағы ханның түнерді.
Бейпіл жатқан халыққа
Жинал деп хабар жіберді.
Әмір жазды тағы да:
1890 «Елінің ері келсін деп,
Бір қиындық іс болды,
Көзбенен келіп көрсін деп.
Қарақыпшақ жау келді,
Халқым көріп сенсін деп.
Сүйенішім ер Тәуке
Қайтпайтын жаудан сер Тәуке,
Талай жауға барғанда,
Жауға соғыс салғанда,
Болған жоқ тіпті кем Тәуке.
1900 Қарақыпшақ Қобыланды,
Сол секілді ерімді
Қас масқара етті ғой.
Елден озған ер Тәуке
Арманда болып өтті ғой,
Құлақ, мұрнын кесті ғой.
Қалмақ деген қалың жұрт,
Кемеміз құмға шөкті ғой.
Жау көргенде қағатын
Төре менен бегілерім
1910 Осы бүгін қағындар.
Халықтағы ерлердің
Баршасын жиып алыңдар.
Сансыз әскер қол болып,
Есебі жоқ мол болып,
Іргелес қатар қонған ел,
Қасымнан дұшпан болған ел

- Жауға қарсы барыңдар.
Шамаң келсе, батырлар,
Қарақыпшақ Қобыланнан
1920 Тәукенің қанын алыңдар».
- Азамат басын құрады,
Әскерін сансыз жияды,
Тұлпар мініп ту алған,
Жау дегенде қуанған,
Талай мықты батырлар
Қуанысып тұрады.
Көп әскердің ішінен
Аталы сыншы қашаннан,
1930 Екі адам шығады.
—Патшамызсың сен,— деді,
Екі сыншың біз,—деді,
Қобыландыны сынауға
Ұлықсат бізге бер,—деді.
Қаразым мен Сараман
Адамды сынап санаған.
Сынауға ешкім асқан жоқ,
Бұл екеуі данадан.
Екеуі ханға келіпті,
1940 Сынауға берді ерікті.
Сан жетпейтін топ әскер,
Қобыландыны алуға,
Қыпшақты барып шабуға,
Енді қалмақ желікті.
Тұс-тұсынан ту байлап,
Соғысқа шықты сансыз қол.
Қаруларын, ерлерін
Алдына алып ыңғайлап.
Кілең батыр паң болып,
1950 Жүрген жері шаң болып,
Көргендерге таң болып.
Бөріктері шыпырлап,
Арбалары шықырлап.
Аттылары аяулап,
Бірқатар әскер жаяулап.

- Қызарып күн шыққанда,
Ерлер туын қолға алды.
Қарақыпшақ еліне,
Баруға әскер жолданды.
- 1960 Батыр Тәуке өлген соң,
Қалмақтың халқы арланды.
Шамырқанды, шамданды,
Беркінденіп қамданды.
Ер арланып бусанды,
Көкпеңбек қару құрсанды.
Есепсіз дәулет, малы сай,
Алшағыр ханның бағы сай,
Көкпеңбек қару алғаны
Батырының бәрі сай.
- 1970 Қапысыз болды құралы,
Алаулап шапқан ұраны,
Ортасында Алшағыр
Үгітін айтып тұрады.
Ұлықсат алып көп әскер
Енді шәрден шығады.
Қобыланды да қамданып,
Ақбоз атқа мініпті.
Шығыршықты көк сауыт,
Дулығасын киіпті.
- 1980 Тасты кескен ақ алмас
Беліне құрсай іліпті.
Қалмақтан бар қауіпі
Қарауыл қарап жүріпті.
Ұлы сәске болады,
Күн сәскеге толады.
Көз жіберсе Қобыланды,
Бұрқыраған тозаңнан
Күн қараңғы болады.
Жауды болжап байқаса,
- 1990 Айта берсе сөз жетпес,
Жау шетіне көз жетпес.
Жердің жүзін қаптаған,
Санағанда сан жетпес.
Аттан түсіп Қобыланды

- Астындағы боз атты,
 Шап айылын бос тартты,
 Төс айылын қос тартты.
 Үзеңгісін ұзартты,
 Шабуға жауға құмартты.
- 2000 Құйысқанын қысқартты,
 Қайтар Қобылан ер емес,
 Әскерге қарап жөн тартты.
 Боз қырқа жардың басында,
 Қарсы келді көп әскер
 Қобылан атты батырға,
 Қайтпайтын жаудан батылға.
 Қайтпас жүрек, берен ер,
 Жаңа талап жас ұлға.
 Екі сыншы алдымен
- 2010 Қобыланға жақын келеді.
 Анадайдан көреді,
 Аталы сыншы неме еді.
 Көрген соң-ақ Қобыландыны
 Еңіреп жылай береді.
 Көздің жасын төгеді,
 Қалмақтардың ерлері
 Жылайсың деп сыншыға,
 Қатты сөгіс береді.
 —Жылауың сенің нешік?—деп
- 2020 Ту ұстаған Алшағыр,—
 Себебін айт,—деп еді,
 Екі сыншы сөйлейді,
 Сөйлегенде бүй дейді:
 —Тоқтарбайдың ер Қобылан
 Айтулы ердің өзі екен,
 Керемет күші көп екен.
 Қобыланды батыр дегені,
 Өтірік емес шын екен.
 Он екі мүше, таза тән,
- 2030 Бәрі бірдей тең екен.
 Ақылға асқан кең екен,
 Жаннан қайтпас ер екен,
 Ерінбей шабар сер екен.

- Біздер қой да, ол қасқыр,
Ойып, қырар бөрі екен.
Амал ойла, падишам,
Осы сынау жөн екен.
Желігіп тұрған батырлар
Айтқанына нанбады,
2040 Жеделінен танбады.
Оңай емес бір кісі
Көп кісіні алмағы.
Мақұл көрді соғысты,
Сансыз әскер қалмақпен
Жалғыз өзі Қобыланды
Қолына берен ту алды.
Жауды көзі көрген соң
Жүрегі қызып, қуанып,
Қыпшақтардың да адамы.
2050 Қырық жігіті сайланып,
Артында тұр құралып.
Қобыланды жас жүрек
Қайтпас жаудан батыр-ды,
Зерек көңіл, ақылды,
Жекпе-жек деп ақырды.
Дәмең болса, келіндер,
Жалғыз тұрып шақырды.
Айтулының өзі еді,
Ауызға толы сөз еді.
2060 Қанша жауға барса да,
Шалдырмай қайтқан неме еді.
Алшағыр хан-патшаға
Немере жақын сол еді.
Қара обадай қарасы,
Келбеті келген неме еді.
Астында ала тұлпармен
Жекпе-жекке келеді.
Екі жақтың адамы
Алыстан байқап көреді.
2070 Жекпе-жекке шыққан ер
Қарабек саспай келеді.
Айнымай Қобылан тұрады,

- Осындай жақын келгенде,
Қалмақ та болса үлкен деп,
Сәлем берді иба етіп,
Тоқтарбайдың шырағы.
Сәлемін құп деп алады,
Қарабек сөйлеп қарады.
—Сен Қобыланды батыр саналы,
- 2080 Халық мактап жүрсе де,
Көріндің көзге шамалы.
Ақылды туған ер болсаң,
Құрмет етсең ағаны,
Қарекең кезекті алады.
Өзіңе-өзің сенесің,
Батырсынған немесің.
Менің атым Қарабек,
Қалай маған төзесің?
Мықтымсынған ерлердің
- 2090 Ойғанмын неше төбесін.
Сан жетпейтін көп жаудың
Ішкіздім қаннан кересін.
Сен кіші де, мен үлкен,
Кезегімді бересің.
Сонда Қобыланды сөйлейді:
—Рас, үлкен ағасың,
Келбетіңе қарасам,
Білгендей ақыл данасың.
Жақсы айтасың, Қареке,
- 2100 Менен үлкен ағасың,
Бұрын туған данасың.
Өзіңнен қораш сен көрдің
Қобыландының қарасын.
Еркінменен сөйлейсің,
Осы жерде-ақ мені аласың.
Көлденеңнен көз салған,
Кім мықты да, кім осал,
Көрер халық шамасын.
Иә, Қареке, Қареке,
- 2110 Ерге жедел шын керек.
Ер қолына ту керек,

- Өркімге де ел керек.
Жауды көзі көргенде,
Айнымай шабар ер керек,
Қайтпас қайсар сер керек.
Көтере бойдан пайда жоқ,
Аспанменен таласқан
Толып жатыр бәйтерек.
Жасың үлкен ағасың,
2120 Жасы кіші ініден
Кезегінді аласың.
Кезек алып Қарекем,
Байқап алсын шамасын.
Кешікпей-ақ халық білер
Мықты мен осал арасын.
Атақты батыр даңыңыз,
Қаруыңды болаттан
Қайрап тасқа жаныңыз.
Сен үлкен де, мен кіші,
2130 Кезегінді алыңыз.
Қобыланды кезек берген жер,
Қайтпайтұғын Қарекем,
Өзіне-өзі сенген ер.
Талай жауды жаулаған,
Ежелден мықты кемеңгер.
Өзге жаннан өзгеше,
Бөтен ерде келбеттен,
Мұндай біткен бойда жоқ.
Заманында адамнан
2140 Жеңілем деген ойда жоқ.
Еңсесінде сексен шоқ,
Садақ толған саркез оқ.
Қобыландыны алам деп,
Қарабек ердің көңлі тоқ.
Алмасын қайрап безеді,
Өткірлеп оғын кезеді,
Өзіне-өзі сенеді.
Қайтпас қайсар ер Қобылан
Жасы үлкен қалмақ деп,
2150 Кезегін берген ер еді.

- Үшке дейін кезекті
Беруге Қобылан серт етті,
Қарабек атты батырға.
Екі батыр кездесті,
Көктөбенің басында.
Темірден құйған шокпарды,
Қарабек қолға алыпты.
Ашуланып ақырды,
Мықтылығы анық-ты.
- 2160 Дүрілдетіп шокпармен
Тас төбеге салыпты.
Ойына Қобылан келмеді,
Тас кескен ақ алмаспен
Қарабек тағы сермеді.
Шапқан алмас өтпеді.
Шақпақ қылыш ер Қобылан
Жасық пышақтай көрмеді.
Керулі тұр садағы
Үш кезектің ең соңы
- 2170 Оқты толғап алады.
Тасқа тиген нәрседей
Кейін қайтып барады.
Ерге қару себепті,
Саржаға Қобыланды
Болат садақ кезепті.
Табан тіреп қалмаққа,
Тартып беріп қалады.
Токтайтұғын оқ емес,
Батырдан зулап ағады.
- 2180 Жолда тұрған қалмақ көп,
Талайларын қағады.
Қыл жалаулы көп қалмақ
Лаулап ерді қамады.
Кезекке ешкім келмеді,
Қарабегі өлген соң
Шулап қалмақ еңіреді.
Қамап келген көп жауға
Қобыланды ерік бермеді.
Жауға Қобылан кірген соң,

- 2190 Талайы құлап көлбеді.
Ел бастығы Алшағыр
Қобыланды байқап сынапты.
Қарабегі кеткен соң,
Қапыда ісі өткен соң,
Басынан заман кеткен соң,
Еңіреп өксіп жылап тұр,
Көзінің жасын бұлап тұр.
Ақылгөйі жолдастан,
Сасып ақыл сұрап тұр.
- 2200 —Ал, жолдастар, жолдастар,
Уәзір жолдас қол бастар.
Кел, ақылдасып қарайық,
Ойласып ақыл табайық.
Түрі жаман ер екен,
Сендерге ақыл салайық.
Мақұл көрсең, жолдастар,
Амал бар ма көнейін,
Біз мықтымыз демейін.
Елшілікке ол көнсе,
- 2210 Қобыланға билік берейін.
Ел билігін берген соң,
Айтқанына көнген соң,
Дос боласың Қобыланмен
Бөтен көрмес қалмақ деп,
Бір-біреуге сенген соң,
Амандықта, саулықта,
Бүтіндікте, барлықта.
Осындай амал етпесек,
Түрі жаман ер екен,
- 2220 Қалдырар бізді тарлыққа.
Не десе де көнелік
Қобыланды айтқан жарлыққа.
Әміріне көнейік,
Енді пәлен демейік.
Өзіне ерік берейік,
Көңілі өссін мерейің.
Айтқанын ердің қылайық,
Осыным болар ылайық.

- Амал бар ма, бегілерім,
2230 Амалсыздан шыдайық.
Достасып тату болған соң,
Сырын берер Қобыланды ер.
Қайтпайтын жаудан батыр, шер,
Айла, ақылы көп екен,
Білікке асқан кемеңгер.
Ақылмен алдын орайын,
Қобыланмен досты болайын.
Көргенмін жаудың талайын,
Артық көрдім ішіңнен,
2240 Ақыл ойлар сарайын.
Қобыландыменен дос болып,
Жайғасқан соң байтақ ел,
Ақырын өзім қарайын.
Қорыққан хан Алшағыр,
Жанынан үзген күдерді.
Қараңғылық күн түсіп,
Қайғыға қалмақ түнеді.
Дос болам деп Қобыланға,
Алшағыр елші жіберді.
2250 Батыр аңқау, ер көдек,
Алшағырға сенеді,
Айтқанына көнеді.
Дос болуға ханменен
Қобылан уәде береді.
Құшақтасып ханменен
Дос болатын жер еді.
—Ей, Алшағыр, Алшағыр,
Бір айтатын сөзім бар,
Сөз тыңдайтын жөнің бар.
2260 Бейпіл өскен елің бар,
Досты болсаң тілімді ал,
Алатұғын жөнің бар.
Болмасын бізде алалық,
Қалмасын ойда қаралық.
Шын достықта болмасын
Алшағыр патша, шалалық.
Шіге тие көшейік,

- Ірге тие қонайық.
Бір тілекте, бір дінде,
2270 Алшағыр хан, болайық.
—Не десең де көндім деп,
Қобыланды, саған сендім деп,
Бір діндемін, Қобыланды,
Билігімді бердім,—деп.
Көңілдесіп, сенісіп,
Құшақ жайып, көрісіп,
Дос болдық деп сенісіп,
Бір-біріне сенген жер,
Уағдасын берген жер.
2280 Уағдасын берген соң,
Бір-біріне сенген соң,
Келісімге келген соң,
Дос болысып тарады,
Қалмақтар елге барады.
Алшағыр патша елімен,
Еліндегі ерімен
Ақылдасып қарады,
Маслихатқа салады.
Шарасыз қалмақ сенеді,
2290 Қобыландының айтқанға,
Амалсыздан көнеді.
Қыпшақ деген ауылды
Достықпенен қонаққа
Шақырған осы жер еді.
Қалмақтардың кеңесі,
Осылай болды себебі.
Қуаныш көңіл қоштыққа,
Алшағыр хан той қылды,
Қобыландымен болған достыққа.
2300 Ел шақыр деді Алшағыр,
Әмір етті бастыққа.
Қыпшақты қонақ қылғанша,
Тимеді басы жастыққа.
Байтақ қалмақ ел келді,
Қалмай халық тең келді,
Сән, сайманмен тең келді.

- Бозбала мен қыз бала,
Қалмастан бәрі тең келді.
Қалмақ тыныш тапқан соң,
2310 Ажарланып Алшағыр,
Хан көркейіп өңделді.
Елін жиып алған соң,
Қыпшаққа хабар берді енді.
Қыпшақ ауыл бәрісі,
Жасы менен кәрісі,
Қуанышты сол қыпшақ,
Шақырған соң ол тойға,
Баршасы атқа мінеді,
Қонаққа қыпшақ жөнелді.
Ер қабылы деген сөз,
2320 Шын тілегін тіледі.
Бозбала мен қыз бала,
Жастары жүрді сәнменен,
Ащы дауыс әнменен.
Домбыра, сырнай, салтанат,
Келді қыпшақ пәнменен.
Қалмаққа қонақ барады,
Түсіріп қонақты алады,
Қонағын жақсы бағады.
Қызметі қалмақтың
2330 Келгендерге жағады.
Қонаққа келген сыйлық деп,
Ат мінгізіп астына,
Қарттарға шапан жабады.
Көрмеген сыйлық қыпшаққа,
Батыр Қобылан көргізді,
Ерлігін халыққа сенгізді.
Еркек, әйел бәріне,
Жасы менен кәріге
Сансыз сыйлық бергізді.
2340 —Астана қалмақ елдері,
Бәріңіз бермен кел,—деді.
Достылығың шын болса,
Айтқаныма көн,—деді.

Бір тілекте болайық,
 Мұсылманның дініне,
 Ризалықпен көн,—деді.
 Айтқанына Қобыланды көндірді,
 Бір дінге қалмақты ендірді.
 Алдырман деген қалмақтың
 2350 Жеделін ішкі сөндірді.
 Қыпшақтың елін қуантып,
 Батыр Қобылан естірді,
 Қалмаққа салып дестірді.
 Көңіліндегі ер сөзін

Халқына сонда естірді.
 Сексендегі шалдардың
 Еркек кіндік бар жанын
 Біреуін қоймай кестірді.
 2360 Қобыланмен дос болған соң,
 Қуанды қалмақ елі енді,
 Тыныштық тапты ер енді.
 Қобыланнан аман болған соң,
 Қуанышқа кенелді.
 Тарту алып олжамен,
 Ырзалықпен қыпшақтар
 Аулына қайтты сол енді.
 Қалмақ пенен қыпшақтың
 Тілегін қосқан жер енді.

Әлкім 2370 Қобыланды мен Алшағыр хан дос болады. Қалмақ пен қыпшақ арасындағы жаулық бітеді. Екі ел бірімен-бірі достасып қонақ болады, құрмет көрсетеді. Алшағыр ханның қол астына қараған ел мұсылман дініне кіреді. Қобыландының көшіп келген елі Жиреннің көлін мекен етіп жайлайды. Осы мезгілдің ішінде бейбітшілікпен екі жыл өтеді. Құртқа мен Хансұлу еріккен уақытта әткеншек тебу үшін Жиреннің көліне терек ектіреді. Ол теректі жақсылап күтіп, тез өсіреді. Екі жыл ішінде көлеңкесіне жел уездейтін шынардай биік терек болады. Алшағырдың достығы достық болады. Достасып осылай өмір өте береді. Алшағыр хан Қобыландыға сездірмей өзінің би мен бегін шақырып алып ақылдасады. 2380 Осылай Қобыландының қарамағында отыра береміз бе, немесе Барса деген ханға мұңымызды шағып, Қобыландыдан кегімізді

алсақ қайтеді деп кеңеседі. Ақыр осылай ұйғарады.

Ойласып амал табады,
Барса келмес патшаға
Астыртын қағаз жазады.
«Батыр патша сен едің,
Атақты Барса ер едің.
Елің алыс болса да,
Сүйенішім сен едің.
Қалмақтың қорған басшысы,
Паналы бақша терегім.
Хат жазған сізге себебім,
Тарылды менің заманым,
Болмады, Барса, амалым.
Тоқтарбай ұлы Қобыланнан

Қатты көрген қорлық бар,
Бізге қылған зорлық бар,
Соны сізге шағамын.
Барса, жәрдем бермесең,
Құрыды менің амалым.
Қарақыпшақ қазақтан
Қобыланды деген ер келді,
Ел шабуға келді енді.
Қалмақтың ері Тәукеге,
2390 Келе өлім берді енді.
Екінші батыр Қарабек,
Қобыланнан бұ да өлді енді.
Батыр Қобылан келген соң,
Тарлықты қалмақ көрді енді.
Айламенен амалдап,
Срокпен тыныстап,
Біз тұрамыз самалдап.
Өп-өтірік дос болдық,
Тапқан айла амалдап.
Сен болмасаң, ер Барса,
2400 Жаққан отым өшті ғой,
Халқымнан кеңдік кетті ғой.
Қорлық елге жетті ғой,

- Қыпшақтың көңлі өсті ғой.
Қалмақты дінге кіргізіп,
Қас масқара етті ғой.
Сексендегі шалымды,
Жасым менен кәрімді,
Біреуін қоймай кесті ғой.
Амалдайын, алдайын,
2410 Ер Қобыланды арбайын.
Жіберейін, ал Барса,
Қалай болар жағдайың?
Күтіне бер, Барса хан,
Ерлердің жина маңдайын.
Күтінсін, бекінсін еліңіз,
Даярлансын еріңіз,
Ерлерге әмір беріңіз.
Жылап тұрған көзім бар,
Өксіп тұрған өзім бар.
2420 Қыпшақтан көрген зәбір бар,
Беркінде жатқан елің бар.
- Елде талай ерің бар,
Ішімде қайғы, шерім бар.
Өтінемін мен сізге,
Қарасатын жөнің бар».
Алшағырдың бұл хаты
Хан Барсаға барады.
Пешатын хан бұзды да,
2430 Көзін салып қарады.
Жазған хатқа түсініп,
Арызын қабыл алады.
Жіберемін Қобылан дегені,
Патшаға әбден жағады.
Хатқа әбден түсініп,
Ерлер менен бегілерді,
Шакыртып Барса алады.
Ақылдасып, ойласып,
Жазған хатты қоштасып,
Қуанысып тұрады.
2440 Сонда Барса сөйледі:

- Батыр батыр болар ма,
Халық үшін арланбай,
Көріп жауды шамданбай.
Мұқата ма дұшпанды
Халық үшін арланбай.
Жіберемін мен жазып
Алшағырға хатымды.
Ұрудың ары жақын-ды,
Арға шабу мақұл-ды.
- 2450 Қару, қапшық сайланып,
Күйлеп тұр ерлер атыңды.
Есітемін хабарын,
Жаннан қайтпас ер дейді,
Сескенбейтін сер дейді.
Хабар берді Алшағыр,
Батыр туған ер Қобылан
Жақында атым ерлейді.
Достығына наныпты,
Алшағырдың айтқаны
- 2460 Өтірік емес, анық-ты.
Жіберем деп Қобыланды,
Құпия қағаз жазыпты.
Бізге де қиын сын болар,
Кәріп болған Алшағыр,
Халқына жәрдем бермесек,
Көзінің жасын көрмесек.
Айтқанының бәрі жөн,
Көңілмен аңдап серлесек.
Бізге де қиын сол болар,
- 2470 Тарлықта тұрған халықтың
Кегін алып бермесек.
Ерлер атын баптайды,
Шынарға найза саптайды,
Алмас қылыш қаптайды,
Шын болаттан суарып,
Жаңалап, қынап қаптайды.
Қобыландыға күтініп,
Жігерін ішке сақтайды.
Хан Барсаның елінен,

- 2480 Қуаныш келді, шат келді,
Күтініп қалмақ жатты енді.
Қобыландыны алдап жібер деп,
Халықтың басы хан Барса
Алшағырға хат берді.
Ер Барсаның жазған хат
Алшағырға келеді,
Хатын оқып көреді.
Қорыққан мен қуанған
Екеуі бірдей деген сөз,
- 2490 Көзінен жас төгеді.
Қобыландыны жібер дегені,
Қуанған осы себебі.
Отыз төре, қырық бегі
Шақыртып хан алыпты.
Келген бегілер анық-ты,
Ақылдаса қалыпты.
Құтқарам деп бейнеттен
Қалмақтың ханы ер Барса
Амалсыз тұрған халықты
- 2500 Кеңшілікке шығарып,
Көрсетем деп жарықты.
Сипаймын деп маңдайдан,
Лажсыз тұрған ғаріпті.
Амалдың таптым қандайын,
Айлаға айла жалғайын.
Қобыландыны алдайын,
Алдайын да арбайын.
Қатты қолға алайын,
Ақыл, амал табайын.
- 2510 Амалсыз қорқып дос болған,
Хан Барсаның еліне
Қобыландыны жұмсап қарайын.
Қолға қалам алады,
Айла, амал табады.
Ойлағаны жамандық,
Алдайын деп Қобыланды
Жазып мұңын шағады.
—Шыны достым сен едің,

- Алшағыр досың мен едім.
2520 Басыңа қиын іс түссе,
Қайрылармын деп едің.
Достылығың шын болса,
Арызымды аласың.
Қиын жерге жұмсаймын,
Досым десең барасың.
Берікте жатқан жауым бар,
Құлатасың қаласын.
Бар мақсатым бітеді,
Шулатсаң қатын, баласын.
2530 Көп өтінер сөзім бар,
Шыны достым болған соң,
Өтінуге жөнім бар.
Барсакелмес патшада,
Алынбай жатқан кегім бар,
Қорлықпен көрген зәбір бар.
Достым болсаң сенесің,
Айтқан сөзге көнесің.
Хан Барсаның қатты жау,
Ханнан ішкіз кересін.
2540 Батыр батыр бола ма,
Жауының оймай төбесін.
Бар арманым тарқайды,
Хандардың басы Барсаны,
Көңілден қайғым кетуге,
Қуанып көңілім өсуге,
Әкеліп басын бересің.
Қайғы ашуым басылмас,
Әкеліп басын бермесең,
2550 Өлгенін Барса көрмесем.
Көрген тарлық көп еді,
Көңілге салып серлесем.
Екі жақсы дос болар,
Достықпен көңіл қош болар.
Шын достықтың белгісі,
Досының кегін еске алар.
Екі жаман дос болар,

- Достықтың арты бос болар.
Барсаның басын әкелсең,
2560 Қуанып көңілім қош болар.
Жіберген хатын Қобылан алады,
Қағазды оқып қарады.
Жиды қыпшақ елдерін,
Қырық батыр ерлерін.
Халқына ақыл салады,
Ақылдасып қарады.
—Өтінген Алшағыр маған,—деп,
Қырымнан келген қырық батыр,
Сендерге ақыл салам,—деп,
Досым маған өтінген,
2570 Достың тілін алам,—деп.
Қарақыпшақ халқымсың,
Баршаңа ақыл салам,—деп.
Мақұл көрсең, жолдастар,
Осы жауға барам,—деп.
Өтінген соң Алшағыр,
Бармай неғып қалам,—деп,
Хан Алшағыр доспенен,
Уәдем берік, тамам,—деп.
Қартқожақ сонда сөйлейді:
2580 —Алдыңда ағаң мен едім,
Сүйенішім сен едің.
Сізге тізгін беремін,
Не десең де көнемін.
Алшағырдың қамаудан
Қырық жігіттің шыққаны
Қобыланды, сенің себебің.
Алшағырға барыңыз,
Аузынан жауап алыңыз.
Ерік өзіңде, Қобыланды,
2590 Сүйенгені—жалғыз сен,

Бұл қыпшағың қалай дер,
Жасы менен кәріңіз.
Қобыланды Алшағырға бармақ болды,
Патшадан барып жауап алмақ болды.

- Ерлерге уәде менен достық қымбат,
Сөйлесіп жауабына қанбақ болды.
Сол күні Алшағырға Қобылан келді,
Келді де шын досына сәлем берді.
- 2600 Төресі, бегілермен қасында отыр,
Амандық баршасының жүзін көрді.
Қолдасты амандасып баршалары,
Жиылған мәжілісте жас пен кәрі.
Құрметтеп Қобыландыны қарсы алады,
Сыйлады құрмет етіп халықтың бәрі.
Қобыландының келген жер,
Ханға сәлем берген жер,
Құрмет еткен қалмақтың
Сый, құрметін көрген жер.
Ортасында отырды
- 2610 Сыйлық көріп Қобыланды ер.
Қалмақтың басы—Алшағыр,
Айла, ақылға кемеңгер.
Алшағырдың айтқан сөз,
Құлақ сал, халық, тыңдай бер.
—Көңілімдегі сөзімді,
Айтамын, Қобылан, мен,—деді.
Құшақтасып дос болған,
Шыны досым сен,—деді.
Тілейтұғын тілек бар,
- 2620 Тілегімді бер,—деді.
Дос болғалы сізбенен
Көңілім өсіп, өрледі.
Қалмақтың басы Барсада
Алынбай жатқан арым бар,
Жұмсаймын, досым, мен,—деді.
Шыны досым сен болсаң,
Арымды алып бер,—деді.
Өтінетін сөзім бар,
Жалынып тұрған өзім бар.
- 2630 Қалмақта мықты Барсада
Алынбай жатқан кегім бар.
Көрген қорлық зәбір бар,

- Әперетін кегімді,
Қобыланды батыр, жөнің бар.
Талай батыр, хан, бегі
Ер Барсаға барыпты.
- 2640 Барған адам қайтпаған,
Мықтылығы анық-ты.
Кейін қайтқан адам жоқ,
Соған барған батырлар
Сол шаһарда қалыпты.
Барса келмес атақты
Сол себепті алыпты.
Барсаға шабам деген ел,
Әр мақсаты болмаған,
Барған адам оңбаған.
Барса келмес патшаға
Бақыт пен ерлік орнаған.
Атса мылтық өтпеген,
- 2650 Шапса қылыш кеспеген.
Өресі адам жетпеген,
Ары жауға кетпеген.
Айтулының өзі еді,
Талайды басып жер еді.
Өзінің аты ер Барса,
Келмес деген атағы
Барған адам шәріне
Қайтпады бірі деп еді.
Қорықпасаң, шын досым,
- 2660 Сіз Барсаға барыңыз,
Досыңның тілін алыңыз.
Сізбенен досты болған соң
Жарқырап атқан таңымыз.
Көрген қорлық, кегім бар,
Кеткен талай арымыз.
Ар әперсең Барсадан
Сая табад жанымыз.
—Достың түбі қиындай,
Алшағыр, салдың бүйімді-ай.
- 2670 Достым маған қиылды-ай,

Тау қайыру қиындай.
Достың тілін алмасам,
Жұмсағанға бармасам,

- Ерлігіме шын ұят.
Зейінмен аңдап ойласам,
Жұмысыңа барайын,
Алшағыр, тіліңді алайын.
Досым үшін бір сапар
2680 Мен Барсаға барайын.
Жоғары болса талайым,
Барсаның елін шабайын,
Қылышты қанға малайын.
Сенің үшін, жан досым,
Ажалым жетсе егер де,
Жау ішінде қалайын.
Пәлен, түген демейін,
Жақсылық пен жамандық,
Маңдайымнан көрейін.
Көк найзамды безейін,
2690 Сарыжамды кезейін,
Бір басымды санға теңейін.
Атаңа нәлет Барсаның
Қабырғасын сөгейін.
Көңілінде арман бар болса,
Барса келмес батырдың
Әкеліп басын берейін.
Уағдасын береді,
Барса келмес патшаға
Барамын деп Қобыланның
2700 Серт байласқан жері еді.
Қағаздасып қанменен
Қыпшаққа қайтқан жер еді.
Уәде беркін қылады,
Қыпшақтың Қобылан шырағы
Қыпшақ елін жияды.
Жауға сапар етуге
Садақа тойын қылады.
Жиылған ел, халқына

Құрмет етіп тұрады.
2710 Құлағың сал, кел тыңда,
Қырымнан келген қырық батыр.
Жолдас болған ерлерім,
Жасы үлкен аға мен
Заманы бірге теңдерім.
Алшағыр хан досыма

Менің барып келгенім,
Уәде еткен сөзім бар,
Барып қайтқан өзім бар.
2720 Алшағыр хан досым бар,
Барсадан көрген зәбір бар.
Өзім Қобылан болған соң,
Кегін жоқтау жөнім бар.
Достың тілін аламын,
Уәде еттім ханменен,
Еліне Барса барамын.
Жұмсаған соң жан достым,
Бармай неғып қаламын?
Қайырмаңыз, уа халқым,
Қобыланның сапар талабын.
2730 Сөйледі Қобылан желігіп,
Көтеріліп серігіп,
Көптен жауға бармаған,
Қобыланды жүрген ерігіп.
Азамат басын құрады,
Барамын деп сол жауға
Халқынан ұлықсат сұрады.
Қарақыпшақ көп халқы
Уайым етіп жылады.
Жыламай халқы не қылсын,
2740 Тоқтарбайдың ер Қобыланы
Қыпшақтың қорған шырағы,
Қарт, кәрісі жылады,
Көздің жасын бұлады.
Елге қорған Қобыланның
Ханға уәде еткен соң,
Қарақыпшақ халқында

Болмайтын болды тұрағы.
Қыпшақ елі жылап тұр,
Көздің жасын бұлап тұр.
2750 Қайта-қайта Қобыланды,
Барамын Барса ханға деп,
Ұлықсат елінен сұрап тұр.
Сексенге келген Тоқтарбай:
—Қорқамын жолдан мен,—деді,
Желікпе балам сен,—деді.
Батыр аңқау, ер көдек,
Ақылың сенің кем,—деді.

Қарақыпшақ жылап тұр,
2760 Тілегін елдің бер,—деді.
Айласы көп Алшағыр,
Амалмен әдіс еткен-ді.
Барса келмес патшаға
Астыртын қағаз жеткен-ді.
Жан қайтпайтын ер Барса,
Алдырмайтын өктем-ді.
Өтірік алдап, дос болып,
Көрген қорлық баршасын,
Барсаға баян еткен-ді.

2770 Атаңа нәлет ит Барса
Талай жауды өткерді.
Қалмақ деген көп халқын,
Мақсатына жеткерді.
Айласы көп Алшағыр
Өтірік сізге дос болып,
Қобыланды, сені алдаған,
Залымдықпен арбаған.
Тілімді алсаң, Қобыланды
Пайдамыз болар бармаған.
Айла, амал еткен-ді,

2780 Барсаға хабар жеткен-ді.
Әр өтірік дос болған,
Көрген қорлық баршасын,
Барсаға баян еткен-ді.
Көңіліндегі мүддесін,

- Күні бұрын жеткерді.
Сен кеткен соң, Қобыланды,
Қайғы берер Алшағыр
Қарақыпшақ еліңе.
Қожа болар Алшағыр
Жирен қопа көліңе.
Халқыңды келтірер,
2790 Өзінің деген жеріне.
Көрсетер елге зәбірді,
Тілін алсаң қалмақтың
Бересің қолдан кегінді.
Тыңдамай кетсең сөзімді,
Досың ояр көзімді.
Қарақыпшақ халқыңыз,
Қысыммен көрер зәбірді.
- Айырсаң бізден шегінді,
2800 Қор етер қалмақ елінді.
Сындырар бекем белімді.
Алдағанға кетсеңіз,
Көерміз қысым, зәбірді.
Сонда Қобылан сөйлейді:
—Жылама, ата, жылама,
Көзіңнің жасын бұлама.
Қауырсыны қатқан соң,
Жата ма бүркіт ұяда.
Белгілі берен ер жігіт,
2810 Бек сауытқа сия ма.
Қас жастықтың белгісі
Жауға жанын қия ма.
Менің сапар жолымды,
Осы сапар сұрама.
Шын иланып мен жүрмін
Алшағырдың сөзіне.
Қаһарлансам кім шыдайды,
Сарыжаның кезіне.
Дұшпандықпен жұмсаса,
Обалы болсын өзіне.
2820 Ақырында, уа, халқым,

- Жауыздық кылса егер де,
Алшағыр хан қалмақтың
Халқым шұқыр көзіне.
Дос болып жүріп қас болса,
Обалы болар өзіне.
Сөйледі Аналық анасы
Қобыланды жалғыз баласы.
Айрылар болды халқынан
Қобыланның арасы.
- 2830 Атасы әйел болса да,
Білікпен артық санасы.
—Қобыланды, сені көрмей тұрғанда,
Жиылған халық жиында,
Тау қайырып бетіме,
Қайырсыз бетке ұрғанда.
Дүниені бүлдіріп,
Токсан саба тілдіріп,
Керегеге ілдіріп.
Баласыздық зарпынан
- 2840 Малды талақ еткенмін.
Мал, мүліктің бәрінен
Талақ салып кеткенмін.
Көзден аққан ыстық жас
Қойыныма төккенмін.
Қу таяғым қолға алып,
Тоқтарбаймен қыдырып,
Көзімнің жасы шұбырып,
Дамылдамай жүгіріп,
- 2850 Перзенттен кеткен түңіліп.
Елді талақ еткенмін,
Талақ салып кеткенмін.
Маңғыстауды жағалап,
Әулие іздеп аралап,
Қаразымға жеткенмін.
Тоғыз жүз тоқсан әулие,
Баршасын да аралап,
Әулие қоймай саралап,
Он екі айдың жүзінде,

- Он үшінші айдың күзінде,
2860 Құлыным Қобылан, сені көргенмін.
Көрген қызық баршасы,
Бір күнгідей болған жоқ,
Неге, Қобылан, желдендің.
Алшағырға алдандың,
Жалғызым, бүгін жерлендім.
Өлдім, талдым дегенде,
Өштім, жандым дегенде,
Құлыным, сені көргенмін.
Тілімді алсаң, шырағым,
2870 Жөнді болар бармаған.
Алшағыр хан дос болып,
Қобылан, сені алдаған.
Амалымен арбаған.
Айрылып сенен бұл елде
Қалайша енді тұрамын?
Тілімді алсаң, бармаңыз,
Айламенен алдаған
Бұл дұшпанға нанбаңыз,
Алданып қапы болмаңыз.
2880 Айласы көп Алшағыр
Айламенен дос болды.
Шырағым амал еткен-ді,
Барса келмес батырға
Осы хабар жеткен-ді.
Көргенінің баршасын,
Хан Барсаға өткерді.
Алдағанға алданып,
Алданып бекер сандалып.
Қаракыпшақ көп халқың
2890 Қалмасын жылап зарланып.
Сен кеткен соң, Қобыланды,
Қарттарың қалар сандалып.
Қожа болар Алшағыр
Қоныс еткен жеріңе.
Қысым берер Алшағыр
Қаракыпшақ еліңе.
Ерік бермес еркінсіп,

- Жирен қопа көліңе.
Қалмақтар шығар еріксіз,
2900 Еркінсіп қыпшақ төріне.
Осы жауға сен кетсең,
Дүние, малың тұл болар.
Сексеннен асқан Тоқтарбай
Ақырында құл болар.
Қарақыпшақ халқыңыз
Кеңшілікке мұң болар.
Менің айтқан бұл сөзім,
Ақырында шын болар.
Жайнаған сәулет заманым,
2910 Тұман басқан түн болар.
Тұлымынан сипаған,
Қаншадай қызым қалмаққа
Шарасыздан күң болар.
Ардақтаған ұлдарым
Бастарында ерік жоқ,
Ықтиярсыз құл болар.
Сен кеткен соң халқыңды,
Қорғап бағар кім болар.
Қайрылмас бала болар ма,
2920 Ата менен анаға.
Тілек бермек болар ма
Еңіреп көрген балаға.
Қайғыланып жылап тұр
- Ағайын, халқың жана да.
Атаңа нәлет Алшағыр
Айламенен алдап тұр,
Көңіліңе салып сен қара.
Сен кеткен соң, Қобыланым,
2930 Тарылар деп қорқамын
Кендік көрген замана.
Сонда Қобылан толғайды,
Толғап тұрып ойлайды,
Ойламасқа болмайды.
Мұңын айтып шешесі

- Қайта-қайта зарлайды.
Уәде еткен сөзі бар,
Сонда Қобылан танбайды.
Сапар қылды ниеті
Елін баққан Қобыланды.
2940 —Токтарбай қарт үй иесі,
Достың тілін алуға,
Жұмсағанға баруға,
Қобыланды балаң желденген,
Әруақ қызып тебіренген.
Бармасыма шарам жоқ,
Алшағыр хан досыма
Қатты уәде сөз бергем.
Уәдемнен тана алман,
Сапарымнан қала алман.
2950 Жақсылық пен жамандық
Жаратушы панамнан.
Бағанды берсең ұлықсат деп,
Аламын ата-анамнан.
Тәуекелге мінген соң,
Сөзден қайтпас Қобылан ер,
Жаудан таймас біздей сер.
Ниеті болсын жолдасы,
Алшағыр патша қас болса,
Ақырын байқап күтіп көр.
2960 Токтарбай мен Аналық
Қолыңды жай да, бата бер.
Ата менен анасы
Екеуі қолын жаяды,
Қарттардан бата алады.
«Қайырлы болсын сапар!» деп,

Кемпір-шал бата қағады.
Қарындасы Хансұлу
«Ер көкем» деп жылады.
2970 Көзден аққан қара жас
Омырауын жуады.
Алдындағы ағасы
Қорған сүйеу панасы.

- Сапарың қи,—деп сұрайды.
Алдымда панам сен едің,
Артында нашар мен едім.
Ардақты менің болғаным,
Көкем, сенің себебің.
Атамның тілін алмадың,
Анаңның айтқан сөзіне,
2980 Көкем, құлақ салмадың.
Алшағырдай залымға
Қатты уәде еткен соң,
Жеделіңнен танбадың.
Қобылан көкем, саналым,
Өзіңе ерік саламын.
Тілекті бізге бермесең,
Нешік болар амалым
Атаңа нәлет Алшағыр,
Айламенен дос болған,
2990 Тарылтар деп қорқамын,
Қыпшағыңның заманын.
Тілімді алсаң бармағын,
Көңілі бөтен алдаған,
Алшағыр дұшпан қалмағың.
Сен кеткен соң түсірер,
Халқыңа ауыр салмағын.
Сен кеткен соң батырар,
Аналық пен Тоқтарбай
Қартыңа да бармағын.
3000 Қиындық көрмесем игі едім,
Қолаң шашым жүн болып,
Көрген күнім тұл болып.
Қайғы шекпесем игі едім,
Бірге туған көкемді
Бір көруге мұң болып.
Тоқтарбайдың көп дәулеті
Иесіз қалмаса игі еді,

Ақырында тұл қалып.
3010 Алдымда панам қорғаным,
Сенің арқаң, ер көке,

- Халыққа ханша болғаным.
Алыс сапар жол шексең,
Азғаным да тозғаным.
Көркі кетер ақ боз үй,
Еңкейе кірген орданың.
Сенің арқаң, ер көкем,
Берекетті ел болдық,
Дәулет пен баққа кен болдық.
- 3020 Артыңнан өскен Хансұлу
Ханшаменен тең болдық.
Уайым салып қайғымен
Енді жылап сел болдық.
Сенен бөтен ағам жоқ,
Тілек, жаным сен үшін,
Көңілімде алаң жоқ,
Артыңнан туған нашармын,
Еруіме шарам жоқ,
Жүретұғын амал жоқ.
—Хансұлужан, жылама,
- 3030 Көзіңнің жасын бұлама.
Атама тілек бермедім,
Анамның еткен тілегін
Алуды мақұл көрмедім.
Жылай берме, бауырым,
Бір уәде еткен соң,
Сөзімнен қайтар ер ме едім.
Өзім Қобылан болған соң,
Сескенер жаудан сер ме едім?!
Тұлпар мініп, ту алып,
- 3040 Жауға аттанар күнімде,
Бірге туған бауырым
Өсірдім сипап тұлымды.
Тілегімді тілей бер,
Ұмытпа, қалқам Хансұлу,
Өсиет еткен мұңымды.
Достығын айтып Алшағыр,
Ала берді тынымды.
Алыс емес жақында,
Белгіледім, шырағым,

- 3050 Жауға аттанар күнімді.
Қарындасы Хансұлу
Мұңын айтып жылап тұр,
Көкелеп тілек салып тұр.
Сөзінен қайтпас Қобыланды ер
Жыласа да шыдап тұр.
Енді Құртқа жырлады,
Жырламай көңілі тынбады.
Қарақыпшақ елдері
- 3060 Баршасы жылап шулады.
Қобылан мықты есер деп,
Айтқанына жетер деп,
Ортамыздан кетер деп,
Бармай қалсақ нетер деп,
Қыпшақ жұрты келеді.
Арыздасып, қоштасып,
Қобыланның кетер жері еді.
Сонда тұрып Аққұртқа
Қобыланға қарап толғайды:
—Өкеңнің тілін алмадың,
- 3070 Анаңның айтқан сөзіне
Құлағыңды салмадың.
Алшағырдай залымға
Уәде еткен сөзіңнен,
Тіпті, Қобылан, танбадың.
Қиын болар, Қобыланды,
Ер Барсаны алмағың.
Алшағырға нанасың,
Атаң менен анаңның
Құрттың, Қобылан, шарасын.
- 3080 Пәлен айлық жер дейді,
Ер Барсаның хандығы,
Қай заманда барасың?!
Осы сапар қиын жол,
Тозағында азасың.
Айласы көп Алшағыр,
Білігі асқан көрім-ді,
Атаңа нәлет жауыздың

- Алдағаны көрінді.
Ерлігі асқан Барсаға
3090 Астыртын хабар берулі.
Арамдығы ішінде,

Көргенін жазып терулі.
Сен кеткен соң, Қобыланды ер,
Еріксіз алар жерінді.
Шабар қыпшақ елінді,
Сындырар қалмақ белінді.
Күні бұрын түс көрдім,
Болашақ іс көрінді.
3100 Қарттарың мен жастарың,
Көзінің жасы төгілді,
Қыпшағың жылап егілді.
Болашақ іс бар шығар,
Айырдың халықтан шегінді.
Алдағанға алданып,
Кеттің, батыр, бейхабар.
Сен кеткен соң намысын
Ойлап халқым жадыға алар.
Алшағыр хан «шын досың»
Еріксіз басып, ел шабар,
3110 Кекті жау бізді қолға алар.
Есіне түсіп өткен іс,
Ашу тұтып долданар.
Қарақыпшақ халқыңды
Досың шауып олжа алар.
Сексенге келген қарт атаң
Қу таяғын қолға алып,
Санасыз сарық қой бағар.
Қысым болар көргені,
Тарлық болар атаңның
3120 Қалмақтан қорлық көргені.
Бүйтіп тірі жүргенше
Артық еді өлгені.
Қызығының үстінде
Әкеңе өлім келмеді.
Аналықтай анаңның

- Тезек теріп, жүн есіп,
Көрген қорлығы үдесіп,
Еріңіз берер қысымды.
Ата-ананды жүдетіп,
3130 Кемпір-шалың қаңғырып,
Қоймасын досың жүдетіп.
Көргенім зауал болмаса,
Қыпшақ деген халқынды,
- Қысымменен айдайды,
Халқымның соры қайнайды.
Ардақтаған жайсаңды,
Еріксіз қорлыққа айдайды.
Сен кеткен соң қыпшаққа,
3140 Досың бермес тынымды.
Тарылтар кеңіс күнімді,
Айтайын көрген шынымды.
Артыңнан өскен сүйеуің,
Ардақтаулы бикешжан.
Сөндірер деп қорқамын,
Отыз төре, қырық бегі,
Билер тартқан шылымды.
Қалмақ құртпаса игі еді,
Қайғы беріп сынымды.
Сен кеткен соң Барсаға,
3150 Алшағыр шабар елінді.
Тартып алар жерінді,
Бердің қолдан кегінді.
Өтірік емес, шын болар,
Бұл дұшпаннан зәбірді.
Ей, батыр Қобылан, алғаным,
Қағып төсек салғаным.
Осы жүрер жолыңа
Көңілімде көп арманым.
Тілек бермей халқыңа,
3160 Сапарыңнан танбадың.
Оңай болмас, Қобыланды,
Бір Барсаны алмағың.
Батыр Қобылан, барарсың,

- Қанша мықты десе де,
Барсаны шауып аларсың.
Дегеніңе келтіріп,
Көп қалмақты шабарсың.
Қайғылы болып еліңіз,
Алшағыр хан залымға
3170 Қоныс болып жеріңіз.
Өзің онда, ел мұнда,
Кетпесін жауда кегіңіз.
Асық болған Құртқаңа
Алшағыр көзін салмасын,
Алшағыр ойлар пайдасын.
- Лайықсың маған деп,
Құртқа, сені алам деп,
Басыма қайғы салмасын.
3180 Азырақ пұрсат алармын,
Пұрсат алып Аққұртқаң
Қалмаққа салар айласын.
Өлшеулі күнде келмесең,
Халқыңды келіп көрмесең,
Кешікпей кел, өлмесең.
Қиындық түсер Құртқаға
Ақырында көрерсің,
Батыр Қобылан өлмесең.
Айла, амал табармын,
Ақылға салып қарармын.
3190 Алшағыр хан патшадан
Он екі ай пұрсат алармын.
Он екі айда келмесең,
Дидар жүзді көрмесең,
Мен табар амал жоқ,
Амал ойлар заман жоқ,
Досың Құртқа саған жоқ.
Арыстан туған ер досым,
Қобыланды батыр маған жоқ.
Хабарыңды білгенше,
3200 Көңілімде бөтен алаң жоқ.
Амал ойлап қарайын,

Ақыл ойлап табайын.
Алдымды кеңге салайын,
Асық болған ер досым
Уәдем саған тағайын.
Қобыланды, саған серт айтып,
Сақтаулы адал сарайым.
Батыр қайтып келгенше,
Қолы жетпес адамның
3210 Ақ мұнара басынан
Ұзаққа пұрсат алайын.
Қол жетпейтін жер еді,
Амал тапқан адамзат
Мақсатқа жетет деп еді.
Ақыл ойлап қалмаққа,
Елде қалған Аққұртқаң
Кеңінен уәде береді.

Болса тілек мерейім,
3220 Жауға кетті демейін,
Келеді деп сенейін.
Амалым бар ма, Қобыланды,
Ырзалықпен көнейін.
Шамам келсе келгенше,
Өзімді бағып көрейін.
Айдан сұлу, сүттен ақ,
Ақылға асқан көңілі шат.
Қобыландыға айтқан жауабы,
Бәрі үлгі насихат.

3230 Сонда Қобылан сөйлейді:
—Мен әкенің тілін алмадым,
Анам тілек салғанда,
Сертімнен мүлде танбадым.
Бірге туған Хансұлу,
Ардақтаған бауырым,
Бауырым тілін алмадым.
Сапарымды тіледі,
Жалынып айтқан сөзіне
Тіпті құлақ салмадым.
Атаға тілек бермедім,

- 3240 Аналық шешем жылады,
Көзінің жасын көрмедім.
Хансұлу менің бауырым,
Ер көкелеп жылады,
Сапарымды сұрады,
Көзінің жасын көрмедім.
Қанша жолдас болсаң да,
Хансұлуменен тең бе едің?
Әйелдің тілін алғаным,
Сапарымнан танғаным,
- 3250 Барам деп бармай қалғаным,
Сынықтық болар өзіме.
Қатынның тілін алды деп,
Мат болармын халықтың
Күлістік еткен сөзіне.
Жедел етіп мен тұрмын,
Ақ сапардың кезіне.
Мені жолдан тоқтатар—
Құртқа сұлу сен емес.
Тіліңді алып тоқтайтын—
- 3260 Қобыланды батыр мен емес.
Жеті дұшпан біреуі
Қатын тілін алатын,
Біздей ерге жөн емес.
Бұл жолымнан қалмаймын,
Дос-дұшпаным бар шығар,
Біреуге біреу ел емес.
Ару, сұлу Аққұртқам,
Тілегіңді қабыл алмаймын.

3270

Әлқисса, сонда Қырымнан келген қырық батырдың ағасы Қартқожақ тұрып, Қобыландының осы жауға аттанбауын сұрайды:

—Батыр туған Қобыланды ер,
Көңілімде айтар сөзім бар.
Көргенімді айтайын,
Осы жолдың қиынын
Баяндар сізге жөнім бар.

- Рас сөзге сенім бар,
Кешегі Орақ, Мамайға
3280 Он төрт жасар күнімде
Қосшы болған өзім бар.
Орақ пенен Мамай хан
Талай жауға шапқан ер,
Халықты жақсы баққан ер.
Талай жауға барған ер,
Ұрысқан жауын алған ер.
Жауды көзі көргенде,
Айбаты асқан кемеңгер.
Барса мықты дегенге,
Еліне Барса барам деп,
Барып қырғын салам деп,
Сол Барсаны алам деп,
Ат қойып елін шақырды.
Елінен жиып батырды,
3290 Ердің ісі қапыл-ды.
Айбатты Орақ, хан Мамай
Білігі асқан ақылды,
Тентек емес мақұл-ды.
Солай деп айта келсек те,
Елдің ісі қапыл-ды.
Шақырған соң ел келді,
Ел ішінде ер келді.
Қайтпайтын жаудан сер келді,
Көңілді жігіт тең келді.
3300 Еліне Барса баруға,
Барсаның елін шабуға,
Қызғындап ерлер желденді.
Ат жаратып баптандық,
Баруға жауға шаттандық.
Сол Барсаны шабам деп,
Ер менен бектер мақтандық.
Жиып алып халықты,
Әскер санап басқардық.
Алты мың әскер қол болып,
3310 Біз Барсаға аттандық.
Қайтпайтын жаудан ер де бар,

- Сескенбейтін сер де бар.
Жау сағынып желіккен,
Қорықпайтын сер де бар.
Бұрын жауға бармаған,
Ат ізін шетке салмаған.
Үйде отырған шаруа,
Жол шекпеген кем де бар.
Ат жаратып баптандық,
3320 Қуанысып шаттандық.
Алам деп жауды мақтандық,
Қолды санап басқардық.
Барсаға қарап қасқардық,
Тұс-тұсынан ту байлап,
Жүріске шықтық ыңғайлап.
Қару-қапшық ат сайлап,
Күндіз-түні жол шектік.
Алты айшылық ауыр жол,
Болдыртып атты меңдеттік.
3330 Неше ай қонып ортада,
Егіз бұлақ бойына
Шалығып-шаршап біз жеттік.
Егіз бұлақ көлдерге
Атты бағып, тынығып,
Тоғыз күндей біз жаттық,
Мінген атқа күй таптық.
Оныншы күн болғанда,
Барсаға қарап жөн тарттық.
3340 Құм дөң деген дөң көрдік,
Айдынды шалқар көл көрдік.
Осы көлге кез келдік,
Ар жағынан сол көлдің
Боз дөң деген дөң көрдік.
Аттанған ерлер баптанып,
Кілең батыр мақтанып,
Ат суарып түгендеп,
Адамды санап басқарып.
Жүре бердік біз жөнге
3350 Алдымызға қасқарып.

- Боз дөң таудың басынан
Қолатпен шықты төрт атты,
Төртеуі де бөрте атты.
Найзағай ойнап аспаннан,
Көп әскерді өрт атты.
Алыстан қарап топ болды,
Өрт жанып шоқ болды.
Бізге қарай лап қойды,
Лап қойған әскер жоқ болды.
Әскер қирап құлады,
3360 Талайы тулап сұлады.
Кім екенін біле алмай,
Қалғаны жылап тұрады.
Тек аман кетті бес кісі,
Осы жауға шаталмай,
Көңілді қайғы дат алды-ай.
Жолдан қайтқан хан Мамай
Осы таудан аса алмай,
Жүруге қорқып бата алмай,
Қалай жүрсің хан Мамай,
Әлеметке тап болып,
3370 Қырғынға халқы шаталды-ай.
Орақ пенен Мамай сер
Қайтпайтын жаудан батыл, ер,
Көкірек толып қайғы шер.
Орақ пенен Мамайдың
Қайғылы болып қайтқан жер.
Ахмет, Алау, Қартқожақ
Үшеуіміз шықтық сауалға.
Орақ пенен хан Мамай,
Бесеуіміз қайттық аманда.
3380 Қасымызда көп әскер,
Душар болды ажалға.
Осы арадан кер кеттік,
Арытып атты меңдеттік.
Көп әскерден айрылып,
Уайым етіп еңірестік.
Аттанған қолға сор болды,
Теріс сапар жол болды.

- Орақ пенен Мамай хан
Қайғыменен қор болды.
- 3390 Тілімді алсаң, ер Қобылан,
Бұл жауға бару жөн емес,
Барса деген қатты жау
Алдыратын ел емес.
Айбатты Орақ, хан Мамай,
Қобыланды, сенен кем емес.
Талай жерге барған хан,
Талайға бүлгін салған хан,
Әскерден Мамай айрылып,
Осы жолда сандалған.
- 3400 Мүдә болып еңіреп,
Көңілі кетпей арманнан.
Қайтпас Мамай ер еді,
Осылай еді себебі.
Көп әскерден айрылып,
Қапа шеккен жері еді.
Бір тоғыспай қалмақпен
Арманда болған Мамайдың
Мен қапамын деп еді.
Кеңшілікте тұрғанда,
- 3410 Кімде-кім де ер болар,
Мен батырмын дер болар.
Ойлағаны әркімнің
Көкірегі кен болар.
Алдыратын жау емес,
Хан Барсаның еліне
Бармағаның жөн болар.
Сонда Қобылан сөйлейді:
—Қайғы айтпа, батыр, сен,—деді,
Қайғы айтқаның нең,—деді.
- 3420 Тек хандығы болмаса,
Менімен Мамай тең бе еді?!
Мен—мұзбалақ бүркітпін,

Қарға, құзғын, жапалақ,
Соларға болман жем,—деді.
Қырымнан ерген қырық жігіт

- Қызығымды көр,—деді,
 Қасыма менің ер,—деді.
 Шеңгелім болат сұңқармын,
 3430 Баруға жауға іңкәрмін.
 Тұлпар мініп, ту ұстап,
 Жау ұясын құртармын.
 Кешегі Орақ, Мамайдай
 Қайтатын батыр мен емес,
 Бұл айтқаның жөн емес.
 Орақ пенен Мамай хан
 Менімен қатар тең емес.
 Сапар шеккен батырға
 Ер уайым айтар ма.
 Қаса жасық болмаса,
 3440 Шын жеделге мінген соң,
 Ер сапардан қайтар ма.
 Бір тәуекел еткен соң,
 Қобыланды серттен қайтар ма,
 Қайтар Қобылан мен бе едім?!
 Жаудан қайтып қорыққандай,
 Батыр емес, кем бе едім?!
 Қорқып қайтып бұл жолдан,
 Мен ноғайлымен тең бе едім?!

Әлкіс 3450 Акқұртқа Қобыландыға келіп қосылғаннан кейін атасының көп жылқысын аралауға, ішінде Қобыланға жарайтын ат бар ма екен деп сынауға құмар болады. Күндердің бір күнінде Қобыландыға:—Жылқыны аралап қайтсақ қайтеді?—дейді. Қобыланды оның сөзін мақұл көріп, екеуі жылқыны аралайды. Жылқының ішінен жабағы жүні түспеген бурыл тайды көреді. Осы тұлпар болады деп сынайды Акқұртқа.

- Құртқаның түскен жылында,
 Қобыландымен екеуі
 Өзіл ойнап отырып,
 Сол күні екеуі ерікті.
 Жылқы аралап келем деп,
 3460 Сан жетпейтін атамның
 Көп жылқысын көрем деп,
 Ақылы артық Акқұртқа

- Қобыландыға айтады:
—Сен жылқыңа бастап жүр,
Батыр, сізге ерем,—деп,
Қылайық тұлпар ат болса,
Құлын да болса тап болса,
Өзім бағып берем,—деп.
Сан жетпейтін көп жылқы,
Сізбенен, Қобылан, барам,—деп.
Тай, құлын науша жастарға
Көзімнің қырын салам,—деп.
Торыға бартал бір тұлпар
Көп жылқыдан табам,—деп.
Аралалық жылқыны,
Қобыланды, ердім саған,—деп.
Алтын шыбық алады,
Жібектен бау тағады.
- 3470 Талма тал түс шамада,
Қобылан менен Аққұртқа
Көп жылқыға барады,
Жылқы аралап қарады.
Жабағыдан тай шыққан,
Тарлан бие соңында
Бурылтай кетіп барады.
Алды-артынан Құртқа шығады,
Бурыл тайды сынады,
Қуанып көңлі тынады.
- 3480 Қайшыланған құлағы
Не қылса да Бурылтай
Аққұртқаға ұнады.
Екі көзін сынаса,
Шамдалдың жакқан шырағы,
Өзгеден артық сияғы.
От орнындай жануар
Шашадан төмен тұяғы.
Тайбурылы Құртканың
Көңіліне ұнады.
- 3490 Кем болмас деп торыдан
Келбет пенен сияғы.
Торыға серік болар деп,

- Осылайша сынады.
—Ей, Қобыланды, Қобыланды,
Сынап тұрмын бурылды,
Барталыңа жарар деп.
Қаншама алыс алыс жер болса,
Ә, дегенше барар деп,
Сенің үшін бағам деп,
3500 Жұмсақтан жабу жабам деп,
Торыменен тең етіп,
Алтыннан қазық қағам деп,
Жібектен арқан тағам деп.
Жануар бурыл сияқты,
Ей, Қобыланды ер, Қобыланды ер,
Көрген соң көңілім ұнатты,
Торыға серік болар деп.
Ықыласым құлап тұр,
Әр мүшесі бурылдың
3510 Көңіліме ұнап тұр.
Жібек баулы құрықпен
Тайбурылды тез ұста.
Әр мүшесін сынасаң,
Торымен қатар сияқты.
Алтын құрық Қобылан алады,
Сағағынан қағады.
Сол секілді Қобыланды
Тоқтатпай сүйреп барады.
Екпініне батырдың
3520 Сырғанады аяғы.
Бір терекке төнеді,
Аяғын жерге тоқтатпай,
Бурыл сүйреп жөнелді.
Сол терекке табанын,
Қобылан аяқ тіреді.
Құрықпен бұрап шығады,
Басына жүген сұғады.
Тастан қайтпас шын болат,
Жануардың тұяғы.
3530 Құртқа өзінің сарайға
Бурылды алып барады.

- Торыша мен екеуін
Жігіттер жақсы қарады.
Әр уақытта Аққұртқа
Екі бірдей тұлпардың
Майдалап түгін тарады.
Тобығы меңді торымен
Бірдей етіп бағады.
Екеуін бірдей тең көрді,
3540 Бірдей етіп жем берді.
Жал-құйрығын таратып,
Тұлпарға ажар, өң берді.
Құртқа бағып баптады,
Үкілі құйрық, майда жал
Аттың күйін тапқаны.
Жер тепкілеп желігіп,
Түнде тұлпар жатпады.
Жігіттер қарап күні-түн,
Тұлпарды күтіп сақтады.
3550 Екі тұлпар ерігіп,
Өз-өзінен жарап тұр.
Әр уақытта Аққұртқа
Аттың күйін қарап тұр.
Құйрық-жалын Аққұртқа
Мезгіл-мезгіл тарап тұр.
Атасы айуан болса да,
Ер жолдасы Тұлпар деп,
Қобыланды ерге балап тұр.
Ат болады қашан деп,
3560 Өткен күнді санап тұр.

Әлқисса, Аққұртқа Қобыландыны Барса ханның еліне өз қолынан аттандыру үшін неше жылдан бері ел көзіне түспей бағуда тұрған қос тұлпарға алып келіп, тұлпарларды батырға көрсетеді. Қобыланды қос тұлпарды көргенде, көңілі толып, ырза болады. Құртқаның аттың сыншысы екенін, дана, ақылды екенін біледі. Құртқа өзінің ер досына, жан жарына: «Жорытқан сайын жолың болсын, мерейің үстем болсын, міне, саған шешемнің берген жай бұлтын аманат етіп тағы беремін. Бұл саған қысылған жерде жәрдем берер, шөлдеген жерде бұлт құрастырып жауын жаудырады» — деп, жай бұлтын береді. Сонда Құртқаның толғағаны

мынау екен:

Жаксы болса әйелі,
 Ерге жолдас, серік-ті.
 Алған жары Аққұртқа
 Адамда сұлу, көрікті.
 Кетерінде Қобыланға
 Дәумама берген жай бұлтын
 Қолынан Құртқа беріпті:
 —Сен Барсаға барарсың,
 Елі шалғай, жері алыс,
 Арып, шөлдеп азарсың.
 Мамамның берген жай бұлтын
 Шөліркеген күнінде
 Ашық күні жаярсың.
 Жаңбыр жауып, қақ тұрар,
 Шөлдегенде канарсың.
 Қырық батыр жолдасың,
 Ат суарып аларсың.
 Шөлдеген атты суарып,
 Батырлар кеңдік табарсың.
 Мамам берген бұлтты

Көрген³⁵⁸⁰ Қобылан нанарсың,—деп жай бұлтын Қобыланның қолына
 ұстата береді.

Мағлұм болған тұлпары
 Алты жасар бурыл ат,
 —Қоштастым, Құртқа, жүрем,—деп,
 Тайбурылға мінем,—деп,
 Шығыршықты бек сауыт,
 Бекініп үске кием,—деп.
 Тасты кесер ақ алмас
 3590 Беліме орай ілем,—деп.
 Ұлықсат бер, Аққұртқа,
 Тез кешікпей жүрем,—деп.
 Жауға аттанған жігітке
 Ерлік пенен бақ керек.
 —Ренжіме, Қобыланды ер,
 Қуаныш керек, шат керек,

- Барталыңа, батырым,
Тағы да тұлпар ат керек.
Жолдас досым сен едің,
Әйел де болсам шын досың
Құртқа алғаның мен едім.
3600 Таңдап алған Құртқамын,
Тисін сізге себебім.
Ат жемшіктен шығарып,
Тобығы меңді торыны
Барталыңа беремін.
Дәумамадан ұзатып,
Батыр мені алғанда,
Шалғынды көлге барғанда,
Үйірінен қулықтың
Кер биені көрдім де,
3610 Болып едім арманда.
Арманда болдым жалғанда,
Атама қағаз жазғанда,
Көрімдікке атамнан
Кер биені алғанда.
Не қылса да Кер қулық
Сынауыма жақты деп,
Мінуіне Қобыланның
Жануар тұлпар табар деп.
Кер қулықты атамнан
3620 Тілеп, сұрап алғанда.
Бағуға болдым арманда,
Арманда болдым жалғанда.
Жүрем десен, Қобыланды,
Сайлана бер қамдан да.
Ер мақсаты тезденді,
Енді бекер алданба.
Тұлпар табам мен,—деді,
Қобыланды, маған ер,—деді.
Алтын астау алдында,
3630 Қос тұлпарды көр,—деді.
Сауырлығы кең,—деді,
Он екі мүше тәндері,
Бәрі бірдей тең,—деді.

- Тайбурылға қос артып,
Торыны міну жөн,—деді.
Алты жасқа келтірмей,
Тобығы меңді торыны
Мінетін болдың, ер,—деді.
Ат азуы толған жоқ,
3640 Әлі алты жас болған жоқ,
Тұлпарлық бақыт қонған жоқ.
Алыста қалмақ ел,—деді,
Жеткізбейтін жер,—деді.
Бір жасы аттың кем,—деді,
Сапарың болсын оң,—деді,
Қайырлы болсын жол,—деді.
Кемдігінен жасының
Бір жерлерге барғанда,
Тарықтырар сол,—деді.
3650 Тарықтым деп шамданба,
Тұлпарыңа қас ойлап,
Арманда болып қам болма.
Адал ниет жүрекпен,
Батыр, шықтың ақ жолға.
Ұшқырлы жебе көк найза,
Тәуекел ет те, ал қолға.
Мақсатқа торы жеткізер,
Тайғақ кешу тар жолда.
Қолымнан бердім жем,—дейді,
3660 Батыр, маған ер,—дейді.
Жүрісі жорға торыны
Көзіңменен көр,—дейді.
Торышаны, Қобыланды ер,
Өзіңменен тең көрдім.
Ардақтап баптап жем бердім,
Керегін тауып тез бердім.
Арпа менен сүт беріп,
Ажар бердім, оң бердім.
Алтыннан қазық қақтырдым,
3670 Жеті құлға бақтырдым.
Үстіне жұмсақ тисін деп,
Мақпалдан жабу жаптырдым.

- Батпасын деп мойнына
Жібектен арқан тақтырдым.
Сусынына бал беріп,
Түрліше тәтті дән беріп,
Торының күйін таптырдым.
Осы биыл жаздықта
Бестіге келген ат қылдым.
- 3680 Сауырлығы салынған,
Мінер атың табылған,
Торышам шықты бағымнан.
Торыны мін де, жау жаула,
Барған жауың табылған.
Неше түрлі қиындық,
Қайтарсың аман жазымнан.
Орайына көзің сал,
Иіріліп жатқан түбектей.
Танауыңа қарасаң,
- 3690 Түбі түскен шелектей.
Жалын қара торының
Келеп деген жібектей.
Қабырғасы уықтай,
Төрт аяғын қарашы,
Алыс жер бұған жуықтай.
Қуантар торы, қуантар,
Көңіліңді батыр суытпай.
Бірақ ат азуы толған жоқ,
Әлі алты жас болған жоқ.
- 3700 Осынымда жалған жоқ,
Торыға міндің, Қобыланды ер,
Аққұртқанда арман жоқ.

Қобыланды Құртқаменен қоштасып, хан Барсаның еліне сапар шегуге бет алады. Сонда Қырымнан келген, қасына еретін қырық жолдасына айтқан сөзі:

- Қырымнан келген қырық жолдас,
Қамданып атқа мініңіз.
- 3710 Хан Барсаның еліне
Бүгіннен қалмай жүріңіз.

- Аттанар бүгін күніңіз,
Ер бастығы Қартқожақ,
Артыңнан жетеді ініңіз.
Тайбурылға қос артып,
Ер Барсаның еліне,
Жүріңдер ерлер жөн тартып.
Тұлпар таңдап, ат мініп,
Ат құйрығын шарт түйіп,
Жетермін мен де қасқартып.
Жау іздеген есермін,
Қайратыма мас болған,
Қайтпайтұғын нөсермін.
Тайбурылға қос артып,
3720 Қырық жігітім, жүріңдер,
Артыңнан қуып жетермін.
Қырымнан келген қырық жігіт,
Тайбурылға қос артты,
Жол шегіп, жауға жөн тартты.
Қару артып азықпен,
Хан Барсаның еліне
Қырық батыр жол тартты.
Сол күні Қобылан қонады,
Құртқаға қонақ болады.
3730 Сәскеге күн толады,
Тұманды күн мұнарды,
Тобығы меңді торыны
Көргенше Қобылан құмарды.
Жемшік сарай ішінен
Торышаны жетелеп,
Сұлу Құртқа шығарды.
Торышаны көрген соң
Батыр Қобылан қуанды.
Алды-артына қараған,
3740 Кіндігінен жараған,
Қызықпай Қобылан неғылсын,
Ақылға асқан Аққұртқа
Тобығы меңді торының
Жал-құйрығын тараған.
Батыр Қобылан сынаса,

- Тұлпар екен озаған,
Жібекпен белін ораған.
Қобыланды батыр сынаса,
Көңілден шықты жобадан.
- 3750 Қобыланды сонда сөйледі:
—Лайықты торыша,
Маған тұлпар сен,—деді,
Сені мінем мен,—деді.
Торша сені мінген соң,
Уайым кетті өзімнен.
Тәуекел етіп мен шықтым,
Қарақыпшақ елімнен,
Жирен қопа көлімнен.
Сені мініп алған соң,
- 3760 Шабуға жауға ерінбен.
Жібектей жалың төгілген,
Бағымымен Құртқаның
Тәтті жемге семірген.
Үстіңе тоқым салайын,
Еріңді ерттеп алайын.
Қанша алыс болса да,
Хан Барсаның еліне
Жақын күнде барайын.
Астыма торы мінген соң,
- 3770 Бек сауытым киген соң,
Дұшпанға қимыл салайын,
Тіпті жоқ менде уайым,
Жарқын жүз, ашық шырайым.
Алдырмайтын Барсаның
Қаласын талқан қылайын.
Қолыңнан бердің торыны
Аққұртқа жолдас жұбайым.
Қырық жолдасым жол шекті,
Жүрмей неғып тұрайын.
- 3780 Ат үстіне ер салды,
Жүруге Қобылан оңдалды,
Толғаулы найза қолға алды.
Айбаттанып шаттықпен
Баруға жауға жолданды.

- Амандасып, қоштасып,
Ризаласып, қолдасып,
Торыға мініп жөнелді.
Қырық батырдың артынан
Қобылан кетті сол енді.
Жабықпай көңілім өссін деп,
3790 Айқайлап айтты өлеңді.
Кешегі кеткен ерлердің
Ән салғанда дауысы,
Құлағын келіп жарады.
Бұл дауыс қайдан шықты деп,
Қырымнан шыққан қырық батыр
Аң-таң болып қалады.
Ұлы сәске болыпты,
Күн түстікке толыпты.
Қырық батырға шаң, тозаң,
3800 Қараңғылық болыпты.
Қырымнан шыққан қырық ер
Бұл тозаңнан қорықты.
Қобыландының торыша ат
Ақ киіктей орытты,
Ақ бөкендей жорытты.
Артынан келіп алыстан
Қобыланды күшті ақырды.
Айбатымды көрсін деп,
Қасымдағы қырық жолдас
3810 Келгеніме сенсін деп,
Жануар торы елірді.
Майда жалы елпілдеп,
Қара тері мөлтілдеп,
Белестен-белес бел асты,
Бес қаруы жарасты.
Әруақты Қобыланның
Қатты ақырған айбатынан
Қырық жолдасы дал болып,
Ақылынан адасты.
3820 Қырық батыр сасады,
Атына қамшы басады.
Артынан келген Қобыланның

- Әруағы басады.
Қобылан екенін біле алмай,
Қырық ер де қашады,
Қырқы қашып барады.
Бір жабынды астымен
Амалы көп Қобылан ер
Алдынан тосып қалады.
- 3830 Қырымнан шыққан қырық батыр
Алдынан көріп сасады,
Кейін қарап қашады.
Қобыланды шауып келіпті,
Жан жолдасы қырық жігіт
Батырға жолдас, серік-ті.
—Қырық жолдасым сен едің,
Қобылан атты ер мен едім.
Мені көріп, қырық жігіт,
Мұнша қашқан нелерің?
- 3840 Жасық туған кіл жаман
Жолдасқа жоқ керегің.
Бастарыңды қағайын,
Қырқыңа қырғын салайын,
Басыма бейнет қылғанша,
Ер Барсаның еліне
Беріктегі беліне,
Жалғыз өзім барайын.
Сонда тұрып Нұрғожа
Қобыланға қарап сөйлейді,
- 3850 Сөйлегенде бүй дейді:
—Белестен белес бел асқан,
Орай садақ, саркез оқ
Белге бусаң жарасқан.
Әруақ қонған батырсың,
Екпініңді көргенде,
Ақылдан біздер адасқан.
Еңсеңе ерлік орнаған,
Әруақ, бақыт торлаған.
Келбетті туған ерімсің,
- 3860 Жау шайқайтын серімсің.
Көзімізге озат көріндің,

- Қабағыңнан қар жауып,
Мұртыңа мұз тоңып,
Темір қару құрсанып,
Ат құйрығы салынған,
Қабағы қарыс жабылған.
Әруағын көрген соң,
Ақылдан ерлер жаңылған.
Бір-біріне жүр десіп,
3870 Жүр дегенде гулесіп,
Тұлпардың бойын билетіп,
Басып кеткен тастарды,
Саз балшықтай илетіп,
Өлең айтып, ән салып,
Батырлар жүрді гүрлетіп.
Әруақты ер Қобыланды
Сапар шектік ақ жолдан.
Әруағын көргенде,
Қырық ер сасып зар болған.
3880 Кел, тұлпарменен желейік,
Ат жүйрігін сынауға,
Кел жарысып көрейік.
Тайбурыл менен торыны
Өзгеге тайлас демейік.
Ат шабысып тыналық,
Тайбурыл мен торыны
Тұлпарларың сыналық.
Еріккен ерлер жарысып,
Азырақ қызық қылалық.
3890 Бес жігіт қоста қалады,
Бесеуі атқа қос артып,
Жаяулап кетіп барады.
Отыз бірі кейінде
Ат шабуға қалыпты.
Екі күн күйлеп тұлпарды
Енді ерлер жарысты.
Тайбурыл тұлпарға
Нұрғожа мініп алыпты.
«Шу, жануар, шу» дейді,
3900 Тұлпар бойын билейді,

- Жал күйрығы гулейді.
Торыша мен бурылдың
Табаны жерге тимейді.
Басып кеткен тастарды
Балшықтай-ақ илейді.
Өзгеден озып қос тұлпар
Сүйегі қызып желікті.
Шапқан сайын тыңайып,
Бурыл, торы серікті,
3910 Екеуі атқа сеніпті.
Қасындағы жолдастар
Шабысын аттың көріпті.
Кезектесіп қос тұлпар
Бір-бірінен озады.
Ауыздықпен қарысып,
Үстіне мінген ерлердің
Алақаны тозады.
Шапқан сайын желігіп,
Ат шабысы қозады.
3920 Ауыздығын басады,
Ақ көбігін шашады.
Биік-биік тауларды
Алты-ақ аттап асады,
Тозаңын көкке шашады.
Құйысқаны сартылдап,
Үзеңгісі жарқылдап,
Өмілдірігі алқылдап,
Шанды шаңға қосады,
Шаң аспанға жосады.
3930 Киік пенен құланның
Ә дегенше болмай-ақ
Алдын орап тосады.
Қаздарменен қағысты,
Құба үйрекпен жарысты.
Қара терге боялып,
Сүйегі қызып оянып,
Көрсетті тұлпар шабысты.
Ердің қарын талдырып,
Ауыздықпен қарысты.

- 3940 Екі тұлпар жануар
Жақын қылды алысты.
Ор қояндай орғытты,
Ақ бөкендей жорытты.
Ұлы сәске болғанда,
Алдынан бір тау жолықты,
Шабысы аттың толықты.
Нұрқожа менен ер Қобылан,
Қайтпайтын жаудан шонықты.
Екеуі атын кідіртіп,
Қосын күтіп сол тауда,
- 3950 Ат суытып, дем алып,
Су тауып, үш күн қоныпты.
Үш күн күтіп көріпті,
Төртінші күн болғанда,
Артында қалған жолдастар
Қоспенен бірге келіпті.
Екі күндей дем алып,
Жүретін күні болады.
Тайбурылға қос артып,
Ерлер кетіп барады.
- 3960 Шөлейт-шөлейт жер келіп,
Түсуіне ерлердің
Болмағанға ұсайды амалы.
Тандайы қатып, ер шөлдеп,
Аттары жүдеп барады.
Шөлдеген соң қырық жігіт,
Ақылға асқан ер Қобылан
Құртқаның берген жай бұлтын
Бұлтсыз күні жаяды.
Бұлт құсап аспаннан
- 3970 Сарқырап жаңбыр жауады.
Тақыр жерге қақ тұрып,
Ат суарып алады,
Ерлері суға қанады.
Екі айдың жүзі болғанда,
Жетуге жауға арманда,
Арманда болған жалғанда.
Бұл жүргені шөл жер-ді,

- Белес-белес бел өтіп,
Жарқыраған көл көрді,
3980 Құмдөң деген дөң көрді.
Мамайдың қайтқан жеріне
Қобыланды батыр келді енді.
Ар жағынан Құмдөңнің
Бозбел деген бел көрді.
Қолаттан шықты төрт атты,
Төртеуі де бөрте атты.
Найзағай шашып, өрт атты,
Қобыланға өрт келмей,
Қасындағы қырық батыр
3990 Қуанышпен сөйледі.

Қартқожақтың айтқан сөзі:

- Бұрын келгем осында,
Қобылан батыр, мен,—деді.
Ноғайлының көп батыр
Қырғын тауып бұл жерде
Мамай менен Ораққа
Қайғымен толған шер,—деді.
4000 Боз белестен тағы да,
Бір бөлек қара топ болды,
Жалын жанып, шоқ болды.
Бұларға қарап лап қойып,
Өз-өзінен жоқ болды.
Сикырмен амал еткен-ді,
Қырғын тауып жолдасы
Орақ пенен Мамайдың
Кейін қайтып кеткен жері еді.
Артықтығын Қобылан білдірді,
Кереметі асқан өктем ер,
Осы жолда бәлені.
Бейнетсіз Қобылан өткерді,
4010 Бұл Барсаның елінің
Айла, амалы көп екен,
Қолаттан шыққан төрт атты,
Қолдың басшы ері екен.

- Шеттен жаулар келер деп,
Амал етіп айламен
Берік сақтаған жер екен.
Барсадан шыққан ауыр қол,
Сайланып атқа мініпті.
Алшағырдан астыртын
- 4020 Барсаға хабар келген соң,
Тамам батыр сайланып,
Жолын тосып жүріпті.
Қобыланның келер жолына,
Мамайға еткен айлсын
Тағы да жау қылыпты.
От шашатын машина
Жолынан ердің құрыпты.
Есебі жоқ сансыз жау
Күтін болып тұрыпты.
- 4030 Қобыландыны көргенде,
Қалмақтар састы, шәрменде.
Зәресі ұшып жау қашты,
Қырық батыр Қобыланның
Көтерген туын көргенде,
Алыстан келген Қобыланды
Бұларды көріп қызбады,
Қашқан жауды қумады,
Қырық жолдасқа жырлайды:
—Қырық жолдасым сен едің,
- 4040 Талап қылған қалмаққа
Қобыланды ерің мен едім.
Тіл кетер деп қалмаққа
Қумаған жауды себебім.
Қалмаққа хабар барар деп,
Барса хабар алар деп,
Мықтылықты көрген соң,
Жау бекініп қалар деп.
Қалмақтың ханы ер Барса
Амал ойлап табар деп.
- 4050 Алыс сапар жол жүріп,
Арықтатып атты меңдеттік.
Алыс жерге жол жүріп,

- Шабуылмен тез жеттік.
Жауға мінер тұлпарды
Арықтатып меңдеттік.
Жауға шабар жол емес,
Қоңсыз, арық атпенен
Сыр білдіру болмайды.
Атасы дұшпан жатпенен,
4060 Кекті дұшпан қаспенен.
Сыр айтысса қаспенен,
Халықта үлгі, нақыл бар,
Ақыры болар мат деген.
Кел қырық жігіт, қырық жігіт,
Жолға жүріп қарайық.
Тыңаятын қос тігіп,
Шөлдеген адам, арық ат,
Енді қоныс табайық.
Шөлдеген атқа су тауып,
Жынысты көл, ну тауып,
Бір азырақ тынығып,
4070 Сонан соң жауға шабайық.
Гүлесіп ерлер жүрісті,
Қобыланды асқан білікті,
Боз белестен асқанда,
Қуаныш етіп Қобыланды
Езу тартып күліпті.
Қобыландының күліп жүрген себебі,
Қара адырдың бауырынан
Аққан бұлақ көл еді,
Мінген аты шөлдеді.
4080 «Бермен жүр,—деп,—қырық жігіт»
Қобыланды бастап жөнелді.
Басы аққан тас бұлақ,
Аяғы шалқар көл еді.
Жағалай шыққан қалың ну,
Ел қонбаған жері су,
Судың бетін шайқаған,
Ақ сарыбас қаз бен қу.
Көңілденіп батырлар
Көлге қонып алады.

- 4090 Қосын тігіп бұл көлге
Аттарға жабу жабады.
Күні төрт күн болғанда,
Ат тынығып қалады.
Сонда Қобылан сөйлейді:
—О, қырық жігіт, қырық жігіт,
Сендер атты бағыңыз,
Атты бағып қалыңыз,
Айтқан тілімді алыңыз.
Елін Барса көргенше,
- 4100 Қарауыл қарап келгенше,
Төзе алмай тұр жанымыз.
Батыр атақ болған соң,
Тұлпар мініп, ту алып,
Жауға шабу—сәніміз.
Мен келгенше қырық батыр,
Аттарыңды бағыңыз.
Шығыршықты көк сауыт,
Беркін сақтап киейін.
Тастан қайтпас ақ семсер
- 4110 Беліме орап ілейін.
Ұлықсат бер, жолдастар,
Мен қарауылға жүрейін.
Жақсылық пен жамандық
Маңдайымнан көрейін.
Ерге керек сабырлық,
Ақыр болар мерейім.
Құр жатудан пайда жоқ,
Көк Зеңгінің тауынан
Қарауыл қарап келейін.
- 4120 Деп Қобыланды оңдалды,
Тобығы меңді торыға
Мінейін деп ер салды.
Жеделденді жүрмекке,
Бармасына не қалды.
Ойлағаны Қобыланның
Жеделменен қаралды.
Қалған жері қырық жігіт
Шалқар көл бойы арал-ды.

- Тап сол күні кеш болды,
4130 Таң асырған торы ат та,
Кіндігінен жарайды.
Жал-құйрығын майдалап,
Батыр Қобылан тарайды.
Күйіне түсіп жануар,
Шекесінен қарайды.
Мініп алып жөнелді,
Тұяқтан ұшқан тозаңы
Жауған қардай борайды.
Өзгеге алыс болса да,
4140 Тобығы меңді торының
Көк Зеңгінің биік тауы,
Жетуіне оңай-ды.
Жүрген сайын торы серікті,
Құлағынан тер шығып,
Танауынан жел шығып,
Жүрген сайын желікті.
Ертең сәске болғанда,
Көк Зеңгінің тауына
Төтесінен келіпті.
4150 Асыратын тау емес,
Көзбенен байқап көріпті.
Тау көбелеп желеді,
Өрлеп тауды келеді.
Жалғыз аяқ қиын жол
Қобыландының көзі көреді.
Торышаны шұлғытты,
Жалғыз аяқ жолменен
Атқан оқтай сырғытты.
Аса алмайтын жерінен
4160 Ор киіктей ырғытты.
Жүрген сайын торы қызады,
Құртқаның баққан торы аты
Ардақты тұлпар шығады.
Жылқыдан туды демесең,
Қобыландының пырағы.
Тайғақ тастан таймайды
Жануардың тұяғы.

- Қайшыланып құлағы,
Көк Зеңгінің тауына
4170 Тапа тал түсте шығады.
Қарауыл қарап тұрады,
Алыс емес болжады,
Барсаның берік қаласын,
Байқады жердің шамасын.
Көк Зеңгінің тауымен
Жақын деп Қобылан қалады
Барсаның берік қаласын.
Тоқтарбайдың шырағы
Қарауыл қарап тұрады.
4180 Қарауыл қарап тұрғанда,
Бір топ адам шығады.
Алыстан байқап сынады,
Болжап көңілі тынады.
Бұл беркін қалмақ елі еді,
Барсаның елі ежелден
Мекен қылған жері еді.
Батырдың басы Қаршыға
Қалмақтың қорған ері еді.
Қырық батыры бар қасында,
4190 Қарауылға Қаршыға
Қобыланмен кездесіп,
Қарсы алдынан келеді.
Елді шауып, олжа алып,
Еркінсінген неме еді,
Ерлігіне лайық,
Талайды шауып жеп еді.
Жауды көрсе қайтпайтын,
Қас мықтының өзі еді.
Алшағырдан күн бұрын
4200 Жіберем Қобылан дегенмен,
Кездессем соған деп еді.
Көрген соң ерді желігіп,
Қобыландыны көрген соң,
Көңілі өсіп, серігіп,
Неғылсам да алам деп,
Мықтысынып желігіп,

- Қабағынан қар жауған,
Мұртына мұз тоңған,
Бес қаруын асынып,
4210 Болат қару құрсанған.
Қобыландыны көрген соң,
Буырқанып бусанған.
Көк сүңгісін қолға алды,
Қобыланды көріп долданды.
Душарласты маған деп,
Неғылса да Қобыланды
Осы арада алам деп.
Екі тұлпар, қаруы
Қасындағы қырық жігіт
4220 Ортаңызға салам деп,
Өзіме өзім сенем деп,
Қайтпаған жаудан денем деп.
Қару менен киімді
Өз қолымнан бөлем деп.
Сендерге бөліп берем деп,
Күні бұрын мақтанды,
Қуанып батыр шаттанды.
Ойында жоқ уайым,
Қобыланға қарап қасқарды.
4230 Қырық батыр бар қасында,
Қаршыға жетіп келіпті.
Қобыланды батыр қалмақтың
Дидар жүзін көріпті.
Қаршыға үлкен ер екен,
Қобыланды сәлем беріпті.
—Қаршыға батыр мен,—дейді,
Қобыландымысың сен?—дейді.
Жөн сұрауым жөн,—дейді,
Қай сапарға барасың,
4240 Сапарың айтып бер,—дейді.
Біз есіттік хабарды,
Қатты бүлгін салыпсың
Алшағырдың еліне.
Еріксіз басып қоныпсың
Жылқы жатқан көліне.

- Қатты қайғы беріпсің
Алшағырдың өзіне.
Шын уайым беріпсің
Еліндегі еріне.
- 4250 Қатты тәртіп салыпсың
Ханы менен бегіне.
Қарақыпшақ халыққа,
Шұқытыпсың көзіне.
Оныменен қоймадың,
Шабуға бізге ойладың.
Қаза айдаған Қобыланды,
Обалың болар өзіңе.
Айбаттансам төзбессің,
Атқан оқтың кезіне.
- 4260 Өзіңнің халың біле алмай,
Шабам деп, Қобылан, келдің бе,
Біздің елге ұялмай.
Батырсынып ерсініп,
Бек сауытқа сия алмай.
Қарсылассақ жан төзбес
Біздің сайман-құралға-ай.
Талайға кеткен ұраным,
Қарумен сай құралым.
Қаза айдаған Қобылансың,
- 4270 Бұл жер болмас тұрағың.
Қызыл қанға боярмын,
Алмастың өткір қияғын.
Халықтың батыр дегені
Бекер айтқан сөз екен,
Көрген соң сізді сынадым.
Біздің елге жау келмес,
Жау іздеген Қобыланды,
Бұл сапарың жөнделмес.
Елің алыс, жер шалыс,
- 4280 Алыстан келдің көз көрмес.
Өзіңе өзің сендің бе?
Бұл Барсаның құралын
Алшағырдай көрдің бе?!
Олжа болар маған деп,

- Барсаның елін шабам деп,
Алым көріп келдің бе?
Өзіңе өзің сенесің,
Батырсынған немесің.
Қасымдағы қырық жігіт
4290 Қолға алған өткір жебесін.
Қарсы келсем ерлермен,
Осы арада өлесің.
Талай батыр ерлердің
Ішкізгенбіз кересін.
Өзің айтшы, Қобыланды,
Қалай жауап бересің?!
Қаршығаның бұл сөзін
Қобыланды естіп, тыңдады,
Ақылын ойға жинады.
4300 Ыңғайына сөз айтып,
Еш қарсылық қылмады,
Ойлады амал, айланы.
Өзін ойлар кім де кім
Әр не болса пайданы.
Қаршығаның жауабын
Ақылмен Қобылан аңдады.
Екі батыр сөйлесіп,
Бір-бірін байқап барлады:
—Қарақыпшақ тұқымы,
4310 Асылым қазақ затым бар.
Алыс сапар жол шегіп,
Арықтай келген атым бар.
Менің жолдас құралым,
Қасымда қырық батыр бар.
О, Қаршыға, Қаршыға,
Ақылдасып алалық,
Уағдада болмасын
Ешбір бөтен шалалық.
Татулықпен сізбенен
4320 Біз сынасып қаралық.
Сенде де бар қырық жігіт,
Менде де бар қырық жігіт.
Осы таудың басында

- Ат жарысты салалық.
Ат жүйрігі кімде бар,
Тұлпарды сынап қаралық.
Уәдеге сенелік,
Бір-біреуге көнелік.
Уәдені берік сақтап,
4330 Пәлен-түген демелік.
Атқа мықты кім болар,
Аударысып көрелік.
Сенде де бар қырық жігіт,
Менде де бар қырық жігіт.
Сексен батыр тұлпармен
Кел жарысты салалық,
Тұлпарды сынап алалық.
Екеуміздің айтқан сөз
Жолдасқа болсын төрелік,
4340 Айтқан сертке көнелік.
Бір уағда еткен соң,
Енді бөтен демелік.
Сенде де бар қырық жігіт,
Менде де бар қырық жігіт.
Ең күштісі кімде бар,
Күрестіріп көрелік.
Сынайық ердің шамасын,
Білу керек атқыштың
Тағы байқап арасын.
4350 Садақ атар батырдың
Сексен жігіттен кім атқыш,
Байқау керек данасын,
Садақ тартып көрелік.
—Бұл сөзіңе көнейін,
Елге келген қонақсың,
Бұл айтқанға жүгініп,
Тілегінді берейін.
Қамдандырар қырық жігіт,
Ат шабатын жер болса,
4360 Қобыланменен уәдем бар,
Ер Қобыланға сенейін.
Шама өткен жерлерге

- Сексен жігіт барыңдар,
Сексенің жарыс салыңдар.
Ат жүйрігі кімде бар,
Жүйрікті сынап алыңдар.
Айтқан жерге сексені
Батырлардың барады.
Жүрерінде қырық ерге
- 4370 Көңіліндегі жауабын
Қобыланды айтып қалады:
—Қасымдағы қырық жігіт,
Айтқан тілімді алыңдар,
Сөзіме құлақ салыңдар.
Ептеп тартып тұлпарды,
Қалмақтан кейін қалыңдар.
Аты озған соң мақтансын,
Ақылсыз, шіркін жарымдар.
Бүгін озып келсе де,
- 4380 Ертең жауға тарым бар.
Уәде еткен жеріне
Сексен жігіт барады,
Қатарласып баршасы,
Тізгін қосып шабады.
Қырымнан келген қырық батыр
Тізгінді тартып қалады.
Қаршығаның қырық ері
Ат бәйгісін алады.
—Қалай болды, Қобыланды,—деп,
- 4390 Қаршыға батыр барады.
—Е, Қаршыға, Қаршыға,
Шығып едік алыстан.
Қасымдағы қырық жігіт
Тұлпарменен жарысқан,
Ауыздықпен алысқан.
Қара тері шыққан соң,
Жүрген сайын қарысқан.
Алыс сапар жол шегіп,
Арықтап тұлпар шалыққан.
- 4400 Табанынан жер соққан,
Маңдайынан күн соққан,

- Таңдайы қатып шөл соққан.
Арықтық, аштық тұлпарды
Бәрі қатар тең соққан.
Осындай жауап беріпті,
Қалмақтың ері Қаршыға
Жауабына сеніпті.
Серт байласқан сөзіне
Екі батыр көніпті.
- 4410 —Уа, қырық жолдас, қырық жолдас,
Шапқанысып қызыңдар,
Мереке қызық қылыңдар.
Әдісінді жиыңдар,
Аударысқа шығыңдар.
Қырық жігіт қызады,
Белге шынжыр буады.
Белдемшесін белденіп,
Аударысқа шығады.
Тұлпарларын қыздырып,
- 4420 Санға қамшы ұрады.
Қасындағы қырық жігіт
Қобыланды ерді шақырды.
Шақырып алды қасына
Өзіне жолдас батырды.
Ерлерге айтты ақылды,
Айтуы ақыл мақұл-ды.
—О, қырық жолдас, қырық жолдас,
Аударысқа барыңдар,
Менің тілімді алыңдар.
- 4430 Біразырақ тіресте
Аударылып қалыңдар.
Менің айтқан мұңымды
Көңілге тоқып бағыңдар.
Қуанысып мақтансын,
Ақылсыз қалмақ, жарымдар.
Көңілдерін өсіріп,
Ақыр бір күн болғанда
Қиратар жауды әлім бар.
Уәде еткен күреске
- 4440 Шеттен келіп қосылып,

- Алысумен жұлқысып,
Шықты ерлер тіреске.
Жанын сығып бір-бірі
Батырды қолын сүйекке.
Шандақ болды алысқан,
Бірін-бірі көтеріп,
Бүйірден сығып жанышқан,
Сексені де данышпан,
Кілең мықты арыстан.
- 4450 Ер алысқан жерлерін
Жер ошақтай қазысқан.
Мықындары, белдері,
Қанталасып қалысқан.
Алысып ерлер анталап,
Тұла бойы қанталап,
Бірін-бірі көтеріп,
Айқайласып арқалап,
Қобыландының айласы
Айтып еді қырық ерге.
- 4460 Жанын сығып алыс деп,
Белін қысып жаныш деп.
Күш көрсетіп қырық ерге
Ақырында қырқың да
Жығылысып қалыс деп.
Айқайлап қалмақ қызынды
Қырымнан келген қырық ердің
Қалмақтар белін сығулы.
Қалмақтардың батырдан
Қырық жігіт жығылды.
- 4470 Байқадық деді шаманы,
Мақтанып тұрған Қаршыға,
Қалай болды Қобыланды ер,
Қобыланды ерге барады.
—Шыққалы елден көп болды,
Әлі ұйықтаған қабақ жоқ,
Рақат ішкен тамақ жоқ,
Біздер аш та, сендер тоқ,
Сол себепті ерлерде
Бұрынғы қалып, дәрмен жоқ.

- 4480 Сарыжадан алған оқ,
Толғағанда кез болды,
Мықты уәде сөз болды.
Сексен жігіт бірігіп,
Садақ атар жер болды.
Садақты ерлер алады,
Қаршығаның қырық жігіт
Қатты тартқан садағы
Жұлдыздай зулап ағады.
Сексеуіл мен тобылғы
- 4490 Кездескенін қағады.
Томарларды қопарып,
Кездессе де қара тас,
Жолдағысын қағады.
Қобыландының қырық жігіт
Артта қалып садағы
Қалмақтың басы Қаршыға
Қалай болды Қобылан деп,
Қобыландыға барады.
—О, Қаршыға, Қаршыға,
- 4500 Сіз бәйгі алған жер болсын,
Қатты уәде сөз болсын.
Сіз мықты да, біз осал,
Осалсынсаң, Қаршыға,
Тап үш күннің соңынан,
Сенде де бар қырық жігіт,
Менде де бар қырық жігіт.
Көк Зеңгінің басынан
Сексен жігіт кез болсын.
Қобыланның айтқан бұл сөзін
- 4510 Қаршыға мақұл көріпті,
Бір-біріне сеніпті.
Үшінші күн келуге
Көк Зеңгі таудың басынан,
Сексен жігіт жолдаспен
Серт уәде берісті.
Ойлағаны Қобыланның
Алыстан ойлап өрісті.
Ақыл, айла, қайраты

- Бәрі бірдей келісті.
4520 Уәдеге дәм татып,
Бір табақтан жесісті
Сексен жігіт жемісті.
Уәдесін берісті,
Осылай десіп келісті.
Қаршыға кетті еліне,
Қобылан кетті өзінің
Жатқан қоныс жеріне,
Тынығып жатқан көліне.
Сексен батыр тарасты,
4530 Үш күннен соң келмекке,
Уәде етіп жөніне.
Қуанышты Қаршыға
Тақта отырған Барсаға
Келіп сәлем беріпті.
Мықты Барса серіне
Қуанып келген Қаршыға
Сөз сөйлейді желіге,
Көңілі өсіп семіре:
—Барса патша сен едің,
4540 Қаршыға ерің мен едім.
Қуаныш етіп келемін,
Қуаныш еткен себебім:
Өзіме-өзім сенемін.
Қаракыпшақ Қобыланға
Көк Зеңгінің тауында,
Кездессем душар деп едім.
Қырық жігіт қасымда,
Қарауылға барғанмын.
Уәде етіп Қобыланмен
4550 Ат жүйрігін сынауға
Онда да бар қырық тұлпар,
Бізде де бар қырық тұлпар.
Ат жарысты салғанбыз,
Озып бәйгі алғанбыз.
Уәде етіп Қобыланмен
Аударысты салғанбыз,
Аударып аттан алғанбыз.

- Бір-біреуге сенісіп,
Уәдеге нанғанбыз.
- 4560 Ықпалы жүрген ерлерміз,
Алдан алға барғанбыз,
Белге шынжыр буғанбыз.
Сынасуға Қобыланмен
Берік уәде қылғанбыз.
Күресіскен шағында
Қыркын бұлғап ұрғанбыз.
Уәдеге барғанбыз,
Бір-біреуге нанғанбыз,
Аударып аттан алғанбыз.
- 4570 Қобыланды батыр дегені
Бекер жұрттың сөзі екен.
Онша мықты ер емес,
Ерлігі бізден кем екен.
Құр атаққа мәз болып,
Алданып жүрген неме екен.
Алдағанға алданып,
Ақылсыз Қобылан сандалып,
Шабам деп бізді қамданып,
Алшағыр хан амалмен
- 4580 Алдағанға келіпті.
Бізді көрген шағында,
Мықтымсынып желікті.
Кім мықты да, кім осал,
Біздің күшті көріпті.
Оған тиген ерлік жоқ,
Бәйгіні бізге беріпті.
Барса патша сен едің,
Қарауыл салып жау күткен
Қаршыға батыр мен едім.
- 4590 Қару-қапшық, тұлпарын,
Олжаға сізге беремін.
Екі күннің соңынан
Қару түрлі, мінген ат,
Тартуға сізге беремін.
Сонда Барса сөйлейді:
—Ақылың жоқ, Қаршыға,

- Мақтанба маған сен,—деді.
Мақтанғаның нең?—деді.
Сынап қалдым Қобыланды,
4600 Амалы көп ер,—деді.
Алдағанға алданған
Ақылың сенің кем,—деді.
Қазақтан шыққан Қобыланның
Айла, амалы көп екен,
Ақылға асқан ер екен.
Қобылан келсе бұл жерге,
Бұзылар, қалмақ, мерекен.
Біліктің асқан көзі екен,
Айлакердің өзі екен.
4610 Айлакер Қобылан амалы,
Білікке асқан саналы.
Алдағанға алданған
Ақылың сенің шамалы.
Әдіс ойлап баққан-ды,
Ақыл мен айла тапқан-ды.
Күшімді көрсе қалмақтар
Амал, әдіс табар деп,
Бекінісіп қалар деп,
Ат жарысты салған-ды.
4620 Басын тартып сендерден,
Қыпшақтар кейін қалған-ды.
Айламенен, амалмен
Шын әдіске салған-ды.
Басын тартып тұлпардың
Көңілі өссін қалмақ деп,
Амалменен қалған-ды.
Білікке артық өктем-ді,
Амал, айла еткен-ді.
Сендерді алдап жығылған,
Жықтым деп, қалмақ, мақтанба.
4630 Тоқтарбайдың Қобыланды ер
Есітуім осылай,
Қиыншылық жауларды
Қолдан талай өткерді.
Қарақыпшақ көп халқын

- Мұратына жеткерді.
Әдіс, айла салған-ды,
Құртқан екен айланды.
Мақтансын деп Қаршыға
Аударылып қалған-ды.
- 4640 Бәрі де әдіс, амал кер,
Жеңілгені жалған-ды.
Көрсеткен екен амалын,
Қобылан келсе еліме,
Тарылды менің заманым.
Сасатұғын жер келді,
Айланы қайдан табамын.
Көңілі өссін қалмақ деп,
Жай тартқан екен садағын.
Қобыланды келді дегенше
- 4650 Бәле келді десейші.
Көп қалмақтың еліне
Талау келді десейші.
Қатты қырғын халқыңа
Сала келді десейші.
Қызыл қанға қылышын
Мала келді десейші.
Ойсыратып қалмақты
Шаба келді десейші.
Қобылан келді дегенше,
- 4660 Көрім келді десейші.
Көп қалмақтың еліне
Зәбір келді десейші.
Қалмақ қара қаныңды
Төгу келді десейші.
Қабыртқанды қаусатып,
Сөгу келді десейші.
Жарқыраған жарық шам,
Сөну келді десейші.
Қатты тарлық халқыңа
- 4670 Төну келді десейші.
Қиыншылық заманды
Көру келді десейші.
Ер азамат адамды

- Көму келді десейші.
Қобыланға ерлік миясар,
Мұнан артық кім асар.
Қалмаққа қырғын ұласар.
Ардақтаған ерінді
Ұзынынан сұлатар,
4680 Қан төремді құлатар.
Қатын менен баланы
Қала ішінде шулатар.
Қаланың ішін даңдатар,
Халқымды түгел зарлатар.
Бейпіл елді шулатар,
Әр оғының ұшымен
Ерлерімді тулатар.
Қатын менен баланы
Қыруға қыру ұласар.
4690 Халқымнан кеңдік күн асар,
Жарық сәуле бізге жоқ,
Қараңғылық түн басар.
Шаһардың іші шаң болар,
Тас көшелер қан болар,
Кең дүнием тар болар.
Қобылан келсе қалама
Кеңдікке елім зар болар.
Тарлық пенен еліме
Қысым келер жеріме,
4700 Кім түспес дейсің Қобыланның
Бізге қазған көріне.
Болмаңыз халқым бейхабар,
Ақылды Қобылан ой табар.
Көп кешікпей көшеден,
Сарқырап қызыл қан ағар.
Елімдегі ерімді
Сынап қолдан шамалар.
Жаңа сөзім жана бар.
Енді қайтып күнелтер
4710 Қатын менен балалар.
Кеңдік бізден жоғалды,
Не қылса да Қобыланның

- Істеген ісі оңалар.
Қор қылмаса игі еді,
Адамнан тауым қайтпаған
Күшті менің денемді.
Қобылан оймаса игі еді,
Осы менің төбемді.
Қиратар деп қорқамын,
4720 Болат қайтпас жебемді.
Ішкізер деп қорқамын,
Қара қаннан керемді.
Қор етер деп қорқамын
Жеті мүше денемді.
Қайраты көп Қобыланның
Мықтылығы берен-ді.
Қобылан келді деген соң,
Көкірек қайғы, шемен-ді.
Сендер түгіл менің де
4730 Ояды Қобылан төбемді.
Екі көзім жылауда,
Көңілде қайғым көп енді.
О, Қаршыға, Қаршыға,
Еш нәрсені білмейсің,
Көңілмен сына сен,—дейді,
Сенде зейін кем,—дейді.
Атаңа нәлет Қобыланды,
Қайраты көп ер,—дейді.
Алдағанға алданып,
4740 Сол секілді Қобыландыны
Жендім деп келгенің нең?—дейді.
Көп кешікпей жақын-ақ,
Сыналар ерлер жер болар.
Алыстан сынап байқасам,
Айлаға артық ер болар.
Ол ақ сұңқар, біз қарға,
Сұңқарға қарға жем болар.
Қобыланды бүркіт, біз қарға,
Түсірер бізді күн тарға.
4750 Арыстан туған Қобыланға
Етуге бізде лаж бар ма?!

- Қайғымен көңілім күл болды,
Жарық күнім түн болды,
Бұл не деген түр болды?!
Қаршыға сонда сөйлейді:
—Жоқ нәрсеге, хан Барса,
Қайғы шеккен нең?—дейді.
Көріп келдім көзіммен
Сол Қобыландыны мен,—дейді.
- 4760 Сонша мақтап айтсаң да,
Ұлықсат маған бер,—дейді.
Қырық жолдас қасқа алып,
Екі күнде барамын,
Қызықты сонда көр,—дейді.
Ер серікпей болмайды,
Босқа қорқу жөн емес,
Қорыққан адам оңбайды.
Батыл жүрек ер керек,
Жасыққа болат қонбайды.
- 4770 Қорыққан жаудан оңа ма,
Қыпшақтан келген қу бастан
Мұнша қорқу бола ма?
Құралың сай, елің сай,
Еліндегі ерің сай,
Батырдың басы Қаршығаң
Сынауым келер жобаға.
Ол қырық та, біздер көп,
Аз кісі көпті оба ма.
Елім мықты, ерім сай,
- 4780 Өзі келіп ұрынған
Қобыланды шіркін оңа ма.
Өзіме-өзім сенемін,
Қайғы берме, хан Барса,
Маңдайымнан көремін.
Кесілмесем қарымнан,
Айрылмасам барымнан,
Арыңды алып беремін.
Ұлықсат бер, барамын,
Қалай да болса Қобыланды

- 4790 Бұл барғанда аламын.
Қалмақ деген халқымсың,
Ортаңа олжа саламын.
Жаудан қайтпас ер жігіт,
Тоқтатпайды талабын.
Қырық жолдасым, еріңіз,
Уәде еттік Қобыланмен
Іркілмей жүру жөніміз.
Қалмақ, сасып қорықпа,
Екі күннің артынан
- 4800 Сыналатын жеріміз.
Маңдайынан қайтпаса,
Тәуекел еткен ер болар.
Ұлықсат бер, ер Барса,
Уәдеге Қобыланға
Тоқталмай бару жөн болар.
- Жауабын Барса естіп көрген екен,
Сөзіне Қаршығаның сенген екен.
Әр уақыт барған жауын алып қайтқан,
- 4810 Қаршыға қашаннан-ақ ер неме екен.
- Қашаннан жолды атанған батыр еді,
Көңілін барған жаудың басып еді.
Жылатқан барған жауын әр жерде де,
Аяққа жауын таптап басып еді.
Немере бұл Барсаның тума інісі,
Қаршыға ер Барсаға жақын еді.
- 4820 Қаршыға Қобыландыға шықты жайнап,
Жолдасы қырық батыр құрал сайлап.
Тас кескен ақ алмастан қылыш белде,
Жігері батылдардың іште қайнап.
Мінген ат қырық батырдың бәрі тұлпар,
Құралы батырлардың бәрі де сай,
Жөнелді жарыстырып тұлпарды айдап.
- Қуанып қырық батыр желікті енді,
Тауына Көк Зеңгінің келіпті енді.

- Өлтіріп ер Қобыландыны қайтамыз деп,
Батырлар ажарланып, көріктенді.
Қобыландыны өздерінен төмен көріп,
4830 Өзіне-өзі ерлер сеніпті енді.
Қылтылдап қырық ердің найзалары,
Жеріне уәде еткен төніпті енді.
Қобылан айла, амалын бастады енді,
Көліне қырық жігітті тастады енді.
Өзіне-өзі сенген арыстан ер,
Жаулардан жалғызбын деп саспады енді.
Торыға тобығы меңді қамшы басты,
Түйдектеп төрт аяғын тастады енді.
Тұяғы қара тасты күл-күл қылып,
Аспанға топырақ, тозаң шашқан енді.
Қалмақтар қырық батыр бәрі мықты,
4840 Қобыланды қырық ерден саспады енді.
Жападан қырық кісіге жалғыз келді,
Қобыландыны қырық батыр көреді енді.
Қасына айбаттанып жақын төнді,
Сайланған қырық батырға жалғыз келді.
Әдісқой қырық батырды бұл да көрді,
Әдісқой қырық батыр кемеңгерді.
Келген жерден батырды камай берді,
Қылышпен келген жерден жауды шапты,
Бастарын домалатып шөптей қақты.
4850 Қобыланның ерлігіне кім шыдасын,
Тыпырлап талайлары тулап жатты.
Сонда Қобылан ойлады,
Тіл барсын деп еліне,
Барса мықты серіне.
Дәмесі болса көп қалмақ
Меніменен кездессін
Соғысатын жерінде.
Қаршығаның атынан
Аударып Қобылан алады.
4860 Бастырып атқа өкшесін,
Қанталатып бөксесін,
Қобыланды ерің сабады.
Қамшы ұрған шағында,

- Етінен қаны ағады.
Қобыландының бешесі,
Әуелден қалып көшесі,
Тасқа салса қайтпаған
Алмастың өткір жетесі.
Құлағың шұнақ болсын деп,
4870 Қайғыға халқың толсын деп,
Қаран күнің солсын деп,
Құлағын кесіп алады.
Қаршыға едің досым деп,
Бетің тегіс болсын деп,
Мұрнын кесіп алады.
Бет аузынан, басынан
Қара қан сулап ағады.
Қаршыға батыр досым деп,
Қолыңда тегіс болсын деп,
4880 Маған көп еткен күнәң деп,
Сымпитып тегіс қылам деп,
Дегенімді істесең,
Ашуымнан тынам деп.
Ант сертімнен шығам деп,
Құлағын кесті шұнтитып,
Мұрнын кесті жымпитып,
Қарын кесті құнтитып,
Қоя берді сымпитып.
Тұла бойы қызыл қан,
4890 Тәлтіректеп Қаршыға
Шарасыз кетіп барады.
Әр мүшеден қызыл қан
Судай зулап ағады.
Жасқауына қары жоқ,
Құлақ, мұрны тағы жоқ,
Қара құс, қарға талады.
Қаны аққан жерінен
Етін жұлып алады.
Қаршыға атты батырдың
4900 Тарылғанға ұқсайды
Кешегі кеңдік заманы.
Қырық жолдастан айрылып,

- Тұла бойдың сауы жоқ,
Ер Барсаға барады.
Қаршыға батыр мыңқылдап,
Көргенін айтып шағады:
—Жел терістен тұрды ғой,
Мені Құдай ұрды ғой.
Қазақтан келген Қобыланды ер,
- 4910 Қас масқара қылды ғой.
Қасымдағы қырық жігіт
Біреуін қоймай қырды ғой.
Айналайын хан ием,
Айтқаның келді, әулием.
Батырсынған, ерсінген,
Басыма жетті сөз кием.
Батырсындым, баптандым,
Қобыландыны жеңем деп
Сізге келіп мақтандым.
- 4920 Қобыландыны аттан аударып,
Бек қуанып шаттандым.
Айтқаның қылмай, хан Барса,
Қобыландыға барам деп,
Тарту берем саған деп,
Әлімді білмей аттандым.
Қаршығаның жоқ болды
Қобыландыға амалы.
Айласы көп ер екен,
Жеңілгені біздерден
- 4930 Арам иттің амалы.
Айтқаныңның бәрі рас,
Патшам едің саналы.
Көріп келдім көзіммен
Халқыңның Қобылан ажалы.
Ертең келер қалмаққа
Маған салған зауалы.
Болмайды деп қорқамын,
Халқымның тыныш сауалы.
Білігің асқан, ей патшам,
- 4940 Ақылды, сыншы сен едің.
Батыр аңқау, ер көдек,

- Қаршыға ерің мен едім.
Батыр атақ алғаным,
Патша, сенің себебің.
Бұрынғыдай сәнім жоқ,
Кесілді екі қарым жоқ,
Көп сөйлейтін әлім жоқ.
Қатты жүдеп отырмын,
Бүгіннен қалар жаным жоқ.
- 4950 Қаршығаңнан әл кетті,
Ажар, көрік, сән кетті,
Тұла бойдан қан кетті.
Қорықпайтын жүректен
Қайтпас батыл, әл кетті,
Залым Қобылан меңдетті.
Ықпалым жүрген ер едім,
Бұл сапар ісім кер кетті.
Қанатымнан қайырып,
Әр мүшемнен айырып,
- 4960 Қобылан мені жүдетті.
Қаршыға ерің азған күн,
Көзімнің жасы төгіліп,
Қойныма тамған күн,
Қайғыға ішім жанған күн.
Қарақыпшақ Қобыланды ер
Мойныма бұғау салған күн.
Қайратым бастан өткен күн,
Масқара мені еткен күн.
Екі қарым кескен күн,
- 4970 Шұбыртып қаным төккен күн,
Түп-түбіме жеткен күн.
Қайырлы ханым сен едің,
Қаршыға ерің мен едім.
Алдымдағы асқар тау—
Сүйенішім, тірегім.
Осы көрген қорлықты
Айтып өлсем деп едім.
Арыстан алғыр қабақты
Орай белге байлаған,
- 4980 Алмас қылыш садақты.

- Көңілі өскен ер екен,
Таудан үлкен талапты.
Астындағы торша ат
Бауырынан жарапты.
Сере маңдай, жазық бет,
Қобыландыда айбат көп.
Әуелінде мас болып,
Айтқан екем алам деп.
Қару-қапшық, мінген ат,
4990 Тартуға берем саған деп.
Алдағанға алданып,
Айтыппын бекер алам деп.
Келбетті туған берен ер,
Айлаға асқан терең ер.
Мұндай болдым Қобыланнан
Ендігі ерлер не көрер.
Ханшаларың күң болар,
Белгілерің құлға теңелер.
Барса, өзің болмасаң,
5000 Өңгеге ерік бермейді.
Сан жетпейтін қол болсын,
Бір кісідей көрмейді.
Күші күшке ұласып,
Қуаты асып өрлейді.
Айтулының өзі екен,
Көрсө жауды шаттанар.
Жау жақындап келгенде,
Айбаттанып баптанар.
Барса, өзің бармасаң,
5010 Қобыландының маңына
Бара алмас өзге қасқалар.
Көрсетті Қобылан күшті ғой,
Тұла бойда бар тәнім,
Тұлып болып істі ғой.
Сынауым шайтан болмаса,
Халқымды жерге тықты ғой.
Қатты қайтқан қажарым,
Түспен кеткен ажарым.
Суытар деп қорқамын,

- 5020 Халқыңның қызық базарын.
Сөйлеуге әлім келмейді,
Әлсіреп, талып барамын.
Сонда Барса сөйлейді:
—Айтып едім мен,—дейді,
«Қобыландыны жеңдім деп»,
Мақтанып келдің сен,—дейді,
Ақылың сенің кем,—дейді.
Аламын деп қоймадың,
Амалы көп Қобыланды
- 5030 Өлтірем деп ойладың.
Ақырында мінекей,
Өзінді-өзің жойғаның.
Алшағыр залым жұмсаған
Қарақыпшақ Қобыланды,
Өзі де көрер Барсаның
Қобыланды ханды сойғанын.
Қайғылы тұрмын заманда,
Зауал болар күн жетті,
Қалмақтағы адамға.
- 5040 Шықпай қалмас Қобыланды
Құрулы тұрған аранға.
Саған келген бұл зауал
Ертең келер маған да.
Төрелерім, бегілерім,
Салайық айла амалға.
Мен қорқамын Қобыланнан,
Түбімізге жетер деп,
Қас масқара етер деп.
Біз көпсініп, еркіндеп,
- 5050 Жалғыз Қобылан нетер деп.
Мақтанбайық бегілерім,
Күтінелік ерлерім,
Қамданыңыз елдерім.
Халыққа келген бұл зауал
Қиындық болар көргенің.
Атаңа нәлет Қаршыға,
Мықтымсынған неме едің,
Ақылға, сірә, кем едің.

- Қобыландының тұлпарын
5060 Тартуға берем деп едің.
Саған келген қиындық
Ертең келеді өзіме.
Ақылың жоқ, Қаршыға,
Обалың болсын өзіңе.
Үйіріп шокпарды алады,
Тас төбеге салады.
Талқандалып ми, басы,
Сүйегі ұшып тарады.
Қаршыға сынды батырдың
Табанда жетті ажалы.
- 5070 Жау көргендегі ұраны
Барабанын қағады,
Халық жиналып қалады.
Қалмақтың басы Барса хан
Ер азамат елімен
Ақылдасып қалады.
Шақыртқан соң ер Барса
Сансыз қалмақ ел келді.
Ел ішінде ер келді,
Қайтпайтын жаудан сер келді.
- 5080 Желігіп халқы желденді,
Жау тілеген тілегі,
Қайтпайтын жаудан жүрегі.
Ер менен би қамалды,
Ойлап жатыр амалды.
Кіл темірші ұстаға
Түрлі қару соқтырып,
Айналаға шаһарының
Жебеден құрды аранды.
Ұсталарын жиғызды,
- 5090 Берік етіп қаласын,
Қорған шойын құйғызды.
Зеңбірек жайып алдына,
Қару-жарақ жиғызды,
Түрлі амал қылғызды.
Әрбір түрлі амалмен
Бекітті шаһардың арасын.

- Шойынменен құрсатты
Тастан салған қаласын.
Ашық шаһар бар еді,
5100 Бекітті қосып арасын.
Даярланып болған соң,
Жау көргенде желігіп,
Барабанын қағатын
Жиылар қалмақ жер болды.
Сан жетпейтін батырлар
Даярланып тез болды,
Неше түрлі сөз болды.
Ақылдасып халық тұрады,
Барсадан ақыл сұрады.
Сонда Барса жылады,
5110 Жылауы қалай болды деп,
Келген халық тынады.
Қара обадай хан Барса
Ортасында тұрады:
—Халық, амал табыңдар,
Барсаңа ақыл салыңдар.
Аңғырттанба жас, кәрің,
Менің тілімді алыңдар.
Ер олжасы—жан сақтау,
Бас-басыңды бағыңдар.
5120 Көбің шық Қобылан алдынан,
Артыңды шаһарға салыңдар.
Жаратпаймын жау түрін,
Бәріңе де жазым бар.
Шығып кетсең қаладан,
Сескенем талқан қылар деп.
Шығып алып ел жаққа,
Бет ашыққа шығарып,
Үріккен қойдай қуар деп.
Ол бөрі де, сендер қой,
5130 Қайғым күшті қыар деп.
Астымдағы тұлпармен
Тосып алып жолыңды
Қас масқара қылар деп.
Артықша деп ойлаймын,

- Сол Қобыланның амалын.
Аудартпас деп жылаймын,
Барған ердің табанын.
Тарылтар деп ойлаймын
Көп қалмақтың заманын.
- 5140 Сендер түгіл, менің де
Жете ме деп қорқамын
Көп кешікпей ажалым.
Көрсетер деп сескенем,
Қобыланды бізге қажарын.
Есіткелі қайғым көп,
Қобыландының хабарын.
Аңсыз болма, аңдаңыз,
Аңдаған болар пайдаңыз.
Қалмасын амал, айлаңыз.
- 5150 Тасты кесер көк алмас,
Өткірлеп шарға қайраңыз.
Қайтпайтұғын көк сүңгі
Өткір болсын найзаңыз.
Қаладан ұзап кетпеңдер,
Сонда болар пайдаңыз.
Мен көппін деп мерейіп,
Еркінсіп барма мақтанып.
Жүзге бірің бас болып,
Реттеңіз басқарып.
- 5160 Қобылан жалғыз кісі деп,
Барып қалма қасқарып.
Қаруды сайла түрменен,
Еркек кіндік адамнан
Жан қалмасын жүрмеген.
Шашақтаған ту алып,
Сәнденіп шық гүлменен.
Қару-сайман даярлап,
Әзірленіп түнменен.
Таң мезгілі болғанда,
- 5170 Жасақ салып барыңыз.
Аңсыз болып кетпесін
Қобыландыға арыңыз.
Ұзап кетпей қаладан,

- Артыңды кейін салыңыз.
Төгілмесе игі еді,
Қалың жатқан байтақ ел,
Сарқырап судай қаныңыз.
Кетпесе игі еді, қалмағым,
Бұл қыпшаққа арыңыз.
- 5180 Кесілер деп қаупім бар,
Қалмақ халық қарымыз.
Таң шабыты толғанда,
Таң атқан мезгіл болғанда,
Сансыз әскер барыңыз.
Батырлар әбден баптанды,
Қаруын сайлап шаттанды,
Таң шабыты толғанда,
Таң атар мезгіл болғанда,
Сан жетпейтін сансыз қол
- 5190 Қобыланға қарсы аттанды.
Батырлардың мінген ат,
Тебініп жерді паң басты,
Жердің жүзін шаң басты.
Қылыштарын қайрасты,
Қынапқа салды алмасты.
Көк найзасын өңгеріп,
Бірінен-бірі қалмас-ты.
Қатты уәде байласты,
Ер сөзінен танбас-ты.
Тобыңды жазба халық деп,
- 5200 Барсаның айтқан өсиет
Өтірік емес, анық деп,
Шашау шықса егер де,
Көрсетпесе Қобылан жарық деп,
Арамызға жік түссе,
Бізді қылар кәріп деп.
Сан жетпейтін ауыр қол,
Ат құйрығын сүзеді.
Тұс-тұсынан батырлар
Ала туын тігеді.
- 5210 Тоқтарбайдың Қобыланға
Өзірленіп қалмақтар

- Соғысуға жүреді.
Шықты жаулар ту алып,
Жауды көзі көрген соң,
Тоқтарбайдың Қобыланы
Атын алды суарып.
Жау көрінген шағында,
Қобыланды тұрды қуанып.
Белге буған ақ семсер
- 5220 Сары ала туды қолға алды,
Көк найзасы жалтылдап,
Әскерді көріп долданды.
Бес қарудың бәрі сай,
Әуелі алмас қолға алды.
Қалмақтан шығып Шоңғара,
Жекпе-жек деп ақырды,
Ер Қобыландыны шақырды.
Қалмақтағы белгілі,
Қайтпаған жаудан батыл-ды.
- 5230 Әр жерден жауға барғанда,
Талайды шауып жапырды.
Жүрегі Қобылан қайтсын деп,
Шоңғара батыр ақырды.
Жау көргенде қуанып,
Батыр Қобылан күледі.
Алып-ұшып жүрегі,
Ежелден-ақ Қобыланның
Соғысу жаумен тілегі.
Қобыландыны ашу қаптады,
- 5240 Сан жетпейтін қалың жау
Көңілі жасып саспады.
Мен көңілмен аңдасам,
Жекпе-жекке бармасам,
Алмасты қанға малмасам.
Бір кимылдап қарайын,
Күш-қайраттан танбасам,
Жекпе-жекке барайын.
Барып басын қағайын.
Бірі түгіл құртайын,
- 5250 Осы жаудың талайын.

- Кесілмесем қарымнан,
Айрылмасам барымнан,
Жауым келді сағынған.
Өзім Қобылан болған соң,
Сірә, жауға бағынбан,
Қорқып жаудан табынбан.
Ердің бағы ашылмас,
Серт қып атқа мінбесе.
Шығыршықты көк сауыт
- 5260 Күні бұрын кимесе.
Несі батыр батырдың
Санамай жауға кірмесе.
Сансыз жауға бір өзі
Уайым етпей тимесе.
Көрсетейін қайратты,
Шығарайын айбатты.
Атаңа нәлет көп қалмақ
Білдірейін білмесе.
Ерге қуат, әл керек,
- 5270 Тәуекел етер дұшпанға,
Біздей қайтпас паң керек.
Шашақты туды қолға алған,
Ерлерге де сән керек.
Қалай болар заманым,
Кім де кімге жау керек,
Жанды ортаға салайын,
Қорықпай жауға шабайын.
Айрылмасам әлімнен,
Жаулардың басын қағайын.
- 5280 Уәде еткен Алшағыр
Белгімді алып барайын.
Келе кел деп Қобыланға
Шоңғара шықты ақырып,
Айбатын судай сапырып.
Ердің күні қапылыс,
Сасар Қобылан ер емес,
Қобылан мен қалмақ тең емес.
Шақырған соң Шоңғара
Бармағаны жөн емес.

- 5290 Есебі жоқ дұшпаннан
Жүрегі қайтар ер емес.
Ат құйрығын үзеді,
Жекпе-жекке Қобыланды
Енді қарсы жүреді.
Шоңғараның келбеті,
Қобыландыдан ірі еді.
Шоңғара батыр алар деп,
Қару-қапшық мінген ат,
Олжамызға қалар деп,
- 5300 Қалмақтар шулап күледі.
Жекпе-жектеп желісті,
Келе кел деп келісті.
Көңіліндегі жауабын
Бір-біріне берісті.
Қалмақтың ері сөйледі:
—Қобылан құрбым, замандас,
Хан Барсаның құралын
Ешкім бұзып ала алмас.
Бізге келген батырлар
- 5310 Еліне қайтып бара алмас.
Сен Қобылансың адасқан,
Біздерменен таласқан.
Алыс сапар жол жүріп,
Бізді алам деп мол жүріп,
Сіз ақылдан адасқан.
Батырсынған немесің,
Алыс жерден келесің.
Қор еткенмін талайдың
Он екі мүше денесін.
- 5320 Батырсынып, ерсініп,
Өзіңе-өзің сенесің.
Күнің жақын таянып,
Қаһарлансам өлесің.
Жасың кіші жас жігіт,
Кезекті маған бересің.
—Үлкенсің, сізге батыр сендім,—дейді,
Айтқан жолды сөзіңе көндім,—дейді.
Болған соң жасы үлкен жолды жерге,

- Ей, батыр, кезегіңді бердім,—дейді.
5330 Қобыланды айтқан сөзге сеніп қалды,
Батырдың айтқанына көніп қалды.
Жүрегі ер Қобыланның сескенсін бе,
Кезекті Шоңғараға беріп қалды.
Бұл қалмақ салтанатты, батыр сәнді,
Қолына екі батпан шоқпар алды.
Шамданып, айбаттанып жетіп барды.
—Берік бол, батыр Қобыланжаным,—деді,
Ашумен қатты келді арым,—деді.
Шоқпармен қаһарланып бір ұрғанда,
5340 Тәніңнен көтерілер жаның,—деді.
Қайтпайтын сонда Қобылан барып қалды,
Көтеріп төбесіне қалқан алды.
Шоңғара қақ басына салып қалды,
Шоқпарды қолымен тез қағып алды.
Мінекей ер сыналар жерге келді,
Кезекті қалмақ Қобылан ерге берді.
Қалмақтан алған шоқпар қолда тұрды,
Қарады олай-бұлай мойнын бұрды.
Толғанып қарсы алдында тұрған ерді
5350 Ер Қобылан қаһарланып төбеге ұрды.
Қалмаққа ұрған қару тиді қатты,
Құлатты Шоңғарамен бірге атты.
Айбатты көресінді ер Шоңғара,
Жан кетіп ұзынынан сұлап жатты.
Сансыз жау Қобыландыға қойды атты,
Шуласып бірі қалмай, бәрі шапты.
Қоршалап Қобыландының айналасын
Қалмақтар еркінсініп қамап апты.
Ақ семсер беліндегі суырып ап,
5360 Таймады, қарсыласып жауға шапты.
Қобыланды келген жерден кескілесіп,
Бастарын талайының шөптей қатты.
Бес қаруын белсеніп,
Батыр жолын ашады.
Араласқан шағында,
Берекеті жаудың қашады.
Қиядан келген қалмақты

- Киырдан болжап атады.
Тоқтайтұғын садақ жоқ,
5370 Қабатынан батады.
Әр оғының ұшымен
Әр жауларды шатады,
Қанын судай шашады.
Қабат-қабат келгенін
Қабатынан атады.
Енді жаулар сасады,
Шаһарға қарап қашады.
Көзді ашып-жұмғанша,
Тобығы менді торымен
5380 Қала жағын тосады.
Ақырғанда дауысы
Жүрегін жаудың жарыпты,
Жер өмірге барыпты.
Тобығы менді торымен
Қала жағын алыпты,
Жолын тосып қалыпты.
Қалмақтар сасып, зар жылап,
Қайғыға жаны жаныпты.
Бет ашыққа шығарып,
5390 Қобыланды қимыл салыпты.
Алмаспенен талайын
Жақын келсе қағыпты.
Шашау шыққан жауларды
Найзаменен шанышты.
Қаласынан шығарып,
Кеңге бетін салыпты.
Күн көретін жері жоқ,
Шулап қалмақ зарықты.
Жылға-жылға сайлардан
5400 Қан сарқырап ағыпты.
Қалаға қашар күні жоқ,
Қарсы келер Қобыланға
Осы жаудың бірі жоқ.
Тура келген қалмақтың
Қарсыласар бірі жоқ.
Қашқан жауға қатын ер

- Қаруының міні жоқ.
Суырып алды алмасты
Күшке күші жалғасты.
- 5410 Жанын сақтап қашып жүр,
Біреуі қарсы бармас-ты.
Кездескен жаулары,
Сірә, тірі қалмас-ты.
Қалмақтар шулап жылайды,
Сарыжадан шыққан оқ
Ұшқан құстай парлайды.
Қалмақтардың ерлері
Оқ ұшында тулайды.
Күні-түні бәрібір
- 5420 Қырудан жауды тынбайды.
Қашып жүрген қалмаққа,
Садақ тартып қарады.
Алыстағы жауларға,
Қабаттап өтіп барады.
Талайдың жетті ажалы,
Тапты жаулар қазаны.
Олар қой да, бұл бөрі,
Бөріктіріп барады.
Қобыланды күшін жияды.
- 5430 Тоқтарбайдың шырағы
Пірлерден медет сұрады,
Жау қыру мақсат мұрады.
Қия келген қалмақты
Алмаспен шауып қияды.
Ұрысқан сайын көркейіп,
Ажары артты, сияғы.
Қызыл қанға боялды,
Алмастың өткір қияғы.
- 5440 Қара қанға шылқылдап,
Боялды тұлпар тұяғы.
Қабағынан қар жауды,
Мұртына мұз тоңды,
Мұздай темір құрсанды.
Қаһарланып долданды,
Қылыш, болат қолға алды.

- Өткізбейтін сайлардан
Адамнан бөгет жол салды,
Суырып садақ қолға алды,
Сапары ердің оңдалды.
- 5450 Қиратып жауды еңсерді,
Сансыз жауды төңкерді.
Ерлігіне ел сенді,
Ашуланып тербенді,
Тербенсе, жаулар жерге енді.
Қобыландыда өнер көп,
Көздеп атқан мерген-ді.
Батыр болсаң сондай бол,
Жауға қайғы, шер берді.
Толғап оғын ырғайды,
- 5460 Кездесе де қара тас
Оғы тоқтап тұрмайды.
Бесті асаудай шыңғырып,
Талайлары тулайды.
Тірілері еңіреп,
Өксіп жылап, шулайды.
Тебінгіден тесе атты,
Үзеңгіден кесе атты.
Бір атқанда бес атты,
Үсті-үстіне жеті атты.
- 5470 Қабаттасып келгенін,
Қабатынан матапты.
Әр оғының ұшымен
Батырларын шатапты.
Ұршықтайын үйіріп,
Қынаптан алмас суырып,
Жүрегі қайтпас айбатты ер,
Пірлеріне сиынып.
Сайлардан аққан қандардан
Сай тасады құйылып.
- 5480 Қарауыл қарап ер Барса
Қайратын болжап сынап тұр,
Көзінің жасын бұлап тұр.
«Мына Қобылан есер,—деп,
Халқымды әлек етер»,—деп,

- Еңіреп, өксіп, жылап тұр,
Құртарын Қобылан біліп тұр.
Барса білмей не қылсын,
Ықпалы ердің жүріп тұр.
Қайғыменен қан жұтып,
5490 Батыр Барса күйіп тұр.
Ақылы көп антұрған
Қобыландының құртарын
Көңілмен аңдап түйіп тұр.
Торыға қамшы ұрады-ай,
Салды жауға былағай.
Талайлары құлады-ай,
Талайы жүр жылап-ай.
Айбатына Қобыланның
Қалғаны қашты шыдамай.
5500 Тобығы меңді торымен
«Ә» дегенше Қобыланды ер
Алдын орап шығады-ай,
Жаудың жанын сығады-ай.
Қашуға жоқ амалы
Ар жағы аспас биік тау,
Бір түкпірге тығады-ай.
Апта толық күн болды,
Соғысқанның арасы
Жеті күн болды шамасы.
5510 Тоқтарбайдың баласы,
Ерлердің күшті данасы,
Құрыды жаудың шарасы.
Алыс кеткен халқынан
Көп қалмақтың арасы.
Ықыласпен тыңдаңдар
Жырдың рас тазасы.
Хан Барсаның елінен,
Құрыған жері, шарасы.
Ер қайраты асқан жер,
5520 Торыға қамшы басқан жер.
Жаулардың қырғын тапқан жер,
Дұшпанды қайғы басқан жер,
Қандарын судай шашқан жер.

- Қобыландыға кездесіп,
Қалмақты қайғы басқан жер.
Қырын келген жауларды,
Қиядан көздеп шанышқан жер.
Батыр Қобылан білікті,
Мінезі кең, сүйікті.
- 5530 Жауға салған бүлікті,
Қайғыға дұшпан күйіпті.
Тап сегіз күн дегенде,
Төңірекке көз салып,
Қобыланды байқап тұрыпты.
Жан-жағына қараса,
Қырғын тапқан жан көрді.
Келте-келте сайлардан
Ағып жатқан қан көрді.
Өз қырғанын Қобыланды ер
Ойлап тұрып таң көрді.
Құлағын салса шаһарға,
- 5540 Еңіреген зар болды.
Құлағына шулаған
Мұңын айтқан ән көрді.
Қобыланды ер көресінді салтанатты,
Ер жүрек, бір басына қонған бақты.
Қараса шөптің түрі қызыл ала,
Жердегі жатқан нәрсе қанға батты.
Көз түспес жердің жүзі өлімтіктен,
Қалмақтар қиындасып құлап жатты.
Қобыланды алам деген қалың жау бар,
- 5550 Қырғынның тап осындай дәмін татты.
Айрылып құралынан, әскерінен,
Ер Барса қасіретпен қайғы тартты.
Зауал күн халқыма төнді ғой деп,
Көзінен зар еңіреп жастар ақты.
Шыққанына тоғыз күн,
Батыр тамақ татпаған,
Ұйықтамай кірпік қақпаған,
Айбатын ішке сақтаған.
Батыр болсаң сондай бол,
- 5560 Дұшпанды жерге таптаған.

- Шығыршықты көк найза,
Қарағайға саптаған.
Сансыз қолды жоқ қылды,
Тоғыз күнде қаптаған.
Кішіпейіл ер еді,
Мықтымын деп саспаған.
Тәуекелі тағы артық,
Жалғыз жүріп саспаған.
Алшағырдың намысын
- 5570 Сол досының ары үшін,
Ежелден кекті жау үшін,
Әперем деп намысын,
Қобыланды мықты арланған,
Қаһарланып шамданған.
Қаптаған сансыз қалың жау,
Қырғын тауып зарлаған.
Қаладан шыққан көп жауды
Қаласына жібермей,
Қамап қырып қандаған.
- 5580 Қаласына тығылып,
Қалғаны жаудың сау қалған.
Көптен бері тыным жоқ,
Ұйқыдан қатқан қабағы,
Он күн болды шамасы.
Он күнде ердің жегені,
Бес жалпақ нан тамағы.
Қатқаннан соң қабағы
Көлде қалған жолдасқа,
Қобыланды қайтып барады.
- 5590 Аты да арып, терлеген,
Батыр еді еңіреген,
Көптен ұйқы көрмеген,
Ұйқыдан шаршап меңдеген,
Тандайы қатып шөлдеген.
Күндіз-түні соғыспен
Батыр тыным көрмеген.
—О, қырық жолдас, қырық жолдас,
Қатып келді қабағым,
Қарным ашып жүдедім,

- 5600 Даярлаңдар тамағым.
Қарсы шыққан қалың жау,
Тарылтып шыққан қалың жау,
Тарылтып қайттым заманын.
Осы күндіз, түнімен,
Ертең тыным аламын.
Екі күннің соңынан
Тағы да жауға барамын.
Қолда тізгін бар болса,
Кеудеде жаным сау болса,
- 5610 Тағы жауға шабамын.
Уәде еткен досыма
Басын кесіп Барсаның
Тартуға алып барамын.
Ердің бағы ашылмас,
Тәуекел етіп жол жүрмей.
Ердің жолы болмайды,
Шын тілекпен оң жүрмей.
Ер мақсаты бола ма,
Дұшпанның отын сөндірмей.
- 5620 Болмайды ердің мақсаты,
Қарсыласқан дұшпанның
Жарық күнін өшірмей.
Сендерге жолдас мен едім,
Қырық жолдасым сен едің.
Алшағырдай досыма
Қалмақтың ері Барсаның
Әкелем басын деп едім.
Апарып басын бермесем,
Ер басыма қиын-ды.
- 5630 Алшағыр маған қиылды,
Досым салды бұйымді,
Қобыланды, бар деп бұйырды,
Тайбурыл мен торша ат,
Досым үшін мінгенмін.
Бадана көзді бек сауыт
Алшағыр үшін кигенмін.
Уәде еткен досымның
Жұмсауымен сансыз жау

- Соның үшін тигенмін.
5640 Атқа мініп шыққаннан
Аларымды білгенмін.
Айбат шаштым ақырып,
Жауға шаптым жапырып,
Қанын судай сапырып.
Көп өтінді Алшағыр
Барсаға кеткен ар үшін,
Аяғыма бас ұрып.
Бапқа түскен мен Қобылан,
Күшке мұнан да асармын,
Барсаның көңілін басармын.
- 5650 Садақ толы сар жебе
Ертең жауға атармын.
Өктемсінген Барсаның
Екпінді көңілін басармын.
Қанға қолым тиген соң,
Жау ішіне енген соң,
Бармай неғып жатармын.
Көңілімде айтар мүддемді
Қартқожақ пен Нұрғожа
Құлағына саламын.
- 5660 Ертең жауға барамын,
Тағы бару талабым.
Жақсылық пен жамандық
Әркімге ортақ деп еді,
Ескіден нақыл сөз еді.
Қалмақтың басы хан Барса
Адамда мықты деп еді.
Айтулы ердің өзі еді,
Мақтауға толық сөз еді.
Ерден ердің қаупі бар,
- 5670 Маңдайында екі көз,
Бақыраштай деп еді.
Ажал жетсе қалармын,
Жоғары болса бақытым,
Мен Барсаны алармын.
Тәуекел еткен батырмын,
Ажалды күнім таянды,

- Қайда да қаза табармын.
Қартқожақ сонда сөйлейді:
—Жалғыз кеттің, Қобыланды,
5680 Көмекке бізді алмадың.
Қасындағы қырық ердің
Қайтесің деп, Қобыланды,
Құлағына салмадың.
Сізбенен бірге бармадым,
Бітірмеймісің, Қобыланды ер,
Қырық батырдың арманын.
—Қасымдағы қырық ерім,
Арманда болма сен,—деді,
Өкпе айтқаның нең,—деді.
5690 Тар жол, тайғақ кешуде
Жүректерің кем,—деді.
Жазым болса біреуің
Көңілі өсіп қуанар,
Арсыз қалмақ елі,—деді.
Сендерге нұсқап айтқаным,
Жалғыз кеткен бұл жауға
Қобыландының жобасын
Осы қалмақ қиын жау,
Барсаңдар азып, тозасың.
5700 Қасындағы Қобыланға,
Жолыма бейнет боласың.
Өкпелеме, қырық жігіт,
Сендер мұнда қаласың.
Тобығы менді торыны
Бұл сапар мінбей тастаймын,
Батырлар, күйлеп бағасың.
Жауға ететін зәрім бар,
Дұшпанға жетер әлім бар,
Мен келгенше торыны
5710 Жақсылап күйлеп бағыңдар.
Тоғыз күнде келмесем,
Қанша мықты десең де,
Қобыландыға жазым бар.
Жәрдем берсе панамыз,
Қорғаншы болса бабамыз,

- Тоғыз күннің ішінде-ақ,
Барса ханды аламыз.
Тоғыз күнде келмесем,
Он төрт күн бағып қараңыз.
- 5720 Ұмытып қалып сөзімді,
Жолдастар, болма бейхабар,
Он төрт күннің ішінде
Ер Қобыланың жауды алар,
Барса келмес ханды алар.
Балдағы алтын ақ қылыш,
Жақсылық болса сапарым,
Балдағынан бал тамар.
Қиыншылық жер болса,
Қылышымнан қан тамар.
- 5730 Балдағынан бал тамса,
Қобыландыны келді біл.
Қылышымнан қан тамса,
Қобыландыны өлді біл.
Көк қылышты бағыңдар,
Қан тамса менде жазым бар.
Балдағымнан бал тамса,
Ер Қобыланың сау болар,
Мені күтіп алыңдар.
Тайбурыл атпен тайпалтып,
- 5740 Жүрейін күннің оңына,
Беліме алмас буынып,
Алайын қару қолыма.
Талай жауды қираттым,
Қабыл болса сапарым,
Мен Барсаның сорына.
Болжауым қайып болмаса,
Қалмақтың түспес қолына.
Уәдем сізге осылай,
Қырық жолдас досым-ай.
- 5750 Торы атты күйлеп бағыңдар,
Мен келгенше аман бол,
Күтіп ал мені, тосып ал,
Қасымдағы қырық батыр,
Қобыланды жалғыз кетті деп,

- Бізді тастап нетті деп,
Аталы жау бұл қалмақ
Қазақпенен кекті деп.
Қасымдағы жолдастар,
Ойлаймыз ба болмасақ
5760 Қызғаныш бізден етті деп.
Сансыз қалмақ нөсерлеп,
Қасымдағы қырық жолдас
Ойлады ма болмаса,
Аяушылық еткені.
Қаптаған жаудың ішінде,
Арманда болып кетер деп,
Нұрқожа батыр жырлайды.
Қасындағы жолдастар
Айтқан сөзін тыңдайды.
5770 Қарткожақпен екеуі
Ақылдас, сырлас ыңғайлы.
—Қобыландының мұнысы,
Ақылдың тура дұрысы.
Қасындағы қырық жігіт
Шыны жолдас білісі.
Бізді жолдас етпеген
Осы ақылдың дұрысы.
Қалың соғыс ішінде
Қырық жігіт нетті деп,
5780 Алаң болып Қобыланды
Кетер еді тынышы.
Қобыланмен күш қосып,
О, қырық жігіт, қырық жігіт,
Ұрысуға шараң жоқ,
Қобыланмен қатар адам жоқ.
Аяушылық еткені—
Көңілінде алаң жоқ.
Арықтаған торыға
Мақпалдан жабу жабайық,
5790 Торыны жақсы қарайық,
Жал-құйрығын тарайық.
Бір тілекте тілесіп,
Қобыландыны күтіп алайық.

- Сүйтті де қырық батыр ақылдасты,
Бұл сөзін Нұрқожа ердің мақұлдасты.
Қобыландыны келгенше күтпек болып,
Уәде байлап өңшең ер шапылдасты.
Батырдың торшасы күйленсін деп,
Қобыланды ердің торыша атын бақты.
- 5800 Тайбурылы мінгені,
Дулыға сауыт кигені,
Беліне семсер ілгені.
Тайбурыл атты күйледі,
Жануар бойын биледі.
Ойлау жерден ырғытып,
Қырлау жерден сырғытып,
Құйындайын құйғытып,
Қайшылатып құлағын,
Тайбурылды шұлғытып,
- 5810 Бір құлағын тігілтіп,
Бір құлағын жығылтып,
Аққан жұлдыз секілді
Қобыланды жүрді сырғытып,
Көріп қойған Көк Зеңгі
Тау қабақтап желіпті,
Қарауыл қарап жеріне,
Батыр Қобылан келіпті.
Әйел, еркек жиылған,
Көп халықты көріпті.
- 5820 Тау басына барыпты,
Қарауыл қарап Қобыланды ер
Алысқа көзін салыпты.
Кеше көрген бір оба,
Екеу болып қалыпты.
Ар жағында обаның
Әйел, еркек көп әскер
Бекініп олар тұр екен.
Қалғанын жиып халықтың
Барсаның шыққан күні екен.
- 5830 Әлі де жаулар көп екен,
Жиыл деген халқына,
Барсаның әмір сөзі екен.

- Екі обаның біреуі
Нән Барсаның өзі екен.
Батыр Қобылан көреді,
Қараобаның бауырынан
Жылтырайды қос нәрсе,
Ол Барсаның көзі екен.
Будақтап түтін шығады,
5840 Мұрнының тыныс лебі екен.
Қобыланды елін шапқан соң,
Барсаның кеткен тынымы.
Ақылынан айрылған,
Ойында жоқ білімі.
Сырғауылдан кем емес,
Батырдың тартқан шылымы.
Қобыланды болжап тұрады,
Қыпшақтың батыр шырағы.
Шылым тартса ер Барса,
5850 Моржадан шыққан секілді
Будақтап түтін шығады.
Қобыланды жақын барыпты,
Жақындап келіп қалыпты.
Айбатына батырдың
Қобылан көзін салыпты.
Әжептәуір ажары,
Қобылан аң-таң қалыпты.
Қотыр-қотыр ажары,
Көз салып Қобылан қарады.
5860 Көрген шақта Барсаны
Қобыланның қайтты қажары.
Батыр Барса қарады,
Қобыландыны көрді де,
Қатты айғайға салады.
Ақырғанда дауыспен
Қара тасты жарады.
Екпінінен тыныстың
Тастар ұшып барады.
Қобыланды деп ақырды-ай,
5870 Қорқар Қобылан ер емес,
Қасына келді жақындай.

- Бет ажарын қараса,
Таудың қотыр қара тасындай.
Кеудесіне көз салса,
Келбетті туған нән екен,
Мұрны Құсмұрын таудың басындай.
Өктем туған өзі бар,
Мақтауына сиятын.
Келбетті келген жөні бар,
5880 Бақыраштың аузындай,
Маңдайында екі көзі бар.
Айбатты Барса келбетті,
Сескенбейтін сербетті,
Ажары жаман көр бетті.
Қобыландыны көргенде:
—Бермен жақын кел,—депті.
Жаныңды алар ер Барсаң,
Осы тұрған мен,—депті,
Отырған жерім отаудай,
5890 Тұрайын, бәлем, көр,—депті.
Келбеті күшке жарасқан,
Барса тұрған шағында,
Қанша мықты десек те,
Ақылдан Қобылан адасқан.
Бұл Барсаның бойы бар,
Биікпенен таласқан.
Адамның мықты алыбы,
Шыны дәудің өзі екен,
Ауызға толы сөз екен.
5900 Сияғын Барса көргенде,
Қобыландының сасқан жері екен.
Қобыландыны көріп ақырды:
«Бермен кел»,—деп шақырды.
Ақырғаннан Қобыланды ер
«Қайтемін» деп сасулы.
Ақырғанда лебінен
Ұсақ тастар шашылды.
«Қалай да болса бір жұмыс,
Кездесті ғой маған,—деп,
5910 Тәуекел керек батырға.

- Қалай да болса барам,—деп,
Болжаулы іс өтпес пендеден,
Мына дүние заман,—деп.
Кемшілік болар басыма,
Барсадан қорқып сасқаным.
Ерлігіме мін болар,
Жанымды қорғап қашқаным.
Өлім келсе өтермін,
Қайырлы болса сапарым,
5920 Мақсатыма жетермін.
Қара обадай Барсаның
Ондаса басын кесермін.
Қазам жетер күн болса,
Мен ажалға не етермін.
Ажалға бар ма амалым,
Жекпе-жекке Барсаға
Қалай да болса барамын.
Кесілмесем қарымнан
Айрылмасам барымнан,
5930 Қара обадай Барсаның
Кәзір-ақ басын қағамын».
Айбатын шашып ақырды,
Барсаға Қобылан келеді,
Екеуінің кездесіп,
Ұрыс салған жері еді.
Жасы үлкен Барса хан
Кезегімді бер деген,
Қобыланды кезек береді.
Сонда Барса сөйлейді:
5940 —Белге арқан шалалық,
Екеумізге тең ортақ
Аударысып қаралық.
Берік болса уағда,
Болмасын бізде шалалық.
Ат үстінен алысты,
Құшақтасып екеуі
Аударысты салысты.
Белге арқан шалыпты,
Тартысысып қалысты.

- 5950 Үзеңгісін шіреді,
 Табанын ерлер тіреді.
 Шашасынан жоғары
 Астындағы аттардың
 Тұяғы жерге кіреді.
 Алыстары үдеді,
 Тартысқанда белбеуін
 Екеуі де үзеді.
 Көргендерге таң болды,
 Алысқан жері ерлердің
- 5960 Бұрқыраған шаң болды.
 Бірін-бірі ала алмай,
 Екеуіне де ар болды.
 Не қыларға біле алмай,
 Екі батыр дал болды.
 Белге буды шідерді,
 Бірін бірі сынасып,
 Жаннан үзді күдерді.
 Екі батыр ақырып,
 Жауатұғын бұлттай
- 5970 Қабақтары түнерді.
 Аттан түсе қалысты,
 Бір-біріне жабысты.
 Бермейміз деп намысты,
 Екеуі күрес салысты.
 Бірін-бірі ала алмай
 Шаршап ерлер шалықты,
 Шаршағаны анық-ты.
 Барса сонда сөйледі:
 —Қобыланды батыр сен едің,
- 5980 Өзімнен төмен деп едім.
 Мен сынадым Қобыланды,
 Артық күшке беренім.
 Мақұлдасаң, Қобыланды,
 Қаруменен жұмсасып,
 Кезектесіп көремін.
 Жасың кіші болса да,
 Халқыма келген қонақсың,
 Саған кезек беремін.

- Жолсыз жерге бармаймын,
5990 Жолсыз кезек алмаймын,
Уәдемнен танбаймын.
Жасың үлкен, ер Барса,
Кезекті сізге арнаймын.
Жасың үлкен сен едің,
Жасы кіші мен едім.
Бұрын туған ер едің,
Кезекті сізге беремін.
Аман қалса бір жаның,
Артын күтіп көремін.
- 6000 —Сөз айтайын, Қобыланым,
Шоңғара мен Қаршыға,
Халқымның ері қорғаным.
Ерімді қойдай сойғаның.
Сан жетпейтін халқымның
Талайын қырып жойғаның.
Қара ниет қыпшақсың,
Қан ішуге тоймадың.
Қалмақтың басы Барсаны
Аламын деп ойладың.
Дендеген Қобылан есерсің,
- 6010 Ақылың жоқ бекерсің.
Қара таудай Барсаға
Нешік қайрат етерсің?
Жанған оттай жас жансың,
Кешікпей бәлем өшерсің.
Әлек еттің елімді,
Еліме бердің зәбірді.
Елге қорған өлтірдің,
Қаршыға мен Шоңғара
Екі бірдей ерімді,
- 6020 Еріні қанды бөрімді.
Азаматымды өлтіріп,
Жылаттың қызым, келінімді.
Өзіңе де зауалды,
Өлерің жақын абайла,
Кешікпей-ақ алармын,
Сенен түгел кегімді.

- Талай жайсаң, жақсымнан
Қатын, бала арылды.
Мейірімсіз Қобылансың
- 6030 Мың да болса құртармын,
Кеудедегі жаныңды.
Дүниемнің бәрі болды әлек,
Кетірдің Қобылан сәнімді.
Азаматым арылған,
Жетім бала, жесір көп,
Халқымның күні тарылған.
Кек алмайды деп пе едің
Қара ниет залымнан?!
- 6040 Неше күндей ұрысып,
Белшемізден батысқан,
Екеуімізге көп болды,
Аттан түспей алысқан.
Мен Барса едім қашаннан,
Талайды таптап жанышқан.
Екеуімізге жол болар,
Қылышпен кезек шабысқан,
Кел қызыққа батайық,
Кезектеп садақ атайық.
Айбалтаны алайық,
- 6050 Кезектесіп қарайық.
Болаттан соққан ақ балта,
Кезек-кезек шабайық.
Қызық көрдік алысып,
Жеңдірмеске қарысып.
Аударысып күрестік,
Жеңіспедік қарысып.
Кел қызыққа баталық,
Найзаменен шанышып,
Айтқанына Барсаның
- 6060 Ер Қобыланды көнеді.
Кезегінді ал деп еді,
Барсаға кезек береді.
Қылышын қайрап безеді,
Кезегінді ал деп қарысып,
Қарсы алдына келеді.

- Тасты кескен алмасты,
Мойнынан шауып сермеді.
Жасық пышақтай көрмеді,
Ер Арыстан Қобыланға
6070 Барсаның кезек бергені.
Бұ да алмасын алады,
Қара обадай батырды
Иықтан тартып қарады,
Айбатын шашып шабады.
Тасқа тиген немедей
Жылжып қайтып көк алмас
Сағақтан сынып қалады.
Айдаһардың тіліндей,
Шанышса, кеткен білінбей,
6080 Ақ найзаны сермеді,
Қу қурайдай көрмеді.
Екі батыр соғысып,
Қуаты асып өрледі.
Найзаменен салады,
Жасыған жездей майрылып,
Ортасынан қайрылып,
Қармақ болып қалады.
Бірін-бірі кезектеп,
Балтаменен шабады.
6090 Қатты сермеп ұрады,
Ұңғыдан балта сынады.
Қарудан қару қалмады,
Шегінісіп тұрады.
Садағын ерлер кезеді,
Сарыжаға безеді.
Сарыжаның көбесін
Толғағанда сөгеді.
Шіренісіп тартысты,
Тасқа тиген немедей,
6100 Шақ етіп кейін қайтысты,
Ер қызыққа батысты.
Қой боғындай қорғасын
Жалғыз оқты мылтықпен
Екі батыр атысты.

- Өздерін-өзі өктеді,
Қарудан қару қалған жоқ,
Біріне-бірі қос жайсаң
Біріне залал етпеді.
Аянып жүрген күші жоқ,
6110 Бір-біріне әлі жетпеді.
Екеуі де батырдың
Бір-бірін аңдып бағады.
Қолдарындағы алмастың
Тұтамдай сабы қалады.
Біреуінің біреуі
Қаруын жұлып алады.
Тағы екеуі алысты,
Тағы күрес салысты.
Алысумен шалысты,
6120 Шаршағаны анық-ты.
Хан Барса ердің данасы,
Алысқанға екеуі
Жеті күн болды шамасы.
Кім мықты да, кім осал,
Айрылған жоқ арасы.
—Бір сөз айтам мен, Қобылан,
Сөзімді тыңда сен, Қобылан,
Айтқаныма көн, Қобылан.
Тоғыз күн болды соғысқа,
6130 Барсаға ұлықсат бер, Қобылан.
Тоғыз күннен бері қарай
Әлі ұйықтаған қабақ жоқ,
Әлі ішкен тамақ жоқ,
Баруға пұрсат заман жоқ.
Екеуіміз де таралық,
Тамаққа Қобылан баралық,
Тамақтанып алалық.
Суық көлден су ішіп,
Екеуіміз де қаналық.
6140 Жеңемін деп қуанып,
Тұрмысың, Қобылан, мерейіп.
Тамақ ішіп, Қобыланды ер,
Қуаттанып келейік.

- Екеуміздің пайдамыз
Бір-біреуге көнейік.
Ұлықсат берсең, Қобыланды,
Бүгін соғыс қоямын,
Ашуды бүгін жоямын.
Қарным ашқан Барсамын,
6150 Екі өгіз соямын.
Мешкей еді тамағым,
Мен тамаққа барамын.
Екі батпан наным жеп,
Екі көлдің суына
Шөлдеп ішсем қанамын.
Көптен бері ұйқы жоқ,
Қатып тұр, Қобылан, қабағым.
Жау да болсаң жолдассың,
Тілегімді бер, қарағым.
6160 —Сенде де, Барса, тамақ жоқ,
Менде де ішкен тамақ жоқ,
Баруыңа сабақ жоқ.
Кел ұрысқа кетейік,
Тексеріп тұрған адам жоқ,
Есеп алған санақ жоқ.
Кел ұрысқа кетейік,
Біраздан бері алыстық,
Қайсысымыз жеңсек те,
Бір мақсатқа жетейік.
6170 Ақылдың Қобылан данасы,
Тоқтарбай қарттың баласы.
Барсаның айтқан сөзінен
Білінді ердің шамасы.
Кім мықты да, кім осал,
Мағлұм болды арасы.
Тамақ ішіп келем деп,
Барса батыр жалынған,
Өтінішін қарашы.
Тамақтанып келуге
Қобыланды рұқсат берген жоқ,
6180 Айтқанына көнген жоқ.
Жіберуім бекер деп,

- Барса қашып кетер деп,
Ер Барсаға сенген жоқ.
Барсаға пұрсат бермейді,
Айтқанына көнбейді.
«Қашып кетер батыр» деп,
Хан Барсаға сенбейді.
—Мықты Барса сен болсаң,
Меніменен тең болсаң,
6190 Алысайық кел,—дейді.
Екі батыр алысты,
Жібермен деп намысты.
Қара тастар күл болып,
Талқан болып қалысты.
Он екі күн болыпты,
Күн тал түске толыпты.
Бірін-бірі ала алмай,
Екеуі де торықты.
Бірінен-бірі қауіп етіп,
6200 Ерлердің көзі қорықты.
Күндіз-түні тыным жоқ,
Алысумен зорықты.
Есіне түсіп Тайбурыл,
Қобыланды атқа қарады,
Атына көзін салады.
Тұла бойы қызыл қан,
Тұяғынан ағады.
Басына көзін салыпты,
Басында аттың тері жоқ,
6210 Хан Барсаның аласы,
Терісін жұлып алыпты,
Ерін тері қалыпты.
Аяғына көз салса,
Сирағында тері жоқ,
Төрт тұяғы қалыпты.
Ер Барсаның аласы,
Сауырға ауыз салыпты.
Арқа тері бәрісін
Ала ат жұлып алыпты.
6220 Тұла бойдың сауы жоқ,

- Жал-құйрығы қалыпты.
Атын көріп Қобыланды
Мынау қалай болды деп,
Батырдың көңілі тарықты.
Хан Барсаның ала аты
Талағаны анық-ты.
Алаға көзін салады,
Көзін салып қарады.
Шүмектеп қаны ағады,
6230 Басына көзін салады,
Ақсиып тісі қалады.
Ерін тері, бас тері
Қобыландының Тайбурыл
Баршасын жұлып алады,
Ақсиып тісі қалады.
Мойынына көз салса,
Бас, мойнында тері жоқ,
Тері қалған жері жоқ.
Тайбурылы тұлпардың
6240 Ат сияғы жөні жоқ.
Қираған ала жағы жоқ,
Сан терісін сыпырған,
Төрт тұяғы тағы жоқ.
Талағаны Тайбурыл
Бұл аланы анық-ты.
Жалы менен құйрық жоқ,
Тек сүйегі қалыпты.
Қалмақтың ханы ер Барса,
Алаға көзін салыпты.
6250 Ала атты көзі көрген соң,
Іші өрттей жаныпты.
Тұлпарын ала көріпті,
Ала тұлпар өлед деп,
Әбден сынап, зар жылап,
Көзінен жасын төгіпті.
—Таудай ала ат сен,—деді,
Батыр Барса мен,—деді.
Бурылдан болдың кем,—деді,
Таланған мұнша нең,—деді.

- 6260 Таланыпсың жаман,—деп,
Саған келген қара түн
Ертең келер маған,—деп,
Жақын шығар маған,—деп,
Алыс емес ажал,—деп,
Атаңа нәлет Қобыланды
Тарттырмаса игі еді жазам,—деп,
Жетпесе игі еді қазам,—деп,
Еңіреп Барса жылап тұр,
Көзінің жасын бұлап тұр.
- 6270 Өзі өлерін хан Барса,
Көңілмен байқап сынап тұр.
Есін танып Тайбурыл
Жақындап келді Қобыланның
Оқыранып қасына.
«Жануарым, бурыл» деп,
Сипап қойды басына.
Сипаған соң Тайбурыл
Ортаға келіп желулі.
Ер Барсаның ала атын
- 6280 Қос аяқтап тебулі.
Сандалып жүрген жануар
Тепкі тиіп өлулі.
Жығылғанын ала аттың
Барсаның көзі көреді.
—Қолдаған тұлпар алам,—деп,
Ажал жетті саған,—деп,
Саған жеткен бұл қаза
Ертең келер маған,—деп,
Алыс емес жақында,
- 6290 Таянды маған ажал,—деп,
Өкірді де, жылады,
Маңдайға өзін ұрады.
Көзден аққан ыстық жас,
Көкірегін жуады.
Ала тұлпар өлген соң
Барсаның бағы сынады.
«Әуре болдым бекер,—деп,
Ойлап едім әуелде-ақ,

- Масқара Қобылан етер деп,
6300 Халқым түгіл өзімнің
Қобыланды басым кесер деп.
Өмірім қаран, өшер деп,
Әуелден қаупім көп еді,
Мақсатына жетер деп.
Қайғыменен көзімнен
Жас төгілді нөсерлеп.
Он үш күндей алысқан,
Қырық беске келгенде
Маған пәле жабысқан.
- 6310 Өзіне-өзі сенбесе,
Келе ме іздеп алыстан.
Сескеніп едім әуелде-ақ,
Қобыланды деген дабыстан.
Қайғылы көңілім қуанып,
Маған кеңдік болар ма,
Қисайған ісім оңар ма?!
Бұл секілді Қобыланды ер
Мені еркіме қояр ма?!
Қолындағы көк найза
- 6320 Жан шығармай болар ма?!
Ала ма деп қорқамын,
Қобылан менің жанымды.
Қор қылар деп қорқамын
Жеті мүше тәнімді.
Ағызар деп қорқамын
Кешікпей қызыл қанымды.
Алыстан келген Қобыланды
Кетірді менің сәнімді.
О, дариға, заман-ай,
- 6330 Дәуренім бастан арылды.
Амалым жоқ көнбеске,
Ұсындым басым өлмекке.
Шапшаң бермен кел, Қобылан,
Ер Барсаны еңіретпе.
Он үш күн болды арасы,
Осы бүгін тапа тал түс,
Мықты менен осалдың

- Айрылар күн арасы».
Жүгіріп келіп Барсамен
6340 Ер Қобыланың алысты,
Бір-біріне жабысты.
Қаһарланған ер Барса,
Көтеріп Қобыландыны алыпты.
Үйіріп алып батырды
Қара тасқа салыпты.
Жығылатын Қобылан ба,
Тіке түсіп қалыпты.
Екпінімен аяқтың
Қазандайын қара тасты
Ортасынан жарыпты.
Күндіз-түні екеуі
6350 Жағаласты салады,
Қатты жүдеп азады.
Қанша мықты дегенмен
Қобыланды ер де талады.
Қуат қашып ер Қобылан
Қатты жүдеп барады.
Жүдегенін Барса біледі,
Қуаныш етіп Қобыланды
Көкіректен тіреді.
Қалмақтың күші үдеді,
6360 Сонда Қобылан жылайды,
Көздің жасын бұлайды,
Пірлерден тілек сұрайды:
—Әуелі жәрдем тілейін
Жан жаратқан панадан.
Екінші жәрдем тілейін
Жәрдемші ата-бабадан.
Сендер жәрдем қылмасаң,
Таршылық болды заманам.
Перзентіңнен хал кетті,
6370 Күш-қуат пен әл кетті.
Ақша беттен қан кетті,
Ажар мен көрік, сән кетті.
Қобыландыңнан әл кетті,
Пірлерім жәрдем болмасаң,

- Мына Барса меңдетті.
Өл-куатым кері кетті,
Таршылық жерде ер бабам,
Балаңа жәрдем бер,—депті.
Қиядан шықты төрт бүркіт
6380 Оң жағынан шығады.
Ақ шалғылы көк бүркіт
Еңсесінен төнеді.
Үйіріліп бүркіт келеді,
Қарысып жүрген Барсаны
Жауырынға тебеді.
Бүркіттің болған себебі,
Сиынған ердің бабасы
Тар жерде тиді себебі.
Ер тарыққан күнінде
6390 Қуат берген жер еді.
Қуатқа келіп күйленді,
Ажарға келіп түрленді.
Ашаң жүзі көркейіп,
Қуатын байқап білді енді.
Көңілі өсіп ер Қобылан
Миығын тартып күлді енді.
«Мықты Барса келің,—деп,
Енді өлетін жерің,—деп,
Теңім бе едің менің,»—деп,
6400 Жүгірісіп алысты.
Алдырман деп хан Барса
Қарсыласып қарысты,
Жібермен деп намысты.
Қатуланған Қобыланды
Көтеріп Барса қарады,
Жылжымады табаны.
Мәлім болып Қобыланның
Қайрат пенен қажары,
Барсаның кетті ажары.
6410 Қобыланның жүзі нұрланып,
Алмадай беті қызарды.
Найзаның сабы шынар-ды,
Бұрынғыдан өзгеше

- Қайратты Қобылан шығарды.
—Қуат бердің маған,—деп,
Жетті, Барса, қазан,—деп,
Кекті дұшпан сен едің,
Қалмақ сенің жазан,—деп.
Тәніңде мың жан болса да,
6420 Жетеді бүгін қазан,—деп.
Шалқаңнан Барса салайын,
Бәлем, сені шабайын,
Жеңуім болды тағайын.
Көтеріп ырғап алады,
Әп дегенде Барсаның
Жоғары шықты аяғы.
Қаңбақ құрлы көрмеді,
Үйіріп кетіп барады.
Барсаны жеңбей не қылсын,
6430 Қорушы сүйеу бес бүркіт
Жәрдемшісі еді манағы.
Айналдырып басынан
Шалқасынан салады.
Былғап жерге ұрғанда,
Жер солқылдап барады.
Сонда Барса жылады,
Аз ғана мұрсат сұрады.
Сөйлегенше Барсаға
Мұрсат беріп тұрады:
—Қиындық беріп өлтірме,
6440 Өтініш етем өзіңе.
Ықылас ет, Қобыланжан,
Барсаның айтқан сөзіне.
Қаһарлансаң кім шыдар
Ашуланған кезіңе.
Үстімдегі бек сауыт
Шешпесең қару өтпеген.
Батыр едім мен Барса
Ешкімнің әлі жетпеген.
Қалмақтағы арлы едім,
6450 Елімнің арын кектеген.
Алшағырдай залымның

- Өперем деп намысын,
Енді өттім өктемен.
Құрмет етіп Барсаға,
Досым Қобылан сыйла да,
Қорлықпен жаным қинама,
Кекті дұшпан қалмақ деп,
Ендігі жерде қорлама.
Үстімдегі бек сауыт,
6460 Қобыланды, шешіп тастайын.
Сыр айтпайтын жерім жоқ,
Неге сұмдық сақтайын.
Қаруым қалды далада,
Сауытты шештім жана да.
Ерік бердім, Қобыланды,
Білікті батыр данаға.
Жалаңаштап алмаспен
Мені өлімнен аяма.
Аянар жерім қалған жоқ,
6470 Бұл сөзімде жалған жоқ.
Жап-жалаңаш тұрайын,
Тезірек өлсем арман жоқ.
Қобыланды сөзін естіп көрген жері,
Тілегін нән Барсаның берген жері.
Екеуі берік байласып, жауаптасып,
Байласып уағдаға сенген жері.
Өлімнен Барса қорқып саспады енді,
Ажалдан тура төнген қашпады енді.
Кигені үстіндегі кілең сауыт,
6480 Сыпырып батыр патша тастады енді.
—Қобыланды сізге қонды бақ,—деп айтты,
Мен болдым бұл дүниеден жат,—деп айтты.
Жыланға анам жеріп тапқан екен,
Тәнімде мықты жерім бас,—деп айтты.
Биліктің еркіменен бәрі өзінде,
Жеріңнен сіз қалаған шап,—деп айтты.
Ашуланып долданды,
Семсер қылыш қолға алды.
Шабайын деп оңдалды,
Біразырақ толғанды.

- 6490 Батырға да жан керек,
Барса да жылап зарланды.
Тұла бойы дірілдеп,
Олай-бұлай сандалды.
Алмасты жанып алады,
Мойынынан шабады.
Тасты кескен ақ алмас
Бұл Барсаның тәніне
Төрт-ақ елі барады.
Айдаһардың тіліндей,
- 6500 Шанышса, кеткен білінбей.
Қара тасты шанышса,
Өтуші еді кідірмей.
Салған жерден таяды,
Қармақ болып қалады,
Балтаменен ұрады.
Сағақтықтан шарт етіп,
Ұңғысынан морт етіп,
Балтаның сабы сынады.
Мықты Барса әлсіреп,
- 6510 Дір-дір етіп тұрады.
Барсаның шойын шоқпармен
Көтеріп алып Қобыланды
Тас төбеге ұрады.
Бас айналып құлады,
Мініп алып кеудеге
Аузына құм құяды.
Он алты күн дегенде,
Тынысынан тынады.
Жұлдыз шыға батырдың
- 6520 Азар жаны шығады.
Барса менен Қобыланды
Он төрт күн соғыс салғанда,
Қобыланды шаршап әлсіреп,
Ақылынан танғанда,
Қайғымен болып арманда,
Қылышынан қан тамды.
Көлдегі жолдас қырық жігіт
Қатты сасып сандалды.

- «Қобыланды өліп кетті-ау» деп,
Қырқы жылап зарланды.
6530 Қобыланның айтқан сөзі бар,
Жылауы бөтен емес-ті.
Бұл іс қалай болды деп,
Қырық батыр кеңесті.
Қартқожақ ер сөйлейді:
—Төрт-бес күн күтіп қаралық,
Қылышты тағы бағалық.
Қалайынша іс болар,
Кеңесіп ойды табалық.
Қылышты бес күн бағады,
6540 Алтыншы күн болғанда,
Балдақтан бал тамады.
Қайғылы болған қырық жігіт
Қуанысып қалады.
Өлтірген соң Барсаны
Қобыланның көңілі өсіпті.
Қара обадай Барсаның
Кеудесінен кесіпті.
Ат көтіне сүйретіп,
Қалаға келіп жетіпті.
6550 Тірі қалған қалмақтар
Алдынан шулап шығады.
Қол қусырып шуласып,
Жан сауғалап тұрады.
Не айтқанын қылады,
Айтқанына көнеді.
Не десең де көндік деп,
Уағдасын береді.
Қобыландыны бағады,
Құрмет етіп қарады.
6560 Қызметі қалмақтың
Қобыландыға жағады.
Ынтымақты ел болды,
Жақсы менен жаманын,
Әйел, еркек адамын,
—Тілегің бірге тең бол деп,
Ынтымақты болың деп,

- Жамандықтан, қалмақтар,
Басыңды бағып, қорың деп,
Барсада тұрған тұрмыстан
6570 Ендігі жерде озың деп.
Мен еліме барармын,
Барып қағаз жазармын,
Хат пенен хабар алармын.
Тентек болсаң, қалмақтар,
Ақырында қарармын.
Айтқан тілімді алыңдар,
Жадыңа алып қалыңдар.
Ел бастаған азамат,
Жетім-жесір, нашарға
6580 Назар көңіл салыңдар.
Халықты дұрыс бақпасаң,
Нашарларға жақпасаң,
Тағы айналып келермін,
Халықты келіп көрермін.
Жауыздықты ел болсаң,
Қандарыңды төгермін.
Сазанды сөйтіп берермін.
Бек сауытты белсенген,
Ұрысса, жауды еңсерген,
6590 Қобыланды ерің мен,—дейді,
Жақсы бол, қалмақ ел,—дейді.
Менің айтқан мұныма
Ризалықпен көн,— дейді.
Азаматы қалмақтың
Қобыландының сөзіне
Ықыласпенен көніпті.
Бәрі уәде беріпті,
Біріне-бірі сеніпті.
Осылайша келісті,
6600 Ұлықсат беріп халқына
Өрісін елдің кеңейтті.
—Достыларым, сен,—дейді,
Шын көңілменен көн,—дейді.
Қасымда жолдас қырық жігіт,
Жіберемін тез барып,

- Қызмет етіп көр,—дейді,
Керегі болса бер,—дейді.
Басшылары қалмақтың
Жасы менен кәріміз
- 6610 Құрмет етеміз бәріміз,
Біздің осы шаһардан,
Керегің болса алыңыз.
Қасымдағы қырық жолдасты,
Ертеңгі күн көрерсіз,
Айтқанына көнерсіз.
Не десе де сенерсіз,
Білімді болса бересіз.
Өсиет бұл халыққа айтып кетті,
Осылайша еліне тәртіп етті.
- 6620 Кеудесін ер Барсаның жоғары іліп,
Жолдас жатқан көліне қайтып кетті.
Жолдасқа көлде жатқан Қобылан келді,
Қауышып жолдастарын аман көрді.
Қартқожақ, Нұрғожа мен жасы үлкендер
Еңкейіп батырларға сәлем берді.
Қалмақтан аты арып аман барды,
Есендесіп жолдастың қолын алды.
Қобыланды аман-есен келгеннен соң,
Көрісіп, қуанысып, айқай салды.
- 6630 Қобыланды кеш болған соң келіп қонды,
Өзінің қостасына қонақ болды.
Таң атып, сәске мезгіл болған шақта,
Сөйледі жолын айтып көрген жолды:
—Қасымдағы жолдастар,
Тілегі бірге құрдастар,
Киюіңе бек сауыт,
Белдерінде алмас бар.
Біріңнен-бірің қалмастан,
Қырқында жалғас бар.
- 6640 Патша Барса өлген соң,
Бағынды бізге қалмақтар.
Үш күн мұнда қалайын,
Тамақтанып, күйленіп,
Мен тыңайып алайын.

- Сендер бар да қонақ бол,
Тап бес күн дегенде,
Мен де артыңнан барайын.
Қырық ерім, бағың бар,
Қонақ болып қалмаққа
6650 Құрмет көріп қалыңдар.
Алтын, күміс олжадан
Керегінше алыңдар.
Қырық батыр қуанып,
Күлісіп атқа мінеді.
Ер қаруы—бес қару,
Қаруларын іледі.
Көк Зеңгінің тауына
Жүруге маңдай түзеді.
Ертең сәске болғанда,
6660 Тау басына барады,
Батырлар шаһарға қарады.
Дарбазаның аузында
Қалқан киген бір нән тұр,
Жүрмей тұрып қалады.
Қартқожақ сонда сөйлейді:
—Байқандар, жолдас, сен,—дейді,
Уайым еттім мен,—дейді.
Дарбазаның аузында
Қалқан киген батырды
6670 Көзбен байқап көр,—дейді.
Кеудесіне қарасам,
Келбетті туған ер,—дейді.
Алданбайық, жолдастар,
Ақылдасып көр,—дейді.
Сынауым бөтен болмаса,
Өлмеген, Барса тірі екен,
Есігінде қақпаның
Қарауыл қарап тұр екен.
Өлтірдім деп келгені
6680 Қобыландының кім екен?
Сонда айтты жолдастар:
—Қобыланға қайтып баралық,
Қарауыл қарап тұрғанын

- Құлағына салалық.
Біз баратын жер емес,
Мақұл көрсе Қобыланды
Жолдас қылып алалық.
Қобыландыға бармасак,
Жолдас қылып алмасак,
6690 Бізге қиын осы жау,
Тірі тұрған Барсаны
Алыстан болжап аңдасақ,
Кел, Қобыланға жетелік.
Тірі екенін Барсаның
Батырға баян етелік.
Құр тұрудан пайда жоқ,
Бұл арадан кетелік.
Осы көрген мәністі
Батырға баян етелік.
6700 Қобыланға егер бармасак,
Қиындық болар, жолдастар.
Көтеріп тұр бір қолын
Атаңа нәлет ер Барса,
Көзбенен байқап аңдап қал,
Оң қолында алмас бар.
Қарауыл салған күні екен,
Өлмегені шын екен,
Көтеріп қылыш тұр екен.
Батырсынып жүрсек те,
6710 Бізге қиын сын екен.
Оған бару қиындық,
Сірә, бізге мін екен.
Кел амандықта кетелік,
Қобыландыға жетелік,
Ішке кіршік сақтамай
Көргенді мәлім етелік.
Тірілігін Барсаның
Батырға айтып көрелік.
Басшы қылып Қобыланды
6720 Қайта айналып келейік.
Қобыланды онда, біз мұнда,
Қобыланды қалып кейінде,

- Біз батырмыз демейік.
Алда қандай заман бар,
Бақыттан ерлер көрейік.
Мақұлдасып баршасы
Қобыландыға қайтып жөнелді.
Кеңшілікте жүргенде,
Бәрі батыр, ер еді.
- 6730 Шаһарға келген қырық ердің
Кейін қайтқан жері енді.
Алмастары белінде,
Кигені сауыт беренгі.
Жатқан жері Қобыланнның
Елсіздегі көл енді.
Қырық ер де кем емес,
Айралы батыр өнерлі.
Құр кеудеден қорқып,
Қайтқан жері сол еді.
- 6740 Бедеу атпен желісті,
Көлге қайтып келісті.
Қартқожақ пен Нұрғожа
Қоста қалған Қобыланға
Көргенін айта берісті.
Қайтпас батыр ер Қобылан
Қырғаны жауды шын екен.
Жердің жүзі қызыл қан,
Судай қалқып тұр екен.
Дарбазаның аузында,
- 6750 Атаңа нәлет ер Барса,
Көтеріп қылыш тұр екен.
Барса тұр аман елінде,
Өлтіргенің кім екен?
Барса тірі тұрған соң,
Бізге бару сын екен,
Қырық еріңе мін екен.
Шын көзбенен көргенбіз,
Жақындап келіп төнгенбіз.
Қарауыл қарап тірі тұр,
- 6760 Болжап көріп сенгенбіз.
Бізге бару жөн емес,

- Қасыңдағы қырық жолдас
Сенімен біздер тең емес.
Өзің бастап жүрмесең,
Баруымыз жөн емес.
—О, қырық жігіт, досым-ай,
Бітірген ісің осы ма-ай?
Жақсының ісі жария,
Жаманның ісі жасық-ай.
- 6770 Құр кеудеден қорқып,
Келіпсің сендер қашып-ай,
Батыр емес, жасық-ай.
Тірі тұр деп Барсаны
Келіпсің қорқып басынай.
Қорыққаннан аңдамай,
Келіпсің қате қапыл-ай.
Сендердей жаман жолдастан
Артық шығар, сірә да,
Елдегі қалған қатын-ай.
- 6780 Дірілдеп қашып келіпсің,
Дарбазаның аузында
Барсаның кеуде, басына-ай.
Атты күйлеп мінелік,
Сендерге олжа, мал керек,
Тезірек жауға жүрелік.
Не бар, не жоқ шаһарда,
Аралап байқап білелік.
Өзім-ақ бастап барайын,
Сендерменен бір жүріп,
- 6790 Шаһарды аралап қарайын.
Алшағырдай досыма
Уәде еткен сөзім бар.
Қалмақтың ері Барсаның
Басын алып барайын.
Басын алып бармасам,
Сын тағылар сөзіме,
Мін болады өзіме.
Уәдем, Қобылан, қайда деп,
Айтар досым көзіме.
- 6800 Лайықпен барайын,

- Шын досымның еліне,—
Деді де Қобылан шаттанды,
Қырық жігіт жолдасы
Ер Барсаның еліне,
Тағы да ерлер аттанды.
Қобыланды бастап жөнелді,
Енді шаһарға келеді.
Ілулі тұрған Барсаның
Қасындағы қырық жігіт
6810 Кеудесін өлген көреді.
Қасындағы қырық ердің
Осы ұялған жері еді.
Азаматын шаһардың
Батыр Қобылан жияды.
Ортасында халықтың
Үгіт айтып тұрады.
Қол қусырып Қобыланға
Көп қалмақтың халқы
Қызмет етіп тұрады.
6820 Үгіттейді халықты
Ұлықсат елден алыпты.
Қобыландының сөзіне
Түсініп қалмақ қаныпты.
Кеудесінен Барсаның
Басын кесіп алыпты.
Бұрынғы жатқан көліне,
Батырлар қайта барыпты.
Алтын менен күмістен
Қасындағы қырық жолдас
6830 Көтергенше алыпты.
Амалы бар ма қалмақтар
Ырзалықпен көніпті.
Қырық батырдың керегін
Сұрағанда беріпті.
Алтын, күміс олжамен
Мекен еткен көліне
Батырлар аман келіпті.

Әлқисса, Қобыланды батыр қырық жолдасын қасына шақырып алып:

«Елге қайтатын уақыт болды, енді тезірек жетудің жабдығын істелік»,— дейді.

Алшағырға Қобыланның
6840 Уәде еткен сөзі еді.
«Аман болсам алты айда,
Мен келермін,—деп еді.
Алшағырдай досыма
Уәде еткен серт еді.
Мен алты айда келмесем,
Заманым қайып,»—деп еді.

Әлқисса, Алшағыр өзінің досы Қобыландыға берген уәдесі бойынша Қарақыпшақ елін алты айға дейін бағады. Дәулетіне қызықпайды. Батырдың~~6850~~сыруы бойынша елді қорғап отырады. Жеті ай өтеді, сегіз айдың жүзіне ауады. Қобыландыдан да, Барсадан да хабар болмайды. Енді Алшағыр ойлайды: «Қобыланды өлген екен,—дейді,—Барсаға барған адам келмеген соң оның атын Барса келмес деп қойып еді. Бұл сапардан Қобыланды аман қайтпайды. Осыншама кешігуіне қарағанда Қобыланды өлген шығар, Барсаның қолынан қаза тапқан болар»,—деп ойлайды.

Осы оймен Алшағыр Қарақыпшақ елін шабады. Тоқтарбайды құл, Аналықты күң етеді. Қобыланның қарындасы Хансұлуды отыз төре, қырық бегінің тартқан шылымын өшіретін етіп қояды. Сұлу Аккұртқаны өзі алмақ болады.

Ақылдасып ойласып,
Отыз төре, қырық бегі
Бірге сырлас жолдасын,
Тілегі бірге қолдасын,
Хан шақыртып жияды,
Жолдастары келген соң,
Әңгімесін құрады.
«Не жөнменен шақырттың?»—
Деп төрелер сұрады.
—Әркімге де жолдастар
Ақылдас, сырлас тең керек.
Азамат басы құралып,
Ақыл табар ер керек.

- Уәдені байласып,
Бағдар менен жөн керек.
Қарақыпшақ елінен
Шыққан Қобылан ер еді,
Қайтпайтын қайсар сер еді,
Көрсеткен зәбірі көп еді.
- 6860 Бүлік салған халқыма
Сол Қобыланның өзі еді.
Біздің халық қалмақтың
Зәбірі көрген көп еді.
Дұшпан ерге бір кесел,
Душарласар деп еді,
Айламенен арбадым,
Қобыландыны алдадым.
Баршаңыз да білесіз,
Ер Барсаның еліне
- 6870 Алдауменен барғанын.
Айтпаймын сөздің жалғанын.
Ақылменен байқаймын,
Елінде Барса қалғанын.
Өздерің де білесің,
Алты айда қайтып келем деп,
Қысқа срок алғанын.
Алты ай деп кесті срокті,
Алты ай түгіл жыл өтті.
Жібергенге Барсаға
- 6880 Тілеп едік тілекті.
Қорлығы естен қала ма,
Халқымызды жүдетті,
Кеткеніне Қобыланның
Сегіз ай бүгін шын өтті.
Батырсынып желігіп,
Ерлігіне сенген-ді.
Дос деп маған алданып,
Айтқаныма көнген-ді.
Қобыланның күні өткен-ді,
- 6890 Қалмақтың басы ер Барса
Мақсатына жеткен-ді.
Барған адам қайтпаған

- Барса батыр өктем-ді.
Қанша батыр болса да,
Барсакелмес берен ер
Қасықтап қанын төккен-ді.
Мақұл көрсең, би мен бек,
Отырмайық қарап тек.
Қобыланнан көрген қорлық көп,
6900 Елін шауып Қобыланның,
Енді алалық жаудан кек.
Кел қыпшақты шабалық,
Шауып кекті алалық.
Сексеннен асқан әкесін
Қой соңына салалық.
Қобыланды келер деймісің,
Алпыстан асқан шешесі
Бұған да қорлық берелік.
Атаңа нәлет қыпшақтың
6910 Құлатайық қаласын.
Жылатайық баласын,
Тарттырайық сазасын.
Кеткеніне көп болды,
Жеткізген шығар хан Барса
Қобыландының қазасын.
Алшағырдың сөзіне
Аламан халқы көніпті,
Ханға беріп ерікті,
Азаматы желікті.
6920 Алшағырдың айтқан әмірін
Халқы жақсы тыңдады,
Әмірін екі қылмады.
Құралды әскер шәрінде,
Сарбаздарын жинады.
Шабамыз деп қыпшақты
Қол көтеріп шулады.
Батырлары, ерлері,
Түрлі қару қолға алып,
Құралды әскер қыпшаққа
6930 Шабуға шықты долданып.
Ашу тұтып шамданып,

- Әскерлер шықты арланып.
Ту көтеріп шабуға
Шыққан екен қамданып.
Күн шыққанда көп әскер
Түгел атқа міністі.
Қауып ететін адам жоқ,
Қуанысып жүрісті,
Бес қарудан ілісті.
- 6940 Жарқылдатып қылышты
Жирен Қопа көліне
Тоқтарбай қарттың еліне
Жаушылықпен жүрісті.
Ұлы сәске болмай-ақ,
Жүрген жерін шаңдатты.
Аталы дұшпан қалмақтар
Қыпшақты шауып алмақ-ты.
Келе елді қиратып,
Қатын менен баланы
- 6950 Еңіретіп, зарлатты.
Қарсы тұрар адам жоқ,
Қобыланның елін шабады.
Әне-міне дегенше,
Айпап, жайпап алады.
Қыпшақтың бар ма амалы,
Қалмақтан келген батырлар:
«Көшін» деп үкім салады.
Қарақыпшақ ауылын
Көшіріп кетіп барады.
- 6960 Аққұртқа мен Хансұлу
Жасырып қағаз жазады.
Көрген қорлық баршасын
Ақ қағазға сызады.
Иесіз қалды көлің деп,
Бүлікке түсті елің деп,
Көрген қорлық баршасын
Жазған хатқа салады.
Жасырынып Аққұртқа
Терегіне барады,
- 6970 Бұтағына таңады.

- Амал бар ма қыпшақтар
Қорыққаннан көніпті.
Алшағырдың әскерлер
Қыпшақты айдап келіпті.
Отыз төре, бегіне
Алшағыр ханның өзіне,
Шабылған елді беріпті.
Әскерлері сүйік-ті,
Алшағыр хан білікті.
- 6980 Аналық пен Тоқтарбай
Жылағанын көргенде
Алшағыр залым күліпті.
Тәртібін патша тағы етті,
Хансұлуға тағы да
Үкім салып кәр етті.
Баршасына қыпшақтың
Әмір салып, зар етті.
Кең дүниесін халықтың
Алшағыр хан тар етті.
- 6990 Кетірді қыпшақтың тынымын,
Қыпшаққа салып бүлігін.
Тәртіп етті тағы да,
Хансұлу нашар балаға.
Отыз төре, қырық бегі
Сөндірсін деп шылымын,
Кетірді қыздан тынымды.
Қыпшақ жаннан түңілді,
Амалы бар ма халқының.
Кәріп болып дүниесі
- 7000 Қыпшақтың елі бүлінді.
Хансұлу нашар жас бала,
Ұйқы да жоқ, күлу жоқ,
Сөндіріп жүр шылымды.
Кеш болғанда Хансұлу
Сүрініп, шаршап құлады.
Қарындасы Қобыланның
Ардақтап баққан шырағы.
Сөнбей қалса бір шылым
Штраф деп сол қызға

- 7010 Он шыбықтан ұрады.
Заманның қиын қараны,
Көзінің жасы егіліп,
Омырауға ағады.
Сөнбей қалса шылымы,
Он шыбық айып салады.
Жас шыбықпен ұрғанда,
Бишара естен танады.
Қатты жүдеп қамығып,
Мезгіл-мезгіл талады.
- 7020 —Сұлу Құртқа жаран,—деп,
Сені сұлу бағам,—деп,
Сенің көңлің табам,—деп,
Менен болма алаң,—деп,
Лайықсың маған,—деп,
Алшағыр хан мен едім,
Ару Құртқа сен едің,
Сірә, маған тең едің,
Саған теңдік беремін.
Қосылуды сізбенен
- 7030 Мен лайық көремін.
Шыдамайды жүрегім
Сұлу Құртқа сен десе.
Көңілімді айтам, Аккұртқа,
Алшағыр маған тең десең.
Қатты қалар көңілім,
Айтқан сөзге көнбесең.
Қиын болар ханға да,
Ықылас көңілің бермесең.
Қуанышты замана
- 7040 Көңілімдегі мүддемді
Сізге айтып қарадым.
Қабыл көрсең мұнымды,
Құртқа, сені аламын.
Бұл сөзімді қош десең,
Төрелер мен бегіме
Келсін деп хабар саламын.
Қабыл көрсең мұнымды,
Айтқанмын шыным сырымды.

- Білсең, Құртқа, пұлымды,
7050 Ел шақыртып той етіп,
Қызық етер күнімді.
Айтып болдым, Құртқажан,
Ғашықтық көңіл сырымды.
Қосылғанша мен қашан
Күйіп ішім қызынды.
Сәулетті, нұрлы сен едің,
Халықтың ханы мен едім.
Менімен Құртқа тең едің,
Ғашық болған патшамын,
7060 Тез қосылсам деп едім.
Халықты жақсы бағуға,
Төресі әділ хан керек.
Елге қорған болуға,
Қайтпас батыр паң керек.
Біздей сұлтан патшаға
Сіздей ару жар керек.
Шыны жедел еткен соң,
Кім-кімге де ар керек.
Көңілдегі мүдде сөз,
7070 Сырменен айттым барымды,
Кімдер әуес көрмейді,
Сіздей сұлу ханымды.
Сені алғаным, Аққұртқа,
Көрік пенен сәнімді.
Ықыласым құлады,
Төкпейсіз бе арымды.
Ару Құртқа, сұлу жар,
Айтқан сөзді жадыға ал.
Ғашық болып мен сізге
7080 Басымнан кетті ықтияр.
Мені ұятқа қалдырма,
Отына ғашық жандырма.
Қауышайық тезірек,
Ақылымнан тандырма.
Қатты ғашық зарпынан,
Қайғы отына жандырма.
—Бөтен емес, Алшағыр,

- Айтқаныңның бәрі жөн.
Қабыл етем сөзіңді,
7090 Заманы қатар, құрбы тең.
Патшасын өзің алдың кең.
Көңілімдегі сөзімді
Мақұл көрсең айтам мен.
Осы айтқан сөзімді,
Қабыл етсең айтам мен.
Бөтен емес, Алшағыр,
Болар мақсат, тілегің,
Патшам, сені сүйемін.
Егер Қобылан келмесе,
7100 Халық бастаған басшымсың,
Қатар көріп жүр едім.
Алты ай болды кеткелі,
Ұзақ болмас срогім.
Алты ай күтіп тағы да,
Он екі айдың жүзінде,
Қобылан батыр келмесе,
Патшам, саған тиемін.
Көңіліммен сүйемін,
Тілеген сізден тілегім.
7110 Егер Қобылан келмесе,
Өзімсініп жүр едім.
Білікті, дана төресің,
Айтқаныма көнесің,
Шын жауапқа сенесің.
Тілейтұғын шын тілек
Төрт ай срок бересің.
Төрт айдың соңынан
Өзіндік көр, Алшағыр,
Аққұртқаның денесін.
7120 Төрт ай срок салғаным,
Уәдемен айтпаймын,
Сізге өтірік жалғанын.
Төрт ай берсең ұлықсат
Бітеді менің арманым.
Ойымдағы сөзімді
Құлағыңа салғаным.

- Ері өлген әйелдің
Он екі айдың соңынан
Байға тию срогі.
- 7130 Байы өлген соң қатынның
Қайғыда болар жүрегі.
Сол себепті сұраған
Құртқаның сізден тілегі.
Алшағыр, сені сүйемін,
Патшам, саған тиемін.
Бұл тілекті бермесең,
Жанамын да, күйемін.
Срокты күнім біткен соң,
Не десең де, Алшағыр,
- 7140 Айтқаныңмен жүремін.
Мен де қалмақ қызымын,
Тума бірге сүйегім.
Кем көрмеймін Қобыланнан
Қабыл етсең сөзімді.
Лайық деп ойлаймын,
Алшағыр менің теңімді.
Тек төрт ай сроғым,
Төрт айым түгел біткен соң
Бағыштаймын, Алшағыр,
- 7150 Тап өзіңе өзімді.
Алшағыр, білсең бұлымды,
Тек төрт ай сроғың.
Көңілімді айтқан күнімді,
Енді төрт ай өткенше,
Сізге айтатын өтініш—
Бөлек сал менің үйімді.
Срокты күнім біткенше
Ешбір еркек көрмеймін,
Ешкімге жауап бермеймін.
- 7160 Сенен бөтен адамды
Қатар көріп сенбеймін.
Қосылғанша сізбенен
Ешкімге көңілім бермеймін.
Бөлек салсаң сарайым,
Сүйгенім сізді тағайын.

- Қыпшақтардың қызынан
Қасыма жолдас алайын.
Жауап бермей ешкімге,
Өзімді-өзім бағайын.
- 7170 Қыздар болсын жолдасым,
Көңілі өсіп Аққұртқан
Қыздарменен ойнасын.
Осы айтқаным бәрі рас,
Уәдем екі болмасын.
Срокты күнім біткен соң
Мені алатын тойыңды,
Қыпшақ пен қалмақ тойласын.
Алшағыр, білдім бұлыңды,
Айттым сізге сырымды.
- 7180 Тәрбиелеп бөлек бер,
Менің жатар үйімді.
Уағдамды сізбенен
Берік байлап жалғадым.
Көңілімдегі сөзімді
Жадыңызға саламын.
Айтқан сөзге тұрсаңыз,
Тіпті жоқ менің арманым.
Мені алуға ойладың,
Лайық мені көрер деп,
- 7190 Мен де ақылмен болжадым.
Көкіректе арманды
Айтып сізге болғаным.
Әрі жолдас, әрі дос,
Сіз панам едің қорғаным.
Тілекті берсең егер де,
Менің болып толғаным.
Төрт ай күнім өткен соң,
Срогыма жеткен соң,
Айтқаныңа көнемін,
- 7200 Ықыласым беремін.
Арызымды қош көрсең,
Ақылға асқан беренім.
Срокты күнім біткен соң,
Саған бағыш мен болып,

- Қызығым көрсең деп едім.
Айтқаныма тұрайын,
Уәде еткен мен дағы,
Айтқан сөзді әбден күт,
Патша ерім сен дағы.
- 7210 Болжаулы күн біткен соң,
Әуселемді /қызық/ көр тағы.
Сөздің артын бағыңыз,
Айтқаныма наныңыз.
Сіз едің сүйген ханымыз.
Айтқан срок біткен соң,
Сонсын мені алыңыз.
Төрт ай болды срогың,
Сұраған менің срогым.
Төрт айдың күзінде,
- 7220 Көңілімді қосып сені сүйемін,
Сізге, патша, тиемін.
Бер жағында асығып,
Шошытпа менің жүрегім.
Берген уәдем сенікі,
Осылай болар келісі,
Тиюіме шарт еттім,
Жоқ уәденің кемісі.
Төрт айдың жүзінде,
Аққұртқа сұлу сенікі.
- 7230 —Ей, Аққұртқа, Аққұртқа,
Шын уәде ететін,
Байқадым, сұлу, түрің бар,
Ақыл мен сенде білім бар,
Айдан сұлу нұрың бар.
Алтынменен қаптаған
Жібектей шаш пен тұлым бар.
Өтініш еткен ханыңа,
Төрт ай срок күнің бар.
Қатты уәде байладым,
- 7240 Мен сәндікке салдырған
Алтын орда үйім бар.
Құрмет, сәндік халқыма
Асыл тастан салдырған

- Алтын сырмен сырлатып,
Көздің жауын алдырған,
Манар шамын жандырған,
Исі қошты дәрі жақтырып,
Исі мейір қандырған.
Аяйтұғын нәрсем жоқ,
7250 Сіз бір майысып тұрған балдырған.
Ғашық болған Құртқасың,
Ішімді оттай жандырған.
Қосылғанша, Құртқажан,
Сіз ақылымнан тандырған.
Аямаймын барымды,
Үйіме қосып дүниеден
Барымды сізге бұлдаман.
Нақыштаған үйім бар,
Алтын сырмен сырлаған.
7260 Бір уағда еткен соң,
Асығыс етіп қинаман.
Хан басыма сын болар,
Уағдамда тұрмаған.
Үш қатар салған асыл үй,
Сізге Құртқа беремін.
Уағдаға сенемін,
Айтқаныңа көнемін.
Қасында жолдас қызбенен
Ойнап күл де, жата бер.
7270 Не десен де керегің,
Әзірлеп бәрін беремін.
Ақыл, ойға сіз терең,
Керегің даяр сұрасаң,
Сұрағаның беремін.
Қызмет етіп тұруға
Құлдар менен күң берем.
Әуелінде сұрадың,
Қарақыпшақ елінен
Нешеу керек, қыз берем.
7280 Мұнара салған биік үй,
Құртқа сұлу, сенікі.
Ақырында шын досым,

- Уәдең сенің менікі.
Бағудың болмас кемісі,
Алтын үйдің ішінде
Әзірлеулі алдыңнан
Неше түрлі жемісі.
Құртқа сұлу, сенікі,
Дүниемнің кеңісі.
- 7290 Құрбы құрбы бола ма,
Айтқан сырын сақтамай.
Адамда шаттық бола ма,
Жақсы бағып баптамай.
Құртқа, сені сыйладым,
Арызың жерге тастамай.
Түрлі рахат түр бердім,
Керегіңді шын бердім.
Асыл тастан салдырған,
Тәрбие сәнді үй бердім.
- 7300 Уәде етіп маған да,
Ажар беріп, түр бердің.
Құртқа маған риза бол,
Төрт ай срок күн бердім.
Сонда Құртқа сөйлейді:
—Құрмет еттің маған,—деп,
Қатты ризамын саған,—деп.
Енді жоқ менде алаң,—деп,
Құрмет етсең, Алшағыр,
Енді үйіңе барам,—деп.
- 7310 Ойнап-күліп жатуға
Ермек болар маған,—деп.
Қыпшақтардың қызынан
Таңдаулы қызды алам,—деп.
Уәде еттім сізбенен,
Алшағыр досым, жаран,—деп.
Уәде сізбен өткен соң,
Болды сөзім тамам деп.
—Барам десең, Аққұртқа,
Билерге хабар салайын,
- 7320 Бектерді жиып алайын.
Құрмет етіп мен сізге,

- Көңіліңді табайын.
Тәрбиең мен сәнменен,
Сізді жақсы бағайын.
Сәнді үйдің ішіне
Жібектен кілем салдырып,
Баршадан көрпе жайдырып,
Иіс майлап орданы,
Мейіріңді қандырып,
7330 Алтын шашақ шамдалды.
Ішіне үйдің жандырып,
Әрбір тәтті дәм беріп,
Сары балға қандырып,
Рахат болсын көргенің.
Сенің үшін тәрк етіп,
Қазыналық мүліктен
Керегіңді бергенім.
Сенің үшін, Аққұртқа,
Айтқаныңды әзірлеп,
7340 Сый-құрметке көмгенім.
Уәде етіп қоштасып,
Қол алысып, достасып,
Сүйісіп беттен құшақтасып,
Сөзге сөзі ұштасып.
Уәзір менен билерге
Алшағыр хан барады.
Уәде еткен бұл сөзін
Баяндап, сөйлеп қарады.
Жолдастары қоштанып,
7350 Бәрі қабыл алады.
Әдемі үйдің ішіне
Жібек кілем жайдырды,
Макпалдан көрпе салдырды.
Мәулімнен жастық салдырып,
Неше түрлі асылды
Үйге жайып салдырды.
Көрген жанды тәрбие
Таң-тамаша қалдырды.
Бейне жұмақ секілді,
7360 Нақыштаған үйі бар.

- Үйдің ішін қарасаң,
Жарқыраған сары алтын,
Алтын заңдас түрі бар.
Тәрбиемен жайнатқан,
Неше түрлі гүлі бар.
Керектің бәрі жайнап тұр,
Алшағыр бәрін сайлап тұр.
Бақша ішінде бұлбұл құс
Неше түрлі сайрап тұр.
- 7370 Құрмет үшін келтірген,
Қалмақтың сұлу қыздары
Неше түрлі ойнап тұр.
Әнші, өлеңші, жыршысы
Ішінде гүлдің толғап тұр.
Сәнді, сұлу қыз келді,
Ойынның сәнін келтірген
Көрікті, сұлу ұл келді.
Есігін қорғап, бағуға
Жиырма төрт құл келді.
- 7380 Құртқаға тәрбие етуге
Тап он екі күң берді.
Керегінің баршасын
Даярлап патша пұл берді.
Айтқанынша Құртқаның
Керегін даяр үлгерді.
Құртқаның жатар үйіне
Көрік берді, түр берді,
Құртқаға хабар жіберді:
— Уәдеге келсін,—деп,
- 7390 Тәрбиелі үйін көрсін,—деп,
Қыпшақтардан сұлу қыз,
Жолдасы бірге ресін деп.
Құрмет еттім Құртқаға,
Мұным мақұл көрсін деп.
Қыпшақтардың қызынан,
Өзіне керек сәндісі
Артында кейін қалмасын.
Аққұртқам мұнымды андасын,
Сұлу қыздар қалмасын.

- 7400 Тоқтарбайдың жалғыз қыз—
Хансұлуды алмасын.
Ертсін қыздың өңгесін,
Құрметті, сұлу Құртқажан
Тастамасын теңдесін.
Қыпшақтардың қыздары
Басы қылсын Құртқадай
Қадірлес қатар жеңгесін.
Тоқтарбайдың Хансұлу
Қасына еріп келмесін.
Құртқа досым жаран деп,
Сәлем айттым саған деп,
Не десең де сөзінді,
Аққұртқа, қабыл алам деп.
- 7410 Өтінбеңіз, Құртқа, сен
Қайын сіңлің Хансұлу
Жолдастыққа алам деп.
Амалсыз Құртқа тұрады,
Тұрады да жылады.
Хансұлудай шырақты
Ерітпесін біледі.
Сырласы да, жолдасы,
Ақылдасы, шырағы
Көңілі суып тынады.
- 7420 Сыр білдірмей қалмаққа,
Үй ішіне қоштасып,
Өп-өтірік күлімдеп,
Ажарланып шығады.
Қызмет қылған Хансұлу
Қайғылы еді бұрын да.
Сұрайын десе амал жоқ,
Сөндіріп жүр дамылсыз
Күні-түні шылымды.
Ақылды Құртқа айлалы,
- 7430 Ажарланып, жайнады,
Жүрегі қорқып таймады,
Саспай ақыл ойлады.
Қыздан алып жолдасты
Барарын біліп болжады.

- Асыл киім киінді,
Дестелеп шашын түюлі,
Кететінін білулі.
Төрт ай пұрсат алған соң
Қуанышпенен күлулі.
- 7440 Қыпшақтың қызы қасында,
Алшағырдың үйіне
Сұлу Құртқа жүрулі.
Ырғала басып, теңселіп,
Үйі ішіне кірулі.
Үй алдында көп қалмақ
Қыз Құртқаны көруге,
Таң қалысып тұрулы.
Алтынменен қаптаған,
Жібектей шаш бұрымды.
- 7450 Үй ішіне көз салса,
Тәрбиесі жайнап тұр.
Бір жағында бақшасы,
Бұлбұл, тоты сайрап тұр.
Қалмақтың сұлу қыздары
Тап алдында ойнап тұр.
Әншісі мен сәншісі,
Жыршылары толғап тұр.
Есік алдын құл бағып,
Бөтен жанды кіргізбей,
- 7460 Қатты бағып қорғап тұр.
Жолдас қызы қасында,
Айдан ару Құртқаға
Осындай құрмет қылады.
Тәрбиенің ішінде
Бағында Құртқа тұрады.
Ойын, күлкі кемі жоқ,
Қызметі Алшағыр
Көңілінен шығады.
Алшағырдың баққаны
- 7470 Аққұртқаға жағады,
Құртқаның ойын табады.
Күнде қызық, мереке
Сұлудың көрген заманы.

Төрт ай еді алғаны,
 Алыс емес жақында
 Сол төрт айдың аяғы.
 Мерекенің ішінде,
 Тек осы тапқан амалы.
 Ойында Құртқа қалады,
 7480 Ақылға асқан кең еді,
 Төрт айдың ішінде,
 Шын тілеген мақсатқа
 Бір жетермін деп еді.
 Кеңінен ойлап Құртқаның
 Пұрсат алған себебі.
 Ойын-күлкі ішінде,
 Құртқаның қалған жері еді.

Әлкисса, Алшағыр хан Қаракыпшақ елін шауып, Тоқтарбайды қой соңына, ~~7490~~ Ақылды тезекке, жүн түтуге, Хансұлуды отыз төре, қырық бегінің тартқан шылымын сөндіруге қояды. Құртқаны енді төрт айдан кейін алмақ болып, оны басқа бір жайда бөлек тәрбиелейді, қыпшаққа қатты қысым көрсетеді. Сұлу Құртқа өзімен бірге қыпшақтың тәуір қыздарын Қобланды келгенше қорғап бағайын деген мақсатпен қасына жолдас етіп алады. Күн осылай өте береді. Санаулы күн бітпейді, күн сайын Алшағырдың қара қыпшақ еліне көрсеткен зәбірі ұлғая түседі. Ендігі сөзді Қобыланды батырдан есітіңіз.

Қобыланды батыр хан Барсаның елін өзіне қаратып, еліне қайтуға бет алады. Барсаның еліне бастық сайлап кетеді. Халыққа кетерінде жақсы, та~~7500~~ ұрындар деп үгіт айтады. Қобыланды ертең елге жүремін деген түні түс көреді:

Ұйықтап жатып түс көрді,
 Сол күні көрген түсінде
 Құлазып жатқан жер көрді.
 Ылайланған көл көрді,
 Шаңы шыққан бел көрді,
 Қайғылы болған шер көрді.
 Жаман түсті көрді енді,
 Иесіз қалған секілді
 Қоныс еткен жерлері.
 Еңіреулі көрінді,

- Қаракыпшақ елдері.
Құлазып жатыр елінің
Биік, жалас белдері.
Сол түн көрген түсінде
Қиындық, қысым көргені.
Көп қыпшақтың адамы
Еңіреп, өксіп жылап жүр.
Жылқыдағы жүйрігін
Әркім мініп бұлап жүр.
Сол күні көрген түсінде,
Еңсесі биік боз орда
Еңсеріліп құлап тұр.
Халықты көріп жылаған,
7510 Жылқысын көрді түсінде
Әркім мініп бұлаған.
Еңсесі биік боз орда
Еңкейе барып құлаған.
Лайытып жатыр көлдері,
Шаңы ұшып жатыр жерлері.
Құлазып жатыр Қобыланның
Байтақ жер, жалас белдері.
Осы көрген түсінде,
Қиындық болды көргені.
7520 Еңіреген зар көрді,
Халқының күнін тар көрді.
Қаракыпшақ елінде,
Жирен Қопа көлінде,
Қапа жауған қар көрді.
Шауып алған қыпшақты
Сансыз әскер жау көрді.
Сол күні көрген түсінде
Қыпшақтың соры қайнап жүр.
Тоқтарбайдай әкесі,
7530 Қу таяғы қолында,
Мың сарықты айдап жүр.
Қайғыға іші қайнап жүр,
Мұңын айтып толғап жүр.
Былтыр кеткен Қобыланды
Келер ме деп ойлап жүр.

- Ажары кетіп жүдеген,
Қасірет шалға орнап жүр.
Ақ таяқты қолға алып,
Мың сарығын бағып жүр.
Қиынға басы қалып жүр,
7540 Қайғы отына жанып жүр.
Тор етінен айрылып,
Тек сүйегі қалып жүр.
Қиындық шалдың басында,
Өлмей тірі неғып жүр?
Алпысқа келген Аналық,
Қорлығын айтып қаралық.
Тоқтарбай тұрсын сонымен,
Аналыққа баралық.
Алшағырдың көңілінде
7550 Аяйын деп ойламас,
Көкірегі қаралық.
Екі қабы иінде,
Дамылсыз тезек тереді.
Термесіне амал жоқ,
Бақташы жүр соңында.
Қартайған байғұс отырса,
Аяқпенен тебеді,
Осындай қорлық көреді.
Атаңа нәлет Алшағыр
7560 Мейірімсіз неме еді.
Кешке келсе үйіне
Арқан есіп, жүн түт деп,
Қолына жұмыс береді.
Күндіз тезек теріп жүр,
Қатты қорлық беріп жүр.
Термеске тезек амал жоқ,
Шоқпарлары қолында,
Екі шал ғазап беріп жүр.
Арқан есіп, жүн түтіп,
7570 Өлуіне таянып,
Ажал жақын төніп жүр.
Түсінде көрді білімді,
Таң мезгілі уақытта

- Қобыланға бұл түс білінді.
Ардақтаған Хансұлу
Қалың жаудың ішінде
Сөндіріп жүр шылымды.
Түстен қорқып түңілді,
Қайтам деген Қобыланға
7580 Бұл ишарат білінді.
Аққұртқадай алғаны,
Жайлап төсек салғаны,
Бұл жырдың жоқ жалғаны.
Қобыланды қашан келер деп,
Көңілде мүдде, арманы.
Сол түні көрген түсінде,
Аққұртқа сұлу зарлады.
Зарлағанда дауысы
Ұйықтап жатқан Қобыланның
7590 Құлағына барғаны.
Ұйқыдан шошып оянып:
—Қартқожақ!—деп ақырды,
—Нұрғожа!—деп шақырды.
Шақырды қырық батырды,
Сескеніп түстен сасулы,
Қобыланның көңілі жасулы,
Батырдың өңі кашулы.
—Нұрғожа мен Қартқожақ,
Бүгінгі көрген түсімде,
7600 Түсінде Қобылан қысылды,
Қатты көрдім қысымды.
Алтын Қобылан мен едім,
Шығармаса игі еді,
Елімді шауып мысымды.
Көргенім шайтан болмаса,
Қобыланды жаудан өлді деп,
Берді-ау елге қысымды.
Құртқа тіккен боз ордам,
Құлауыңқы көрінді.
7610 Хансұлудай қарағым
Жылауыңқы көрінді.
Жылқыдағы жүйрігім,

- Бұлауыңқы көрінді.
Жирен Қопа көлдерін
Балшығы шығып, сор басып,
Лайыңқы көрінді.
Бұл не болар, қырық жігіт?!
Құлап жатыр қаламыз,
Еңіреулі ата-анамыз.
- 7620 Қыпшақ деген елімде,
Жылайды шулап баламыз.
Ойға салып қараңыз,
Осы көрген қиын түс
Қалайша деп табамыз.
Халқыма зәбір беріп жүр,
Түсім шайтан болмаса,
Қыпшақ қорлық көріп жүр.
Көп сарықтың соңында,
Әкем сорлы еріп жүр.
- 7630 Алпыстан асқан Аналық,
Екі қабы иығында,
Сорлы тезек теріп жүр.
Бейшара болған кемпір-шал
Балам қашан келер деп,
Ыстық жасын төгіп жүр,
Бұл не болар, қырық жігіт?!
Хансұлудай қарағым
Жау қоршалап қамап жүр,
Зар еңіретіп сабап жүр.
- 7640 Ханшадай менің қалқамды
Кілең иттер талап жүр.
Жамандықтан қорыңдар,
Жаксылыққа жорыңдар.
Жамандық болса егер де,
Маңдайда қалың сорым бар,
Бұл не болар, қырық жігіт?!
Мен түс көрдім қиядан,
Аққұртқа менің алғаным
Ақ мұнара басында,
- 7650 Ер Қобылан деп жылаған.
Мен түстің түрін байқасам,

- Қалмаққа елім шабылып,
Ақылы көп Аққұртқа
Қалмақтан пұрсат сұраған.
Елімді шауып ұрғанды,
Қас масқара қылғанды.
Срок алып Аққұртқа
Басын бағып тұрған-ды.
Қартқожақ батыр айтады:
- 7660 —Нұрғожа қосшым—сен,—дейді,
Қартқожақ басшың—мен,—дейді.
Қобыланның көрген бұл түсін,
Нұрғожам, жорып бер,—дейді.
Жақсылыққа жорыңыз,
Жамандықтан қорыңыз.
Түс түлкінің боғы еді,
Жақсылық айту жол,—дейді.
Елін Барса шапқан соң,
Сапарымыз оң,—дейді.
- 7670 Қайғыланба, Қобыланды ер,
Әр ісіміз оң,—дейді.
Нұрғожа сонда жырлайды,
Қарт екеңнің айтқанын
Көңілін салып тыңдайды.
Тілегі бір бәрінің,
Тату досы ыңғайлы.
—Түсіңді айттың сен,—дейді,
Жоримын түсті мен,—дейді.
Түске жасыр болар ма,
- 7680 Сіз секілді ер,—дейді.
Жақсылыққа жоримын,
Қобыланды, тыңдап көр,—дейді.
Бүгін көрген түсінде,
Еңсесі биік боз ордаң
Құлауыңқы көрінсе,
Сен кеткелі көп болды,
Бұрынғыдай келетін
Қатар, құрбы адам жоқ.
Қарақыпшақ елінде
Бұрынғы дәуір заман жоқ.

- Еңсеріліп тұрған-ды,
7690 Құрметтейтін ешкім жоқ,
Үйге келген мейманды.
Батыр Қобылан ерімсің,
Бұл түсің соған көрінсін.
Қайғылы болса елдерің,
Қарақыпшақ халқыңның
Қысым болса көргені,
Таршылықпен зарығып,
Сағынған шығар елдерің.
Қобыланды атты ерімсің,
7700 Бұл түсің соған көрінсін.
Еңсесі биік боз ордаң
Құлауыңқы көрінсе,
Жылқыдағы жүйрігің
Бұлауыңқы көрінсе,
Кеткеніңе көп болды,
Көптен сізден шет болды.
Кемпір, шалдың көңілі
Сағынғаннан өрт болды,
Сағыныш қайғы дерт болды.
7710 Қорғайтұғын сен кетіп,
Қайғыңмен халқың мерт болды.
Қобыланды атты ерімсің,
Бұл түсің соған көрінсін.
Жылқы жатқан Жирен көл
Лайыңқы көрінсе,
Жылқыдағы жүйрігің
Бұлауыңқы көрінсе,
Жасы жеткен кемпір, шал
Жылауыңқы көрінсе.
7720 Жылқышы жылқы баққан-ды,
Күннің ыстық күнінде,
Көлге айдап жапқан-ды.
Шөлдеп жылқы су ішіп,
Қайсысы аунап жылқының
Көлге түсіп жатқан-ды.
Қобыланды атты ерімсің
Бұл түсім соған көрінсін.

- Атаңа нәлет Алшағыр,
Тура жорып берейін,
7730 Халыққа бүлік салған-ды,
Біз кеткелі көп болды,
Алты ай срок біткен соң,
Алдап жүрген Алшағыр
Қыпшақты шауып алған-ды.
Еркіндегі халықтың
Қайғыға басын салған-ды.
Еңсесі биік боз орда
Құлауыңқы көрінсе,
Боз орданы құлатып,
7740 Білгенін елге қылған-ды.
Қыпшақ деген халықты
Шауып алып ұрған-ды.
Ойлаған кекті Алшағыр
Қас масқара қылған-ды.
Жаратпадым бұл түсті,
Қобыланды, көрдің бұл істі.
Біз кеткен соң Алшағыр,
Салған екен бүлікті.
Жаратпадым түсінді,
7750 Қайғылы халқың күйікті,
Құлазып жатса жеріңіз,
Лайланса көліңіз,
Шабылған қыпшақ еліңіз.
Шапқан соң иесіз қалған-ды,
Жылқы жайған беліңіз.
Қайғыланба, Қобыланды,
Қалмаққа кетер деймісін,
Көрген зәбір, кегіміз.
Сабыр ет, батыр, өзіңіз,
7760 Сексеннен асқан Тоқтарбай
Жасы жеткен бабаңыз,
Ақ таяғын қолға алса,
Қой соңында сорлы шал
Жалғызым деп зарласа,
Елді қалмақ шапқаны.
Қу таяқты қолға алып,

- Әкең сарық баққаны.
Өзіміз аман қайтқан соң,
Уайым етіп саспалы.
- 7770 Бұл арадан аман-сау
Жатырмыз елге қайтқалы.
Өз еркінде болған соң,
Қаны қара Алшағыр
Мақсатына жеткені.
Кемпір менен шалыңа
Қатты қысым еткені,
Қорлығы жаудың өткені.
Қатты қысым тәртіппен,
Тезек теріп, жүн түтіп,
- 7780 Бейнет шығар шеккені.
Бұл қорлыққа шыдамай
Көзінің жасын төккені.
Бір жыл болды, Қобыланды,
Біз халықтан кеткелі.
Шулап қыпшақ жыласа,
Қайрылмай кеткен халқыңа,
Қыпшағың сізге өкпелі.
Қол жеткенге әл жеткен,
Халқыңа жаудың өктемі.
- 7790 Қобыланды атты ерімсің,
Бұл түсің соған көрінсін.
Хансұлудай баланы
Жетпіс қалмақ қамаса,
Он шыбық ұрып сабаса,
Қобыланды, түсің тамаша.
Қалмақ биік, көп халық,
Қыпшақ жаудан аласа.
Өзің сына, шырағым,
Қобыланды батыр мұнымды.
- 7800 Хансұлудай баланың
Өсірдің сипап тұлымды.
Көрген түсің шын болса,
Қарақыпшақ бүлінді.
Қобыланды жаудан өлді деп,
Ата менен анаңыз,

- Құртқа менен Хансұлу,
Халқың сізден түңілді.
Ардақтап жүрген шырағың,
Бірге туған Хансұлу
- 7810 Отыз төре, қырық бегі
Сөндірген болар шылымын.
Сөнбей қалса бір шылым,
Шыбық соғып айыпқа,
Алған шығар тынымын.
Осы түстен сынаймын,
Жаудың салған бүлігін.
Отыз төре, қырық бегі
Хансұлуды қамаған.
Алтын тарак қолында,
Жібектей шашын тараған.
- 7820 Салтанатты Хансұлу,
Алған болар бұл қалмақ
Зәбірін көрген баладан.
Түсіңнің түрі тым жаман,
Дәлеліменен нашарға
Айыптап шыбық сабаған.
Қобыланды атты ерімсің,
Түс жорыған жерімсің.
Ауызға толы сөзімсің,
Кегің кетер деймісің,
Кек алатын өзіңсің.
Қисық жауды түзетер,
Жауға құрған тезімсің.
- 7830 Қобыланды атты ерімсің,
Бұл түсің соған көрінсін.
Қыз жолдасы қасында,
Қобыланды арнап түс көрсең
Аққұртқадай асылға.
Алғаным деп жыласа,
Алтын сырлы орданы,
Ақ мұнара басынан,
Ойлап амал тапқан-ды.
Ұлықсат алып патшадан,
- 7840 Өзін таза баққан-ды.

- Қыпшақтың қызы жолдасы
Досым аман келер деп,
Сауықпенен жатқан-ды.
Келерінді білген-ді,
Ишарат көріп түйген-ді.
Кеткеніңе көп болды,
Сағынып Құртқа жүрген-ді.
Ару Құртқа айлалы,
Амал, тәсіл сайлады.
- 7850 Көрген түстен меңзеймін,
Төрт айға деп қалмақтан
Алдап пұрсат алған-ды.
Жорудың жоқ жалғаны,
Ақылы артық Аққұртқаң
Алшағырды арбады,
Амалға ақыл жалғады.
Сен келгенше Құртқаның
Көңілінде көп арманы.
Ақылды Құртқа ойлады,
- 7860 Көрген түстен сынасам,
Өзі түгіл Құртқажан
Қыпшақтың қызын қорғады.
Өзің аман қайтқан соң,
Қосылар күнің болғаны.
Халқыңның болмас арманы,
Жорудың жоқ жалғаны.
Қысым беріп халқыңа,
Ханның тәртіп салғаны.
Қобыланды, өзің ойлап көр,
- 7870 Жорудың бар ма жалғаны.
Жорып бердім түсінді,
Енді жолдан қалмалы.
Сонда Қобылан сөйлейді:
—Жоруыңның бәрі жөн,
Мінейін атқа енді мен.
Қасымдағы қырық жолдас,
Шыны достым, құрбы тең.
Бір тәуекел етейін,
Артым тар да, алдым кең.

- 7880 Аттарыңды күйлеп бақ,
Жаратып аттың күйін тап,
Осы көлге бес күн жат.
Күйлендіріп тұлпарың,
Жолдастар болсын көңілі шат.
Тайбурыл күйінде
Арықтады-ай торы ат.
Қолтығында қос қанат,
Орта жолда болдырып,
Торыға келер жаман ат.
- 7890 Тәуекел етіп жүрейін,
Екі атпен өзім саламат.
Ал, жолдастар, жүрейін,
Бек сауытым киейін.
Тас кесетін алмасты
Балдағынан ілейін.
Аман жүріп, сау барсам,
Жаушылық қылса хан досым,
Осы бойда-ақ тілейін.
Бек сауыт киіп белсенген,
- 7900 Жау көргенде еңсеген.
Ақылың болса айтыңдар,
Қобыланың сасып теңселген.
Сүйдеді де Қобыланды:
—Достарым, аман бол,—деді,
Болсын сапар оң,—деді.
Қайырлы болсын жол,—деді.
Болмасын жауға қор,—деді.
Дұшпандық қылса Алшағыр,
Өзіне құрған тор,—деді.
- 7910 Тайбурылға бөктеріп,
Азығын артып алады.
Қырық жігіт сол жерде
Қош айтысып қалады.
Ат сыншысы ер Қармыс
Қырық аттың жақсылап,
Кешікпей күйін табады,
Күндіз-түні шабады.
Тайбурыл ат жетекте,

- Батыр туған ер Қобылан
7920 Тобығы меңді торымен
Жалғыз кетіп барады.
Ұйықтайтұғын ер емес,
Ұйықтауы ердің жөн емес.
Қос тұлпардың екпіні
Ұшқан құстан кем емес.
Қос тұлпармен сырлатып,
Қобыланды шауып жөнелді,
Шабысты тұлпар перенді,
Жалықпайтын ер енді.
- 7930 Ұйқы келіп қалғыса,
Айғайлап айтты өлеңді,
Батыр еді өнерлі.
Тұлпарменен күні-түн
Шаршамастан жорытты,
Күні бес күн болыпты.
Намаздыгер шамаға
Күн шамасы толыпты.
Шабуымен тыным жоқ,
Арықтаған торы аттың
- 7940 Болдырар күні болыпты.
Борбайында қоңы жоқ,
Мойынында жалы жоқ.
Енді шабар әлі жоқ,
Жүруге аттың халі жоқ.
Қалта қарап тұрады,
Ашуланып Қобыланды
Қамшыменен ұрады.
Бауырдан аққан қара қан
Төрт тұяғын жуады.
- 7950 Ұрғаны қатты Қобыланның
Жануар торы ат құлады.
Тұлпар деп сені нетейін,
Торы ат басың кесейін.
Енді қалған жеріме,
Қарақыпшақ еліме
Тайбурылмен жетейін.

Осы жерде Аққұртқаның: «Торының бір жасы кем, сол бір жерлерге келгенде сені ашуландырар, бірақ ашумен басын кесіп тастап жүрме» деген сөзіне түсіп, ұсынған қылышын қынабына қайта салады.

- Ағытып айыл қарады,
Бауырының терісі
Айылмен кетіп барады.
Ағытқанда тарпасын
Төс терісі торының
Айылмен кетіп барады.
Құйысқанын ағытты,
Сауырының терісі
7970 Құйысқанмен барады.
Өмілдірік ағытса,
Омыраудың терісі
Өмілдірікпен барады.
Сағалдырық алады,
Сағағының терісі
Бірге кетіп барады.
Сыпырып жүген алады,
Тұла бойын қызыл қан
Жануардан ағады.
Қызыл жолақ ат болды,
Шыбын қуып барады,
Қалың сона талады.
Бір балшық көл табады,
Аунап, жатып қалады.
Сонадан қалың жануар,
7980 Торы ат тыным табады.
Үсті-басы көк балшық,
Кеш салқыны түскен соң,
Оттауға кетіп барады.
Қабағы қатқан Қобыланды ер,
Үш күн ұйықтап қалыпты.
Күні-түні алты күн,
Ат тыңайып қалыпты.
Мойынына жал бітіп,
Борбайына қоң бітіп,
7990 Оңалғаны анық-ты.

- Жауыр жерге ақ жарғақ
Тері бітіп қалыпты.
Тайбурылдың қасына
Тобығы меңді торыша
Оқыранып барыпты.
Күйіне түскен қос тұлпар
Қобыланды ерді айналып,
Екі ат ойын салыпты.
Құлындай ойнап жануар
8000 Екі тұлпар қағысты.
Дүбірінің күшімен
Ұйықтап жатқан Қобыланды
Көтеріп басын алыпты.
Ұйқысынан оянып,
Қос тұлпарға барады,
Үстіне тоқым салады.
Ерді ерттеп, тұлпардың
Үстіне мініп алады.
Торышаның үстіне
8010 Қоржын жүгін таңады.
Торы тұлпар жетекте,
Тайбурыл мен Қобыланды
Енді жүріп барады.
Күйіне түскен жануар
Құлаштап бауырын жазады.
Тимеді жерге аяғы,
Қазандай жатқан қара тас
Екпінімен тұяқтың
Басып кетсе жарады.
8020 Шапқан сайын ашылды,
Үстінен аққан қара тер
Тау суындай шашылды.
Екі көзі жарқылдап,
Ауыздығын басулы.
Ырғып, шұлғып жөнелді,
Тайбурыл мен торша ат
Шын шабуға ашынды.
Қобыландының қонысы
Тайбурыл мен торыға

- 8030 Алыс та болса жақын-ды.
Сұлағанда жануар
Құйындай шаңы шашылды.
Қос тұлпармен жолданған,
Өткір найза қолға алған,
Торы тұлпар тыңайып,
Ер сапарын оңғарған.
Елін аман бір көрсе,
Тарқар еді арманнан.
Қалың қыпшақ тұтқында
- 8040 Ағайынды зарлаған.
Күндіз-түні шабуыл,
Дамыл алмай жүреді.
Тұман басқан бір күні
Қараңғы түнек түн еді.
Ел шамасы жетерге
Жақындаған күн еді.
Бір жерлерге келгенде,
Екі тұлпар тұрады.
Ашуланып Қобыланды
- 8050 Қамшыменен ұрады.
Дыбыстанып адамдай,
Екі ат бірдей жылады.
«Шу» деп еді жүрмеді,
Не болғанын білмеді.
Түсе қалып атынан,
Қос тұлпарды сүйреді.
Тұяғын жерге ұрады,
Өз-өзінен жығылды,
Екеуі де құлады.
- 8060 Адамдай-ақ дыбыстап,
Екеуі бірдей жылады.
Сипалап жерді қарады,
Қолмен білді Қобыланды
Құлап жатқан қаланы.
Тағы қайта сипаса,
Алтын қазық табады.
Алтын қазық табылды,
Жібектен арқан тағулы.

- Мынау нешік болды деп,
8070 Қобыланды таң қалады.
Таң ата тұман ашылып,
Жан-жаққа көзін салулы.
Жирен қопа көлдерін,
Иесіз қалған жерлерін,
Қобыланды байқап танулы.
Өзіне қоныс келгенде,
Екі тұлпар таныған,
Аққұртқадай сұлудың
Елік сүтін берген жер.
8080 Сусынына бал беріп,
Әрбір түрлі дәм беріп,
Баласындай көрген жер.
Ардақтап тұлпар баққан жер,
Үстіне жұмсақ тисін деп,
Макпалдан жабу жапқан жер.
Мойнына қатты тиер деп,
Жібектен арқан таққан жер.
Қобылан мен атты тең көрген,
Рахатты кең көрген,
8090 Баққан тұлпар жер екен,
Жирен қопа көлі екен.
Бұзылған тоғай, иесіз көл,
Шабылған қыпшақ елі екен.
Иесіз қалған көл көрді,
Құлазып қалған жер көрді.
Қыр басында қара жоқ,
Қу дала, иесіз бел көрді.
Шабылғанын елдің білген соң,
Хансұлу, Құртқа арудың
8100 Терегін іздеп тез келді.
Бұтаққа таңған қағазды
Қобыланды батыр көрді енді.
Қағазды жұлып алыпты,
Хатқа көзін салыпты.
Көрген тарлық баршасын
Сұлу Құртқа жазыпты.
Хатындағы сөзіне

- Қобыланды оқып қаныпты.
Хатын оқып біледі,
8110 Шыдамады жүрегі.
Осы жауға шабуға
Қызғындады сүйегі.
Халқы көрген қорлыққа
Ашуланып күйеді.
Құртқаның берген жай бұлтын
Қоржынынан алады.
Жай бұлтын енді жаяды,
Бұлыт қаптап барады.
Бірге туған Хансұлу,
8120 Қорлықта жүрген қарағы
Бұлтқа көзін салады.
Бұлыты деп көкемнің,
Езу тартып Хансұлу,
Қуаныш етіп қалады.
Не себепті күлдің деп,
Отыз төре, қырық бегі
Ортасына қамады,
Қыздан жауап алады.
«Не нәрсені білдің?» деп,
8130 «Хансұлу, неге күлдің?» деп,
«Нені байқап түйдің?» деп,
Қарсылық деп күлгенің
Шыбық ұрып сабады.
Жылаған қыздың дауысы
Аналық пен Сарбаптың
Құлағына барады.
Кемпірлер де жылайды,
Көзінің жасын бұлайды.
Жылаған соң Хансұлу,
8140 Анасы қайтып шыдайды.
Екі кемпір жыласа,
Қыпшақтар жылап шулапты.
Тап сол күні күн батты,
Алшағырдың Ақсары
Ұйықтап жатып түс көрді,
Әжептәуір түс көрді.

- Түсінде көрді төрт бөрі:
Қабағы қалың қас бөрі,
Шолақ құйрық ақ бөрі,
8150 Азуы шыққан жас бөрі,
Салаң құйрық көк бөрі.
Ел шетіне келді ғой,
Есебі жоқ көп қойға
Келе қырғын берді ғой.
Ойда жатқан отыз қой,
Ойды шауып жойды ғой.
Қырда тұрған қырық қой,
Қына қырғын берді ғой.
Қой ішінде бес қошқар,
8160 Бес қошқардың ішінде
Шығыршық мүйіз көк қошқар,
Таңнан тартып жойды ғой,
Шикі майға тойды ғой.
Алты бірдей ақ қозы,
Алтауы да жас қозы,
Жас сырбазды жеді ғой,
Тісіне жұмсақ тиді ғой.
Қой ішінде көп саулық,
Көп саулықтың ішінде
Ең көсемі көк саулық
8170 Қарынынан жарды ғой.
—Ақсары атты бәйбішен
Осы түсті көрген соң
Ақылынан танды ғой.
Патшам, есім ауды ғой,
Осы түстің бәрі рас,
Төбеден жасыл жауды ғой.
Сонда Алшағыр сөйлейді:
—Қобыланды келер деймісің,
Уайым айтқан нең?—дейді.
8180 Атаң әйел, нашарсың,
Ақылың сенің кем,—дейді.
Өлгеніне Қобыланның
Осы биыл жыл толды,
Өлгені Қобылан шын болды.

- Хан Барсаның елінде
Сүйегі Қобылан күл болды.
Лайықты Аққұртқа
Алатын күнім таянды.
Күндестікпен айтқасын
- 8190 Ниетің сенің арам-ды.
Ақсары сонда сөйлейді:
—Ей, бейшара Алшағыр,
Сөзіме құлақ сал, Шағыр,
Айтқаныма нан, Шағыр.
Көрген түстің бәрі рас,
Ертең тарлық бар, Шағыр.
Қобыланды сізге келмесін,
Шаһарыңды сырттан көрмесін.
Ер Қобыланның білгенмін
- 8200 Хан Барсадан өлмесін.
Бұзған шығар Барсаның
Берік салған ордасын.
Қуаныш шығар көңілі,
Ер Барсаны жойған соң.
Көргенім бекер болмаса,
Жау кеңсеңе төніп тұр.
Ақсары атты бәйбішең
Түспен көріп, біліп тұр.
Жолда жатқан сансыз қой
- 8210 Көп қалмағың болмасын.
Ойда тұрған отыз қой
Отыз төрең болмасын.
Қырда тұрған қырық қой
Қырық бегің болмасын.
Бәрін қырып, жоймасын,
Бегілеріңді соймасын,
Ерлердің көзін оймасын.
Қобылан келмей тұрғанда,
Неге өлмедім сор басым.
- 8220 Қой ішінде бес қошқар
Бес тумаңыз болмасын.
Шығыршық мүйіз көк қошқар
Тап өзіңіз болмасын.

- Қой ішінде көп саулық
Қой бастаған көк саулық,
Біз пақырың болмасын.
Алтауын қырып-жоймасын,
Жас сырбазға тоймасын.
Түстің түрі тым жаман,
8230 Бұл айтқаным болмасын.
Қорқынышпен айтамын,
Бұл жоруым болмасын.
Ұйқы қанып, тынығып,
Тыңайып әбден алады.
Құртқа сұлу көрсін деп,
Жай бұлтын тағы жаяды.
Қобыланды жайған жай бұлыт
Жайлап қаптап барады.
Құртқа бұлтын көрген соң,
8240 Келген екен ерім деп,
Ақыл ойлап қарады.
Сұлу Құртқа ақылды,
Ойлауы ақыл мақұл-ды.
Күзетшінің тәуірін
Бері кел деп шақырды.
Келгенін Қобылан білген соң
Құртқажан қайта ашылды.
Қолына қалам алады,
Алшағырға қағаз жазады.
8250 «Алшағыр досым сен едің,
Сұлу Құртқа мен едім,
Қадірлес қатар тең едің.
Әр уақытта тілеген
Тілек берсең, Алшағыр,
Саяға шығып қыдырып,
Көтеріп көңіл келемін.
Тілекті қабыл көріңіз,
Бір тілегім беріңіз.
Көптен бері сәнді үйден
8260 Саяға шығып жүрмедім.
Тәрбиемен жатырмын,
Қасымда жолдас қыздармен,

- Самалға шығып күлмедім.
Не бар, не жоқ кеңдікте,
Еш нәрсені білмедім.
Арызымды тыңдасаң,
Кең дүниені көрейін.
Ермек қылып жолдаспен
Даладан тезек терейін.
- 8270 Көп айналмай, кешікпей,
Тезірек қайтып келейін».
Хан айтты: «Құртқа, саған сендім,—деді,
Ей сұлу, не десең де көндім,—деді.
Қасыңа күң мен құлдан жолдас ертіп,
Ұлықсат саған, Құртқа, бердім»,—деді.
Алшағыр ғашық көңілі сеніп қалды,
Ұлықсат Аққұртқаға беріп салды.
Құртқаны өзімсінген Алшағыр хан
Көңілі жан Құртқаға еріп қалды.
- 8280 Өзімсінген Құртқаға
Көңілі ханның шыдамай,
Көңіліндегі мақсатын
Аққұртқаның қылады-ай.
Ойлаған Құртқа көңілінен
Алшағыр хан шығады-ай.
Қапияда ой тапқан
Ақылды Құртқа шырақ-ай.
Алшағыр хан батырға
Арызын айтқан жер еді.
- 8290 Құртқаның айтқан сөзіне
Көңілім сенді деп еді.
Өзімсініп Құртқаны,
Не десе де көнеді.
Жеті қыз қосшы береді,
Алты күң мен алты құл
Бақташыға ереді.
Қапқа салып тезекті,
Ермек қылып тереді.
Ұлы сәске болмай-ақ,
- 8300 Құртқа тозаң көреді.
Алыстан шыққан бұл тозаң,

- Қобыландының өзі еді.
Тозаңды болжап сынап тұр,
Сұлу Құртқа жылап тұр,
Көзінің жасын бұлап тұр.
Қобыланнан шыққан тозаңдар,
Келгенінше қасына
Амалсыздан шыдап тұр.
—Алыстан шыққан тозаңың,
8310 Тозаңға көзім саламын.
Ашылар деп ойлаймын
Жабылыңқы қабағым.
Түзелер деп ойлаймын
Қайғылы болған заманым.
Жай бұлытын көрген соң,
Ойлап едім келер деп,
Қобыланды досым, қарағым.
Қарағым менің келгенше,
Сағынғаннан жарадым.
8320 Қобыланды, сені сағынып,
Сағынғанмен не қылдым.
Сен кеткен соң еліңнен,
Қайғы отына жағылдым.
Амалым бар ма, қайтейін,
Амалсыз жауға бағындым.
Бұрынғы кендік күнімнен
Бұл заманда тарылдым.
Қысымда тұрған күнімде,
Жан досым Қобылан табылды.
8330 Сөзін айтып болғанша,
Қос тұлпармен желіпті,
Желігіп Қобылан келіпті,
Дидарларын көріпті.
Қайғыда жүрген Акқұртқа
Көзінің жасын еңіреп,
Өксіп, жылап төгіпті.
—Сен кеткен соң, жан досым,
Заманның көрдім қаранын.
Алшағырдай досыңның
8340 Айтып едім арамын.

- Тарылтқан жоқ па халқыңның
Көрген теңдік заманын.
Тілін алмай сен кеттің,
Ата менен ананың.
Хабартып кеттің көңілін
Бірге туған Еркежан,
Шырағың нашар баланың.
Дүниең тәрік, тұл болды,
Сексеннен асқан қарт атаң
- 8350 Қойды бағып құл болды.
Алпысқа келген анаңыз
Тезек теріп, жүн түтіп,
Арқан есіп күң болды.
Қыпшақ деген халқыңа
Қиыншылық түр болды.
Қайғысыз елде адам жоқ,
Еліңе қатты кір болды.
Ағайының көп қыпшақ
Кең заманға мұң болды.
- 8360 Қасымдағы қыз баллар,
Қыпшақтың қызы жолдасы,
Ақылдың сырлас ойласы,
Заманы қатар бойласы,
Қобыланды көзі көрген соң
Қыз пақырлар жылайды.
Қуанып тұр көңілі,
Ажарланған шырайлы.
Азаматын халқының
Бар ма деп Қобылан сұрайды.
- 8370 Атаңа нәлет Алшағыр
Қайтарған ердің назарын,
Қайырған халықтың қажарын.
Құртқа айтты Қобыланға
Естіп көрген хабарын.
Кемітті деп халқыңның
Бұрынғы қызық базарын.
Құлдар менен күндерді,
«Бермен кел» деп Қобыланды
Шақырып қасқа алады,

- 8380 Қасына жақын барады.
Бейшаралар зар жылап,
Көзден жасы ағады.
Біреуің шашау шықпа деп,
Қалың ағаш ішіне
Құл мен күнді қамады.
Тайбурыл тұлпарға
Қобыланды мініп алады.
Қыздар менен Аққұртқа
Сол арада қалады.
- 8390 Күндер менен құлдарды,
Торы атты Құртқа бағады.
Оқыранып торша ат,
Құртқаны танып жануар,
Екі бетін жалады.
Қойда жүрген атасын,
Тезектегі анасын
Ер Қобылан іздеп барады.
Тезек терген Аналық
Қуанышты түс көрген,
8400 Түсінде сұңқар құс көрген,
Қуанышты іс көрген,
Шаһарға жақын құс төнген.
Қырқадан қырқа қараған,
Қырық шалғысын тараған.
Аналықтың түсінде
Сан жетпейтін көп әскер
Қалмақтың шаһарын ораған.
Білікті кемпір озаған,
Кетпейтін түсі жобадан.
- 8410 Тезек терген бейшара,
Кетпейтін көзі даладан.
Тозаң көрді, шаң көрді,
Қобыланым болар бұл шаң деп,
Шаңға қарап жүгірді.
Сасқалақтап, қуанып,
Етегіне сүрінді.
Маңдайдан аққан қара тер
Қойынынан құйылды.

- Қобыланды көрді анасын,
8420 Анасы көрді баласын.
Аттан түсіп жүгіріп,
Құрмет етті анасын.
Қуанғаннан шығарды,
Кемпір кепкен мамасын.
Тұла бойы шымырлап,
Емшегі иіп ағады.
—Жалғызым, келдің сен,—деді,
Қайғы көрген Аналық,
Сенің анаң мен,—деді.
- 8430 Сен кеткен соң шырағым,
Көрген күнім кем,—деді.
Тұла бойым еріді,
Тас емшегім иіді,
Шырағым Қобылан, ем,—деді.
—Аналықтай анам-ай,
Өтінем, анам, саған-ай.
Ауыр болар ақ сүтің,
Ем деме, анам, маған-ай.
Көрген зәбір баршасын,
- 8440 Шешесі айтып тұрады.
Жай, мәністі Қобыланды
Анасынан сұрады.
Көрген қорлық баршасын
Айтып баян қылады.
Халқының қиыр шетінен
Қабактың күнгей бетінен,
Мың сарық сақтап шығады.
Мың сарықты көреді,
Көрген соң айтқан сөзі еді,
- 8450 —Сексеннен асқан қарт атам,
Ақсақал қайда?—деп еді.
—Атаң киген шарық деп,
Қорлығы көрген анық деп,
Беткейден шыққан осы қой,
Атаң баққан сарық деп.
Сен кеткелі бейшара
Еш көрген жоқ жарық деп.

- Қойды баққан қарт атаң
Тоқтарбай атты кәріп деп.
8460 —Қорлықтың көрген талайын,
Қарт атама барайын.
Дидарласып көрісіп,
Әкемнің қолын алайын.
Сәлем беріп бабамның
Енді көңілін табайын.
Ашу қысқан балаңмын,
Сонан соң жауға шабайын.
Деп қойға қарап жолданды,
Ашу тұтып долданды.
8470 Дидарын қарттың көруге
Батыр Қобылан ойланды.
Тоқтарбай да баласын
Анадайдан көрді енді.
Жалғзынан айрылған
Қайғыменен шерленді.
Тайбурылы астында,
Жақындап Қобылан келді енді.
Анадайдан аталап,
Қартқа сәлем берді енді.
8480 Қу таяғы қолында,
Беті-аузын шаң басқан,
Көзден аққан жасынан
Қарттың бетін қан басқан.
Өзі кәрі, қайғылы,
Ақылынан алжасқан.
Сексеннен жасы асқанда,
Қой бақтырып зарлатқан.
Көрген қорлық қисапсыз,
Кекті дұшпан қалмақтан.
8490 Бурылдан түсе қалады,
Аталап қолын алады,
Қобыландыға қарады.
Танымады бейшара,
Қобыланды қайтып танысын,
Алшағыр берген қорлықтан
Ақылынан ауады.

- Тоқтарбай әкем сен,—деді,
Жалғызыңмын мен,—деді.
Танымаған нең?—дейді,
8500 Тоқтарбай жылап еңіреді:
—Кеткелі Қобылан көп болды,
Келуден Қобылан шет болды.
Қобылан деп атын атасам,
Ішім толы дерт болды,
Көкірегім өрт болды.
Барса қалмақ жауынан,
Шырағым Қобылан мерт болды,
Қобылан деген бұл сөзің,
Өкпемнен өткен оқ болды.
8510 Қайдан келсін Қобыланды,
Барса келмес жауында,
Шырағым менің жоқ болды.
Жеткен екен Аналық
Бүкең-бүкең жүгіріп,
Буыны кетіп бұтаға,
Сүрінгенде жығылып.
Қуанғаннан жөнінен
Кемпірдің жаны қыдырып,
Қобыландыны көрген соң,
8520 Тұрмаған байғұс кідіріп.
Көтеріліп, тыңайып,
Келген екен сыдырып.
—О, Тоқтарбай, Тоқтарбай,
Қамауда қыпшақ халық тұр.
Аққұртқадай шырақты
Алшағыр хан бағып тұр.
Хансұлудай қалқамның
Зауалға басы қалып тұр.
Қобылан келді, Тоқтарбай,
8530 Жаның шықпай неғып тұр?!
—Қой, Аналық, Аналық,
Құлыным Қобылан келген жоқ,
Қобыланды көзім көрген жоқ.
Қобылан келсе егер де,
Қайта жасар Тоқтарбай,

- Бұл қартыңа өлмек жоқ.
Танымаған бұл қарттың
Анығын кемпір сынады.
Сасып тұрған Қобыланнан
8540 Белгінді бер деп сұрады.
Ортасында жауырынның
Алақандай меңі бар.
Арқасын Қобылан ашқан соң,
Қарт қуанып тынады.
Баласын енді таныды,
Қуанғаннан бейшара
Естен ауып құлады.
Суық бұлақ суымен
Қобыланды мен Аналық
8550 Шалдың үстін жуады.
Ет салқындап, ес кіріп,
Жатқан жерден тұрады.
Қобыландыны көрген соң
Аналық пен Тоқтарбай
Біткен жері мұрады.
Кемпір менен шалынан
Ұлықсат бер деп сұрады.
Ұлықсат берді Қобыланға
Атасы мен анасы.
8560 Тайбурылдай тұлпарға
Мінгенге ұқсайды шамасы.
Алыс емес қасында,
Алшағырдың қаласы.
Қалаға жақын төнеді,
Ер жақындап келеді.
Қарындасы Хансұлу
Сөндіріп жүр шылымды.
Сөнбей қалып бір шылым
Отыз төре, қырық бегі
8570 Шыбық соққан жер еді.
Шырылдап, жылап қыз бақыр
Өксіп жасын төгеді.
Шырылдаған дауысы
Жақындаған Қобыланның

- Құлағына келеді.
Бурылға қамшы басады,
Даусын танып шырақтың,
Отыз төре, қырық бектің
Ордасына шабады.
- 8580 Қылышты қанға малады,
Келе ойран салады.
Әне-міне дегенше-ақ,
Бәрінің басын қағады.
Әбігер болып қалмақтар
Алшағырға барады.
Қобыланды келді дегенде,
Қалмақтың ханы Алшағыр
Өзін-өзі жарады.
Көше аралап барады,
- 8590 Кездескенін қалмақтың
Қылышпенен шабады.
Алшағырмен бір туған
Бес інісін табады.
Қарсыласар адам жоқ,
Бұлардың басын қағады.
Ақсарыдай сұлуды
Қанжарменен жарады.
Бұлар тапты қазаны,
Алты бірдей ақ қозы,
- 8600 Алтауы да жас қозы,
Алты ұлы еді патшаның,
Оған да берді қазаны.
Қалмақтардың талайы
Жеткен күні ажалы.
Әйелдер менен жас бала
Тек солар аман қалады.
Қапаста жүрген қыпшақтар
Кеңдік көрген жер еді.
Қорлықтағы халқының
- 8610 Теңдік көрген жері еді.
Қыпшақтың көрген тарлығы
Қараңғы түнек түн еді.
Қалмақтардың қыпшаққа

- Берген қорлық шын еді.
 Күндік пенен құлдықта
 Күн өткізіп жүр еді.
 Мойнынан бұғау түсірмес,
 Жоқ еді кескен срогі.
 Қабыл болған бейшара,
 8620 Бұл қыпшақтың тілегі.
 Қобыланды батыр келмесе,
 Жаудан қорғап алатын
 Бұл қыпшақты кім еді.
 Қатты көрген қорлықтан
 Зар еңіреп жүр еді.
 Қабыл болып көз жасы,
 Қараңғылық түн кетті,
 Қыпшақтан қайғы шын кетті.
 Жарқырап жарық таң атып,
 8630 Халқына тегіс нұр жетті.
 Қобыланды есен келген соң
 Мұратқа елі шын жетті.
 Халқыңа түгел мал бітіп,
 Ажарсыз бетке қан бітіп,
 Тәрбиеменен сән бітіп,
 Естен ауған халқына
 Ақыл мен ой һәм бітіп,
 Ел қалыпқа келеді.
 Қайғылы болған қыпшақтар,
 8640 Мақсатқа жеттік деп еді.
 Халық үшін ар-арлап,
 Барса келмес, Алшағыр,
 Жауын шапты деп еді.
 Мақсатқа елін жеткізіп,
 Ерегіскен дұшпанын,
 Тамам қылған жері еді.

Әлқисса, Қобыланды батыр егескен жауын алады. Айнала торлаған көп қалмақты, жаулықпен қазақ елінің жерін басып алған жауларды өзінің жеріне көшірмек болады. Қобыланды осы ойға алғанын істейді. Сөйтіп, әрбір жерге өзінше ат қояды. Қобыландының ат қоюы.

- Алған жауы көп еді,
Алмаған дауы жоқ еді.
Жолдастары қасында,
Талай жерді кезді.
Алалайды анда алып,
Бұлалайды мұнда алып.
Хан, бектерді өлтіріп,
8660 Бостырды жауды деп еді.
Алшағыр ханды өлтіріп,
Қашырып жауды жойған деп,
Талайын бітеу сойған деп,
Көздерін жаудың ойған деп.
Қыпшақ келіп қонған деп,
Ойып қоныс алған жер,
«Ойыл» аты болсын деп,
Мұны қойған Қобыланды ер.
Тұлпарменен желген жер,
Жерді кезген Қобыланды ер,
Ұйқысы келіп түн қатып,
Тұлпарға жем берген жер.
Ұйқысынан оянып,
Маңын байқап көрген жер.
Теңізге құйған ұлы су,
«Жем» болсын деп су аты,
8670 Мұны да Қобылан қойған жер.
Орғып атқа мінген жер,
Қару-қапшық ілген жер.
Аң қаққандай Қобыланды,
Қалмақты іздеп жүрген жер.
Аттың басын бұрған жер,
Ат тізгінін жиған жер.
Қарашоқы басынан
Қарауыл қарап тұрған жер.
Қара адырдан жау көріп,
8680 Атқа қамшы ұрған жер.
«Қарауыл келді» болсын деп,
Мұны да Қобылан қойған жер.
Көз алысқа жеткен жер,
Қайтпайтын терең өктемдер.

- Алыс жерден сағыздай
Созылып жауға жеткен жер.
Жауды әлек еткен жер,
«Сағыз» аты болсын деп,
Мұны да Қобылан қойған жер.
- 8690 Жау іңірде кашқан жер,
Ымырт татып асқан жер.
Қырылғаны қырылып,
Тірісі жаудың сасқан жер.
Елең-алаң таңертең
Ербең елес еткен жер.
Қашып кеткен көп жауды
Тура қуып жеткен жер.
«Ебейті» аты болсын деп,
Мұны да Қобылан қойған жер.
- 8700 Қасындағы қырық ноғай,
Шаттанып демін алған жер.
Тыным алып Қобыланды,
Аты көде шалған жер.
«Ноғайты» аты болсын деп,
Мұны да қойған Қобыланды ер.
Қалмақтардың тірісі,
Жаны қорқып кашқан жер.
Тітіреп жаудың сасқан жер,
Жауды қайғы басқан жер.
Құтылдым деп Қобыланнан
- 8710 Аяғында Ойылдың,
Тыным алып жатқан жер,
Қан жылатып шапқан жер.
Тамағына тай сойып,
Қобыланды ер асқан жер.
Бір жолаушы тап болып,
Сансыз жатқан көп жаудың
Хабарын келіп айтқан жер.
Ет пісуге шыдамай,
Бауыр менен бүйрек жеп,
- 8720 Қобыланды жауға асқан жер.
Қолына найза алады,
Беліне қылыш салады.

- Ат үстінде Қобыланды
Айналып тұра қалады.
«Жолдастарым, барайын,
Барып жауға шабайын.
Шабыттанып тұрғанда,
Қылышпен басын қағайын.
Бүгіннен қалмай келемін,
8730 Алуын жауды тағайын».
Қобыланды бара шабады,
Есепсіз жауды алады.
Бірқатары құтылып,
Жаулар асып барады.
Аман келіп жолдасқа
Сөйлейді сонда Қобыланды ер,
Жаудан қайтпас батыр, сер.
Қасындағы ерлерге,
Жердің атын қоям дер.
8740 Мұның аты «Тайсойған»,
Қазаннан жедім бүйректі.
Қобылан атты жан досың,
Қобыланды досың зерек-ті.
Қашып кеткен қалмақты,
Найзамен досың түйрепті.
Талайларын қылышпен
Қабырғасын күйретті.
Қалған етке тояды,
Қобыланды жауды жояды.
«Тайсойған» мен «Бүйректі»
8750 Мұның аты болсын деп,
Қобыланды батыр қояды.
Орта жолды аралап,
Бар ма деп жауды шамалап,
Тірі кеткен жаулардың
Басын бағып паналап,
Өздері тыным алуға,
Атты азырақ бағуға,
Батырлар қайтты ауылға,
Елге келді дамылға.
8760 Тыныққанша тұлпарлар

- Елде тыным алуға.
Ойыл судың бойында
Ауылына келеді.
Күні-түні он төрт күн,
Тыным алды деп еді,
Тоқтарбайдың Қобыланы
Атын бакқан жері еді.
Он төрт күні өткен соң,
Тағы да атқа мінеді,
8770 Сауыттарын киеді,
Садақтарын іледі.
Ала көбен жаулар көп,
Жауларды іздеп жүреді.
Жау сағынып желікті,
Он төрт күн жатып зерікті.
Түнде жүріп келе жатып,
Тамақ асқан сансыз қол
Көп қалмақты көріпті.
Қасындағы жолдастар,
8780 Түнде-ақ жауға баралық,
Осы түнде шабалық.
Таң атуға қарамай,
Бірқатарын алалық.
Суға жүзген үйректей
Қылаңдаған неменің
Кәзір басын қағалық.
Жалсыз атқа жал бітіп,
Қоңсыз атқа қоң бітіп,
Беттеріне қан бітіп,
8790 Жедел ойлап, ар күтіп,
Жайған аты семірді,
Аттары ойнап елірді.
Батырлар да желденіп,
Атқа мінген көрінді.
Қасымдағы қырық жігіт,
Көп болды шықтық ауылдан.
Уақыт өтті бірталай,
Талай жаулар шабылған.
Әлі естіген хабар жоқ,

- 8800 Қаракыпшақ ауылдан.
Біле алмадық еш хабар
Кемпір менен шалымнан.
Хансұлудай тумамды,
Көрдім қатты сағынған.
Енді елге жүрейік,
Амандықты білейік.
Жаратып алып тұлпарды,
Баптап ерге мінейік.
Ала көбең аласа ат,
- 8810 Кешікпей жауға жүрелік,
Үлкенге сәлем берейік.
Біз кеткелі көп болды,
Сағынған елді көрелік.
Көп жатамыз демелік,
Менің айтқан бұл сөзім
Қырық жолдасым, жол шығар.
Жауға аттансақ, батырлар,
Сапарымыз оң шығар.
Сайланып атқа мінген соң,
- 8820 Қалмақ деген қалың жау,
Алдымыздан қол шығар.
Лайықты әркімнің
Басына қонған бағы бар.
Бүліншілік заманда,
Іздесе жау табылар.
Жата бермей, жолдастар,
Енді жүрсек не қылар.
Күйімен аттың жүрелік,
Кел жабдықтап атқа мінелік.
Қамданып сауыт киелік,
Бес қаруды ілелік.
- 8830 Аттануға ат қойып,
Кел, жігіттер, жүрелік.
Табылар бізге талай жау,
Айналамыз солай жау.
Тор сауыт киген толай жау,
Бізге алуға оңай жау.
Мінерге баптап тұлпарға

- Өкпе, бауыр, жал керек.
Алысқа шабар әл керек,
Ықпалды ерге ар керек.
8840 Қайтпайтын жаудан шын батыл,
Жүрекке біткен зәр керек.
Батыр батыр болар ма,
Тыныққан соң серікпей.
Тұлпары тұлпар болар ма,
Топ көргенде желікпей.
Елде жату не керек,
Жау сағынып серікпей.
Елдің жолы ашылмас,
Тұлпар мініп желіспей.
8850 Талай жауға аттандық,
Қайттық аман беріспей.
Жердің жүзін кезелік,
Алыстан іздеп өрістей.
Қаруды сайлап жөнделік,
Алмасты қайрап өңделік.
Ер қаруы—бес қару,
Баршасын баптап өңделік.
Тағы жүру бастайық,
Тас кесетін алмасты,
8860 Суарып әбден таптайық,
Жаңартып қылыш саптайық.
Жау іздейтін әдетті,
Батырлар, енді бастайық.
Сүйдеді де Қобыланды ер
Шақыртып алды ерлерін.
Жасы кіші іні мен
Құрбы, қатар теңдерін.
Шақыртып алды тағы да
Елдің кедей-кемдерін.
8870 Шақыртып алды тағы да
Ақсақалды шалдарын,
Жиды Қобылан бар жанын.
Көңіліндегі мүдә сөз
Айтайын деп арманын.
Жиылып халқы келген соң,

- Бәрін көзі көрген соң,
Қобыланнан естіп сөз көрсін.
Көңіліндегі мүддесін
Айтпай неге өзгерсін.
- 8880 —О, қыпшақтар, қыпшақтар,
Ерлерің алар найзасын,
Буады белге алмасын.
Көңілді жігіт бар болса,
Бұл сапар бізден қалмасын.
Қарақыпшақ халқымның
Кетемін айтып пайдасын.
Жүрем деген жігіттер
Мінер атын сайласын.
Жасы жеткен кәріңіз,
- 8890 Осы тұрған бәріңіз,
Тілектес болып қалыңыз.
Елде кедей, пақырды
Халың барың бағыңыз.
Ел ішінде кем болса,
Назарыңды салыңыз.
Қамданыңыз жігіттер,
Мезгілсіз шықпас жаныңыз.
Қарақыпшақ елінен
Сексен жігіт аттанды,
- 8900 Жүреміз деп шаттанды,
Мінер аты бапталды.
Жолдас алып қыпшақтан
Қобылан ерді басқарды.
Жігіттікті Нұрғожа,
Қартқожақ батыр бастаулы.
Ерлер атқа мініскен,
Қару, сайман іліскен.
Қырық жігіттің үстіне
Сексен жолдас біріккен.
- 8910 Тұңғыш жауға аттанған,
Қуанып жастар күліскен,
Күрлеп ерлер жүріскен.
Ойылдан бермен жағалап,
Жау іздеп Қобылан аралап,

- Қарауыл қарап, паналап,
Биік-биік жерлермен,
Қарауыл қарап шамалап,
Жүйрік атын зулатты,
Бір жерлерде күн батты,
8920 Қараңғылық түн басты.
Тұра қалып Қобыланды
Дыбысты байқап тыңдапты.
Бекініп жатқан жау екен,
Сақылдасып күлісіп,
Ойнасып қалмақ шулапты.
Құлаққа дауыс келеді,
Қасындағы жолдасқа
Батырдың айтқан сөзі еді:
—Дауысты естіп желдендім,
8930 Түнде жауға кез келдім.
Осы түнде-ақ шабуға
Шабайын деп тербендім.
Сендерге ақыл салайын,
Ертеңге несін қарайын.
Жау сағынған Қобыланым,
Осы түнде-ақ шабайын.
Сүйдеді де қамданды,
Суырып алмас қолға алды,
Шабуға Қобылан оңдалды.
8940 —Сендер мұнда қалыңдар,
Өзіңді-өзің бағыңдар.
Осы түнде-ақ шабамын,
Жалықпай шабар шағым бар.
Қалай тоқтап тұрамын,
Батыр деген даңым бар.
Атыңменен өзіңді
Жолдастарым, бағыңдар.
Түнде жауға кіреді,
Аңсыз тұрған қалмақты
8950 Үріккен қойдай сүреді.
Қараңғылық ішінде
Найзаменен іледі.
Талайдың бітті сөгі,

- Қобыланға қарсы келетін,
Қалмақтан тайлас кім еді.
Түн ішінде-ақ қырады,
Жауды әлек қылады.
Ағытқан қойдай шулатып,
Бөріктіріп қуады.
- 8960 Түнде-ақ әлек етеді,
Қараңғыда талайы
Амалдап қашып кетеді.
Жасырынып тірісі,
Түнделетіп көшеді.
Қайратты туған Қобыланды ер
Түнде шауып қалмақты,
Талайларын жойған жер.
«Қара қобда» болсын деп,
Мұны да Қобылан қойған жер.
- 8970 Сан жетпейтін қалмақтың
Тірісі қашып кеткен жер,
Амалдап қашып көшкен жер.
Сан жетпейтін қалмаққа,
Сарғайып таң атқанда,
Артынан қуып жеткен жер.
«Сары Қобда» болсын деп,
Мұны да қойған Қобылан ер.
Қойдай жауды қуған жер,
Бүлгін салып қырған жер.
- 8980 Бөлек таудың басында,
Қарауыл қарап тұрған жер.
Кеудесі такыр қыр екен,
«Тазқаралы» болсын деп,
Мұны да қойған Қобылан ер.
Сапарым жүрген оңсын деп,
Дұшпанның көңілі солсын деп.
Қайырлы жүріс болсын деп,
Ағып жатқан ұлы өзен,
«Ұлы Қобда» болсын деп,
- 8990 Жүрегі қайтпас Қобылан ер
Осылай деп атын қойған жер.
Сонан төмен асқан жер,

- Көп қалмақтың сасқан жер.
Қашқан жауды есітіп,
Айбатты туған ер Қобылан
Атқа қамшы басқан жер.
Күздің қатқақ күнінде
Беркіп тоң боп қатқан жер.
Арбалары дүңгірлеп,
9000 Шулап қалмақ асқан жер.
Қуып жетіп артынан,
Садақпенен атқан жер,
Жаудың қирап жатқан жер.
«Дүңгірлекті» болсын деп,
Мұны да қойған Қобылан ер.
Жауды қағып барған жер,
Талма-тал түс болғанда,
Балалар ойын салған жер.
«Бала Қобда» болсын деп,
9010 Мұны да Қобылан қойған жер.
Бейпіл жатқан көп жауға
Тағы Қобылан барған жер,
Барып бүлгін салған жер,
Ұрысқан жауын алған жер.
Жердің жүзін қызыл қан,
Кілкітіп қаптап алған жер.
«Қарағанды» болсын деп,
Мұны да Қобылан қойған жер.
Беркіндегі көп жаудың
9020 Қобыландыны естіп көшкен жер.
Шыңғырлатып арбасын,
Сансыз қалмақ жеккен жер.
Тоқтарбайдың Қобыланы
Артынан қуып жеткен жер.
Қайтпайтұғын өктемді ер,
Қырып жауды өткерді ер.
«Шыңғырлау» аты болсын деп,
Мұны да Қобылан қойған жер.
Ойнап жүріп балалар,
9030 Мың ешкіні жиған жер.
Суға қарап қуған жер,

- Кесекпен қамап ұрған жер.
Қара суға тоғытып,
Шығар жері тар болып,
Айналасы жар болып,
Көп ешкіні қырған жер.
«Ешкі қырған» болсын деп,
Мұны да қойған Қобыланды ер.
Көп қалмақтың көшкен жер,
- 9040 Тұмандатып өткен жер,
Артынан Қобылан жеткен жер,
Жауды әлек еткен жер.
«Тұманшы» аты болсын деп,
Мұны да Қобылан қойған жер.
Қару-қапшық заты сай,
Күйлеген тұлпар аты сай,
Асығыссыз жүрдік-ай,
Қалмақтың бұ да қонысы
Жайғастырып жауларды,
- 9050 Қобыланды батыр етті жай.
Жайғастырып жойған жер,
Қалмақты қойдай сойған жер.
Ойлағаны болған жер,
«Жақсыбай» аты болсын деп,
Мұны да Қобылан қойған жер.
Еңкілдеп жаудың кеткен жер,
Атының жалы желпілдеп,
Қобыланды қуып жеткен жер.
Жек, дуадақ қонысы
- 9060 Шиен шыққан көктем жер.
«Жекенді» аты болсын деп,
Қобылан қойып өткен жер.
Қаршығадай шүйлігіп,
Қара обаға барған жер,
Жауды көзі шалған жер,
Барған жауын алған жер.
«Қаратөбе» болсын деп,
Мұны да қойған Қобыланды ер.
Қалмақтың босып көшкен жер,
Жау іздеген Қобыланды ер,

- 9070 Артынан қуып жеткен жер,
Тауысып, шауып өткерді ер.
Жауды қырып қоштанып,
Өлең айтып өткен жер.
«Өлеңті» аты болсын деп,
Мұны да Қобылан қойған жер.
Атқа шідер салған жер,
Қобыланды дамыл алған жер.
Қонып сол күн кеш болып,
Ұйқысы ердің қанған жер.
- 9080 «Шідерті» аты болсын деп,
Мұны да Қобылан қойған жер.
Таң сарғайып атқан жер,
Қалмақтың тулап қашқан жер,
Бұлдырап белден асқан жер.
Артынан жетіп Қобыланды
Бұлдыратып шанышқан жер.
«Бұлдырты» аты болсын деп,
Мұны да Қобылан қойған жер.
Қараңғыда келген жер,
- 9090 Айдын көлді көрген жер,
Атына жем берген жер.
«Қаракөл» аты болсын деп,
Қобылан атақ берген жер.
Күннің ыссы күнінде,
Көлдің суын ішкен жер.
Жауды көріп қуанып,
Соңына жаудың түскен жер,
Қалмақтар баудай түскен жер.
«Қарабау» аты болсын деп,
- 9100 Мұны да Қобылан қойған жер.
Ат құйрығы бұлаңдап,
Алыс жерде жүрген жер,
Қару-қапшық ілген жер.
Ойда жатқан қалмаққа
Ойсыратып тиген жер,
Сансыз жаудың бүлген жер.
Қасындағы жолдасы
Қызығына күлген жер.

- Бұлағай салып, жау шауып,
9110 «Бұлау» деп атын қойған жер,
Мұны да Қобылан қойған жер.
Жер жүзін Қобылан кезген жер,
Өзіне-өзі сенген жер.
Жауды көрсе шүйіліп,
Бүркіт құша төнген жер.
Тобығы менді торы атты
Ит пен құстан қызғанып,
Шоқы тауға көмген жер.
Тобығы менді торының
9120 Жамандатып өлген жер.
«Торы ат басы» болсын деп,
Мұны да Қобылан қойған жер.
Ерлердің артық данасы,
Артықша Қобылан ағасы.
Халықтың қорған панасы,
«Ешкі қырған» сағасы,
«Ұлы Қобда» жағасы.
Адамнан жоқ жаласы,
Тоқсанға жасы келгенде,
9130 Судан болды жаласы,
Қартайып жетті қазасы.
Діңкиіп тұрған Қара оба
Тоқтарбай қарттың баласы—
Ер Қобыланның моласы.
- Сол күнде ел бүлінген заман болды,
Заманда әрбір түрлі адам болды.
Бүлінген халық ішінде қырғын соғыс,
Қиындық елдің күні қараң болды.
9140 Хан, төре ел бүлдіріп, туралық жоқ,
Залымдар қара жүрек арам болды.
Жауларға кілең жауыз қан жаудырған
Қобыланды осыменен тамам болды.

Ойыл деген жерде, жетпіс жетіде Қыдыр деген шал болыпты. Оразада шамасы болыпты. Тоқтарбай деген баласы болыпты. Қырық төрт ауылы болыпты. Қайырымды болған, руы қара қыпшақ болған. Тоқтарбай жалғыз бала болғандықтан, мұның тілеуінде бүкіл аулы болған. Қараспан деген—жердің аты. Отырған жері Ойылдан осы Қараспанға көшеді. Бұл жер малға жайлы, шөбі шүйгін, бұлағы бар жер, әрі таулы жер. Осы кезде Тоқтарбай 35 жасында болған.

Бәйіт тарихы

Тоқтарбай хабар айтты елдеріне,
Шақырып жан-жақтағы ерлеріне.
Таласпай татулықпен риза болып,
Құдайдың маған дәулет бергеніне.

9163 Түсірме, дұспан болса, мені торға,
Мініңдер тақымыңа жүйрік жорға.
Бәрің де таласпаңдар, татулықпен
Дәулеттің қызығын көр, бердім қолға.

Болмасын бірінде биік, бірінде аласалық,
Туғандай бір кісіден жарасалық.
Жорғаны сүрістірсең ерік өзінде,
Қосыңдар, жүйрік болса, алып барып,
Ал енді қасиетпен күттім анық.

Өсиетші Насыр:

—Татулыққа ел тұрмас,
Ерленіп жатса, ел тұрмас.
Ерлерменен ер тыңдас,
Ер сырын шешпей ел тұрмас.
Есіткесін айтайын, хабарлы сырды тоқталмай,
Осыған құлақ асыңыз, халық егесі Тоқтарбай.

Сайын деген бір ер бар,
Қойнында үш сұлу жар.
Бармағында балы бар,
Басының үлкен бағы бар.

Ұобыландыбатыртуралы

(Е. Ешімов нұсқасы)

Бауырлары тағы бар,

Төрт түліктен малы бар.

Қап тауындай жүрек бар,

Сом болаттай білек бар.

Отыз үш санды ауыл бар,

Бір жерден шыққан ауыз бар,

Шаң тимеген дәуір бар.

Көне қойсаң шырыш тұр,

Ашуланса, дыбыс тұр.

Өздері тентек жауынгер,

Мінезі қисық қан құмар.

Насыр осыны айтып болды. Тоқтарбайдың тумаса да туғандай сенімді Көбентайдың әңгімесі

—Токта, тоқта қой, Насыр,

Тоқтарбайда кіл асыл.

Бәрі бізде дайын тұр,

Тіл алсаң жерден аулақ тұр,

Осы айтылған анық сыр.

Бізде де жүйрік жорға бар,

10 Қару-жарақ қолда бар.

Қайсарысса хан деген,

Адамды тартат ұят пен ар.

Бар, Сайынға хабар сал:

Таласпасын қонысқа,

Әркімде де жол қысқа.
 Мені өйтіп қорқытса,
 Басым дайын соғысқа.
 Мені күткен—Тоқтарбай,
 Өзімнің атым—Көбентай.
 Тіл алмаса Ер Сайын,
 Не қылса да мен де сай.

Насыр кетед, кеңес өздеріне жетед. Сайын бұл хабарды есітіп,
 Тоқтарбайға хат жазады. Хат ішіндегі сөздер мынау:

«Ашуланба, ер Тоқтар,
 Хат арқылы көзіңді сал,
 Түкірігім шіріш, лебім бал.
 Сүйіспеншілік ниетім бар,
 Қойнымда үш сұлу жар.

Қалжыңменен лебіңді ал,
 Өзіме жетер дәулет бар,
 Бірге он бір тумам бар.
 30 Тіл алсаң, қонсы қонайық,
 Екеуміз көрші болайық.
 Шеттен келген жау болса,
 Тұтынған жерді сақтайық.
 Қонақ-мейман кездесе,
 Атаның тұзын ақтайық.
 Ата тойса, безбейтін,
 Адам өлсе, сезбейтін.
 Бірімізден біріміз
 Бір дәмді артық татпайық.
 Келіссеңіз, жауап бер,
 Шынымен туған Тоқтар ер!»

Бұның да әңгімесі аяқталды, хатқа Көбентайдан жауап:

40

«Ал, Сайын, көңіл толар келді хатың,
 Үлгірсең жарастықтың махаббатын.
 Қайдағы ақырлардың төктің бәрін,

Ісім жоқ тіпті саған жалынатын.

Қалыңның қасқырымын қайратым мол,
Адамға туым біреу риза бол,
Шайқассаң күшім де сай, ісім де сай,
Өзің біл, мен жауапшы—ер Токтарбай».

50

Хаттың жауабы аяқталды, Токтарбайдың отыз бес жасындағы басталу тарихының нұсқасы

Сол кезде Токтарбайда қайғы бір-ақ,
Таба алмай көңіл шіркін жүрді тұрақ.
Жасы жас болғанменен таңсық болып,
Жүреді талабынан перзент сұрап.
Өзінің қатарларын көргенінде,
Көзінен жас алатын тынып жылап.

Айтпайды әйеліне ашып сырын,
Кім білсін не ойлап жүрген ойын мұның.
Искеп, бала көрсе, маңдайынан,
Лүпілдеп соққан жүрек бермей тыным.

60

Мезгілсіз асыққанмен айла таппай,
Көңілдің құр уайым шамын жақпай.

Қартайып, ескі бет боп еті қашып,
Жүреді алтын жүрек удай ашып.
Елестеп ен дәулетке қарамай-ақ,
Мініпті еңсеге елу екі кәсіп.

70

Сол кезде бір уақиға жаны көрді,
Қаламқас, жасын түсіп, жары да өлді.
Жүргенде құлын сұрап, арыс кетіп,
Қайғыға Токтарбайдың кеулі жетік.
Қапырық қалың жапқан көрпедей-ақ,
Алыпты уайымды өркендетіп.

Ел болып көркейтуді мақұл көріп,
Қолқалап ел екі жерден екі қыз берді.

Елбеңдеп ел ағасы есік ашып,
 Жүргенде елу жасты кесе басып,
 Абырой—айнымайтын адал жары
 Шықты да бір түйнеме оң жақта өлді.
 «Қорыққан қолбаң келет» деген мақал,
 Қолданып қабыл-ғұбыл қолына алып,
 80 Жұмылып бата қылып барлық халық,
 Тоқтарбай елу бесте қайта үйленді.

Есітіп бұл хабарды, елдің жайын,
 Қуанды қатар-құрбы, енді Сайын:
 —Не жетпей өз басыма жатыр менің,
 Қыпшақтың шақырайын Тоқтарбайын.
 Жас иіс кемпірімнен қандай екен,
 Көз көріп беташарын мен байқайын.
 Шығындар қайымдалып қалай құйрық,
 Бұл тойға жаратындар елу жүйрік.
 Адамға сыр бермейтін жайың болсын,
 Бір соққа бір-бір дойыр дайын болсын.
 Өзімнен ым қаққанда бірің қалма,
 Ертерек осы бастан түгел қамда.
 90 Ішінде Көбентайдай бір құлы бар,
 Осыны бір былғандар қызыл қанға.

Тоқтарбайды шақыруға жіберген Қасымның хабары:

—Ассалаумағалайкүм, ел ағасы, қолды бер,
 Игілі болсын, құтты болсын құсыңыз.
 Еміреніп сүйіп ер перзент,
 Орындалсын күшіңіз.
 Мені сізге жіберген,
 Ер Сайын деген кісіңіз.
 Сүйеді екен татуды,
 Замандас екен ақылды.
 100 Сіз қуансаң, қуанып,
 Сізді тойға шақырды.
 Елу жүйрік таратып,
 Елу жігіт қалатып,

- Жарыңызды ала барыңыз.
Аунасаң жетер орда бар,
Он сегіз баққан жорға бар.
Білекті палуан онда бар,
Ат мүшесі қолда бар.
Сынақты мерген ататын
Алтын қабақ сын да бар.
110 Аударыспақ, көкбөрі—
Айтуында бұл да бар.

Тоқтарбай нарядтарын жинап алып айтқан әңгімесі:

- Жігіттер, жеке тудым асыл тектен,
Жалғыздық, қайғы кетпейт көкіректен.
Туғандай бір кісіден дәурен сүріп,
Ағаңмын ортаңдағы еркелеткен.
- Жаратып, жақсы бапта аттарыңды,
120 Білмеймін не керек боп жатқанымды.
Менімен жиырма жастан қарсы еді,
Сүймейтін Сайын менің мақтанымды.
Тез жетер жеңіл қару бойда болсын,
Болыңдар, туысқандар, сақтанулы.
Жорғадан шабдар шығар айдан анық,
Сокпаса бауырынан жалғыз қазық.

- Жүйріктің уайым жоқ сапарынан,
Бұйырса, төрт көк шығар қатарынан.
Шабдарды Көбентайдың өзі мінсін,
Көрікті үлкен көкті қарына ілсін.
Бәрің де екі-екі аттан меншіктеп ал,
130 Мен—қарақшы, көпшілік, сенікі мал.

Тәуекел, қорыққанмен енді қайда,
Пайда жоқ уайымнан белді байла.
Шомылып шыға алмаймын терең ойдан,
Сенімсіз, қаупім мықты осы тойдан.

Құралды сайман, сабалы нарларменен алпыс жігіт Сайынның

шығарған отрядтарымен қабақта Тоқтарбайды қарсы алды. Түлкідей түлеген Тоқтарбай бәрімен қол алысты. Жыртыңдап келген Сайын Тоқтарбайдан тым сұраса түсті. Тобықтай толық, түймедей құрдас бола қойды. Он кісіден бір үй берілді. Орналасқан адамдар түсе қалды. Кең иықты, келбетті, қара торы әйел қыр мұрынды, бидай өнді келіншектің шелегін алды. Келіншекке қарап, әйелдің айтқан сөзі: «Уай, шіркін-ай, бала тапқыш, нан тапқыш болсаң болар еді. Ширатылмаған шүйкелер көп-ау. Құтты моряк бол»,—деді (Осымен ұсақ әңгімелер аяқталды). Шақырылған кісілерге сыйтабақ таратылды. Тоқтарбайдың алдына келген бас табақты Сайын қағып алып, оң құлағын өзі асай салып, сол құлағын бір балаға берді.

—Е, Тоқа, бас сыбағаң толық. Құлақ ұстар балаңыздың жоғы да анық шығар,—деді де, табақты тартып жүре берді. Көбентайдың төңкере қараған ала көзі Сайынның өкпесінен өтпегенмен жақындап қалды. «Шыдамды ер жарақатты білдірмейді» деген сияқты, Сайын оны білдірген жоқ.—Ал той басталды. Палуаныңыз шықсын дегендей,—деп көтеріңкі Көбентай,—бол, Қазихан!—деді. «Жарайды»,—деп Қазихан да шешіне берді. Омыртбауы есіктей, балтыры бесіктей, басы жалпақ, шекесі жалпақ сары жігіт жалақтап ортаға түсті. Шынашақтай жіп-жіңішке Қазтай да алдына бара қойды. Шаппа ұстасты. Қазтай сары жігіттің емшектігіне басы жетер-жетпестей болды. Үйіріп екі-үш толғап, торсықтай сары жігітті салып-ақ жіберді. Торс-торс томпылдаған келдек бытыр-бытыр қуырған бидайдай қамшы осы жерде болып қалды. Күндей күркіреген даусыменен шабдар жорға мінген Көбентайдың көрінген әңгімесі:—Жалғызға Құдай жақ, жарайсың, Сайын, жібер. Бала бермеген Құдайға кінә қылуға болмайды, ендігі әңгіме сілтелген оңды-солды білекте болсын,—деді. Ақсұңқар құстай шүйліккен Көбентайдың екі беті оңды-солды көрінеді. Шаң тимей жүрген Сайын қияттың он жігіті табанда қаза тапты, отыз жігіті жаралы болды. Ойнап шыға келген Көбентайға Тоқтар: «Жарайсың, Көбентай, ~~тоқ~~мнен туғанда да осындай-ақ болуы керек. Өлісін құнға, тірісін айыпқа менің малым жетеді. Терең жерде қымбат ерден қойнынды қоштандырармын, бала. Енді өзіңнің бастарын қанатқан, еттерін жаралаған жолдастарыңды жөнде»,—деді де, қамшыны үйіріп Тоқтар шеткері шыға бастады. Тоқтардың соңына елден келген елу жігіттен даңғыз шыққан сұлпын көріп, қияттардың көңілі пәс болды. «Қараспанның тауы иә сенікі, иә менікі, көрермін, кубас»,—деді Сайын. Сыпырылып, жылжыған күймедегі сәулетті келіншек сәнді көшпен ығыса берді. Сайын өліктерді қоюға, жарақаттарды күтуге тәртіп берді. Тоқтарбайдың тойдан қайтқаны осымен аяқтала берсін. Апырмай, осы кубасты қайтара алмай өтеміз

бе? Осыған бір тіршілік жасайық. Қыпшақтардың ішінде осындай дәуір қаншығы жоқ па? Қадірімбет дегеннің Қаншатай деген қызы бар, дәл он бесте. Соны алуға қандай жігіттердің жүрегі жарайды?—деді Сайын.— Ат, қару, азық қамтемесіз. Жарамды он жігіт қасыма ерсе, Үмбетиярды жіберсем деймін, дегенде,—Болат бүгін Мадиярды тауып алып, Қазанбай көкті, ақ табан керді, Ерман сұрды жүген ұстатыңыздар. Он кісінің қанына Көбентайдың қаны тұратын болсын. Жарайды, соған бата қылыңыз,—деді Насыр.—Ұрлықтан жиған малдарым жоқ еді. Жолдарың болсын, аулақ бар,—дейді Сайын. Сонымен жылқышы жылқыны іздеп кетті. Сайынның ортаншы баласы Ілиястың әйелі Қазия қыпшақтың қызы еді. Тез баланы шақырып алып: шапан тігіп қоямын, барып тез хабар етіңіз. Бала немен барамын. Тоқымды дайындап тұр да, ақ байталды мін де, жүре бер,—деді. Елдің алды ұйқыға, арты ұйқыға бет алғанда ақ байталмен хабар келді. Берімбет деген түске дейін 30 қамшыны дайындап берді. Ол күні жер еткен жігіттердің басы құралмады. Келесі күнге 15 жігітпен Үмбетияр құралды. Бұлардың ойлары—келісімінсіз қызды басып алмақшы. Ауыл торуылы Көбентай, Көбес ағайынды екеуі, Ақберді, Асқар ағайынды төртеуі. Түн қоңыр тартып, жарыға келді-ау деген мезгілде, Қазанбай Көкпенен ауылды көлденеңдеп жүрген жеке Үмбетияр көзге ілінді. Біз бір алыстан келе жатқан жолаушымыз. Қадірімбет деген кісінің үйін білетініңіз бар ма деді шеткі үйге келіп, оң жағындағы жете желіге таяу үй болу керек деді Ақберді жиырма төрт жасында. «Ақырын сөйле, аттарыңның тартпалары берік болсын, жасықтықтан сақ болыңыз»,—деді Көбентай. «Кімдер барсыздар, сусындағалы келдік»,—деді Үмбетияр. «Түсе қалыңыз»,—деді қалтыраған дауыспен Қаншатайдың шешесі. «Мама, асығыссың-ау»,—деді Қаншатай. Бөкендей Үмбетиярдың қолы қызға сарт ете қалды. «Ау, жігітім, мұныңызға жол болсын,—деді Көбентай,—Құс нашары—күйкентай, ел ұсағы—қият. Бұныңыз болмайтын шығар»,—деді. «Болмай қайда бармақшы»,—деді де қызды екінші қармағанда алдына алды Үмбетияр. Ақберді қамшыны ыңғайлай бергенде: «Екі қабат әйелдер бар, бұзасың»,—деді Көбентай. Ақтайдың татырашын бетке ала Қазанбай көкпенен жорта берді Үмбетияр. Көбентай: «Ал, Ақберді, тым жастаусың-ау. Арғынмен басып қалса, тынысың тарылып қалар мекен?»—деді. «Жас болып мен қайтадан туар дейсің бе, көке, көп жолдан ұстамасаң қалып еді». Сол кезде қыздың ойбайлаған даусы ұзады. «Ал талабыңа нұр жаусын! Олай болса сен де жедел бар,—деді Көбентай,—Асқар көке, сіз де барыңыз, шабақтарды маған қалдырыңыз»,—деді Көбентай,—Ойбайлап, айқайлап елдің тынышын алмаңыздар, өлсендер үндемей өліңіздер. Ал, жарайды!»,—деді де Көбентай Ардагерді ағызып тарта берді. Бара жел-

кеден шеңгелді салып: «Балаға атты босатып беріңіз»,—деді Көбентай. «Неге?»—деді Үмбетияр. «Негесін не қыласың, күшің жетпесе, көретін күнің осы»,—деп алдына алып жөнелді. «Желкеннен жіпті кесуге риза боларсыз ба?»—деді. «Даугер кім болса, жанға сауға дейміз»,—деді Үмбетияр. «Әкең Насырдың алты жыл қойын баққан жетім екенімді білесің бе?»—деді Көбентай,—бір күн тұз-дәмдеске қырық күн сәлем деген еді. Қаныңа қапыл қан жеген төбеттей обалына қалып нетейін»,—деді. «Маған Сайынның өз шаңырағын тура сілтейтін бол. Сілтейін-сілтейін әркімнің жаны өзіне»,—деді Үмбетияр. «Шу» деп Көбентай Ардагерді ағыза жүре берді. Отырған, жатқан, ойбайлаған қалың топтың ортасынан өтті. «Асқар»,—деді Көбентай. «Көке, йә»,—деді. «Қандайсың?»—деді. «Бір қамшы етіме тисе бұйырмасын»,—деді Асқар,—Қарынан қағып, тобығынан тойтарып болдым»,—деді. «Жүр!»—деді Көбентай. «Төбелес деген де адамға қызық екен»,—деп Ақберді де келіп қалған екен. «Мынаны босатып қоя береміз, кеше ойынымыздың шала қалғандарын қайтадан бастаймыз»,—деді. «Қаршығаның қаққан қанатындай жұмсауын тапса, қамшы деген адамның қажетті нәрсесі ғой»,—деді Асқар. «Біз де еркек бала боп аталамыз ғой»,—деді Ақберді. «Сайынның қызы бар деген құлағыңызда бар ма?»—деді Көбентайға. Сол кезде ауылға да келіп жеткен екен. «Келіншек келді, шығыңыздар!»—деп атой берді. «Апырай, өзі ме?»—деп көлбеңдеп Сайын шыға келді. «Дәл тойға сізді шақырып жатыр»,—деген Көбентайдың даусы сарт ете қалды. «Аттан, бауырым, тез!» деген дыбыстар шыға бастады. Ырсылдатып қанша мал жинаған семіз байды шыжыған сәскеде Тоқтарбайға тартуға Көбентай байды әкеп берді. Бар малды да, дүние мүлікті де, шыбын жанды да ортаға сала береді. Сайынды іздеуші қияттардан хабар болмады. Ант, иман, ақылының бәрін сатып, Тоқтарбай мен Сайын дос болды. Сол кезде Сайын да, Тоқтарбай да алпыс жеті жасында екен. Достықтың қабыл болуына Биекеш деген Сайынның үлкен баласының қызы Ақбибі дейгінді алып, Ақберді мен Асқар да жетті. Қызды «қайт» деуге әлі келмеген Сайын мұртынан күлді де, отыра берді. Көбентайдың көріне кекесін өлеңі:

—Көптен қалған мен өзім Көбентаймын,
Жетімдіктің жасымнан себін жайдым.
Ақмай беріп, салдырған мамық төсек,
Міне, бүгін ұлымын Тоқтарбайдың.

Он төрт жаста малшыға шабақтаттың,
Алты жылдай Насырдың қойын бақтым.

Осы қойшы ұқпайтын ақымақ деп,
Қорасынан Насырдың аластаттың.
Оңғаным ба, Сайын-ау, оңбадым ба,
Басып алып тоқымға салақтаттым.

Онды жерге оңалтып енді шығам,
Қит еткенде қиятты қырып тұрам.
Немереңнің некесін өзіңіз қи,
Ақбибіні, бұйырса, қатын қылам.

Осымен осы аяқталады. Енді Тоқтарбайдың перзент туралы толғауы:

Тоқтарбай сәрсенбі күн түс көріпті,
Түсінде абзал тоты құс көріпті.
Қоныпты бір тоты құс маржан таққан,
.....
Көз қанбас маржанында құмары бар,
Тоқтарбай құсқа емес перзентке зар.
Ер сүйгіш, елді жиғыш, өзі мырза,
Тұмарда көзі түсті тұрған нұрға.
Айтыпты осы нұрда бағасы көп:
«Аянба алыс жолға барасың,—деп.
Өзіңіз өз жылқыңды үш айналып өт,
Талапты бір тұлпарды табасың,—деп.
Мекені алты теңіз арасында,
Шәһері ымадаттың қаласында.
Жаумітте түрікменнің тұтқан қаны,
Жансұлтан жасы елудің шамасында.
Қызы бар ата-ананың он төрт жаста,
Соны сен бұйрық болса аласың,—деп.
Көресің бір ұл, бір қыз одан перзент,
Көңліңнің сол бітіред жарасын»,—деп.

Қуанып Тоқтар кеуілін тойғызыпты,
Халқына тұра сала той қылыпты.
«Ханымды өзімізге қайтып бер» деп,
Қияттан Үбжар деген палуан шықты.

Денені Құдай берген аямай-ақ,

Көбентай жігіт еді қалың қабақ:
—Уа, Тоқа, кешегі күн қайта туды,—
Деді де, шешінді де белін буды.
Бурадай бір-біріне қабағы мас,
Шешінді екеуі де тыр жалаңаш.
Шарт та шұрт шартылдатып салды қолды,
Аса алмай бір-бірінен қинап жанды.
Бүркіттей қызыл топшы қиғаштанған,
Төгілді мұрынынан дірдектеп қан.

Айқайлап ақырғанда тісті қайрап,
Қызарды Көбентайдың көзі жайнап.
170 Ақ пейіл, ықыласың, адал көңілің,
Шапақат етер ме екен «Тоқтарбайлап».
Еш дауа болмайды екен қайратты ерге,
Көтеріп Үбжарды алып ұрды жерге.
Сол жерде ұрды кетті, жан да кетті,
Орнады ауыр қайғы Сайын ерге.

Бұл өлең осымен аяқтала тұрсын, енді жолаушыларға ораламыз.
Тоқтарбайдың әңгімесі:

—Құлақ сал, көрік егесі Көбентайым,
Көп шектім жалғыздықтың зәбір жайын.
180 Өзіңе мал да аманат, жан да аманат,
Көргенше тұрса жаның сау-саламат.
Өзіме тәжірибе боп көрген түсім,
Мен безем мал мен жаннан перзент үшін.

Сол жерде жазым болып кетсе жаным,
Тапсырдым аманатқа түгел бәрін.
Көріп тұр көз жеткенше кәзір мені,
Орныма еге қылдым, Көбен, сені.
Мен сені есер, ерке етіп едім,
Кездескен сен ғайыптан жетім едің.
Кез болып өлер таяқ қамаған жау,
Басыма айналғанда бітпейтін дау.
Сен маған тумам ісін етіп едің,

Есіңе сақтап едің ар мен ұят,
190 Көріне менің жауым қалың қият.

Сайынға өз көзімше азаттық бер,
Жолыма кесел болар тұтқындағы ер.
Тағы да иттік қылып кесе тұрса,
Тәуекел, не де болса көзіңмен көр.
Кәзіргі ағам да сен, інім де сен,
Қош, Көбен, өз қолыңнан ұлықсат бер.

Жал құйрығын шарт түйіп,
200 Торы атқа Тоқтар ер мініп.
Қара қыпшақ жайлаған,
Қараспанды көз қиып.
Қару-жарақ қолында,
Қарасы жоқ соңында,
Бір сілтеп қолды жол шекті.
Жан ашыр жоқ қасында,
Алпыс сегіз жасында.
Қабыртқасы қамбардай,
Құйрықтары қанжандай.
Толқығанда ашылды
Қой мойынды қоян жақ,
210 Бөкен қабақ, ақ сағақ.
Ойынды еті бұлтылдап,
Шақпақтай оты жылтылдап,
Қызған сайын толықсып,
Тау құсындай сыңқылдап,
Омырау тері төгіліп,
Жалмауыздай емініп,
Сансыз-сансыз жер алды.
Екі иіннен солықтап,
Таңлақ тастан толықтап,
Күн мен түнді тең алды.
220 Аузын ашып есінеп,
Қос танаудан дем алды.
Сол мезгілде он мезгіл,
Бір бұлақтан суарды.
Баста көңлі толмаған,

- Токтар да атқа қуанды.
Су ішіп өкім жабысты,
Бермеді тұлпар намысты.
Қарыштады жарысты,
Ауыздықпен алысты.
Сары дала сала айдан,
Қу құла дүз маңайдан.
Бетегелі боздардан,
Шұбарлы жатқан борлардан,
Мал жейтұғын шөбі жоқ,
Адам жұтар суы жоқ.
- 230 Ит жортпаған тастардан,
Үстінде шоқтар басқарған.
Кесе тартқан келеңнен,
Бұлдыр тартқан белеңнен.
- Қарағай, қайың, қызыл тал,
Түнерген құз, терең жар.
Шырша сынар емен бар,
Бұрқылдаған борбастан,
Табанында қалғандай,
- 240 Акбөкен менен марал аң.
Түнерген түсті түнекті,
Көп тілейден шын өтті.
Бөкейге қоныс—Бөрлі тау,
Тұс қыза мұнан тағы өтті.
Болмайтын топтар басталған,
Бір кезде қиқу шаң салған.
Алты мың елдің орыны—
Жармантай салған кең жайылым,
Күн бата мұнан тағы өтті.
- Буалдыр көрінеді көзге сағым,
250 Білмейді бұл сағымда ненің барын.
Сол кезде жалғыздығы еске түсіп,
Азғантай сөз бастайды Токтар нарын:
- О, дариға, түрді жараттың,
Қыдырдан қилы пендені.

- Қасіретінді өзің аш,
Жабырқаған мен бегі.
Қатын-бала, қалың ел,
Қара қыпшақ елдері.
- 260 Көрінбейсің көзіме
Қараспанның белдері.
Алдымдағы не сағым,
Көтеріле көр, кел, бағым.
Осынша мені сандалтқан,
Кемістігі ғой миуаның.
- Бір перзент үшін қылдым зар,
Ұшан теңіз ойда бар.
Жазым болсам далада,
- 270 Ақсүйекті кім алар?
Жалғыздықтан мінім жоқ,
Туысқан аға, інім жоқ.
Кетемін бе көз ашық,
Артымда қалар құлын жоқ.
Айт, жануар, торыма,
Сансыз малдан бұйырған
Сенен басқа дымым жоқ.
Гу-гу етіп гүл бітті,
Торша атқа тіл бітті.
- 280 Сонда торы ат сөйлейді,
Солқылдап тұлпар еңіреді:
—Мынау жатқан алдыңда,
Бинаиз теңіз кең,—дейді.
Сол теңізге барғасын,
Айрыласың сен,—дейді.
Жарамаймын серікке,
Су ішінде мен,—дейді.
Суға шамам келмейді,
Үйірімнен айырдың,
- 290 Малда сорлы мен,—дейді.
Туған жерден айырдың,
Адамда сорлы сен,—дейді.
Алтын жарға қауышып,
Қайырсаң елге ер,—дейді.

Көбентайға қауышсаң,
Тойдың басы мен,—дейді.
Енді айтар сөзім жоқ,
Өзіңе ие бол,—дейді.

Толық дәлел Тоқтардан басталады,
300 Теңізді көріп қысылды,
Аққа мойын ұсынды.
Қағып-қағып қапталға,
Торы аттың ерін сыпырды.
Жылқышы Қамбар піріне,
Тапсырып жатқан сықылды:

—Жылқышы Қамбар піріміз,
Торы атым сізге аманат.
Рухы жетсе өмірдің,
Қосылармыз саламат.
Қылат түсті бөріден,
310 Жолбарыс аңның ерінен.
Жылқыға жайыз кездескен,
Жамалдатудың кенінен,
Құрышты күннің көзінен,
Әр суықтың кезінен.
Сақтарсың өзің, жамағат,
Жазым болып жауға өлсем,
Өзі өлгенше аманат.
Тоқтарбай осыны айтып түсті суға,
Теңізде әрбір толқын—есер бура.
320 Бойлады біраз жерге бойы лайық,
Келе жатыр қорқынышпен күйі тайып.
Бір кезде бойламайтын халге ұшырап,
«Құдайға тәуекел!» деп қанат жайып.

Алдынан кез болып қалды бір миясар,
Көлденең түсі суық кара шұбар.
Осыған қарманған ер қолын салды,
Бетімен дуылдаған бұл жоғалды.

Арада үш күн, үш түн түгел өтті,

- 330 Көк көбік, неше толқын әсер етті.
Бір кезде табаны кеп жерге тиіп,
Тоқтарбай:—Шүкір Аққа, тәубе!—депті.

Қарады өз ойынша көзін салып,
Манағы қара шұбар тұрды барып.
Соншама құшақтаған құйрық екен,
Кит деген нәһан екен осы балық.

- 340 Қолына ақ сүңгіні таяқ қылып,
Судан да кетті Тоқтар аман шығып.
Осымен осы бір жер тұра тұрсын,
Бастайық ибадаттан бір сөз қылып.

Шәріде түс көреді ханның қызы,
Бетіне шаң тимеген жалғыз қызы.
Қыздардың жауы дағы, дұшпаны да,
Жеңгесі сезсе керек барлық мұны.

- Ау, жеңеше, көрдім түс,
350 Өзіме жеңіл, жұртқа ауыр.
Бүгін таңның алдында,
Орнаған екен бір дәуір.
Тау домалап, су көшіп,
Сокқан екен бір дауыл.
Өте қатты қаһары,
Бір бұлттың жаман заһары.
Қанаты жауып шаһарды,
Бұлт айналды қаһарлы.
Тыңдамай тасты, тауды да,
Борады да жауды да,
360 Кіргізді-ау деймін әкемді
Көп кешікпей қауымына.
Тас төбемнен ілді де,
Мені де тартты бауырына.
Дәл бабамның қатары,
Ала бурыл сақалы.
Қобаған мұрын, қой көзді,
Ауыр лебіз, шын сөзді,

- Түсі суық кісі екен.
Болат тұмсық, мұз қанат,
Ақ төсті қыран құс екен.
370 Осыны көрген мезгілім,
Таң атқан мезгіл тұсы екен.

Бикештің түсін жеңгесінің жоруы:

- Ойпырмай, ойда жоқ жау келер деймін,
Жауындай елдің терін төгер деймін.
Тау бөктеріп, су кешкен секілденіп,
Ерлерім көп миқанат көрер деймін.
380 Бүркіттей бөрілерді желкелейтін,
Бір дұшпан келе ме елге еркелейтін.
Аяғы ақырында саған тиіп,
Сен дағы қуанасың-ау бір бай сүйіп.
Түсінді біздің жору осылайша,
Білмеймін артық-кемін әлдеқанша,
—деп түсті жору аяқталады.
Қысада қиюы бар түрлі кектің,
Бұл өзі ертек сөзі ертеректің.
Сәрсенбі сәтті күнгі мархабаттай,
Шәріде тойлары бар Мүсірептің.
- Арнаулы ат бәйгісі жұрт сүйетін,
390 Атылған алтын қабак көп құрметін.
Мақтаулы палуандар бар күресетін,
Тағы да сәнді бәйгі, сыйлы табақ,
Қалдырмай той мүшелі түрлі шетін.
Құрметке ханды әкеліп, хан шақырып,
Жиналған жұмыла халық сан сапырып.
- Бағылған алуан-алуан бағландар бар,
Сыйлыққа бағып жатқан палуандар бар.
Әр жұрттан, әрбір елден келгендер бар,
Сайланып оққа тұрған мергендер бар.
Осындай той құралы тойланғанда,
400 Жетіпті есін жиып Тоқтарбай шал.
Бұған төрге шық дейтін көзі түсер кісі жоқ,

Тойдан табақ беретін ешкімнің де ісі жоқ.

Жағалап келіп сусындап,
Түсі суық, бөп-бөлек,
Таңырқайды көрген көп.
«Қайдан жүрсің?» дейтұғын,
Кездеспей тұр халқынан.
Түнекті шаһар таңырқап,
Кеуілі түрлі талпынған.

410

Келіп қалды тойбастар,
Көре салып Тоқтарды,
Айқайлайды бір кәрі шал:
—Әй, жамағат, жамағат,
Той қазына, көңіл шат.
Түсі бөлек, түрі өзге,
Кез болды мынау азамат.
Тойды осыған бастатып,
Тыңдаңыздар сияпат.

420 «Бастасын, бастасын»,—деді ғой Мүсіреп хан.

—Хан тойына келдім сал,
Жегенім жоқ сыбаға.
Тәкаппар иттің заһары
Кездесті ме екен, сірә да,
Той бастаймын, жар-жар.
Бір перзенттің зарпынан,
Қаңғып жүрген мен бір шал.
Құтты болсын той, ау, жар-жар.
Сәрсенбі сәттің күні екен,
Бұл туған кімнің қызы екен.
Шешесі қандай нұр екен,
Халқы қандай гүл екен.

430 Сөзінен кәрі шалдың қате табар,
Сый шарты—қыз анасы шапан жабар.

Қоштыққа ел қуанар,
Анасына белгілі
Қалы кілем, құба нар, ау, жар-жар.
Жүргенімде баяулап,
Ел қыдырып жаяулап.

Орындалып қалса сый,
Әкесіне белгілі
Қару-жарақ ат пен сый.
Қандай дәуір тап болар,
Кімге қалай бақ қонар, жар-жар.

440

Сөз құлағына ұнағандай:—Айтсаңыздаршы той салтанатын,—деді. Қолтығынан сазды қолына алған Рахымбай:

—Жарайды, қарияның бастау тойы,
Әр түрлі сөз тапқандай жетет ойы.
Кәделі, қызғылықты, осал емес,
Осы той қара да емес, ханның тойы.

Бұл тойда алқалаған бағлан да бар,
Жаралған сансыз тұлпар тарлан да бар.
Ақ балтыр, қасқыр қабақ,
450 болат білек палуан да бар,
Қиядан көз тартатын қыран да бар.
Ататын алтын қабақ ұран да бар,
Көкбөрі дүһілдетіп күш сынасар бұлар да бар.
Көлбендеп қалы кілем, нарды жайлап,
Ортаға қыз анасы келді жайнап:
—Мінекей, ана сыйлық, ақсақал,—деп,
Кейінге шығып кетті қойып байлап.

Бес қару сайма-сай боп жалтылдаған,
Құбагер ат жетектеп келді Маман:
460 —Мінеки, қыз атасы—біздің сый,—деп,
Көрсетті ер-тұрманын абзалдаған.

Ал енді толы тойға халық шықты,
Шақырды палуандарды мықты-мықты.
Ішінен айрықша боп нар түйедей,
Бір палуан айрықша отыр қызғылықты.

Бұл палуанның енді айтайық сыр-сипатын,
Қалыңсыз күшпен алған алты қатын.
Баласы Берімбеттің жеке туған,

Бекен деп атайтұғын мұның атын.

470

Жансұлтан осы палуанды алып келген,
Бекеннен тітірейді халық көрген.
Айқайлап алқа салды шықты бәрі,
Түп-түгел көзін салған жас пен кәрі.
—Мүсіреп, бәйгіңізді нұсқа,—деді,
Бәйгіңіз алтын ба, не мыс па?—деді.

—Мыс та емес, алтын да емес, бәйгім—адам,
Қараңдар көзің салып болмай алаң.

480

Аяйтын өкпемдегі текке жан тұр,
Үйленген осы тойда жалғыз балам.
Мысың да, алтының да бәрі—тасың,
Пұл үшін қиналмайды халық басың.
Толғаулы тойға шыққан біздің бәйгі—
Өзіммен бірге туған қарындасым.
Бұл дәуір енді маған бар ма, жоқ па,
Кәзірде қырық үште тұр менің жасым.
Қайырын құдай берсін қонған бақтың,
Өзіңнен кем адамды қайдан таптың.

490

Қолымда барым да сол, балым да сол,
Жалғызым Аналықты мен де тіктім.
Қалшылдап заһар шашып қалың қабақ,
Төңкеріп жан-жағына көзін қадап:
—Ау, енді тұрамыз ба, болсаңдар!—деп,
Дауыстап талпынады етіп талап.

—Білмейміз елдің сырын келгеніміз,
Жас басқан, көңілі ұласқан пендеміз біз.
Біріне-бірі беріп, бірі ала ма,
Болмаса шыққандарға ере ме қыз.

Жауап беруші Жансұлтан:

—Таланты кімнің жеңсе, сол алады,
500 Кім жықса, қызға сол ие бола алады.
Сыбанып ақ балтырды аямай-ақ,
Түріпті ақ білекті жалаң аяқ.

«Кәне, кім, кімдер барсың?»—деген кезде,
Қыз десе қызыққандар ұмтылыпты.
Қолына ілінгеннің бәрін жықты.
Жығылып жиырма жігіт табан жерде,
Пант болып қалды тұрған дүйім елге.
Сол кезде бір ызалы суық түс,
Пайда болып қалған екен Токтар ерге.

—Күресте көп болушы еді менің басым,
510 Алпыстың сегізінде менің жасым.
Болаттан шеңберлеген болмас ұста,
Осы ердің қиратамын қабырғасын.
Әуелі ескертуге міндеттімін,
Қу жаяу жалғыз өзім, жалғыз басым.
«Екілік ханда болмайды» деген сөз бар,
Сол сөздің аялдаймын ағласын.

Қорықпаңыз деді ханның екеуі де:
Сауытты шешіп тастап ала байрақ,
Ортаға Токтарбай да түсті жайнап.
Қабағын қалың түйіп, көз қызарып,
Бүлкілдеп Бекен шықты тісін қайрап.

520 Сүбеге қолды салысты,
Қос жолбарыс алысты.
Көрген жандар самсозбай,
Судай тынып қалысты.
Көтеріп алып Бекенді,
Шал Токтарбай үйірді.
Мына кісі қайтет деп,
Жұрттың бәрі күйінді.
Екі үйіріп, үш толғап,
Палуанды Токтар бір ұрды.

530 Мұрыннан төгілді қан, өкпеден жан,
Үстінде алты сұлу у-шу болған.
Сонымен өлген палуан қала берсін,
Атуға алтын қабақ тураланған.
Бас палуан бәйгі алатын әуелі атсын,

Тоқтарбай шыңыратты қалдырмай дым.
—Ал той құтты болсын, бізге ер!—деп,
Дауысы жерді жарды Жансұлтанның.

- 540 Шомылған қанша халық ақыл-ойға,
Бір түйір ыза бермей қала берді,
Халық сүйген Бекен қалды осы бойда.
Жансұлтан гүрілдетіп кеңес құрды,
Он есе бұдан да артық ойын қылды.

Алпыс күн ардақты ел дабыл қағып,
Жүруге жарамай жүрді есін танып.
Терең ой, кең ақылдың кеңдігінен,
Отауға Тоқтарбайды берді салып.

- Мінетін жетпіс кісі кемеменен,
Теңізге шығарады ер бет алып.
Мүсірептен сыйға алған құбақанды,
550 Кемеге қоя берді міне салып.
Бақыттың ерте-кеші болмайды ерге,
Тоқтарбай қуанышпен бет алды елге.
Ешкімге көз алартпа деп айтты хан,
Ажалдың қозғалындар деді бұған.
Сонымен он сегіз күн түсті суға,
Әр түрлі есер толқын ұлы дуда.
Кәрі көз айнымаған алтын кеуде,
Торы атқа аумай шықты тұлпар тура.
Түп-түгел қош айтысып берісті қол,
Қайтады кеме кейін елге мырза.
560 Ноқылан айқай салып жер жаңғыртқан,
Тоқтардан бесін кезде білінді ұран.
Сатпайды ат егесі шыны туса,
Торы ат та аман екен Қамбар баққан.

Мінгізіп құбақанды Аналыққа,
Торы атқа еге болып Тоқтар тұтқа.
—Бұйырса, таң салқынмен жүрелік,—деп,
Екеуі дем алыпты аз уақытқа.

Тоқтарбайдың бәйбішесінің Көбентайға айтып жатқан түсі:

570

—О, көркім, ұстам Көбентай,
Бір түс көрдім кеулім сай.
Шын орданың егасы,
Кемді ерім Тоқтарбай.
Тасар жарық бұлағым,
Дегеніне жетті ме,
Деп қуанам, шырағым.
Бір панар жағып батысқа,
Бір панар жағып шығыста.
Ортасында жайрақтай,

580

Отырдым өзім алақай.
Көбентай көркім, кәзір сен
Кір тартпадың денеңнен.
Бала көрсем қуанып,
Көкесі бол соның сен.
Ту биелерді ұстатып,
Таң асырып дайында,
Той қыларсың дегенмен.

Өзі көрген шұбардан,
Шығыста құздық шынардан.
Жер таныған топ жарған,
590 Күн қатты да, түн қатты.
Ер жігіт төзе берер берген демге,
Тоқтарбай жиырма үш күнде қауышты елге.
Отыз күн ойын қылып, қырық күн тойын,
Көтеріп Аққа сүйеп алды бойын.

Жүз басты үй тіктіріп жақсы жайға,
Төрт жүз қара енші беріп Көбентайға.
Асылған ықыласпен қор болмайды,
Дегендей мәтел керек осындайға.

600

Көтеру кездесіп тұр жаңа көрік,
Аналық Тоқтарбайға болған серік.
Таңсықтың талабына нұр жауғандай,
Аналық келген бойда болды жерік.

- Жерігі қиын-қиын айуанатта,
Жерік ас қиын екен әйел тапқа.
Мынандай болып арналды
Аналықтың жерігі:
Алғыр қара бүркіттің
Қабағына жеріді,
Жолбарыстай абзалдың
Білегіне жеріді.
- 610 Тауда жүрген таутайлақ
Бауырына жеріді,
Алтын айдар балықтың
Дайрағына жеріді,
Күншіліктен тартатын тоң айдаһар—
Жыланның өтіне жеріді.
Шаң тимейтін құланның
Бүйрегіне жеріді.
- Таяқ өтпес ақ пілдің
Өкпесіне жеріді.
Көп білімді тоқыған,
620 Хан Бапының елінде,
Жеті қат жердің астында,
Он сегіз жылдай оқыған,
Бектеміс шықты жыланға.
Өңшең жүйрік баптаған,
Тұяғын тас қақпаған,
Қосқан аты қалмаған,
Қазтай шықты құланға.
Алты атасы аң алған,
Бүркіт аулап жаң салған,
Игібай шықты бүркітке.
Ұсынғаны кетпеген,
Бұғалықты өтпеген,
- 630 Қара дүрсін шаруадан
Адам орын алмаған,
Көңілі бай ақылға,
Таутайлақты іздеуге
Мырзабек шықты арнаған.
Төрт қап алтын ақша алып,
Сергей шықты балыққа.

Жетпіс бес санап беріп адал малды,
Бір пілді жәрмеңкеден сатып алды.
Ендігі қолға түспей тұрған аңнан,
640 Тоғайда тек жолбарыс қолда қалды.

Жетпістің жетеуіне келген мерген,
Қыздарбек мұны-дағы атып алды.
Соншама сүйтіп алған жолбарысы,
Әйелге түске жеуге келмей қалды.

Ұстаған таутайлақты он күн қуып,
Тартуға Мырзабек те әкеп салды.
Ғылымның өмірге кең пайдасы бар,
Бектеміс те айдаһарды байлап алды.
650 Қазақтың қара жұқпай кеуліне жоқ,
Орыстың өмір амал иласы көп.
Үш жүз сексен аршын естіріп тор,
Салыпты көз бұлақты айласы сол.

Оралып салған торға алтын балық,
Екі жүз шом арқанмен тартып алып.
Арттырып он түйеге әкеп беріп,
Ақшасы анықталды адалды алып.

Алты атасы аң алған,
660 Игібай шықты бүркітке.
Бұрынғы лебіменен,
Байлаған ту қоянды ебіменен.
Әлсіз тал бүркеуімен басып қалды,
Ебімен айла қылған бүркітті алды.

Жиырма күн құла дүзге қаңғып барып,
Су ішер бұлағына дұзақ салып.
Сүйретіп Құбақанмен қосарланып,
Қуанып Қазтай келді құланды алып.
670

Бір айды осыменен аяқтадық,
Жерігі Аналықтың тамамдалып.

Күндіз-түн көкірегі қуанышта,
Алпыстың сегізіне келген қарып.

Той қылып дүрілдетіп тарту тартып,
Берер деп қуанып жүр Құдай жарық.
Сол жерде Еңсеп дейтін ер бар екен,
Көбентай алып келген тартып алып.

680

Көрікті көп ұланның сәулетіне,
Қор болып қол жетпесе әуресіне.
Әркімдер құмарланған дыбысына,
Уатып жібекпенен сүзіп ішіп,
Жерік боп шарайнаның шынысына.

Бұ дағы екіқабат болған еді:
Қабылан, көкжал бөрінің
Бауырына жеріпті.

690

Арыстандай асылдың
Жүрегіне жеріпті.
Алтайы қызыл түлкінің
Қолқасына жеріпті
Сайынның жары Ақсалы.

Басталар болып қалды бір мәжіліс,
Жер жарды дүрсілдеген елші дыбыс.
Бір жылда үшеуі де жүкті болып,
Қуанды кеулі ашылып ерлер толық.

700

Арада күндер өтті, айлар өтті,
Сыпаттау шайырларға бұл деректі.
Қарында қара тұяқ жатпайтұғын,
Бір күні күні толып, мезгіл жетті.

Туыпты екеуі ұл, біреуі қыз,
Бір келді жолдас болып бұйырған тұз.
Үшеуі қатар істеп ұлы тойды,
Тоқтарбай Қобыланды деп атын қойды.
Жүктіде жөргек құда болған екен,

Айнымай екі қатын терең ойлы.

710 Айтулы таң қалғандай тумай жұртқа,
Қойыпты қыздың атын сұлу Құртқа.
Сайын жүр қалай топтан қала алам деп,
Бала озбайды заманы бір баладан деп.
Қарайлас жылы жылдас, жасы құрдас,
Ат қойды баласына Қараман деп.

Балалар бір заманнан болды бөлек,
Қобыландының өзгелерден сорды дерек.
Көрінген желкеде жал, маңдайда қал,
Көркем тұр бұлшық еті бөлек-бөлек.

720 Шыққан жыл осы балалар екі жасқа,
Жетіпті қыз хабары қызылбасқа.
Есітіп бұл хабарды шыдау қиын,
Ар болды Ағанас пен Тоғанасқа.
Өсіріп рахатын көрейік деп,
Меншіктеп қолымыздан берейік деп.
Аттанды төрт жүз қолмен ашуланып,
Шашылған елді жинап келейік деп.

730 Ойда жоқ бейқам жатқан қарақыпшақ,
Қансығы Мансұр ердің кеткен тұтап.
Жұлдызбен жолы сұйық таласқандай,
Қол қойды кең жайылымға Қараспандай.

Тоқтарбай қайратымен қорғады елді,
Көп соққы бұларға да қолдан берді.
Ақырында адаммын деп жалынғансын,
Еңсепті қолға беріп қоя берді.

Барқадар ойлағанға есіңізге ал,
Бағулы бір жолбарыс қолымда бар.
Айттырып соның қойған қалыңдығы,
Ер жетсе өзі іздеп тауып алар.

Құртқаның өзі әдемі, өңі қанық,

- 740 Бояуын көрген пенде естен танып.
Сол кезде қырық жетіге келген кезі,
Қырық құлаш ұзындығы айдан анық.

Осыны бөтен ерге бермеймін деп,
Қойыпты үш жасында қарғы тағып.
Көнбеске Еңсеп ердің лажы жоқ,
Қалғасын ортасына қапыл барып.
Толғасын алты жасқа алпамсадай,
Қобыланға бейне бітті ел қорқарлық.

- 750 Сол кезде шығып еді алты жасқа,
Өзгеден біткен сұлпы сондай басқа.
Балалық ойын деген ойында жоқ,
Ашылмайд ұйқы деген ауыр баста.
Қайтыста одан көрі топтан ірі,
Қараман жігіт болды дәл құрдаста.

Күрессе, Қобыландыны күнде жықты,
Мұнда көп түлкі тәсіл өнер мықты.
Халықтың өтінішімен хал-пәлі жоқ,
Балалардан асық ойнар өнер шықты.

- 760 Бір күні ыңғасы кеп төбелесіп,
Қобылекке жұмсап қолы жұдырықты.
Біреудің еміренген «індәлдәсін»,
Шын болып ойын түбі ұрып жықты.

«Жесірін жауға кеткен неге іздемейді,
Жетпегірі жексұрын»,—деп күңкіл шықты.
«Бұл қалай болған іс?» деп сұрап еді,
Әкесі сыр айтпайтын түйді дықты.
Сол кезде бала кеулін алдайын деп,
Аналық ойлап тапты бір қылықты.

- 770 Төркіндеп барып қайтпақ Жансұлтанға,
Ананың арманы көп, амал бар ма.
Балаға жанға өлшейтін бір ат керек,
Аналық жақсы біледі ханның жайын,

Хандарда жабы тұлпар бәрі дайын.
Арманы Аналықтың Топжарғанда,
Топжарған жеке тұлпар Жансұлтанда.
Дүрегеп су тұлпардай қажыр артық,
Тау тұлпар анасынан туған балқып.

Сол кезде он үш жасқа келген кезі,
Осыны жас балаға мінгізбекке,
Анасы құмар еді сондай тезі.
«Төркіндеп сыбағаға осыны алсам,
780 Қор болмас қайран төлім еді» деді.

Атасы, анасы өзін мақұл көрді,
Арада бес жыл өтіп тартқан белді.
Жасатып он кісілік кеме соғып,
Кеткесін қатын-бала Токтар да ерді.
Баяғы көрген жерді көзден жазбай,
Көреді алпыс күнде түрікпенді.
Саялап нағашысы бұны баулып,
Үш жылға алып қалды Қобыланды ерді.

Алты мың, алты жүз де он төрт ділда,
790 Баяғы Мүсірепке санап берді.
Тұқымы Топжарғанның тобыл торы,
Шыққанда бес жасына алып берді.

Қарғытып қал-палы жоқ тау мен тасқа,
Шаптырып кейде қылыш аудармасқа.
Үш жылдай күн менен түн дамыл көрмей,
Үйретті бар өнерін Қобылан жасқа.

Тигізбей алтын басқа қылыш тартып,
Екеуі бөрік шабысты таңырқатып.
Бөріктің төбесінен сілтегенде,
800 Қозғалмай орнында қалуы шарт.

Арада осыменен үш жыл жетті,
Шығарып кемеменен рұқсат етті.
Қоштасып судан шығып нағашыға,

Сау болсам тұңғыш перзент шығарғанда.
Қауышып дидарласам сізбен депті,
«Қош, қош!» деп осыменен Қобылан бала
Түнерген түлейлі елге сапар шекті.

Тор тұлпар көрсетеді бар зейнетті,
Өнермен бөкен жүріс әсерлетті.
810 Әкесі жиырма үш күн жүріп еді,
Қобылекең бесінде елге сәлемдесті.

Он жаста Қобыланды мен Қараманның ойнар тойы

Қобыланды атқа кетті дегеннен соң,
Қинапты қияттарда әрбір бекті.
Баптапты Қараман да бір қызыл көкті,
Ас пен той аракідік болса елде,
Бәйгіні Қобыланды үшін халық күтті.

Шақырып қанша пенде палуан десе,
820 Қараман мейеннің бәрін жықты.
Қос тарлан қолайлаған қос жолбарыс
Халыққа көрсетті өнер қызғылықты.

Бұл дыбыс алды ерді, жарды жерді,
Сол кезде он екіге батыр келді.
Бір күні ер Қараман аулында еді,
Қоблекең әкесіне етті шерді:

—Ау, әке, ағайыным кім, туысым кім,
Бағдарын байқайсыз ба жұмысымның.
830 Былтырғы болған үйшік төбелесте,
Хабары не себепті сыбысыңның?
Сіз мені тумай жатып неге шаттың,
Бар болса қалыңдығым, қайда саттың?
Қазақтан сыпсыңдаған өсек шықты,
Оны сіз сыбыс бермей қалай жаптың?
Екеуміз оңашада сырласалық,
Білдірші маған соны ақиқат шын.

—Мен айтсам ауыр мұным толық, балам,
Кез болдың алпыс сегіз жаста маған.
Қаңғырып ел мен жерден безіп барып,
840 Кешегі түрікпеннен кездесті анаң.
Сені туып саялаған жарық өмір,
Әр күнгі көз алдымда тұрған маған.
Ой тапқан ойнақшыған албырттық жас,
Сексенге серпіңкіреп кетіп барам.

Елің көп үлгіретін басың болса,
Туысқаның көп қыпшақ асық болса.
Қарасыз болады деп ойламаймын,
Өзімше шаһуатым асыл болса.

Туғаннан Көбентайым артық саған,
850 Басында бір жетім бала еді келген маған.
Сен жоқта осы болды менің балам,
Атасын үйсін дейді ұлы бабаң.
Неше рет сансыз қолмен жау келгенде,
Етіме дақ салған жоқ, нансаң, балам.

Мен дағы батырлық қып көріп едім,
Қырық бесте сапарды шегіп едім.
Елудің екеуіне шыққан жылы,
Соғысып қызыл ермен көріп едім.

Әйелі қарсақ өнді, тұйғын қанды,
860 Біреуді тартуға алып келіп едім.
Ері Еңсеп, Көклан дейтін жары,
Келгесін аспаздықты беріп едім.

Дүнияға сен келген жыл ол да туып,
Өзіне ұқсас бір қыз көріп едім.
Құртсын деп жұрт ынтығын Құртқа қойып,
Мен соны саған қалың беріп едім.

Келгенде екі жасқа ебін тауып,
Алшағыр көп қиятты кетті шауып.
Өтініп бата алмады маған нұрлы,

Қайтар деп сүйегімді өкім қылды.

- 870 Ер болса іздеп өзі табар ау деп,
Сонда әкең сүрегіне шүкір қылды.
Аудармай аузыма алған ақ таубамды,
Қайтарып қайтып бердім осы құлды.

- Мінекей, аяқталды менің сырым,
Өзің біл, Құдай біледі енді, ұлым.
Қияттан қикарсыз сада сақтана көр,
Зәбірім таңдайымда тартқан шырын.
Таласып Қараспанға қапылғанда,
Аңдатты арамдықтың сансыз түрін.
Дегенде қалың қият түршіккен ет,
880 Сүймейді көз алдымда әлі бүгін.

—Қой, әке, ілгергіні айтпа маған,
Сау болсаң ажырыңның бәрін де алам.
Кәзіргі қызылбастың талабын айт,
Іздесем келініңді қайдан табам?

- Жұмысым кәзір менің осы боп тұр,
Өмірді жазған шығар ақ шағалаң.
От жағып мал бағуға айналмаймын,
Осыған батаңды бер, қайран бабам.
890

—Ау, бала, ерте емес пе, аңда басың,
Ерер аз қапталыңа бауырласың.
Қазақта сендей бала топқа енген жоқ,
Тым, жаным, шикі емес пе еркін басың?

- Әй, баба, сыбаға жоқ жасқа өлшеген,
Құлпырса, қуанбай ма әрбір берен.
Өлшеуші уақыт жоқ жасқа деген,
Шикілік шірелікті ойлар болсам,
Мен сізге ұлан болып неге өнем.
Қалпалсыз қанішердің жиенімін,
900 Жауынгер нағашымыз түрікпеннен.

Әуелі бір жаратқан Аққа сенем,
Сайладым қару-жарақ сүйген денем.
Сонан соң Құдай бір де, Құраным шын,
Жігермен сүйегімде күшке сенем.
Атым сай нағашымнан алып келген,
Қала ма аруақты ерден өнген зердем.
Еліме құдайы қыл, батанды бер,
Даңқты таулағыңнан тараса шер.
Иә өлсін, иә егескен жауды жеңсін,
Тағдырдың талантты ісін маңдайдан көр.

910

Тоқтарбай іркілмей-ақ көңіл қиды,
Атаулы ат жіберіп елді жиды.
Қамқа тон, қалы кілем нарды байлап,
Тіктірді бас бәйгіге жүз басты үйді.
Үш тоғыз басы мылтық ілінді кит,
Арналған ұлықтарға қойды сыйды.
Кім қожа, кімдер төре, кімдер дегдар,
Қалдырмай жасы үлкенді түгел жиды.
Ат шабар асыл күрес,
Желпінген жеңіл мүше түгел үлес.

920

Тоқтарбай ұл туған соң тойға құмар,
Сайынның өкпесінде ызасы бар.
Ел ептеп осы екеуін күрестірмек,
Ойлаған толы көптің ымласы бар.

Той табақ толы көпке сыйлық етті,
Ал енді ат шабысқа құрмет етті.
Жүйрікті маңдай түзеп айдағансын,
Көрікті тұрған көпке күрес жетті.

930

Ағайын аракідік қоңсы, көрші,
Қайсында жол-жоба бар нұсқап көрші.
Ошақтың ордалыққа ортағым бар,
Кәнекей бәйгі реттен нұсқау берші.

Тоқтарбай:

—Екеуміз ел егесін көрдік тегіс,
Андасаң, аспан жалпақ, жер де тегіс.
Балаңды палуанға әкел халық көрсін,
Аянбай екеуі де қатарға енсін.
Айласы қайратымен душар келсе,
Арналған көп бәйгісін ала берсін.

- Екеуі шықты топқа қылып талап,
940 Жабырлап тұрады көп түгел қарап.
Алысты нар бурадай буырқанып,
Бұрынғы ойнап жүрген ойын екен,
Екеуі сілкілесті айдан анық.
Кез болды өкім-өкім сермеу алыс,
Аянбай сілкілесті қос жолбарыс,
Ұлы бесін болғанша ұлғайды алыс.
Бірін-бірі ала алмай арпалысып,
Өкім-өкім өктейді дем алысып.
Жығыса алмай танады қымбатты ер,
Бөліп алды бәйгіні жиналған ер.
950 Ойнаған жоқ батырлар анық-шыны,
Шын екенін көп халық білді мұны.

- Осымен той тарасты қылды бата,
Ендігі жау іздемек қалған сапа.
—Ұланым, қолыңды жай, берем бата,
Көп бейнет қасіретті көрген атаң.
Мал мен жан туған жерден безген атаң,
Жарығым сүйтіп көрген сенсің балам.
Нұр жаусын қадамыңа қымбат қадам,
Не етсең атаңа деп, алдыңа деп,
960 Бұрынғы айтқан екен өткен бабам.
Дұшпан көп қара түнек аңдып жүрген,
Сабыр тұт сананды ойла, сақтан балам.
Ал тапсырдым жалғызымды
Жеті кәміл піріме.
Сүрінген жерде сүйесін,
Адасқан жерде түзесін.
Желесін балам жебесін,
Қисайған жерде демесін.

- Адасса, жолға сала көр,
Сүрінсе, сүйеп ала көр.
970 Қабырғаң бар қатпаған,
Талабың осы аттаған.
Маған берер өмірің,
Егескен жауды таптаған.
Тірлігің менен қолыңнан,
Жұлдызың туса оңыңнан,
Тағдырым жетсе, аттанам.
Қойды егіз көк қошқар
Сенің құрбан жолыңа.
Сиырда егіз көп бұқа,
Бұ да құрбан жолыңа.
Жылқыда егіз көк айғыр,
Қанатында Қамбар пір,
980 Бұ да құрбан жолыңа.
Әрендеп жанған жарығым,
Үйде қалған ата-анан,
Бұ да сенің құрбаның.
Тауда болар тарғыл тас,
Тарықса, шығар көзден жас.
Тар қолтықтан тисе оқ,
Ерге керек ұялас.
Ұйтқысы жоқ бір кубас,
Халық сүйсе, құр қалмас,
Жаңғыздың жасы табылмас.
Аттанған ерге дұшпан көп,
Аяғыңды аңдап бас.
Тапсырдым ақтың қолына,
990 Жолдасыңды тауып жорт,
Жат елге шыққан жолыңа.
Көрінгенді дос көріп,
Ілікпе дұшпан торына.
Шаш тағы Түкті қолдасын,
Өзімнің бұлтым оңдасын,
Алла акбар жолбарысым.
(Бұл Тоқтарбайдың батасы еді)

Анасы Аналықтың мойнына бұршақ салынған. Анасы келіп

толғайды:1000

- Жалғыз едім сыңар тал,
Хан қызы едім құйған бал.
Арғымақ атқа бітер жал,
Ердің көркі болар мал.
Жалғызым, сөзге құлақ сал,
Өзіңнің қараң болмаса,
Әкең маған не қардар.
Нағашыңа апарып,
Алты жаста еттім көп амал.
- 1010 Топ жарғанның тұқымы,
Тақымында тор тұлпар.
Ғашықтықпен айырды,
Он үшінде сүйген жар.
Тар құрсақты кеңіткен,
Тас емшекті егілткен,
Тал бесікті таянтқан,
Тәтті ұйқыдан оятқан
Жалғызыма не тең бар.
Қайырлы болып сапарың,
- 1020 Егескен жаудан кегінді ал.
Қолыңа тиіп қауышып,
Кеулің бітсін сүйген жар.
Жасын жасап әкеңнің,
Шаңырағымда өзің қал.
Немеремді сүйгізіп,
Мен ғаріптің көңлін ал.
Әйелдің пірі Бибібатпа,
Тапсырдым Сәруар өзі оңдар.
(Бұл анасының батасы еді)
- 1030 Сүмбіден атты жаратқан,
Шекесінен қаратқан.
Заһарын қардай боратқан,
Асынып қару болаттан.
Жау іздеген Қоблекең,
Сәрсенбі күні сәскеде
Қоштасып шықты ауылдан.

Ендігі сөз Қобыланды мен Қараманның жолға шығуынан

1040

Қобыландының Қараманға толғауы:

—Сайынның ұлы сейілім,
Жауға қалай зейілің.
Төсекке ортақ төремсің,
Еркек туған неместің.
Кете берсем өз басым,
Бір құдай деп жолдасым.
Қызғаныштық қылдың деп,
1050 Күндердің күні болғанда,
Көңліме берерсің.
Аз ғана қыпшақ елім бар,
Қараспандай жерім бар.
Мұсылман аттың төбелі,
Кәпір аттың түгіндей,
Жеңермін деген кеуіл бар.
Өмірдің көркі сұлу жар,
Ортақпын десең бірге бар.
Тас түскенде талайдан,
Тез жауап бер миясар.
Қиятың қалың елің көп,
Менде астамдық жерім жоқ.
Жаппар ие қолдаса,
1060 Дұшпанға берер кегім жоқ.
Өзім жалғыз, аң жалғыз,
Құдайдан басқа сенім жоқ.
Жүрмесен жолды қалдырма,
Өз талантым алдымда,
Жауап болса, жүремін.

Жауап Қараманнан:

—Жалғыз еркек сен емес,
1070 Ерлігім сенен кем емес.
Жау дененің құрышы,
Қият та осал ел емес,

- Қалуым менің жөн емес.
Өзекті жанға бір өлім,
Ердің көркі төбелес.
Жүремін батыр өзіммен,
Әуелі пәрмен тегімнен.
Атыңа сай атым бар,
Басыңа сай басым бар,
1080 Қанша әскер миясар.
Маған әскер не керек,
Жеке туған мен үйрек.
Еремін десең өзің шық,
Аққа мойным ұсынған.
Кәпірден аз екенін
Білдірді мына мұсылман.
Атасынан бата алып,
Қапталға ерді Қараман.
Есіктің алды ай татыр,
Талапқа шықты қос батыр.
1090 Қанатын қақпай қос сұңқар,
Жерді жинап қос тұлпар.
Жолға шықты жорыққа,
Келе берсін енді ер,
Қызылбаста қалың ел.
Сөз бастайық мұндағы,
Игіліктің ісінен,
Ендігі кеңес жағдайы
Қыз Құртқаның түсінен.
- Қыз Құртқа тәтті ұйқыда көріпті түс,
Түсінде таңғажайып білінген іс.
Ысқырып бір айдаһар кәрін шашып,
Шүйлікті бір ақ иық ұшырасып.
1100 Сол кезде ел ұстаған қызыл ерді,
Қақтырмай қанатымен қалды басып.
Ойбайлап төсегінен қыз оянды,
Анасы «не болды» деп жетіп барды.
—Ау, ана, бір түс көрдім, келді жылан,
Көзімді аштырмады басқан тұман.
Бір бүркіт көктен келіп шүйліккенде,

- Кез болды жан қалмайтын зәрлі мұнан.
 Кәпірден у-шу болып, жер күңіренген,
 Білімді тамашалы үлкен ұран.
- 1110 Шаңдағын бұрқыратқан түсті маған,
 Қызыл ер қанатында шықпай қалған.
 Бұл түсті адамға айтып керегі жоқ,
 Жорып көр неғыл десең, қымбатты анам.

Анасының түсті жоруы:

- Шығарма дұшпаның көп мың сан, балам,
 Ақиқат менен адал тусаң, балам.
 Ертеде көп миханат көріп едім,
- 1120 Мен сорлы жаугершілікке еніп едім.
 Сорлы әкең бір мезгілде жауда кетіп,
 Айрылмай қосымнан еріп едім.
 Тоқтарбай жаумен келген қара қыпшақ,
 Сол елдің дәмін татып көріп едім.
 Қараспан жау мекені қалың елде,
 Перзентті сендей анық көріп едім.
 Қанды бет бидай өңді толық едім,
 Әркімді құмарттырған сорлы едім.
 Тоқтардың сүйген жаны Аналықпен
 Жүктімде жөргек құда болып едім.
 Атыңды Құртқа деген Тоқтар қойған,
 Қалмайтын күйеуім бар өлмей ойдан.
- 1130 Тоқтардың жалғызы еді еткен жарық,
 Жолдасың, құдай қосса, батыр Қобылан.
 Тап соған миясар тұр осы түсің,
 Келтірсін игілікті ақтың ісін.
 Қобыланға сені қоссам, арманым жоқ,
 Берілген асыл уәде Құдай үшін.
 Ер жетіп есін біліп сені іздесе,
 Алсын-ақ аманатын соның үшін.
 Қобыланға, құдай беріп, сені қоссам,
 Сол күні орындарлар сүт пен күшім.
- 1140 Ал балам, бұл жүргенге әуре болма,
 Жасыңнан қайыр болса қарғылы ісің.

Ауыз үйде отыр еді әйелі шоры,
Өркімнің отын жаққан қордың қоры.
Түп-түгел есіткесін жеткізеді,
Қалдырмай Қызыл ерге ғана соны.

Қызыл ер ашуланды қаһарланып,
Шақыртты жан-жағына хабар салып.
1150 «Қап, бәлем, білгенімді қылайын» деп,
Құртқаға ой ойлайды қатуланып.

Салдырып бір баспалдақ биік қылып,
Үстіне отырғызды қызды алдырып.
Жан-жаққа қара, қызыл жалау байлап,
Халыққа хабар салды ол да айғайлап:
—Сексен сегіз сырыққа
Бес тиын алтын байлаймын,
Кім атса, Құртқа соған жар.
Үш жүз тұлпар сайлансын,
1160 Кімнің аты озат көрінсе,
Қыз Құртқа соған жар.
Алпыс палуан тақ тұрсын,
Кім жықса, Құртқа соған жар.
Жүз найзаны даяр қой,
Кім ілсе, Құртқа соған жар.
Елге түгел шашылған,
Есітілсін шын хабар.

Осымен шәріде той бола тұрсын,
Қос тұлпар, қос жолбарыс хабар қылсын.
Қараман Қоблекенге хабар айтты:
—Айтайын, Қобыланды ер, мен бір ақыл,
1170 Күшің тең меніменен өкпек батыр.
Батырға бір оқ деген байға бір жұт,
Мақал бар бірталайдан келе жатыр.
Тіл алсаң, сен сырттаған, мен көрейін,
Өртүрлі табылады менен тәсіл.
Аңғыртпен кірбің кетсең ғапыл топқа,
Орынсыз күйер жаның жанған отқа.
Арманда бой жазалмай жазым болсаң,

Жар қайда жарқыратып көрер топта.

1180 Соны айтып залым қият келе жатыр,
Сабырмен сыртта қалды Қобылан батыр.
Бөксесі темір кеуде тас,
Қан іздеген Қазанбас
Шәріні қорғап тұр екен:
—Кейін тұр, жұмысың не,—деді—сенің,
Қан ішу талабым бар тіпті менің.
Екі айтам енді атыңның басын тарт,
Іліксең үшіншіге өлтіремін.

1190 —Өзге ұлттан біздің кәпір ер болады,
Уәдесі мұсылманның кем болады.
Өз қанатын өз басы қия берсе,
Сұңқардың не шаруасы жөн болады.
Өлтірме, тілімді алсаң, мені, бегім,
Бөтенің емес едім мен де сенің.
Базарға кіремін де кәзір шығам,
Базарлап кетіп еді келіншегім.

Қазанбас қарық болып қоя берді,
Қараман тамашаның бәрін көрді.
1200 Дәметкен жалғыз қыздан ер көп екен,
Жүйрік ат білектілер келген екен.
Сабырлы Мадуанның бел баласы,
Бәйбіше естек ноғай елден екен.
Алысса, ата куса, несі бар деп,
Ер Орақ Ноғайлыдан келген екен.
Қызды да, сүйсең, бердім, ақжаппарым,
Көрсетті-ау ойда жоқты кәпір залым.
Кәпірге өлгенімше бағынбаймын,
Тартасың неге құрғыр оң қабағым.
Жеріген айдаһарға асыл ана,
Қауысша, арманым жоқ, Қобылан жаным.

1210 Кемпірдің қазақша айтқан әңгімесін
Аудармай ер Қараман қағып алды.
Жағалап кемпірге де ептеп келді,

Ыржиып кемпірге де сәлем берді.

- Ау, шеше, құлағың сал, сәлем бердік,
Сау-саламат барсыз ба,
Аңғарымды анажан.
Кемпір іздеп біз шықтық,
1220 Қараспан дейтін саладан.
Есіңізден шықты ма,
Қобыланды менен Қараман.
Бұйырған екен жасыңда,
Қымбатты біздің елден тұз.
Мегзелген екен Қобыланға,
Сізден шыққан сұлу қыз.
Ояға келіп іздеп ар,
Керекдар болып сұлу жар.
Қорықпай жауға бет алдық,
Абшымай жүріп күн мен түн,
1230 Шыққалы үйден алпыс күн.
Қобыланды ер сыртта, мен іште,
Әжеке, шапшаң білдір шын.
—Сақтасын, балдар, кәміл пір,
Шұнамыр Құртқа шақта отыр.
Бірі қимай біріне
Таласып кәпір төкті нұр.
Айтпаймын жалған антым бар,
Қобыланға болсын құдай жар.
Анасының кеулінде
Алхамдилаһи алаң жоқ,
1240 Қобыланға сәлем айта бар.

Қараман тартты қайыспай,
Баяғы келген жолымен.
—Келіншегің қайда?—деп,
Сөйлесіп қалды Қазанбас
Қайтарында да онымен.
—Қонаққа бүгін қалды,—деп,
Қайтамын ертең тағы,—деп
Шығып кетті Қараман.

Көкләңге баласына сыры:

—Көзімнің жасын парлатқан,
Аударып елден зарлатқан.
Қоныстанып қыпшақтан,
Жүргенде көрген сен Құртқам.
Кәпірден ептеп бай тауып,
Ренжіп қалса мұсылман.

- Ақ сүтімді кешпеймін,
Сен өмірден садағам.
1260 Ренжітпе Қобыланды,
Жөргекте антым айтылған,
Адамға қымбат шыбын жан.
Аялап сені өсірдім,
Былғанып жүрме, қыз Құртқам.
Олай-бұлай іс болса,
Бір Құдайға тапсырам.
Осыны айтып анасы,
Еш нәрсе демей баласы,
Кемпірдің сасқан жері екен.
«Ананың кеулі балада,
Баланың кеулі далада»,
1270 Мақалдың деген шекіскен,
«Иә, болар» деп көрмеді,
«Болмайд» деп жауап бермеді.

Құртқаның Көкләңге берген жауабы:

- Осы болса жынысым,
Сүймеймін жаудың тынысын.
Өзі тартар миканат,
Мұсылманың құрысын.
1280 Өзіме қымбат, қадірлі,
Өскен елім, туысым,—

деп кеңес келісімі қызып жатқанда, ыңыранған ұрандық дыбыс шықты. Қағылған дабыл қабырғасын күйретіп, Қазанбасты аударып қарақыпшақ Қобыландының кірген жері.

- Жауыз деген құралған,
Нағыз шаһар қызылбас.
Кең пейіл ұлы Кеншінбай
1290 Қалмаққа мәлім бұл бір ер.
Талайлармен салысқан,
Сақалы алтын, мұрты жез,
Ұзындығы отыз кез,
Қоблекеңмен кездесті.
—Қатпар тартып қабағың,
Не ойда еді талабың.
Қалай көрдің дидарын,
Жеке басың қаланың.
Қай нәсіптен боласың,
Көрсө көзге толасың,
1300 Іркілмей тұрып шыныңды айт,
Не іздеп жүрген боласың?

Қобыланды:

- Қолыңда ма ойлап көр,
Мөлшерлі менің дәуірім.
Мен өзіңнен кем бе едім,
Аш көзіңді, кәуірім.
Бұркырасаң боранмын,
Доңызысың тоғайдың.
Әлің жетсе, оңаймын,
Асау туған адамға
1310 Бас үйретер ноғаймын.
Қанды қабақ қайсармын,
Шайқасып күшті байқармын.
Жесірім сұлу қыз Құртқа,
Іздеп келген жайқармын.
Өзімдікін жөн деймін,
Ымлаңа көнбеймін.
Астыңдағы күрең ат,
Үстіндегі ер қымбат,
Тәлкек қылмай бер деймін.
Әуелгі кезек сенікі,

- 1320 Сон соңғы кезек менікі,
 Кезегіңе кел деймін.

Басы қалжың сыр еді,
Ойын емес шын еді.
Қапыда шайтан жабысты,
Ырғақтасқан қос батыр
Ақ сүңгіні салысты.
Бірін-бірі ала алмай,
Ойдағыдай жабысты.
Ендірді батыр ырғасты,
Ойынды қойды шындасты.

- 1330 Қашық болмай арасы,
 Көрінді естің шамасы,
 Кәуірдің қиын жаласы.

Өкім-өкім шаршады,
Ер Тоқтардың баласы.
Ақырған даусы шыққанда,
Жаңғырды шаһардың қаласы.
Дәл қырық төрт жасында,
Отыз бес бөрі қасында.
Мұсылманның даусына,
Шыдай алмай ентелеп,
Мұсаның ұлы ер Орақ
Жетгі келіп қасына.

- 1340 Кеншімбайдан қорғауға,
 Жолбарыстай қабақпен,
 Алты құлаш ала атпен,
 Сомдап құйған сауытпен,
 Жеткен екен сұр Құлтай—
 Ер Мансұрдың баласы.
 Қыран көзін талдырмай,
 Қобыланға сүңгі салдырмай,
 Жанындағы жарағы,
 Қараман найза салады.
 Оң жағынан мегзеді,
 Аударып алып Матқаны,

- Қақ жүректен көздеді.
Қараманның найзасы,
1350 Сұр Құлтайға ендеді.
Сөйлеуге тілі келмеді,
«Илалаһа мәлүк» деп,
Сұр Құлтай аттан көлбеді.
Кеншімбайды аударып,
Тастады аттан Қобыланды.
Шапыр-шұпыр, шарт та шұрт,
Шәрінің іші қорғанда,
Тізесін басып қос батыр,
Бетіне жауды қаратпай,
1360 Қатар қағып қанатын,
Оңнан орап қобыланды,
Қараман батыр жол салды.
Ақырғанда арыстан,
Айдын көзі тұтылды.
Күңіренгенде күрсініп,
Күннің көзі тұтылды.

- Екеуі тізе қосқасын
Қызылбасты жыпырды.
1370 Торалбай менен қызыл көк,
Терлегесін құтырды.
Қобыланды менен Қараман,
Бейнесі дию сықылды.
Өкім-өкім өктеді,
Кәуірді шөптей сыпырды.
Қырық батырды құраған,
Құдайдан дұшпан сұраған,
Қызыл ер кашты қаладан.

- Ағанасты шанышты,
1380 Қабақта жетіп Қараман.
Ту ұстаған ер Орақ,
Жіберді отыз аламан.
Қараны көзі көргесін,
Бұлт айналып басына,
Шыққан он үш жасына.

- Қобыланды білек сыбанды,
Тоқтарбайлаған ұранға,
Мұсылман халқы қуанды.
Жеделдес тартқан зереннен,
Оң-солды білмей жөнелген.
- 1390 Қашқан қалмақты асырды,
Шақпақты деген кезеңнен.
Қобыланды менен Қараман,
Қайта шапты қалаға.
Тоғанас, Тортай, Махмұд,
Араласты жәна да.
Тоғанасты шанышты,
Қобыланды келіп шамаға.
Тортай менен Қараман,
Айқасып қалды жәна да.
Манғол деген ұлы ұран,
- 1400 Кірісті Орақ дана да.
Ерсіл-барсыл көк дөне,
Тау жаңғырып әлдене.
Сарт-сұрт еткен көк сүңгір,
Кәуірден басқаны ілмейді.
Қияқты найза, қиғаш оқ,
Көзге ілгенді түйрейді.
- Туырлығын тоқым қып,
Шытырасын отын қып,
- 1410 Қос батыр шаңдақта ойнайды.
Көрейік деп қайратын,
Ызаланды, долданды.
Қызыл ердің тегі еді,
Көбікті батыр келеді.
Өзі Алшынның баласы,
Бұл қалмақтың данасы.
Қанды Орақ пенен кез келді,
Көбікті елдің ағасы.
Бал тамызған қанаттан,
- 1420 Ашуланса қаратқан.

- Таймады Орақ жауынгер,
Халық мақтаған қалмақтан.
Екеуі найза салысты,
Ер қапталдан қақырап,
Жайдақ атта қалысты.
Қақырғанда қан кетіп,
Көбіктіні Орақ аударды.
Дәл жиырма бір жасында,
Ақ моншақ ат астында,
1430 Қанды Ораққа желкеден
Келе найза салады.
Көбіктінің баласы,
Бершінбай жастың талабы.
Ағасына тигізбей,
Тәсілі көп Қараман
Найзаны топтап қағады.
Қараман менен Бершінбай,
Салысып сүңгі қалады.
Бөріктей-ақ көтеріп,
Қараманды аттан алады.
1440 Елден шыққан жолдасы
Әм жылдасы, құрдасы.
Шыдай алмай жолбарысы,
Сарт еткізді серіпті.
Қоблекен салған көк найза,
Бершінбайға еңдеді.
Қараманды босатып,
Меңгеруге әлі келмеді.
- Қайтадан атқа мінгесін,
1450 Кеңіді ердің демдері.
Қалмақтан амал ашылды,
Айласын ептеп асырды.
Нысана қолға тисін деп,
Қаласа көңіл сүйсін деп,
Сұлу Құртқаны асырды.
Құртқаның біліп кеткенін,
Қараман сонда сөйледі:
—Ау, Қобыланды ер, бағланым,

Не істейміз қалмақ шаңдағын?!
1460 Қызыл ерге қыз кетті,
Қинайтын ер ғой тарланың.

Жол қоршаған көп кәпір,
Екеуі бет алады,
Екі жерден жарады.
Кәуір қалың төтелеп,
Екеуі жортып барады.
Оңды-солды ақ сүңгі
Ұмтылғанын ұрады.
Көзге түскен кәпірді
1470 Жер тезектей қырады.
Кедергі болмай бұларға,
Шәріден аман шығады.
Найза салмай қолынан,
Құртқаның салды соңынан.
Көз тартқанның нұры екен,
Қыз Құртқаны сүюге
Шын құмар ердің бірі екен.
Қыз құлаған еңкеуде,
Қызыл ер де тұр екен.
Қырық құлаш Қызыл ер,
1480 Қолы, жолы ұзын ер
Қобыландыға сөйледі:
—Қалмағандай соңымнан
Қан тартып жүрген ермісің.
Ақылың мол да, антың жоқ,
Сорлы ноғай сенбісің.
Маған күнің жетпейді,
Басыңның қамын ет,—дейді.

Қоблекең жауап береді:
1490 —Тетігім қымбат есерім,
Кім білсін тағдыр шешерін.
Дарақ үлкен, бал бұлақ,
Біледі қайдан кесерін.
Айтуға бәрі тілге оңай,
Қолыңа келген бір ноғай.

- Менмендердің сағасын,
Бере қою бізге оңай.
Мылжындаспа бері кел,
Кезегінді ала бер.
- 1500 Жесір қуған жеделмін,
Ноғай менен қалмаққа,
Ауыры бар ма өнердің?!
Қорамсаққа қол салды,
Қызыл ер де долданды.
Қозы жауырын оқ алды,
Сұр жебе деген оқ салды.
Тобылғы менді торымен,
Қоблекен қарсы дәл барды.
Қазықтау шағын қасына,
Қазынатай ердің қаңтарды.
- 1510 Қақ жүректің басы деп,
Өлер жері осы деп,
Тар қолқаның тұсы деп,
Қызыл ер келіп бір тартты.
Тоғыз қабат тор жебе,
Алтауынан өтеді,
Оғы қайтып кетеді.
«Енді кезек менде деп,
Ер болсаң өкім денде» деп,
Қобыланды батыр бір тартты.
Кірістен оғы өтеді,
- 1520 Кідірмей шығып кетеді.
Қарсы келген қабақты,
Қағып кетіп барады.
Оқ тоқтаған жерінде,
Қызыл ер аттан құлады.
Ердің басы керек деп,
Қылышпенен салады.
Қызға керек батырдың,
Қараман басын алады.
- 1530 Қанжығаға құлағын,
Мықтап тесіп тағады.
Қызыл ердің қу басы,

Қарамандай батырды,
Аудара жаздап барады.
Қалмақ қашты қосылды,
Қалаға қарай салады.
Лашындай шабақтап,
Шын бөрідей тамақтап,
Шақырып күрең әруақты,
1540 Жау іздеген қос батыр
Бұрқыратты, шандатты.
Қолынан найза қандатты,
Батырды Қобылан бармақты.

Қақпаның аузын қандатты,
Көп қалмақты зарлатты.
Бидайықтай ер Орақ
Әр жерде әркім даулатты.
Келінбет қызы Кенішті,
Қараманға байлапты.
1550 Бір Құртқаның кесірі
Жерді қанмен майлатты.
Отыз бір күн соғысып,
Қоблекең алды байрақты.
Шақыртып алып сый берді,
Қанды Орақтай аруақты.
Кетпейін деп бос тастап,
Еңсеп тіккен шаңырақты.
Ойнын қылып отыз күн,
Тойын қылып қырық күн.
1560 Анасынан бата алды,
Қинайын деп асылды.
Тоқсан нарға арттырды,
Тоғанақтаған шатырды.
Көшіп тартқан Қараман,
Шаған тауға асылды.
Ордалық отыз ерімен,
Жас аралдай бөрімен,
Қазтай, Қамбар серімен,
Шығарып Орақ салады.
1570 Қош айтысып қолдасып,

- Жөндеріне тарады.
Қараспан жолы қайсы деп,
Жолбарыс елге қарады.
Кек алған соң қалмақтан,
Қобыланды менен Қараман
Іздеді ата-ананы.
Төгілген жерге шеңгелдеп,
Серпісе уыс толады.
Он алты күн бір жүріп,
1580 Бейсенбі күні бесінде,
Қараман топтан озады.
Күзгі шөп көнер қырауға,
Тұлпар шыдар ұлауға,
Енді он төрт күн қалып тұр,
Қараспан тауға құлауға.
Қараман озды елінен,
Қуантып шүйінші сұрауға.
- Тыңдаңдар мәжіліске салып құлақ,
Қараман қауышты елге шүйінші сұрап.
1590 Іздесе, мезгіл бар ма табылғандай,
Жүрегі аз қыпшақтың жарылғандай.
«Иә, Құдай, қайырымен бере көр!» деп,
Үй тігіп, тойлық малын жатыр камдай.
Бұл жерде досан да көп, жекжат та көп,
Қоблекен қараспанға асты егін,
Көрсетіп Құртқа қайтты жүрген жерін.
Көп жылқы көп алалы аралатты,
Құртқаға сонда Қобылан жауап айтты:
—Кәуірден пенде болдың мұсылманға,
1600 Кетпеді оғым жаудан ұсынғанда.
Ажырың сенің берген естен кетпес,
Тығылдың Қызыл ерге қысылғанда.
Басыма құдай берген менің бағым,
Болғасын атың әйел аңдамадың.
Мінекей, көзінді сал аның сыршы,
Деуші еді мынау менің жылқыларым.
Қолыма түстің торға күнәнді ақта,
Кеңнен ал тынысыңды, тәртіп сақта,

- Осындай ат туғандай бие бар ма?
Қыз Құртқа бір күрсініп демін алды,
1610 Алаңдап көп жылқыға көзін салды.
Астындағы атыңның анасы деп,
Қол айтып көрсетті боз байталды.
Осыдан бір қымбатты ат туады деп,
Осыны өзім бақсам қолдан емдеп,
Ат қылып тақымыңа берсем жөндеп,
Атқарар бір ғасырды ат болады,
Үш қилы үш мерзіммен бақ қонады.
Ерітіп екі ұл перзент баулығанша,
Алдағыны алда білед шақ болады.
1620 Осымен қауышады елге толық,
Жабырлап қабыл алды у-шу болып.
Келін келді кемпір-шал қалы басты,
Келіншекке кемерден шашу шашты.
- Адал бақан көтертіп, абырой шаңырақ,
Кемпір көйлек, шал шапан, жігітке ат,
Әр бір түрлі китпенен байрақтасты,
Сый алысты сыпатты, тоймаған жан қалмады.
- 1630 Бата қылды көп халық ризалық жай,
Кең пейілдің кенішін сүйген батыр.
Қараманда тойға-той жайлап жатыр.
Тоқтарбайдың еткенін істейсің деп,
Қызыл тұмсық бөрілер зорлап жатыр.
Ел егесі еміренген кеуілге шат,
Кімге қонса, сонда бар құрметті бақ.
Торы тұлпарға шаптырып боз байталды,
Ат бақпаққа қыз Құртқа міндетке алды.
Боз байтал отыз беске толған жасы,
1640 Миуаның мархаматпен ықыласы.
Күн өтті мезгіл жетті қонды бағы,
Келмейді кәріліктен тууға әлі.
- Сөйлейді Қобыланды ерге қымбатты жар:
—Бірі боз, бірі торы жадыңызға ал.
Елеулі ерге толы ат шығарып,

Берем деп айтып қойған міндетім бар.
Қанатты құстан жүйрік алтын құйрық,
Ішінде еркек бурыл құлыны бар,
Осыны сүт емізбей жетім бағам,
1650 Алып берсін, бар болса еп-септі адам.

Қоблекең жан-жағына хабар салды,
Түп-түгел шаруалар хабарланды.
Ертеден осы малмен бір жасаған,
Естеміс дейтін епті адам барды.
Жылқыны сырттан реп қылышпенен,
Құлынды күні жеткен жарып алды.
Түтіккен бір оңаша жайға салып,
1660 Қыз Құртқа жетім құлынды бағуға алды.

Өзінен бөтен адам бармайтын боп,
Жолдасы Қобыланды ердің антын алды.
Сын астын, сансыз салмақ, бітім мүше,
Талпынған құлынына көп қуанды.

Жент, жеміс, дәрі-дәрмақ, мінсіз миуа,
Бәрін де беріп жатыр сыйлап малды.
Көрсетіп көрікіне құлын жаста,
1670 Батырдан жабағыға сыйлық алды.

Сол кезде Қараманды бір жын ұрып,
Есітті қай-қайдағы хабарларды.
Төгілмес төркіні мол қызылбастан,
Бір хабар Қараманға келіп қалды.

Тобылғы меңсіз торы жылқыда құр,
Ауылда саяхатта батырда жүр.
Жабайы бөтен жылқы көтермейді,
Қолайсыз қорғасындай Қоблекең дүр.
1680

Арнаулы алпамсадай біткен дене,
Бар деді қызық қандай әлденеме.
Қиуаның қырын тартқан шамасында,

Ер қазан Мүсірептің баласында.
Бар деді бірден өлген бес жүз тұлпар,
Осыған қай кезде де батыр ...

Қинайды туған ерді шамалары,
Өзіне қымбат ақтың берген бағы.
Қалмақтың қасиетті жолбарысы,
Басында некеленген алты жары.

1690

Дейтұғын қара қала, сырлы қала,
Өзінің мойнағында екі шәрі.
Осыған құмар еді көп дұшпаны,
Серпілмей сілкілесіп талай қайтқан,
Бар еді талай зәбір қылғандары.
Қазанға оқ өтпейді, әл жетпейді,
Осы еді кәзіргі елдің сөз қылғаны.

Пендеге тойымдықты Құдай берсін,
Мінекей, осы хабар Қараманға,
1700 Біреуден тигеннен соң батты жанға,
Төгілмес туған ерден беттің ары,
Қараман Қобыланды ерді шақырады.

—Қобыланды ер, сөзге құлақ сал,
Қолдың кірі жиған мал.
Өзімізше көркейді,
Келін жұмсап кемпір-шал.
Бірте-бірте жігітке
Шашылған қайрат қосылар.

1710

Еміреніп шықсақ екеуіміз
Олжа болмас несі бар.
Біздің үшін жиналған
Қызылбаста тегін мал.
Айнымасаң ақылдан,
Шерекет көп батырдан.
Шығалмайтын болмасаң,
Билігің келіп қатыннан.
Үлкен тұзақ оралған,

- Безбесең жолдас-жораңнан.
Қайратымды байқадың,
Ойын шығар орамнан.
- 1720 Менің ойым барғандай,
Сендегі батыр хал қандай?
Бар ма, жоқ па әліңіз,
Қатыннан билік алғандай.
- Қоблекен сонда сөйледі:
—Жау жарастық батырға,
Сізге салмақ қатын ба.
Кәзір бейқам жатырмын,
Жылқыда мінген атым да.
Жау дегенде басым сай,
Ойласайын ақылға.
- 1730 Жарай ма екен жаңа тай
Міндеттелген қатынға.
Тайымның түрін көрейін,
Жорық менің мерейім,
Асықпа, батыр, сабыр ет,
Бір хабарын өзім берейін.
- Қоблекен осыменен қайтты елге,
Қараман мекендеген қалды жерде.
Қауышып қыз Құртқаға басталған сыр,
Тайбурыл тісін жарған нағыз кезде.
- 1740 —Ауыздың дәмін алар бал,
Таулы жерде қайын бар.
Бас үйретіп мінуге,
Келді ме тайың, сұлу жар.
—Зорлық қылсаң мінесің,
Айуанат түгіл менде жоқ
Берілген сізге ықтияр.
Өз ойымша қарасам,
Қатпаған тайдың белі бар.
Құдай артық жаратқан,
Ерге кімнің сөзі бар.

- Бір басың мыңға тұрасың,
1750 Осы айтқаным расым.
Толтырып мінсең келісіп,
Миханат көрдім сен үшін,
Бұл айуанат емес, лашын.
Зорлығыңменен мертіксе,
Басыма бейнет қыласың.
Аңдаттым енді өзің біл,
Сөйлеген сөздің бәрі шын,
Құдай қосқан қосағым,
Қымбатты жолбарысым!
Егестім мен де ар үшін,
1760 Бір ауыз айтқан өкпемнен,
Өте жаздап намысың.
Ендігісін өзің біл,
Болдыңыз жолдас бізге пір,
Қосыңызды жеккесін,
Ақ некеңнен өткесін,
Кем жүру керек біздің тіл.
—Жау іздеген Қараман,
Қалың қият табанды,
Алып жүр деп мазамды.
1770 Көріпсің деп ем қызметім,
Байқауға сенің шамаңды.
Болса тайың жарарлық,
Қолға алсам деп ем адалды.
Қызуың кетпей тұрғанда,
Дос білсе деп ем бағанды.
Торсыққа құйып қанымды,
Аямай көріп ауырды,
Асырсам деп ем жүзеге,
Сүйтіп, сүйген адамды.
Жалғыз едім мен бұрын,
1780 Осы айтқан шын сырым.
Үшеу болдым мен кәзір,
Сеніменен бурыл.
Үздіксіз бағып мінгізіп,
Қызметің үшін қызмет қыл.
Бұл сапардан қалса тай,

Қараман отын жаққандай.
Тайым келсе ыңғайға,
Асылған жаным Құдайға,
Қалдырғым келмейді мақтанбай.
Қарағасын дәл өзің,
1790 Несі кеміс бапталмай?!

Осыны айтып Қоблекең,
Аяқтайды өз сөзін.
Әлі күнге хабар жоқ,
Қараман жатыр көңлі тоқ.
Байқады Құртқа ыңғайын,
Мінбей кетер батыр жоқ.
—Опасыз дүние ормандай,
Кеңдікпен біткен жол қандай.
Қараспан деген еліне,
1800 Басым тұйғын сияқты,
Сыймырың зорлап қонғандай.

Сүйегі толық, қаны кем
Бурылдың қырық үш күн.
Осы уәдем берген шын,
Жиырма бес күн айналсаң,
Елемес еді деп ойлаймын,
Қарасам түзу күндіз-түн.
—Жем ауырлық қыла ма,
1810 Ақ үйрек ұшқан сұңқарға.
Қару ауыр бола ма,
Қалыптан шыққан сұлтанға.
Күн елеуге бола ма,
Күмістей шыны тұлпарға.
Әлде қиғың келмеген
Қымбатты жарға сылтау ма?
Өзімнен басқа пана жоқ,
Аз ғана қыпшақ ұлтанда.

1820 Жарайтұғын қара жоқ,
Ашылғанда қымтауға.
Айтсам ақыл қонбайды,

Қараман деген мылқауға.
Қатынға билік қылма деп,
Мені мыжып ұстауда,
Баққаннан соң қыз Құртқа,
Сәтімен туған бурылға
Күн кедергі қылар ма.
Күрсінгендегі көңілім,
1830 Бурылға мінбей тынар ма!
Қызыл ала қан қылып,
Сені сүйген тәтті түн,
Бір шығып едім құмарға.
—Өрбір шырын бал сөзің,
Енді өзің біл, жан қозым.
Мінемін десең ат дайын,
Шарықтап шыққан жан досым.

Қобыландыға қыз Құртқаның берген жауабы:

1840 —Өтірік басқа, шын басқа,
Ызалық басқа, мұң басқа.
Олар көп, сіз жалғыз,
Сенетін болдың құрдасқа.

Жан иенің жарасар,
Жалғыздарға кендігі.
Жағаласса, тимей ме
Бір Алланың теңдігі.
Түтін жасы жем берген,
1850 Таразыменен теңгерген.
Өзім баққан тұлпардың,
Өз кеулімше ойласам,
Қырық үш күн бар кемдігі.

Сүйтті де Құртқа көз қысты,
Аты әйел демесең,
Сұлу Құртқа тым күшті.
—Кеуіліңе ырзамын,

- Оң қолымнан дем болды.
1860 Үш ұтқанда ойыма келер еді,
Бір ұшуы кем болды.

- Қараспан таудың белдігі,
Құрдастың қанша елдігі.
Жиырма бес күн айналсаң,
Елемес еді бурылдың
Он бес күндік кемдігі.
Ұлтыма сенер мен емес,
Атың әйел болғанмен,
Сынағың сенің кем емес.
1870 Шынымен туған мал болса,
Он бес күнді елемес.
Сүйіскен ерге жар қымбат,
Тұтылған ерге ар қымбат.
Қорқақтарға жан қымбат,
Топырышқа жал қымбат.
Бәрін айт та, бірін айт,
Кәдеге асса Бурыл ат,
Маған сендей жар қымбат.

- Күлтеленген Бурылдың
1880 Құйрығын, жалын тарады.
Ыландаған Бурылға
Қоблекен ерді салады.
Ауыздығын салғанда,
Көзі оттай жанады.

- Үстіне Қобылан мінгенде,
Қос құлақты қадады.
Қыз жинаған сандықтай,
Сауры бөлек қалады.
1890 Қанша мықты болса да,
Әлі келмей бурылдың,
Басына батыр барады.
Әрең көрген жалғыздың
Жұлдызы туса оңынан,
Қарындасы Қарлыға,

Сүйікті жары қыз Құртқа,
 Тоқтарбай менен Аналық
 Шуласып айқай салады.
 Тоқсанға келген жасы бар,
 Селеудей сақал шашы бар.
 —Шелденген зорға құлыным,
 Көрім жуық төрімнен,
 Хабар алған өлімнен.

1900

Тірідей қайда қалғаным,
 Өлгенде көрген төлімнен,
 Мені кімге тапсырдың?
 —Аузыңа беріп Құранды,
 Алдыңнан беріп иманды,
 Бір Аллаға тапсырдым.
 —Айрылған тірі қоштасып
 Ата менен анамнан.

Жат жұрттық болып жаралған,
 Бидама болып елімнен,

1910

Бетімнен арым төгілген.
 Жұлын жұтам сөгілген.
 Алпыс тамырды..
 Екі жарым жаста суалған,
 Ербеңдесе, қуанған,
 Мені кімге тапсырдың?
 —Қисайған жерде сүйеткен,
 Адасқан жерде түзеткен.
 Көз жасыңның нұры екен,
 Әйелдердің пірі екен,
 Бибатқа тапсырдым.

*Құртқа.*¹⁹²⁰

—Он екі жаста бас қосқан,
 Көркіңе ырза жол тосқан,
 Өкпеден демін алысқан,
 Қымбатты қаным қарысқан.
 Ақ сапарға аттандың,
 Бауырымдағы арыстан.
 Атаң қолын алысқан,

- Жөргекте ол да қауышқан.
1930 Адами заттың соңында,
Болушы еді алып сауысқан.
Құдай қосқан қосағым,
Мені кімге тапсырдың?!
- Олай-бұлай көз жұмсам,
Неке ақынды кеше гөр.
Ақ тілекті тірлікке,
Ықыласыңмен шеше көр.
Амандықпен көргенше,
Қайта айналып келгенше,
Құдай бір де, Құран шын,
1940 Татқан құзға тапсырдым.
Денеңе сәйкес күшің бар,
Қызметің қылың ісің бар.
Дүниеге келген соң пенденің көркі
Сүйген жар, палуан қызға тапсырдым.

Қарындасы Қарлыға:

- Бөркінде қымбат шоқтыңмын,
Таудан аққан қоқтыңмын.
Татаулы жолдан танбаған,
1950 Шырағым едің арнаған.
Акекең айтып кеткен жолыңа,
Қоңыр шұлақ тоқтыңмын.
Қараспан таудай белінді,
Қаракыпшақ елінді,
Кіндік кескен жерінді,
Орман, тоғай, көлінді,
Тырнақтап жиған мүлкінді,
Асылғандағы аруақты,
Атаң құрған шаңырақты,
Көкежан, кімге тапсырдың?
1960 Кемпірің мен шалыңды,
Төрт түлік біткен малыңды,
Құдай қосқан жарыңды,
Мен секілді бауырды,
Ұйтқылы өскен ауылды

Көкежан, кімге тапсырдың?

Қобыланнан қабылдау:

—Егімді асқан аруақты
1970 Иесіне тапсырдым.
Ұйытқылаған шаңырақты
Егесіне тапсырдым.
Кемпірім мен шалымды
Жаратқан Аққа тапсырдым.
Олай-бұлай іс болса,
Құдай қосқан жарымды
Кезеңген елге тапсырдым.
Сендер төртеу, мен жалғыз,
Мен сықылды қубасты
Сендер кімге тапсырдың?!

Қарын 1980-ы Қарлығаштың толғауы:

—Адасса, жолға салып жүр,
Сүрінсе, қолдан алып жүр.
Жеті ғазиз кәміл пір,
Көкемді сізге тапсырдым.
Әлемнің көркі күн мен ай,
Күштінің епкі бір Құдай,
Көкемді сізге тапсырдым.
Жылқышы ата Қамбар пір,
Шешілмей қалмас терең сыр,
1990 Қауыс қысас қырық шілтен,
Көкемді сізге тапсырдым.

Қобыланды:

—Кіндік қан тамған жерімді,
Иеленген елге тапсырдым.
Қарындасым қандасым,
Қарындасым, Қарлығаш,
Есті ерге тапсырдым.
2000 Тоғай толған малымды

- Шаттанған жауға тапсырдым.
Желі толған жылқымды
Жасанған жауға тапсырдым.
Тоғай толған түйемді
Жаман шөп пенен шағылда
Сары суға тапсырдым.
Шопан ата қойымды
Азу тісі балтадай
Жас бөріге тапсырдым.
Ата-ана құл ағаш
Әсем Құртқа қиғаш қас,
2010 Қарлығаш атты бауырлас,
Аққа аманат біздің бас.
Тауда болар тарғыл тас,
Тарықса, шығар көзден жас.
Тар қолтықтан оқ тисе,
Көзден ағар қанды жас.
Қарауыңда бар болса,
Қол береді екен қарындас.
Анық ажал кез келсе,
Қайда қалмайды жалғыз бас.
2020 Қараспан тауды жайлаған,
Қарақыпшақ туған ел,
Қош аман бол, бауырлас!
Сонан соң Қобылан жөнелді,
Батырлық деген қиын серт,
Жалғыздық деген ауыр дерт.
Туған жерден бет алды,
Зырғанаған бурылдың
Түтіні бура, тұяғы өрт.
Қос құлақты қадағаш,
Бауры тартып жараған.
Қоңған сайын киелі,
Жерге түссе екі аяқ,
2030 Бауры жерге тиеді.
Ер Сайын қонған жылғадан
Бурыл өтті зырлаған.
Қалың қият көп нөкер,

- Уәделескен құр бекер,
Жағалай қайың, қарағай,
Сайынның ұлы Қараман
Кеткен екен қарамай.
Ойланып тұрып: «Бұл қалай,
Абырой бер, Құдай-ай.
Сейісі қатын, атым тай,
Қалғаным ба ұнамай.
Кетсе де серпіп көрейін,
2040 Жалғыздыққа көнейін.
Мал да болсаң сабыр ет,
Арам терді төгейін.
Қылығы қымбат қызметкер,
Еңбегін жардың жемейін.
Көп еңбекпен алып ем,
Қатын да болса сенейін.
Жұмақта қорлар сымбатты,
Үйдегі Құртқа жұбайым,
Жұбайым олқы болды деп,
Жемеймін ешбір уайым.
- Анаң тұлпар, тай бекі,
2050 Атаңның тегін сынайын.
Жан серігім жалғыз ат,
Төрт аяғың сом болад.
Үкілі құйрық, майда жал,
Жары күміс, жары алтын,
Жан серігім бурыл ат,
Қалқам бүгін бұлайын.
Қыдыра жалды қыл құйрық,
Сенен озбас деп едім.
Аяғы екеу, бір басты,
2060 Жылқышы Қамбар піріңе,
Сенің тәнің аманат.
Бір жаратқан Құдайға,
Менің жаным аманат.
Жалғыздықтың жаманы-ай,
Қарамай кеткін жамағат.
Бұл дұшпанға қылма мат,

- Шырағым Бурыл, шу»,—деді.
Бурыл балқып гуледі,
Үстіндегі Қоблекең
2070 Не болғанын білмеді.
Әбіресіндай есілді,
Төрт аяғын көсілді.
Бүгежектеп келе атқан,
Байлаулы малдай шешілді.
Көлденең жатқан көк тасқа,
Тіктеп тиген тұяғы,
Саз балшықтай иледі.
Қос құлағы тігілді,
Қыранға біткен қамыстай.
2080 Күн төбеден ауғасын,
Ширатылып серіпті,
Илеуі жеткен қайыстай.
Жақын қылды алысты,
Ауыздықпенен алысты.
Тарта-тарта батырдың
Алақаны қанады.
Шыңылауы жеткен қас тұлпар,
Берсін кімге намысты.
Ай мүйізді қошқардың
2090 Бөрі тартты қоңынан.
Ерікті туған Қобыланнның
Жұлдызы туды оңынан.
Қара Боқан жауырыншы
Ердің жетті соңынан.
—Үлкен едің ар ма,—деп,
Алдыңда кісі бар ма?—деп.
Сонда Боқан сөйлейді:
—Қашан шықтың ауылдан,
Қобыланды батыр ер,—дейді.
2100 Он жеті күн көшкелі
Қалың қият ел,—дейді.
Бір бел жүрсең, көрінер
Қос дәулет деген ел,—дейді.
Тайбурыл атты құтыртып,
Бұған да жетті сыпыртып.

- Үлкен аға, ар ма деп,
Алдыңда кісі бар ма?—деп.
—Қылшаң жүнді қарапай,
Айыбың жалғыз қарағай.
Осынау белдің астында
- 2110 Аққозы ағаң барады-ай.
—Шырағым бурыл, шу,—дейді,
Тозаңы шаңды ілмеді.
Бұған да келді сыпыртып,
—Үлкен аға, ар ма,—деп,
Алдыңда кісі бар ма?—деп.
—Қылшаң жүнді қарасың,
Жылқыдай құмай аласың.
Атадан жалғыз дарасың,
Жетерсің деп ойлаймын,
- 2120 Өз кеуліме шамасын.
Сайынның ұлы Қараман,
Көрмегелі жиырма күн,
Толды бүгін қарасың.
Жылда бөрі дылдасың,
Қажет болса құрдасың,
Іздесең тауып аласың.
«Айт, жануар» дегенде,
Қабырғасы сөгілді,
Көп шабысқа арнаған,
- 2130 Құдіреті екен сол күнді.
Қараманның соңынан
Жөнегенде Бурылдың
Жаңбырдай тері төгілді.
Тайбурыл мен Қобыланның,
Дүбіріне қарасаң,
Қырық мың қандай көрінді.
Бурылменен сыпыртып:
—Ассаламағалейкүм,
Жолың ұлық батыр-ай,
- 2140 Мақтаған атың осы ма,
Тағы да бар ма, апырай?!
Жаяменен жал қандай,
Алуа, шекер бал қандай.

- Қатын баққан бурылмен
Жарысуға әл қандай?!
Бәрекелді, досым-ай,
Мақтаған атың осы ма ай?!
Жазығы, әттең, ұрғашы,
Қатынның аты осылай!
- 2150 Он екі күнде жетерсің
Жауға тіккен қосыма-ай.
- Жөнелді батыр тағы да,
Ермеді қият шаңына,
Тобылғы сапты қамшыны
Толғап тартты Қобыланды ер,
Тайбурылдың соңына.
Былаңдаған бурылдың
Қатты батты жанына.
- 2160 Жанына батпай не қылсын,
Сауысқан қарға тойында,
Санынан аққан қанына.
Төменгі ерні жыбырлап,
Жоғарғы ерні сыбырлап,
Сонда бурыл сөйледі:
—Өкпеңнен тарат, батыр, шер,
Айыбың жеке, Қобыланды ер.
Осы аттанған сапарың,
Ұшатын құсқа қырық күн жер.
- 2170 Ерде жеке сен едің,
Малда жеке мен едім.
Қас батыр жанымды ауыртпас,
Теңеген басқа деп едім.
Қолыңнан алар адам жоқ,
Өлтірсең де көнемін.
Жалғыздық кегін менен ал,
Жамбасыма қамшы сал.
Ат қылды Тәңірі, не амал бар,
Ат қылып Тәңірім жаратты,
- 2180 Сен секілді ылайға.
—Адам болсын мал болсын,
Жалғыздық деген оңай ма?

Намаздыгер өткенде,
Намазшамға жеткенде,
Қазан ағаш бағасын
Қазанның сырлы қаласын,
Көрсетпесем көзіңе,
Жан серігің Бурылды,
Құрбандық айтып жаныңа,
2190 Сол жерде шал Құдайға.

Осылай батыр шу деді,
Бытылдап Бурыл гуледі.
Аманбай тіккен ақтеке,
Аса қарғып жөнелді.
Сеңгірбайдың сегіз тау
Серпініменен бөледі.
Жекендінің жеке көл,
Желісіменен жөнелді
2200 Баялышты құмайттан,
Бүлдіргілі шыңайттан,
Қалғабайлы ылдидан,
Қасқалдақты бұлдидан,
Найзасы аумай қолынан,
Жұлдыз аумай оңынан.
Нұрымбет өткен күн төбе,
Бауыры шұбар күн төбе,
Сол мезгілде Тайбурыл
Төрт аяғын тең басты,
2210 Масаты шалбар балағы,
Жел сокқандай жалтылдап,
Таңсықбай өткен талайдан.
Оттайын десе оты ащы,
Ішейін десе суы ащы.
Ит қырылған манайдан,
Аяғын топтап басады.
Ол төбенің тозаңын
Бұл төбеге қосады.
Көтеріліп ұшқанша,
Көк құтан жекті басады,
2220 Өлген құстар көп қалды,

- Көтеріле алмай жек қалды.
Ақ сары бас қу лашын,
Өлген құсты жеп қалды.
Сол мезгілде бурыл ат,
Біреуінен біреуін
Сынық сүйем кем басты.
Қошамбай өткен қос көлден
Құлпырып өтіп жөнелді.
Жекендінің желбір көл,
2230 Желе басып жөнелді
Сақыбай өткен санайдан,
Төрт тұяқтан шыққан от
Шақпақ тастай жалтылдап,
Отауланған ақ көбік
Омырауда бұркылдап.
Қанымбайдың Қаратау
Қарғып асып жөнелді.
Жаңбырдай тері төгіліп,
Қабыртқасы сөгіліп,
2240 Аш күзендей бүгіліп,
Көрінді қазан нақпа-нақ.
Қазанда айла мол екен,
Тоғыз қабат қазанның
Сырты құрған тор екен.
Алты қабат қазулы
Айналасы ор екен.
Таңдап-таңдап батырлар,
Зорға өтетін жол екен.
Сақалы алтын, мұрты жез,
Қазанда асқан зор екен.
2250 Орға келіп Қөблекең
Бурыл атқа сөз айтты:
—Уа, жан серігім бурыл ат,
Дұшпанға мені қылма мат.
Нәшіңіз мал болғанмен,
Анаң Құртқа асыл зат.
Егесіп шықтым бөрікпен,
Құдайға Құртқам аманат.
Тауымды Қазан жемесін,

- Жылқышы Қамбар демесін.
2260 Ор енді де, тор биік,
Бұған қалай көнесің?
—Жұмсасам, бұлың жетеді,
Бұхардың бояу бөзінен.
Қазанның жері тап осы,
Көрсеттім, батыр, көзіне.
Өліп кетсем ырзамын,
Мені баққан Құртқаның
Қалқамжан деген сөзіне.
Тізгінді түй де желкеме,
2270 Берік бол батыр өзіңе.
Қайта сөзге келмеді,
Көтеріліп бурыл бұлт етті.
Қанша батыр болса да,
Қобыланды ерден сұр кетті.
Төрт аяғы баурында,
Ортасына томп етті.
Тайбурылдың салмағы,
Қобыланның бітіп арманы,
Ойыла жаздап қара жер,
2280 Ортаймаса, да солқ етті.
Кедей ғасте болды деп,
Дыбысқа кеулім толды деп,
Мен тұрғанда қалада,
Кім жаннан безген сорлы деп,
Қабактан қары бораған.
Ток болсын деп қолыма,
Топтап бархыт ораған.
Құдайдан дұшпан сұраған,
Жау көрмесе жылаған.
2290 Құла қасқа ат мінген,
Ат күйрығын шарт түйген.
Алдына дабыл өңгерген,
Басына қалқан төңкерген.
Молдалар айтар бес азан,
Суда болар сар сазан,
Алдынан шықты ер Қазан.
—Ау, тоғайсың, тоғайсың,

- Неғылып жүрген ноғайсың?
Неғылсам да оңайсың,
2300 Атыңның жалы жатыңқы,
Алыс жерден келгендей,
Қабағың неге қатыңқы?
Түн ұйқыңды төрт бөлгендей,
Бет реңің келмей тұр,
Түн шабуылын көргендей.
Дидарыңа көз салсам,
От болып қаулап жанасың.
Жер иесіз дедің бе,
Тау иесіз дедің бе?
2310 Батыр болсаң сен,—дейді,
Қанішер Қазан мен,—дейді.
Сүйегі тәуір мал екен,
Астыңдағы Бурылды,
Қан тигізбей бер, дейді.

- Қобыланды ер сонда сөйлейді:
—Мінген атың құла ғой,
Білгенің болса қыла ғой.
Қолыңа келді бір бала,
2320 Құмарыңнан шыға ғой.
Өзі болған жігіттің,
Жетесін сұрап не етесің?!
Меніменен сөйлессең,
Тез дүниеден өтесің.
Ат беруге келіп пе ем,
Сен секілді жынысқа.
Көрінгенге ат бер деп,
Ойлашы өзің дұрыс па?
Әлің жетсе, аласың,
2330 Айтайын сөздің сарасын,
Жетпесе әлің, қаласың,
Асылы қалмақ тексермес,
Ноғайлының баласын.
Мені бала десең де,
Сыбағанды аласың.
Басы ойын болса да,

- Аяғы шайтан жабысты.
Қоблекең менен ер Қазан,
Екеуі жақын барысты.
- 2340 Құр жақынменен тұрмады,
Аямай найза салысты.
Қарағай найза ендірді,
Ырғасып батыр қалысты,
Екеуді іздеген
Қашаннан қанға құмар-ды.
Бір-бірінің сыртынан,
Найзаны сүйем шығарды.
Қақырғанда қан кетті,
- 2350 Түкіргенде жын кетті.
Итерісті, тұрысты,
Ит арқасы құрысты.
Қақырғанда қан татып,
Түкіргенде жын татып,
Ерлерінің артына,
Алма-кезек міністі.
Қазан сынды батырды
Қобыланды ер аттан аударды.
Суырып алды жан шықты,
- 2360 Егескен ерде арман жоқ,
Аузына тықты балшықты.
Үрерге итін қоймайды,
Сығарға битін қоймайды,
Бурыл балқып ойнайды.
Туырлығын тоқым қып,
Керегесін отын ғып,
Қазанның алды қаласын,
Қараманнан хабар жоқ.
Қоблекең осыменен жатып алды,
- 2370 Өтірік басқа, шын басқа,
Қарайлады құрдасқа,
Есіл дерті туған жер,
Кейінде қалып туған ел.
Егескен жауды мұқатқан,
Досты күткен Қобыланды ер,

- Бір дауыс тиді ердің құлағына.
Айналмас сұм дүниенің тұрағына,
Қобыланның ызың тиді құлағына.
Сағынтып әрең көрген құрдасының
Ұқсайды құлағына құрдасының.
- 2380 Қөблекен бұл қалай деп ойға қалды,
Құбылтып бурылды ойнақтатып жетіп барды.
Жігітке сасқанда ақыл табылмайды,
Қараман сонда сөйлейді:
—Балташ тастан өтпейді,
Жақсылық естен кетпейді.
Жылы бірге жылдасым,
Заманы бірге құрдасым.
Бізді көрген дұшпан жоқ,
Ерліктен ешкім қысқан жоқ.
- 2390 Жан кеудеге аманат,
Бас қостық сағи саламат.
Сен дана болдың ақылға,
Ортақ едік қатынға.
Атымда дәрмен жоқ екен,
Бір мархабат ет дейді.
Шылбырды беріп Қөблекен,
Шығарып алды ақ ордан,
—Атаң бір де, анаң бір,
Екеумізде бір-ақ жыл.
Сырлас болып төктік нұр,
- 2400 Қалмақтың екен данасы,
Қазанның екен қаласы.
Талабыңды ал да, ырза бол,
Қияттың асыл баласы.
Қараман сонда сөйлейді:
—Ау, Қобыланды ер,—дейді,
Менің нем сенен кем?—дейді.
Екі қалам ұстаған,
Еркегін өзің көресің.
Ессіз қалған қаланы,
- 2410 Сауғаға маған беріпсің.
Мені кім сенен кем дейді,
Екеумізді ел қорғап,

Жорыққа шыққан ер,—дейді.
Жеделсіз жесір қатындай,
Иесіз қалған қалаңды,
Менің де алғым келмейді.
Ерлігімді есіңе ал,
Талапты ерге несі бар.
Көбікті деген батырды,
2420 Маған да тауып бер,—дейді.

Кең пейілді таң айыр,
Бұған дағы болмады.
Кейінгі қол келсін деп,
Ат шалдырып орнады.
Келгесін қият қалың қол,
Батырлар тағы алды жол.
Есіктің алды ат тақыр,
Аймақтан шыққан қос батыр.
2430 Екі мезгіл жер алды,
Шабданда жатқан көп жылқы,
Қара құрттай қайнаған.
Найзағайдың отындай
Тай мен құлын ойнаған.
Көз әйнектей көк ала,
Айдап жөнге салады.
Жау екенін білгесін
Шекесінен қарады.
Омыртқасы отаудай,
2440 Қабыртқасы қалқандай,
Құйрығын сыртқа салады.
Көбікті мінген көк тарлан,
Суырылып шығып барады.
Жалғаса қуған қос батыр
Қарасын көрмей қалады.
Бүгін келген дұшпан жоқ,
Екі батыр қарады.
—Сен де алып едің бір ерді,
Маған бер,—деп—бұл ерді.
2450 Қобыландыдай батырға
Қараман қолқа салады.

- Кеуліне мәлел келер деп,
Маңдайынан көрер деп,
Терең сайдың төрінде
Тайбурыл атты қаңтарып,
Қоблекең ұйықтап қалады.
Кешегі кеткен көк тарлан
Сәскеде қалаға шауып барады.
Жау тиді деп малыма,
Ортақпын деп қанына.
- 2460 Ақ сауыты жарқырап,
Тау суындай сарқырап,
Он екі батпан тас шоқпар
Тақымына салады.
Шабысы күндей күркіреп,
Тарланның тері сіркіреп,
Көбікті айқай салады:
—Жусап жатқан жылқының
Жусауын бұзған кім?—дейді.
Жайылып жатқан жылқының,
- 2470 Жайылымын бұзған кім?—дейді.
Түлекте жатқан бөріге
Түлен түртіп қандай жан
Ажал айдап жүр?—дейді.

- Қараман сонда сөйлейді:
—Ойыннан алған олжадан,
Мен де алайын деп едім.
Жусап жатқан жылқыңның
Жусауын бұзған мен едім.
Дәмең болса, көр!—дейді,
- 2480 Онда, бері кел!—дейді.
Тобығын қаққанда
Қараман батыр көнбейді.

Басып алып тақымға,
Нәзім беріп батырға,
Серігіңді тап!—дейді.
—Ау, батыр, табыла ма жаныма айла,
Бұл жерді өзім іздеп табу қайда!

- Шын сөзге келгенінде тоқтамаймын,
2490 Баласы Қобыланды бар анау сайда,
Негізі қарақыпшақ Тоқтарбайдың.
Қолыңа түскен торғаймын,
Нашарлығым сондаймын,
Сенің атың шыққанда,
Жаным қалса осыдан
Олла да тентек болмаймын.
Ертіп келді Қараман
Өзі көрген жеріне.
Көзі көріп Көбікті,
2500 Көңлі тойды еріне.
Сансыз өскен жылқыдан
Бурыл болса көрінді
Көбікті ердің көзіне.
Жасады Көбікті айланы,
Қобыландыдай батырдың
Қол-аяғын байлады.
Жар тіреді Қобыланды ер
Тәтті ұйқыда бабымен.
Көбікті батыр ұрады
2510 Тас шокпардың сабымен.
Шокпардың сабы тигенде,
Қобыланды батыр керілді.
Он екі батпан тас шокпар
Бит шаққандай болмады.
—Ассаламағалейкүм,
Көбікті қалмақ ер!—дейді.
Тоқтарбайдың баласы
Қобыланды батыр мен,—дейді.
Әдебің қайда, апырмай,
2520 Іс қылмадың батырдай!
Ұйықтап жатқан жерімде
Бұғау салдың қатындай.
Кекті болған сенен мен
Кегімді алмай қоймаймын.
Өшті болған сенен мен
Өшімді алмай қоймаймын.
Шәріңе шаңдақ саламын,

- Есебін тапсаң қорынба,
Тұрғанда бақыт қолыңда.
2530 Өлтіріп кет мені сен,
Бір ерден байлау көргенім,
Өлмесем де, өлгенім.
Кәзіргі бақыт сенікі,
Бұл көргенім өзімнен.
Енді екі айтпаймын,
Өлгенімше қайтпаймын
Осы айтылған сөзімнен.
Сонда да батырды алады,
Қос батырды Көбікті
Қызыл көк аттың беліне
2540 Байластырып салады.
Күн төбеден ауғанда
Шәріге жетіп барады.
Әкесінің алдынан
Жарқылдап шыққан Қарлыға
Боқжамадай құшақтап,
Екеуін кетіп барады.
Салып қойды апарып
Қос батырды абаққа.
Екі сухар нан беріп,
Күн ара кесім тамаққа.

2550

Қарлыға қыздың батырларға келіп, тамақ туралы сөйлесіп жатқан кезі екен:

—Бармысыз сағи саламат,
Абақта жатқан қос батыр?!
Бәрекелді, ермісін,
Ерлік құрдым дермісін?!
Аяқ-қолды босатсам,
Қадырды білер сенбісің?

2560

Қараман:

—Менің өзім нашармын,
Босатсақ көңлімді ашармын.

Сұлудан болған шапағат,
Даңқыңды елге шашармын.

- Мұның біліп жағдайын,
Қобыланға қойды маңдайын.
2570 Білейін деп мұның да
Езу тартып күледі,
Қарлығаңыз қандайын.
Сәлем беріп бұраңдап,
Сөз сөйлейді батырға:
—Есіктің алды ай татыр,
Қолда келген қос батыр.
Рахым қылсам жаныңа,
Есінді жинап алған соң,
Ойлайсың ба ерлік тағы да.
2580 Басыңды көтер, ие бол,
Екі сухар наныңа.

Қобыланды:

- Құдайдан зия айыбым жоқ,
Өлімнен тіпті қайғым жоқ.
Қыздығың қымбат көрінбес,
Байталға қойған бәйгім жоқ.
Бүгін бағың тұрғанда
2590 Көбіктінің қызысың.
Ертең жанға күн туса,
Бір қалаулы ердің тұзысың.
Өз әкеңді өзің сатарсың,
Құрметті ердің күңісің.
Атам өнген Әнестен,
Ақылыма сай адассам,
Арғы тегім ноғайлы,
Шәрің маған оңай-ды.
Мен босансам, сен күңсің,
2600 Алдыңдағы істі кім білсін!
Осыны айтып Қоблекен,
Ашуланып керілді.
Қабат-қабат шынжырлар

- Шуда жіптей бөлінді.
Әруағын шақырды,
Шыға салып ақырды.
Кісі бойы шарбақтан,
Бұлт етіп бурыл атылды.
Атқа қолы тиген соң,
Батырдың кеулі ашылды.
Осыдан қалсам, өлем деп,
Қарлыға қыз да шатылды.
Жан-жағын қарап қармайды,
2610 Жауды біліп тарлан ат,
Жан-жағын қоймай жалмайды.
Үйге барып Қарлыға
Әкесін былай алдайды:
—Қымбатты көке Көбікті,
Жамандатқыр тарлан ат
Байлауда тұрып ерікті.
Үстем болсын мерейің,
Мен жолыңда өлейін.
Көк тарланды ерттеп бер,
Шәріге шығып азғантай
Мауқын басып келейін.
Кім жек көрсін баланы
Айтқан тілін алады.
2620 Атын ерттеп береді,
Ойнақтатып жөнеді.
Қолынан беріп сақалын
Көбікті қалған жері еді.
Есіз тастап қаланы,
Тізгінді қолға алады.
Қос батырдың соңынан
Қарлыға кетіп барады.
Көк алалы көп жылқы
Ысқырып алға салады.
2630 Бір белестен асқан соң,
Екінші белге басқан соң,
Жамандатқыр ақ моншақ
Кейін қашып барады.
Жалғаса куған қос батыр

- Ілесе алмай қалады.
Қарлыға сөйлейді
Өкпесінен сыр ашып,
Ер Қобыланға шамала:
—Сапалы алтын, мұрты жез
Көбікті ер келер тез.
Бадана көзді тор сауыт
Өзім қолдан тоқыған,
2640 Болар деп заман қандай кез.
Тар кіндіктің тұсынан
Тастап едім екі көз.
Басқа жерден тез өтпейді,
Сол жерден атсаң түсер тез.
Ақ сауыты жарқырап,
Айқайын салып барқырап,
Көбікті шықты белге асып,
Әні-міні дегенше
Келіп-ақ қалды ұштасып.
2650 Ұйқыда кеткен кегі бар,
Ызада кеткен шері бар.
Батырлы ердің ұраны
Кеселеп Қобылан тұрады.
Қыз айтқан жер осы деп,
Тар кіндіктің тұсы деп,
Сол жерден байлап ұрады.
Бөксесі аттың үстінде,
Көбікті ердің денесі
Ақ сауыты жарқырап,
2660 Дөңгелеп аттан құлады.
Өкпем қанға толды деп,
Өзімнен кінә болды деп,
Қыз он беске толғансын,
Қыласы ісін қылды деп,
Бытырлатып сақалын
Оңды-солды құлады.
Сен не қылдың маған деп,
Мен де қылдым саған деп,
Тақымынан түскен шоқпармен
2670 Тас төбеге ұрады.

- Жау келді деп өкпеден,
Шаң шықты деп өкшеден,
Кіріріне көр таппай,
Қараман қатты қысылды.
Ат үстіндегі бөкседен,
Ызалық кетіп қолынан,
Жұлдызы туып оңынан.
Көрінгесін қуанды,
Қарлыға менен Қобылан.
- 2680 —Еділде байтақ ел,—дейді,
Аман қалдың ер,—дейді.
Өзімізге қауышар
Қараспан байтақ жер,—дейді.
Сұлу Құртқа сенде бар,
Қу тіземді құшақтап,
Бойдақ жүрмін мен,—дейді,
Олжадан келген Қарлыға
Тіл алсақ, сауға бер,—дейді.
—Қимайтын болмас дүнияым,
- 2690 Тілімді алсаң, күрдасым,
Қапқа тыққан борықтай
Құр кеудеңе ырзасың.
Мінекей, менің бергенім,
Риза болса, ұрғашың.
Қарлыға оған көнбейді,
Батыр туған Қобыланды,
Үйде қалған Құртқадан
Батылы ердің келмейді.
Шатырлаған көп жылқы
- 2700 Тоғайдың бетін алады.
Сатырлаған көп қият
Жатыр екен манағы,
Сырлаған сырлы қаланы.
Қарлығаға батпай жүр,
Қараман ердің бармағы.
Қобыландыдан көзін жаздырмақ,
Енді ойлаған арманы.
Атың болса шалсын деп,
Ұйқың болса қансын деп,

- 2710 Қобыланды ерді алдады.
Бір ұйықтаса, Қобыланға
Ұйқы серті жеті күн.
Қараман да көрсін деп,
Қарлыға жастың қызығын.
Қараман тапты көп ойлап,
Ақылдың қиын бұзығын.
Ұйқыға барған Қобыланды
Қараман батыр бағады.
Шын ұйқыға барғасын,
2720 Ойлаған амал бойынша,
Бурылдай тұлпардың
Төрт аяғын сау қоймай,
Аямай шеге қағады.
Қалың қият дүрлігіп,
Түнде көшіп жөнеді.
Қобыланды ер алда кетті деп,
Қарлыға хабар береді.
Қалың кеткен көп қолда
Дүрмекпен ол да жөнеді.
2730 Қанша жауды тұндырған,
Дұшпанның белін сындырған,
Ел қорғаған Қобыланды ер
Жұртта қала береді.
Қобыландыны оятып
Баба Түкті Шашты Әзіз,
Тарығып жатқан батырдың
Түсіне Құртқа енеді.
«Татырға біткен жалғызым,
Ас ішінде алдызым.
2740 Көтерсейші басыңды,
Жау егесі жалғызым.
Өкпең шырын, етің бал,
Әлемге түгел есің бар.
Жалғыз атың ақсады,
Табанындағы шегені ал».
Селк етіп батыр оянды,
Жан-жағында ел де жоқ,
Құрдас боп жүрген ер де жоқ.

- Батыр ойға қалады,
2750 Жасын төгіп көзінің
Бурыл атқа барады.
Шеге алуға құрал жоқ,
Аямай тісті салады.
Тісіне түгел іліккен
Шегені қоймай алады.
—Осал ердің мырқын-ай,
Жалғаншы дүние шіркін-ай!
Шындасам, әлім жетер ет,
Қалың қият жұртың-ай.
- 2760 Атамды көріп істеген,
Ақ батаның құрпын-ай!
Жалғызға жәрдем етер адам жоқ,
Жалғыздығы құрсын-ай!
Жамандықты қалама,
Жау келсе де қарама.
Намаздыгер болғанда
Жеткіз мені Бурыл ат
Сау болсам, қолқам анама.
Аян берген қыз Құртқа,
- 2770 Жан шықпай естен қала ма.
Осыны айтып ер салды,
Құтырып Бурыл жер алды.
Жылыса берді жыландай,
Шаңдағы шығып тұмандай.
Елге қарап бет алып,
Ойнады шіркін құландай.
Сиыр сәске болғанда,
Тобырлы тоқсан көп қият
Қала берді ұялмай.
- 2780 Қол алдына шығыпты
Қарлыға менен Қараман.
Жұлдыздай аққан Қобылан ер
Өте шықты, бұларға
Қиығын салып қарамай.
Қобыланды көзін көргесін,
Жағамын деген Қарлығаш
Қарамай тұрып болды мас.

- Бір қиялды ойлайды,
Айтқаныңды қылат деп.
2790 Қарамандай батырмен
Аударыспақ ойнайды.
Айладан амал аспады,
Қарамандай батырды
Аударып аттан тастады.
Кеулін енді ашады,
Тарлан ат судай тасады.
Ойнап шыққан көк тарлан
Жер апшысын қуырды.
Ақ текеден асырмай,
2800 Соңынан жетті Бурылдың.
Сонда батыр сөйлейді:
—Қаршығадай, қарасам,
Көк тарланның сияғын.
Қаршып атып жерге ұрған,
Кемітпес дұшпан тұяғын.
Аттырғанда әкенді,
Қарлыға, не еді қиялың?
Тағы қудың соңымнан
Тоты құсы ұяның.
2810 Адамның беті күшала,
Әйелде түрлі илсана.
Татқан торда ұрындың,
Жөн сұраспай өз басың.
Әкенді көзеп түсір деп,
Сырыңды айтып торға шын.
Бітірмеді ме кеуліңді
Қараман сынды жолдасың?

Қарлыға қыздың жауабы:

- 2820 —Еріп шықтым елімнен,
Сауғаға басым берілген.
Қараман мені алдады
Қол алдында сіз бар деп.
Ақ-қарамды ашыңыз,
Замандас, бірге жасымыз,

Маған ыстық көрінген
Әуелден сіздің басыңыз.

Қобыланды ер:

- Ызалы ерден ар кетпес,
Қалаулы жарға жан жетпес.
Жұлдызың тусын оңыңнан,
Ере бер менің соңымнан.
Өмірді күтіп жай тапқан,
Он төрт жаста ар баққан,
Бурылды маған арнатқан.
Жатырда жатса, таныған,
2840 Кеуілде біткен арыман.
Кеңшілік болса, көрерсің,
Сұлу Құртқа жарымнан.
Қараманға өкпем зор,
Саған айтқан сырым сол.
Ергің келсе, ырза бол,
Қаламын десең, ашық жол.
Далада саған қисаңдап,
Болмаймын десең ызакор.
- 2850 —Үш ұйықтаса түсіме
Кірмеген сөздер ер едің.
Ұйқыма дүзде жастықта
Үйдегі басың мен едім.
Дидарыңды көргенде,
Тамақ әкеп бергенде,
Шыңға қонған тұйғындай,
Қадірді білер деп едім.
Қарсы алдыңнан шыққанда,
Жолдасың менен құрдасың
2860 Қарамандай батырға
Сауғаға батыр деп едім.

Қобыланды:

—Жасы бар адам көнер ме,

Біреуді біреу сатқанда.
Өзіңнің еркің өзінде
Бітіруді сақтауға.
Неге хабар бермедің,
2870 Адал болса кеуілің,
Шырылдатып Бурылға
Қараман шеге қаққанда?

Қарлыға:

—Қарасаң көзің қанағат,
Алмай ма батыр сымбатқа.
Ол араға күйдіріп,
Күнәға батпай сыр сақта.
Сіз болмасаң Қараман
Әкемнен маған қымбат па?

Қобыланды мен Көбікті қызы Қарлығаның таласулары осымен аяқталды. 2880

Қобыландының Қараспанға бет алуы:

Шүү деді тозаң бұрқылдап
Сеңгірбайдың белінен.
Ұшқандай аққу шыңқылдап
Шемендінің көлінен.

Көбікті мінген көк тарлан
Жарысты тұлпар тегінен.
Бірінен-бірі басып озбай,
Ауыздықпенен алысты.
Уыз шөлде қара жоқ,
2890 Қыз бенен жігіт жарысты.
Туған жерге бет алған,
Түзетті Бурыл шабысты.
Аршындап баурын жазады,
Үзеңгі қыз да қағысты.
Елге қайтқан бурыл ат
Берсін бе қолдан намысты.
Көз байлап ымырт болғанда,
Ылай уаққа қауышты.

- Бұл жерден атты суарды,
2900 Су ішкен соң қуанды.
Келатыр екен шөліркеп,
Тұлпарлар шаңды шығарды.
Ұшырмаған секілді
Тозаңы көктен шыбынды.
Қалың тоғай, көк майса,
Бір жерге бурыл жығылды.
Кетті ме деп зорығып,
Аттан басқа қара жоқ,
Қобыланды ер тұрды торығып.
Қою түн тастай қараңғы,
2910 Жерді сипап қарайды.
Жаңылмайды екен адал мал,
От пенен су азығын.
Таныған екен Тайбурыл
Көп байланған қазығын.
Өзі жауға кеткенде
Жолбарыс Қобылан жолда екен.
Қымбатты тіккен қыз Құртқа,
Ақ отаудың орны екен.

Қобыландының Қарлығаға айтқан сөзі:

- Жатқан екен жануар
2920 Қазығына келіп тез.
Нашар да болсаң, Қарлыға,
Аз ғана бізден тыңда сөз.

Кеткен екен жау алып,
Байқадым қыпшақ елімді.
Өзімнің басым сау болса,
Жібермеймін кегімді.
Басыма жаудан келед деп,
Ойламаймын өлімді.
Осы жерде дем алып,
Байқайын ертең жөнімді.
Қайран әкем ардақты
Тұр екен кімнің қолында,

- Сақалы алтын, мұрты жез.
Жарып алған Бурыл
Көк биенің құлыны.
- 2930 Түтікпенен өсірген
Құртқа елдің сұлуы.
Мен барда жауға қор болмас
Аз қыпшақтың руы.
Жолды болсаң, тон болар,
Байтақ жерге ел қонар.
Енді адал жолдас бол,
Өлмесе Құртқам, кез болар.
Осы араға қонды деп,
Өз тілегім болды деп,
Бөле көрме көңілді
- 2940 Жаудан басқа бөтенге.
Ұрмаймын әзір зейілді,
Екі көзі мөлдіреп,
Қайда жүр біздің сұлу жар.
Боялсын қанға көк найза,
Көп садақпен қылыштар.
Тілегенім күн-түн жау,
Осы араны жадыңа ал.
Енді маған керексіз,
Қарғадай шулап қияттар.
- 2950 Тыныштықты сақтасаң,
Қараманға қайта бар.
Мені сүйсең шынымен,
Мытыныңа бұршақ сал.

Сонда қыздан жауап:

- Тек жігерге ер емес,
Өз тұрпатым кем емес,
Сенімен бірдей көрейін,
- 2960 Қан қайнаса төбелес.
Әкемді сізге өлтіртіп,
Қалуым кейін жол емес.
Қапқа тыққан борықтай
Қараман маған тең емес.

- Ісімнің осы ыңғасы,
Атағым, әттең, ұрғашы.
Ердім саған еремін,
Сарала қанға былғашы.
Іштен тұрып сыр айтпай,
Қызға Қобыландының жауабы:
—Мені жұртқа тастатып,
Бурыл атқа ақсатып,
2970 Көп қиятпенен кеткенде
Жібіместей мұз қатып,
Үш ай тоқсан өкпемде.
Мен де өттім, сен де өт,
Ол .. кептерге.
Жарайсың!—деп сұлудың
Арқасына қағады.
Мені сансыз сандалтқан
Жалғыздықтың жаманы.
Жалғыздықтан мінім жоқ,
Кешірдім, сендім өзіңе,
2980 Осыдан басқа шыным жоқ.
Қақпақ жаурын бота көз,
Құртқаны жаудан босатпай,
Енді маған тыным жоқ.
Қыз да болсаң жарайсың,
Бір боламыз соғыста.
Серіктігіңе арман жоқ,
Жылқышы Қамбар қолдаса,
Екеуімізге мұқайтын
Бурыл мен тарлан жоқ.

2990

Сол мезгілде таң атып, күн көтеріліп қалған екен. Менің мынау құдығым еді, басында науам бар еді, Шапқыншы алып кеткен дейсің бе? Мен соған барып қайтайын деді. Құдықтың басында көп қауға тұрғанын Қобыландының көзі көрді. Науаның шетіне Құртқа Қобыландыға былай деп жазып кеткен екен:

«Бурылық танып келгенде, ерім, осы құдықтың басында бір суғарыңыз. Бізді алған Алшағыр деген қалмақ депті, үш жерге қурай шанышқанмын, сол жерлерге көз салыңыз» депті. Біреуіне ақ, екеуіне көк, үшеуіне сары жіп байлап қурай шанышқан екен. Ақ жіпті қурайдың

түбінде а3000 жемі бар екен, сары жіпті қурай түбінде бурылдың екі тартпасы, терлігі бар екен. Көк қурайдың түбінде сапталмаған найзасымен сары жез қамшысы бар екен.

Қайтып келіп, осыларды Қарлыға қызға баяндады. Көбікті батырмен алысқанда Бурылдың тартпасы үзілген еді. Бір жаман бөстек көзіне түсті. Мұны аударса әкесінің балғасы, төсі, атауызы бар екен, бауырым жалғыз қызбен екеуіміздің халіміз жайдақ атқа мініп барамыз. Сізге қауыштырып алса, ахха арман ие..деген орамалды қолына алып, Қобыландының Қарлығаға қарап толғаған бір-екі ауыз өлеңі мынау:

—Артық-артық дегенім,
 Міне, сұлу басқадан.
 Өзіне күн туғанда,
 3010 Байды ойлар ма басқа адам.
 Бұдан әйел өтер ме,
 Жау алғанда саспаған.
 Кәйтіп кінә тағасыз,
 Көзің көрді арман жоқ,
 Алты белгі тастаған,—деді.

Сонымен ат суарып жорыққа шығады. Таң алдындағы Құртқаның көрген түсі:

3020 —Ақ сүт берген әжеке,
 Жанды менің шырағым,
 Тасты менің бұлағым.
 Қазығынан айнымай,
 Келді теңбіл шұбарым.
 Жұртқа келіп қолға алды,
 Сұлтаным түгел құралым.
 Құдығынан су ішті,
 Құладін бурыл шырағым.
 Желкеге шашын шарт түйген,
 3030 Көкшіл тарлан ат мінген.
 Орта бойлы денелі,
 Қара торы ақ мандай,
 Қасында бір қыз келеді.
 Сау болса ертең сәскеде,
 Жолбарысым көреді.

Анасының жоруы мынадай:

- Палуан қыз жөндеп ісінді,
3040 Бибі батпа түсінді.
Жорысын балам Аллаһ бір,
Қондырса маған арман жоқ,
Қолыма тұйғын құсымды.
Келесі ертең таңменен
Шәріде кімнің барын білу үшін,
Қыз Құртқаның айласы,
Хан алдына бас иіп:
—Ау, Алшағыр, Алшағыр,
Тұтқындамыз біз қазір.
Жорға жүрген басым бар,
Он алтыда жасым бар,
Кіріптар болған басым бар,
Шапағат етсе іс жасап
Хан иесі асылдар.
Сенбесеңіз қарауыл
Беріңіз менің қасыма.
Таза ауа жұтып қайтайын,
Белдердің шығып басына.
Өмірімді қор қылмай,
Мен бауырды біртуа ал.
Көп кешікпей біреуміз,
Мен қаріпке сене сал.
Осыған хан сенеді,
Бір күң менен бір құлды
Қарауылға береді.
Елден ұзап шыққан соң,
Құл менен күң Құртқаның
Мәміле айтқан жері еді.
—Кім болады маған жар,
Кеуілімде арман бар.
Басым дара мен сорлы,
3050 Сен екеуміз болдық пар.
Біреуіңнен біреуің
Жолға шықтың ақыңды ал.

Теңіне әркім тым тәтті,
Майсаға құл мен күң жатты.
Сұлу туған қыз Құртқа
Жабында менен жүгірді.
Иісін білген бурыл ат
Бір иісінен шыңғырды.
Даусын танып бурылды,
Омырауын айырып,
Құртқа да қарсы жүгірді.
Ана болған Құртқаның
Екі емшегін иіскеп,
3060 Сонда Құртқа толғайды:
—Көріндің бе, жалғызым,
Алла оңдасын жолыңды.
Ханға тығар жау қалың,
Сілтей көр, батыр, қолыңды.
Ғайып ерен қолдасын,
Құдай ашсын жолыңды.

Бұдан кейін хан еліндегі хабарларды Құртқа түгел айтуға құл мен күнді ертіп қайтадан келді.

3070 Тоқтарбай деп күңіренісіп ұран салды,
Ыңырысқан ұраны жерді жарды.
Қырық-елу мың бар ғой көп шамасы,
Хан елінде бар ғой деп хабар салды.
Қабыртқасы сөгілген,
Жаңбырдай тері төгілген.
Бурыл менен көк тарлан
Шәріге келіп енеді,
Қобыландыдан бұрын тиеді
Қарлыға қыздың найзасы.
Жау ішінде мықты деп
Тоғанастың айласы,
3080 Қарсыласып қалысты.
Қобыланды мен Тоғанас
Іркілмей найза салысты.
Төңкеріп өтті Қобыланды ер,
Қарсысына шыдатпай.

- Алты құлаш ақ атпен
Айқасып қалды Ағанас.
Жаудан қорқар батыр ма,
Сескену ерге мақұл ма?!
Кезегіңе кел,—деді,—
- 3090 Еркек болсаң батырға.
Ел қорғаған тәуірсің,
Жолың ұлық кәуірсің,
Кезегінді өзің ал.
Қорамсаққа қол салды,
Қозы жаурын оқ алды.
Бадана көз қос ауыз,
Қарсы ілгегін ағытып,
Қобыланды ер тұрады.
Қалмақы ердің қасы деп,
- 3100 Қақ жүректің басы деп,
Аямай кәуір ұрады.
Төртеуінен өткенде,
Шакұр-шұқыр етеді,
Оғы қайтып кетеді.
Берік бол кәуір енді деп,
Маған да кезек келді деп,
Сарамсаққа қол салды,
Сұр жебе деген оқ алды.
Садақтың оғы қосылды,
- 3110 Қоблекен біледі тосуды.
Көк санағы гүрс етті,
Қол ортаға алады,
Жабылған кәуір қамады.
Әруағын шақырды,
Қобыланды батыр ақырды.
Кездесті істің ыңғасы,
Айыбы әттең ұрғашы.
Дәл жиырма бес жасында,
Ақмоншақ ат астында,
- 3120 Көбікті ердің баласы,
Қарлыға қыздың ағасы,
Бершімбай қарсы келеді.

- Бері кел деп бауырым,
Басымнан ұшты дәуірім,
Қарлыға толғай береді.
Ат шыдамайд жауырға,
Ер шыдамайд бауырға.
Қарындасын көрген соң,
Балдырғандай майысты.
Қобыландыға жағам деп,
Кәйтсем кеулін табам деп,
Алдына келген ағасын
3130 Желкесінен шанышты.
Қашқанмен пенде құтылмайды,
Ажалдан келген өлімнен.
Алам деп хабар ұрындым,
Өттең, тәңір, елімнен.
Ең болмаса өлмедім,
Өзімдей еркек теңімнен.
О, дариға, жалған деп,
Бершімбай да жан кешті,
Шашын түйіп долданып,
3140 Жау найзасын қолға алып,
Олжаға алған ала атпен
Құртқа да кірді долданып.
Сол мезгілде Қоблекең
Көз ұшында барады.
Оң жағынан Қарлыға
Сол жағынан қыз Құртқа,
Жауды шөппен қағады.
Алшағыр менен Қоблекең
Найзаласып қалады.
3150 Қанға еркін құмарды,
Екеуі білек сыбанды.
Ақырғанда қан татып,
Түкіргенде жын салып,
Бір-бірінің сыртынан
Найзаны сүйем шығарды.
Астындағы аттары
Тізелерін бүгісті.
Ерлері қалды қырқырап,

- Атта жайдақ тұрысы.
3160 Ұлы бесін болғанда
Алшағырды аударып,
Қобыланды екең шықты жалақтап,
Жайдақ атпенен салақтап.
Қыз Құртқа менен Қарлыға
Істеп жатыр білгенін,
Найзаменен шабақтап.
Тұмсығы қанға тиген соң
Қобыланды бөрі есірді.
Қыз да болса Қарлыға
3170 Негізі еркек секілді.
Айқай сүрен салады,
Ай бетінен шығады.
Алдынан қашса, кетпейді,
Артынан қуса, жетпейді.
Өз қосағын көргесін
Сұлу туған Құртқаға
Көк найзаменен көктейді.
Көзге ілінген қараны
Өртеңдей қиғаш салады.
3180 Бурыл тұлпар шапқанда
Тартылды жердің талабы.
Игісінменен Қобыланды ер
Садаққа келіп қалады.
Жауыз деген ер еді,
Игісіндей батырға
Қобыланды ер тағы да кезек береді.
Екеуі найза салысты,
Найзаласып қалысты.
Егісін де ер екен,
Ұстап жүрген халықты.
3190 Қоблекен де сүйетін
Қай уақыттан анықты.
Қолындағы найзасы
Ұңғысынан омырлып,
Батырлар демін алыпты.
Тілекті берсе Құдай деп,
Біздің тілек былай деп,

- Көбікті қызы Қарлыға
Оң өкпеден шанышты.
Бір кедергі ер еді,
3200 Дүниеден бұл да жөнелді.
Ісі жөнге келгесін,
Ерікке Қобылан қоймайды.
Найзағайдың отындай
Бурыл балқып ойнайды.
Үрерге итін қоймайды,
Сығарға битін қоймайды.
Туырлығын тоқым қып,
Қарсы келген шидені
Қарақыпшақ Қобыланды ер
3210 Бұл шаһардан шауысты.
Олжаға олжа қосылды,
Дұшпанның отын өшірді.
Қарақыпшақ Қобыланды
Он жеті күн ұрысып,
Қобыланды ер қайта көшірді.
Байтақ жатқан белдерді,
Тұтқында жүрген пендеңді,
Қараспан тауға ел келді.
Алшағырдың қызы екен,
3220 Кәнікейменен алдайды,
Қараман деген шиденді.
Жолдасына ергесін,
Қайратын көзі көргесін.
Әйел де болса налыды
Сұлу Құртқа теңдесін.
Қарлығаны алғанын
Тоқалдыққа жөн көрді.

3230


3240

3250

3260

3270

3289



Ғ Ы Л Ы М И

Қ О С Ы М Ш А Л А Р



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

ҚАРАҚЫПШАҚ ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР

(Қазан нұсқасы, 1914)

Бұл нұсқаның жырлаушысы бұрынғы Қостанай болысы, Қарабалық уездінің тұрғыны—Біржан Толымбаев. Шамамен XIX ғасырдың 90-жылдары жыршыдан Махмұтсұлтан Тұяқбаев жазып алып, «Қарақыпшақ Қобыланды батыр» деген атпен 1914 жылы Қазан қаласындағы «Үміт» баспасынан жарыққа шығарған.

Кітаптың алғашқы бетінде «Бастырушыға» деген атпен жинаушының атынан өлең шумағы берілген:

Көп сәлем Файзылрахман Шеркасовқа,
Сіздерге жіберілді мынау нұсқа.
Жайылса бастырылып жарар еді,
Еңбегі біз пақырдың кетпей босқа.
Атына ер Қобыланды қазақ қанық,
Бірінен бірі оқыған, жазып алып.
Қор болып, азып-тозып жүруші еді,
Көрсін деп талап етем бұ да жарық.
Білмеймін неге көптен басылмаған,
Тоттары, кіршіктері ашылмаған.
Жіберем жазып сізге есіткенді,
Емеспін өзім жүйрік аршындаған.

Жыр мазмұны Мергенбай нұсқасымен үндес әрі толық нұсқалардың бірі. Әйтсе де жыр стилі, сюжет құру, көркемдігі жағынан айырмашылықтар кездеседі.

Б.Толымбаев діни сауатты адам болса керек. Басқа нұсқаларға

қарағанда діни сарынға көп көңіл бөлген. Кеңес кезінде жари-яланбауы да осы себептен болуы мүмкін. Мысалы, Қобыланды батыр Құртқаны айттыруға барғанда Көклен кемпірдің шартын орындайды. Сонда Көклен кемпір: «Мұсылман екенсің, дініңнің күштілігінен алтын жамбыны атып түсірдің, енді мен сенің діңіңе кірдім. Қызымды саған бердім» дейді. Және батыр жаулары-мен айқасқанда көбіне пірлері көмекке келеді. Көбікті батыр-мен шайқасқанда пірлерін танымай, қуып жібергені үшін жеңіліп қалады.

Мәтін OFK-ның Қолжазба қорында сақтау түпнұсқадан (Ш.2330) еш өзгертусіз дайындалды.

Ж. Салтақова

ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР (Н.Байғанин нұсқасы)

Жыр мәтінін 1940 жылы Ақтөбе қаласында оқытушы Ахмет Ескендіров ақынның өз айтуынан жазып алған. Ұлы Отан соғысында қаза болғандықтан, жинаушының өз қолымен жазған түпнұсқасы сақталмаған. Жырдың латын әрпінде мәшинкеге басылған нұсқасы Орталық Ғылыми кітапхананың қолжазба қорында сақтаулы тұр¹. Қолжазбаның кіріспесінде ақынның «Қобыланды» эпосы туралы, оны жырлаған ақындар жайындағы мәліметі берілген:

«Мен он жеті жасымнан жырладым. Сол кезде тұқымды жырау Махует деген жыраудан осы Қобыландыны үйрендім. Махуеттің әкесі Ділмағамбет, Ділмағамбеттің әкесі Бітеген, Бітегеннің әкесі Терлікбай, Терлікбайдың әкесі Бақы, Бақының әкесі Жаскелең, Жаскелеңнің әкесі Бекберген деген атақты жыршылар өтіпті. Атадан балаға Қобыландының осы мен айтатын желісі қалған екен. Мен мазмұнын бұзбай, ертегісін сол күйінде беріп отырмын. Ожырай деген елден ақсақ Қонақберген деген айтқыш ақын да Қобыландыны осылай жырлады. Осы ожырай руынан Кенжеқара жыршы да Қобыландыны осылай жырлады. Қобыландының осы желісі бұрынғы басылып жүрген вариантынан көп өзгешелігі болғандықтан және шындыққа жанасымды болғандықтан, бағалы

¹ Н.Байғанин. Қобыланды батыр. ОуК, үү:Ш.62 Д.

болар деп ойлаймын»².

Нұрпейіс ақынның творчествосы жан-жақты. Оның басқа ақын, жыршылардан айрықша көзге түсетін бір ерекшелігі—ол әрі асқан жырау, әрі шебер орындаушы, сонымен бірге эпикалық қуаты мол ақын. Ақынның жырлаған «Қобыланды батыр» эпосының көлемді де көркем нұсқасы болып саналады.

Жыр көптеген батырлық эпостарға тән «ұлсыздарға орын жоқ, қызыздарға қызық жоқ» мотивінен басталады. Жырдың экспозициялық бөлімі басқа нұсқалардағыдан (Б.Толымбаев, Марабай) гөрі кеңірек жырланған. Қобыландының бір жастан он екі жасқа дейінгі өмірі санамалап айтылған эпизод Байғанин нұсқасының өзіндік ерекшелігін аңғартады. Жырдың одан кейінгі сюжеттік желісін Қобыландының Құртқаны алуы, Алшағыр ханның өтірік дос болуы, Қобыландының Барса хан мен басқа қалмақ батырларына қарсы күресін баяндайтын эпизодтар құрайды.

Нұрпейіс ақынның репертуарындағы «Қобыланды батыр» жырының сюжетінде өзге нұсқалардан біршама айырмашылықтары бар: бұл нұсқада Қобыландының Қазан хан мен Көбіктіге қарсы аттануы, Шошай ханмен соғысы жайлы эпизодтар, Қараман мен Қарлыға образдары жоқ. Қобыландының Қырымның қырық батырымен бірге қалмақтың Тәуке ханға қарсы күресі, Барса келмес хан мен оның қол астындағы Қаршыға, Шоңғара батырларымен соғысы баяндалған. Жырда әсерлі сипаттамалар, эпитет, теңеулер, поэтикалық монологтар мол қолданылған. Мәселен, қос тұлпардың шабысын суреттейтін:

Шапқан сайын желігіп,
Ат шабысы қозады.
Ауыздығын басады,
Ақ көбігін шашады.
Биік-биік тауларды
Алты-ақ аттап асады,
Тозаңын көкке шашады.
Құйысқаны сартылдап,
Үзеңгісі жарқылдап,
Өмілдірігі алқылдап,
Шаңды шаңға қосады,—

² Сонда, 3-бет.

деген жолдардан ақынның шеберлігі мен жыршылық қолтаңбасы айқын танылады.

Жырдың соңында Қобыланды өзі қалмақтармен шайқас өткізген елді-мекен, тау, өзен, көлдерге ат қояды. Бұл жер-су атаулары, негізінен, Батыс Қазақстан облысының аумағында кездеседі.

Мәтінде Ақтөбе облысының жергілікті тілдік ерекшеліктері, диалект сөздер ұшырасады: бүлгін, даң, бейпіл т.б. Біраз орыс сөздері кездеседі: срок, барабан, штраф, машина.

Томға енген Нұрпейіс ақынның «Қобыланды батыр» жыры Орталық Ғылыми кітапханада сақтаулы қолжазбадан (ОФК, Ш. 62 Д.) еш өзгеріссіз әзірленіп ұсынылды.

Т. Әкімова

ҚОБЫЛАНДЫ (Е.Ешімов нұсқасы)

Эпос мәтінін қызылордалық жыршы Ешімов Ержанның айтуынан жазып алған Боранбаев Қожабай мен Тойбазаров Жұмамұрат туралы еш мәлімет жоқ. Жырдың қолжазбасын қорға 1954 жылы Қызылорда фольклорлық-этнографиялық экспедициясының мүшесі, сол кездегі Тіл және әдебиет институтының қызметкері Т.Есенгелдин тапсырған.

Бұл нұсқаның негізі Марабай жырының үлгісіне жақын. Жырда Қобыландының дүниеге келуі, Құртқаны алуы, Қараманмен Қазан ханға қарсы аттануы, Көбіктінің тұзағына түсуі, Қарлығаның көмегімен Көбіктіні өлтіруі сияқты «Қобыланды батырдың» көптеген нұсқаларына ортақ сюжеттер қамтылған. Алайда жырдың экспозициясы эпостың өзге нұсқаларында кездеспейтін тың сюжет, мотивтермен толықтырылған. Мысалы, Қобыландының әкесі Тоқтарбай балаға зар болып жүргенде бәйбішесі Қаламқас өліп, тағы да екі әйел алады. Перзент сүйе алмай жүрген Тоқтарбай бір күні түс көреді. Түсінде бір қария: «Алыс елдегі түрікмен ханының қызын алсаң бір ұл, бір қыз көресің»,—деп аян береді. Қуанған Тоқтарбай ұзақ жол жүріп бір теңізге келеді. Сонда астындағы тұлпары адамша тіл қатып:

—Мынау жатқан алдында,
Бинаиз теңіз кең,—дейді.
Сол теңізге барғасын,
Айрыласың сен,—дейді.
Жарамаймын серікке,
Су ішінде мен,—дейді.

Теңізге түскен Тоқтарбай енді баттым ғой дегенде қолына үлкен бір нәрсе ілігіп, сонымен үш күн, үш түн жүреді. Сөйтсе, қолына ілінген киттің құйрығы болып шығады. Теңіздің арғы бетіндегі түркіменнің елінен қыз алып қайтқан Тоқтарбай бір ұл, бір қыз сүйеді.

Е.Ешімов нұсқасында Құртқа—Тоқтарбайдың кезекті бір соғыста қияттан алып келген қол астындағы аспазы Еңсеп пен Көкләннің қызы. Балалар дүниеге келген соң Қобыланды мен Құртқаның шешелері құдаласып қояды. Бірақ қияттар адамымызды қайтарып бер деп, Еңсепті қайтып алады. Ержеткен Қобыланды «жесіріңді іздемейсің бе?» деген күңкіл әңгімені естіп, Құртқаның соңынан аттанады. Бұл—фольклорлық шығармаларда жиі кездесетін батырдың қалыңдығын іздеу мотиві. Жырдың одан кейінгі сюжет желісі Марабай, Мергембай т.б. нұсқаларына ұқсас.

Жыршының эпосты орындау мәнері өзгеше, стилі бөлек екендігі бірден байқалады. Жыр бірде 7-8 буын, бірде 10-12 буынды өлең шумағымен өрілген. Эпостық шығарманың тілі қарапайым, сюжеті қызықты оқылады.

Е.Ешімов жырлаған «Қобыланды» жырының нұсқасы бұрын-соңды жарияланбаған және зерттелмеген. Томға ұсынылған жыр мәтіні түпнұсқадан (ӘӨИ, Ш.7.) ешбір өзгеріссіз дайындалды.

Т. Әкімова

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Аллаһ)—ислам дінінде бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес»*.

Исламдық сенім бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры—жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін—жұмаққа, енді біреулерін—тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (с.а.с.)—Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал құлшылықтың басты орны—Меккедегі Қағба, онда аспаннан құдіретті Алла түсірген қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық (жаратушы), Шариф (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б.

Алланың атын зікір ету рәсімі «Аллаһу акбар» деген мадақ сөзді отыз төрт рет, «Әлхамдулиллаһи», «Сұбхан Алла» сөздерін

* үүран Кәрім. 112-«Ихлас» сүресі.

отыз үш реттен айтып, тәсбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

Әли—Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халифа. Хазірет Әли—Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли—орасан, алып күш иесі. Жаулары Әлидің айғайынан-ақ өліп, талып қалатын болыпты-мыс. Фольклорлық туындыларда оның зұлпықар, қамқам, самсам деген үш қылышы болғаны айтылады. Әлидің есімі көптеген шығыс шығармаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол дастандардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді. Дастандарда Әли өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген.

Хазірет Әлидің атына «Шәһимардан», «Қайдар», «Арыслан», «Шері», «Мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты Дүлдүл де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды тұлпардың нышанына айналған.

Әли ұрпақтары мен оның жақтаушылары кейін шииттік ағымның көсемдеріне айналды. Олардың ұрпақтары қазіргі Иран, Ирак және Орта Азияның кейбір аймақтарында өмір сүреді.

Баба түкті Шашты Әзіз—қазақ эпостары мен ертегілерінде кездесетін киелі кейіпкер. Бұл кісінің батасын алған перзентсіз жандар Алланың құдіретімен ұлды, қызды болып жатады. Аңыздардың бірінде оның есімі Баба Туклас деп көрсетіледі. Әкесі—Керемет Әзіз. Мұсылмандар арасында Әулие саналған. Меккеге қажылық сапармен барушылар ең алдымен Мұхаммедтің, онан кейін Әли Мұртаза Сейіттің, содан соң Баба Тукластың қабіріне барып тәу еткен. Баба түкті Шашты Әзіз—Қожа Ахмет Иасауидің арғы бабалары, ислам діні Орталық Азияға тарай бастаған кезде өмір сүрген кісі деген болжамдар бар.

Дәуіт—Қасиетті Құранда есімі аталатын пайғамбар, Сүлеймен пайғамбардың әкесі. Көне жөйіт тілінде Давид. Дәуіттің отыз баласы болған. Жаратқан Иеміз құдіретімен отыз баланың жанын бір мезетте алады. Мұны көрген Дәуіт Алла Тағалаға зар илеп жылайды. Сонда Алла: Дәуіт, саған отыз ұлыңның орнына отыз ұл берейін бе, әлде отыз ұлға татитын бір бала берейін бе?—деп сұрағанда Дәуіт «отыз балама татитын бір ұл беріңіз» деген екен.

Құдай тағаланың берген ұлы осы Сүлеймен пайғамбар болыпты. Сүлеймен аң-құстың тілін түсініп, тілдесе алған дейтін аңыз бар.

Қазан хан— XIV ғасырдың бас кезіндегі қызылбас елінің ханы Ғазан ханның прототипі болуы мүмкін. Ғазан ханның әскерлері Каспий теңізінің батысына, Дербент, Баку, Астрахан қалаларына, Арал маңына шейін жорық жасап келген. Осындай шабуыл кезінде ол өз әскерлерін басқадан айыру үшін бастарына қызыл бөрік кигізген. Осыдан барып жергілікті халық оларды «қызылбас» деп атаған. Бұлардың шабуылдарына қарсы күресіп, зор ерлік көрсеткен қыпшақтар болған.

Қамбар ата—қазақтың сенім-нанымында жылқы малының пірі, иесі. Қамбар ата образы түркі халықтарының ежелгі фольклорында көп кездеседі. Қазақ фольклорында Қамбар атаның мифтік болмысы су стихиясымен, музыкамен, музыкалық аспапты ойлап табумен, жылқы малымен байланысты.

Қырымның қырық батыры— қазақтың белгілі «Қырымның қырық батыры» эпостық жырының кейіпкерлері. Жырда қырыққа жуық батырдың ерлігі тізбектеле тұтас алынып жырланады. Олардың ішінде: Орақ—Мамай, Қарасай-Қази, Едіге, Қосай, Тарғын, Шора, Ағыс, Көгіс, Қазтуған т.б. батырлардың жорық шежіресі бар.

Мұхаммед [Мұхаммед ибн Абдулла Әбул Қасым]—ислам дінінің және болашақ араб халифатының негізін салушы, тарихи тұлға. Мұсылмандардың сенімі бойынша, ол—Алла Тағаланың адамдарды тура жолға салу үшін жіберген Елшісі, ең соңғы пайғамбар.

570* жылы Мекке қаласында дүниеге келген. Пайғамбардың әкесі Абдулла Мұхаммед өмірге келместен екі ай бұрын қайтыс болған. Ал анасы Әмина Расул Алла алты жасқа толғанда дүниеден өтеді. Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) алғашында сүт анасы Халиманың, онан соң атасы Ғабдулмүтәліптің, ол қайтыс болған соң ағасы Әбутәліптің тәрбиесінде болған.

Алла Тағаланың алғашқы рамазан айында хазірет Мұхаммед Меккеден үш шақырым жердегі Хира үңгірінде ғибадат етіп отырған түні таң алдында түскен. Мұхаммед (с.а.с) Алланы, яғни бір Құдайға табынатын дін—исламды 610 жылы 40 жасында уағыздай бастайды.

* Еейбір деректерде Мұхаммед пайғамбарды тууан жылы 571 жыл деп күрсетіліп жүр. Зерттеушілер әлі бір пікірге келмегендіктен, біз ұалыптасуан пікірді ұстанды.

Мұхаммед (с.а.с.) ислам дінін жария еткенде арабтардың басымы көпшілігі пұтқа табынатын. Олар ислам дініне қарсылық білдіріп, түрлі қастандық жасады. Сондықтан б.д. 622 жылы Мұхаммед (с.а.с.) өзінің жақтастарымен бірге Меккеден Мәдине қаласына қоныс аударады. Бұл жыл ислам жыл санауының басы деп есептеледі. Оның арабша атауы—«хижра», яғни «қоныс аудару» деген сөз.

Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) бин Абдулла 633 жылы Мәдине қаласында қайтыс болды.

Мұхаммед пайғамбардың «Мұстафа» (таза, нұрлы, сипатты), «Расул» (елші), «Хабибулла» (Алланың сүйіктісі), «Сағидулла» (Алланың көмекшісі) т.б. эпитет есімдері бар.

Омар—Әбубәкір өлгеннен кейін (634 ж.) мұсылман қауымына басшылық жасаған екінші әділетті халифа, исламның алғашқы кезеңіндегі ірі дін қайраткерлерінің бірі. Хазірет Омар Мұхаммед пайғамбар (с.а.с.) мен Әбубәкір Сыдықтан соң мұсылмандықты одан әрі насихаттап, оны араб елдерінен тысқары өлкелерде таратуға көп күш жұмсады. Хазірет Омар басшы болған он жыл ішінде ислам діні Ирак, Сирия, Египет және Ливия жерлеріне орнықты.

Омар халифа тұсында араб-мұсылман иеліктерінде дінге негізделген әкімшілік хұқықтың тәртіптері және алым-салық жүйесі құрылды.

Ол сондай-ақ мемлекеттегі шарифат жолының үлесін күшейту мақсатында өзінің халифа лауазымына «Әмір әл-муминин» дәрежесін қосты. 638 жылы хазірет Омардың сахабалары Иерусалимді тізе бүктіріп, қаладағы қасиетті Сүлеймен храмының орнына намаз оқыды. VII ғасырдың аяқ шенінде үмийа халифасы Әбд әл-Мәлік хазірет Омар намаз оқыған жерге «Куббат ас-сахара» деп аталатын күмбез тұрғызды.

Орақ—Мамай—ноғайлы батырлары. Ақ Орданың әмірі Едігеден (1352-1419) тарайтын тұлғалар. Халық аузындағы шежірелік мәліметтер бойынша Мұсадан—Алшағыр, одан Орақ пен Мамай туған делінеді. Екеуі де көшпелі ноғай-қазақ ұлыстарының туын көтеріп, ел намысын жыртқан, ер жүрек батырлар кейінде ел есінде қалған.

Оспан (Осман)—араб-мұсылман тарихындағы үшінші әділетті халифа. Ол—Мұхаммед пайғамбардың жолын ұстаған алғашқы

сахаба-серіктерінің бірі, Расул Аллаға шын берілген, үмийа әулетінен шыққан бай саудагер. Хазірет Оспан әуелі Пайғамбардың қызы Ұрқияға, ол қайтыс болған соң Хазірет Расулдың екінші қызы Үммігүлсімге үйленді. Сол себепті мұсылмандар Оспанға Зун-Нурайн (екі шамшырақтың иесі) деген құрметті атақ берген.

Шопан ата—әйгілі Қожа Ахмет Йасауидің шәкірті. Ол XII ғасырдың II жартысында өмір сүріп, ел ішінде мұсылман дінін уағыздаған әулие адам. Ел ұғымында Шопан ата тұрғызған жер асты мешіт пен қорым киелі, қасиетті орын. Маңғыстау, Оңтүстік Қазақстан облыстарының Шопан ата есімін иеленген кесене, мазарлар ұшырасады. Сондай-ақ Шопан ата—қазақ халқының пірі болып саналады.

Ысрапыл—қиямет күнін хабарлаушы періште. Ол Иерусалим тауында тұрып, қиямет күнінің келгені туралы дабыл қағады. Ысрапыл Алланың талаптарын, әмірлерін басқа періштелерге хабарлайды. Қазақ тіліндегі сұрапыл боран, дауыл, соғыс т.б. ұғымдар осы сөзден туындаған.

СүзДІК^{*}

Ағла /а/— ең жоғары, ең биік; аса ұлы, ең зор

Алла акбар—Алла ұлы

Алхамдуллаһи /а/—Аллаға шүкір

Асық—ғашық

Баялыш—шөлді, құмды жерде тырбиып өсетін бозғыл түсті тікенді өсімдік, бұта

Бейпіл /ж/— бейбіт, тыныш

Берен /ж/—мықты, қайратты

Берен, беренгі—болаттан жасалған батырлар киетін сауыт

Беркін—берік

Боқжама /к.с./— қолдан тігілген боқша, дорба

Бүйім /ж/—бұйымтай

Бүлгін /ж/—бүлік

Былағай /ж/—шым-шытырық

Гөзел—әдемі, сұлу

Ғазиз /а/—ардақты, әзиз

Ғаріп /а/—мүсәпір, бейшара

Ғасы /а/—күнәһар

Дағдыр /ж/ - тағдыр

Даң /ж/—даңқ, атақ

Дырау—даңқты, атақты

Ебене—өсімдік, шөп

Жад—ес

Жақ—садақ

Жана /ж/—және

* Басуа тілдерден енген сүздерді бірнеше мауынасы болуы мүмкін, сондықтан мәгін мазмұнына байланысты беріп тұрған мауынасын ғана сүз етеміз.

Жаппар /а/—құдіретті, алып; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

Жаһаннам—тозақ оты

Жұмыла /а/—барлық, бүкіл

Жұфұт /п/—жұбай, жар

Зарпы /п/—қайғы, дерт

Заһар—у, улы зат

Ибадат /а/—табыну

Илаллаһа /а/—Алладан басқа

Иншалла /а/—Құдай қаласа

Кебене—киізден жасалған киім.

Кемал /а/—кемел, толық

Кент—қала

Көдек /п/—бала

Көпшік—ішіне жүн, мамық салып тігілген, өрнектелген жастықша.

Күрзі /к/—салмақты болу үшін бір басына қорғасын құйып жасалған сабы қысқа шоқпар.

Күшала—ыстық жақта өсетін улы дәнді, емдік қасиеті бар өсімдік.

Қажар /к.с./—күш-қуат, қайрат-жігер; қажыр

Қазанат—ұзақ жолға шыдамды, мықты ат, қазақ жылқысының байырғы бір тұқымы.

Қауыс—ноябрь, қараша

Қорамсақ—жебе салып жүруге арналған қалта

Қосын—әскер, жауынгерлер тобы тұратын жер

Құлық—бірінші рет құлындаған жас бие

Құбыла /а/—мұсылмандардың намаз оқығанда бет бұратын жағы. Алғашында Мұхаммед пен оның серіктері беттерін шығысқа, Иерусалимге қарай бұратын; кейіннен хижраның екінші жылы қасиетті қағбаны белгілейді.

Құрым—күн қақтап, шаң қонып әбден ескірген, тозығы жеткен киіз.

Лабақ /к/—абакты, түрме

Мат болу—ұятқа қалу

Махшар— қиямет күнінде Алла Тағаланың өлген кісіден жауап алатын күні.

Мәулет—уақыт, мерзім

Медет /а/—демеу, сүйеніш

Миясар—лайықты, жарасымды

Міскін /а/—бейшара, мүсәпір
Науша—ұзын бойлы, ашаң
Нән—үлкен
Нәһан—үлкен, денелі
Панар—шам
Пешат /о/—мөр
Пұрсат /а/—мұрсат
Пышман—қайғы, қасірет, сандалған ой.
Сағи—сау
Саржа—сүйекпен әшекейленген әдемі садақ, садақтың оғы
Сарзин—саржан (ұзындық өлшемі)
Сарық—ұзын құйрықты мәліш қой
Срок /о/—уақыт, мерзім
Сухар /о/—кептірілген нан
Сүдін /ж/—сыртқы бейне, кескін, ұсқын
Сүрен—бүлік, айғай, сойқан
Тамам /а/—толық
Тұлым—жас баланың шекесінен, шүйдесінен ырым үшін
қалдырып қойған тұлымшақ шаш
Тіллә /п/—ақша, алтын
Шабдар—жал-құйрығы сарғыш келген құла жирен жылқы
Шарайна /к/—сауыт, латы
Шәр—қала
Шұрқылтай—бұғананың үстіңгі жағындағы жұмсақ ойық жер
Халас /а/—құтылу, арылу, азат болу

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Бөкей—Батыс Қазақстан облысының оңтүстік-батысында орналасқан аудан. Осы арада бұрын (ХІХғ.) Бөкей хандығының ордасы болған. Оны Әбілхайыр хан ұрпақтары: Орда, Бөкей, Жәңгір хандар билеген.

Бөрлі—Бөкей ордасы ауданындағы өзен.

Бұқар—Өзбекстандағы көне қалалардың бірі. Қызылқұм шөлінің оңтүстігінде орналасқан.

Бұлдырты—Жайық алабындағы өзен. Батыс Қазақстан облысының Сырым ауданындағы Ақсуат ауылынан солтүстік-батысқа қарай бір шақырым жерде. Былқылдаған және Жосалы бұлақтарының қосылған жерінен Бұлдырты аталады, оңтүстігінде Жалтыркөл көліне құяды.

Ебейті—Ақтөбе облысының Байғанин ауданындағы ауыл.

Ешкіқырған (Итқырған)—Ақтөбе облысының Қобда ауданындағы өзен. Жайық алабындағы салалардың бірі.

Жақсыбай—Жайық алабындағы өзен. Батыс Қазақстан облысының Қаратөбе ауданының жерімен ағып өтеді. Ақтөбе облысы жеріндегі Теректітөбе тауынан басталады да, Қарағанды құмын жағалап Сулыкөлге құяды. Батыс Қазақстан облысының Жәнібек ауданында Жақсыбай ауылы бар.

Жем (Ембі) —Каспий алабындағы өзен. Ақтөбе және Атырау облыстарымен ағып өтеді.

Жирен қопа—қазіргі Ақтөбе облысының Қобда ауданында орналасқан ауыл. Аудан орталығы—Қобда.

Қап тауы—Құран аңыздары бойынша, жер жүзін қоршап тұрған тау тізбегі. Бұл таулар аспан түстес зүбәржаттан құралған, ал ең биік шыңында вулкан орналасқан. Жер бетіндегі барлық таулар Қап тауымен байланысты, Алла Тағала осы таулар тізбегіндегі шыңдардың біріне қолын тигізсе, жер сілкінісі болады. Қап

тауының арғы жағын йәжуж бен мәжүж деген қорқынышты халықтар мекендейді, олар әр түн сайын тауды егеу сияқты тістерімен кеседі, бірақ күндіз тау бастапқы қалпына қайта келеді, сөйтіп, бұл халықтар жер бетіне шыға алмайды. Қап тауымен байланысты көптеген аңыздар бар. Солардың бірсыпырасында Қап тауының арғы жағында керемет мақұлықтар, дәулер мен перілер мекендейтін ғажайып елдер бар деп айтылады.

Қарабау—Атырау облысының Қызылқоға ауданындағы ауыл. Қарабау өзенінің сол жағасындағы шөлейт белдемде орналасқан.

Қаракөл—Атырау облысының Қызылқоға ауданындағы ауыл. Ойыл өзенінің оң жағасында орналасқан.

Қараспан—орта ғасырлардағы қоныс орны. Бүгінгі орны Оңтүстік Қазақстан облысы, Ордабасы ауданы, Обручевка ауылынан 2 шақырым оңтүстікке қарай орналасқан. Қараспан аймағын 1898 жылы Н.П.Остроумов, 1948 жылы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы арнайы зерттеген. 1980 жылы бұрынғы Шымкент пединституты археологиялық экспедиция тобы ашқан.

Қараоба—ежелгі қорым. Батыс Қазақстан облысындағы Жасауыл деген жерде орналасқан.

Қаратау—Еуразияның түркі тілдес халықтар қоныстанған аймақтарындағы биіктігі орташа және аласа тау жоталары. Қаратауда жаз айларында қар жамылғысы болмағандықтан осылай аталады. Қаратау атауы Орталық Азияда, Оңтүстік Оралда т.б. түркі тілдес елдер аумағында (Түркия, Иран, Кавказ, Қырым т.б.) жиі кездеседі. Қазақстанда Қаратау жотасы (Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Қызылорда облыстары аумағында), Қаратау таулары (Маңғыстауда), Кетпен (Ұзынқора) жотасында бар.

Қаратөбе—ауыл. Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданының орталығы.

Қулы көл—Солтүстік Қазақстан Ақжар ауданындағы ауыл, Талшық ауылдық округінің орталығы. Ащысу өзенінің оң жағасында.

Қобда—Елек алабындағы өзен. Ақтөбе облысының Алға, Қобда ауданы жерлерімен ағады. Орынбор облысының Покровка (Ресей) ауданының тұсында Жайықтың саласы Елек өзеніне құяды. Қобда атында аудан бар.

Қырым хандығы—Алтын орда ыдырағаннан кейін Қырым

түбегінде орналасқан мемлекет.

Маңғыстау—Қазақстанның оңтүстік-батысында орналасқан. Ел аузында Маңғыстаудың ойында 360 әулие барлығы айтылады.

Мұзбел—Сарыарқаның орта тұсында, Қарағанды облысындағы Нұра ауданының солтүстік-шығысындағы аласа бел. Батысында Құланөтпес өзенінің аңғарына, шығысында Нұра өзенінің аңғарына ұласады.

Ноғайты—Сағыз алабындағы өзен. Атырау облысының Қызылқоға ауданы жерімен ағып өтеді. Ақтөбе облысының Байғанин ауданындағы ауыл.

Ойыл—Жайық алабындағы өзен. Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан облыстары жерімен ағады. Өзен бойына Миялы, Ойыл т.б. елді мекендер орналасқан.

Өлеңті—Жайық алабындағы өзен. Батыс Қазақстан облысының Сырым және Ақжайық жерлерімен ағады.

Самарқан—Өзбекстанның Самарқанд облысының орталығы, қала. IV ғасырда Марақанда деген атпен белгілі болған, Заравшан өзенінің аңғарында орналасқан. 1924-1930 жылдары Өзбек ССР-ның астанасы, 1938 жылдан облыс орталығы. Самарқанда тарихи ескерткіштер өте көп: Шаһизинда, Бибі ханым мешіті, Регистан т.б.

Сарықобда—Ақтөбе облысының Алға ауданындағы өзен. Жайық алабында.

Тайсойған—Атырау облысының Қызылқоға ауданындағы құм. Ойыл өзенінің төменгі бөлігінің сол жағалауымен жарып шыққан өзенді бойлай созылып жатыр.

Шыңғырлау—Жайық өзенінің сол саласы.

Шідерті—Батыс Қазақстанның Сырым ауданындағы өзен, Өлеңті алабында.

ТОМУА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ үҮМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МҮЛІМЕТ

Байғанин Нұрпейіс (1861-1945)—белгілі қазақ ақыны, жыршысы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнер қайраткері. Ақтөбе облысы, Байғанин ауданында туып-өскен. Көптеген эпостық жырларды жаттап айтып, кейбіреуін өзінше жырлаған («Қобыланды», «Құбығұл», «Төрехан», т.б.). Нұрпейіс Байғанин желілі батырлар жырын, эпостық жырларды дамытып жырлаумен өзінің ерекшелігін танытқан ақын. Ақын халықтың мызғымас достығы, еңбек ерлері жайында көптеген жырлар шығарды. Н.Байғаниннің жырларына майдандағы жауынгер, тылдағы еңбек адамдарының асқан ерлігі, халықтар достығы көп арқау болған.

Қазақ әйелдерінің ауыр тағдырын суреттейтін «Ақкенже», «Нарғыз» дастандарын шығарған. Ақынның Қазан төңкерісінен бұрынғы сатиралық, арнау өлеңдері, Қазақбай ақынмен айтысы т.б. ел аузында сақталғанмен, кезінде жазылып алынбаған.

Ешімов Ержан—Сыр елінің белгілі жыршысы. Ақынның репертуарындағы «Қобыланды» жырын 1954 жылы Қызылорда экспедициясының мүшесі Т.Есенгелдин жазып алған. Жыршының өмірі жайлы басқа деректер табылмады.

Толымбаев Біржан—халық жыршысы. Бұрынғы Қостанай облысы, Қарабалық уезінде туып-өскен. Туған жылы, өскен ортасы туралы ешқандай мәліметтер кездеспеді.

Тұяқбаев Махмұтсұлтан— XIX ғасырдың 90-жылдары Біржан Толымбаевтан «Қарақыпшақ Қобыланды батыр» жырын жазып алып, 1914 жылы Қазан қаласында жариялаушы. Қазан төңкерісіне дейін мұғалім болып қызмет істеген.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ—М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК—Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ—Қолжазба қоры

Ш—шифр

дәп.—дәптер

/а/—араб

/о/—орыс

/п/—парсы

/тат/—татар

/т/—түркі

/ж/—жергілікті

моңғ.—моңғол

/қ/—қытай

/к.с./—көнерген сөз

ПАЙДАЛАНЫЛУАН ҮДЕБИЕТТЕР

Қолжазбалар мен 1917 жылға дейін араб әрпінде жарық
көрген кітаптар

1. Қарақыпшақ Қобыланды батыр. Қазан, 1914.
2. Қобыланды. ОҒК, Ш.62 Д.
3. Қобыланды туралы. ӘӨИ, Ш.9.

Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар,
сөздіктер

1. Әуезов М. Шығармаларының толық елу томдық жинағы. 2-том.—Алматы: Ғылым, 1998.
2. Бердібаев Р. Қазақ эпосы.—Алматы, 1982.
3. Бердібаев Р. Эпос—ел қазынасы.—Алматы: Рауан, 1995.
4. Ғабдуллин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры.—Алматы, 1972.
5. Жирмунский В. М., Зарифов Х. Т. Узбекский народный героический эпос.—М., 1947.
6. Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. 1-кітап.—Алматы, 1958.
7. Қазақ әдебиетінің тарихы. 1-том, 1-ші кітап.—Алматы, 1960.
8. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы. 1-том.—Алматы, 1975.
9. Қазақ кітаптары. Құрастырғандар: Е. Есова., Ү. Сұбханбердина, Д. Сейфуллина.—Алматы, 1986
10. Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның айтушылары.—Алматы, 1975

11. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы.—Алматы: Ана тілі, 1991.
12. Қоңыратбаев Т. Эпос және этнос: Қазақ эпосы және оның этникалық сипаты.—Алматы: Ғылым, 2000
13. Орлов А.С. Казахский героический эпос.—М., 1945
14. Нұрмағанбетова О. Қазақтың қаһармандық эпосы—«Қобыланды батыр».—Алматы, 2003.
15. Фольклор шындығы: Ғылыми жинақ / Бас ред. Р. Бердібаев.—Алматы: Ғылым, 1990.
16. Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. Қазақтың батырлық жырларының поэтикасы.—Алматы: Ғылым, 1993.
17. Арабша-қазақша түсіндірме сөздік. Құрастырған: Н.Оңдасынов. 1-2 том.—Алматы: Мектеп, 1984.
18. Арабша-қазақша сөздік. Құрастырушылар: А. Дәдебаев, Ж. Қайранбаев.—Алматы: Рауан, 1990.
19. Арабско-русский словарь. Составитель Х. К. Баранов.—М., 1968.
20. Древнетюркский словарь.—Л., Наука, 1969.
21. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Құрастырушылар: Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдерінова.—Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
22. Қазақ тілінің сөздігі.—Алматы, 1999.
23. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Құрастырған: І.К.Кеңесбаев.—Алматы, 1977.
24. Персидско-русский словарь. Под ред. Ю. А. Рубинчика. I-II т.—М., 1970.
25. Татарско-русский словарь.—М., Советская энциклопедия, 1966.
26. Турецко-русский словарь.—М., Русский язык медиа, 2005.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова Министерства образования и науки РК продолжает работу по подготовке и изданию очередных томов Свода казахского фольклора «Бабалар сөзі», выполняемого в рамках государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

По состоянию на сегодняшний день Институтом подготовлено и издано 35 томов фольклорных текстов.

36 том включает в себя три варианта героического эпоса «Қобыланды батыр», являющегося выдающимся образцом эпической поэзии казахского народа. Издревле создателями и исполнителями казахских эпических песен («жыр») были жырау и акыны—певцы-импровизаторы. Жырау и акыны соединили в себе певца, поэта, сказителя-импровизатора. Один из вариантов эпоса «Қарақыпшақ Қобыланды батыр», записанный от акына Биржан Толымбаева в начале 90-х годов XIX в. в волости Карабалык Кустанайской области, был издан на арабской графике учителем Махмутсултаном Туякбаевым в Казани в 1914г. Второй текст «Қобыланды» записан от известного народного певца Нурпеиса Байганина учителем Ахметом Искендеровым в апреле 1940 года в Актюбинске. Третий вариант, озаглавленный «Қобыланды туралы» был записан в 1954 году членом фольклорной экспедиции Т.Есенгельдиным в изложении жыршы Е.Ешимова, жителя Кызылординской области.

Составителями планируется подготовка и издание четырех томов, в том числе всех двадцати вариантов настоящего эпоса. Среди героических эпосов «Қобыланды батыр» один из самых крупных и достигает в некоторых вариантах шести-девяти тысяч строк.

Сюжетную основу «Қобыланды батыра» составляют древние легенды и героические мотивы, связанные с прошлой жизнью казахского народа и его историей.

В соответствии с принципами издания «Бабалар сөзі», том снабжен научными приложениями, которые включают в себя сведения о публикуемых текстах: краткий историко-фольклористический и текстологический анализ; данные об исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, терминов и понятий религиозного характера, а также географических названий; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Все тексты данного тома публикуются впервые.

Объем тома—30 п.л.

SUMMARY

M.O. Auezov Institute of Literature and Arts, Ministry of Education, Republic of Kazakhstan is continuing activities on preparation and publishing of the volumes of hundred volume series «Babalar sozy» in the frame of the State program «Medeni Mura» («Cultural heritage»).

At present period the Institute staff has prepared and published 35 volumes of folklore texts including twelve volumes of novelistic dastans, seven volumes of religious-moral content, five volumes of historical poems, eight volumes of romantic (love) dastans and one volume of genealogical dastans and one volume of Kazakh heroic epos «Alpamis batyr».

36th volume includes eight versions of heroic epos «Alpamis batyr» most of which haven't been published earlier, such as versions of folk akyns Nisanov Ainabek, Rakhat, Baiganin Nurpeis, Zhanbirshin Sujunali. They have performed them in accompaniment of folk music instrument dombra. In 1956 the member of folklore expedition from the Department of folklore, Institute of linguistics and literature T.Sidikov have recorded the zhyr performed by Ainabek Nisanov who was a student of the well known akyn Nurali Naisanbaev. One of the versions of «Alpamis batyr» was recorded by the student of Abay ASPU K. Nurgaliev in 1954 from the resident of Bulaev district of North Kazakhstan region I.Zhusupov who has heard the text of the mentioned epos from akyn Rakhat in 1934. In 1946 senior lecturer of Kysylorda Pedagogy Institute Shamshatova Ainash has recorded the version of the well known akyn Nurpeis Baiganin that was considered unrecorded. All above mentioned versions haven't been published earlier.

This volume includes also two prosaic eposes. One of them «Alty zhasar Alpamis» was published in Russian in «Turkestan news» (1916, #217-218) under edition of A.Divaev. Another prosaic text was recorded by T. Sidikov in 1957 from A.Ospanov resident of South Kazakhstan

region. Also the volume includes the text «Alpamis batyrdin khikayasi» published in 1922 in Tashkent and one of its versions recorded by folklorist Auelbek Konyratov.

The plot of «Alpamis batyr» is based on ancient legends and heroic motives related to the past life of Kazakh people and their history. From well known epic motives we observe the following: motives of childlessness, miraculous birth of the hero, many years existence of the hero in prison etc.

According to the principles of the edition «Babalar sozi» the volume has scientific supplements which include the following: data on published texts and their versions; brief historic- folklore and textologic analysis of the texts; data on historical and religious figures whose names are mentioned in the texts; vocabulary of the old Turkic, Arabic and Persian words, terms, notions and geographic names; data on narrators of folk tales, collectors and publishers; list of used literature; summary in Russian and English.

36th volume includes eight texts of Kazakh heroic epos «Alpamis batyr». Seven of them have been taken from manuscripts and only one was prepared from publishing house of the beginning of XX century.

Most texts of this volume are published for the first time.

Volume includes 30 p.p.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан	5
-------------------------	---

Мәтіндер

Қарақыпшақ Қобыланды батыр (Қазан нұсқасы).....	9
Қобыланды батыр (Н.Байғанин нұсқасы)	111
Қобыланды батыр туралы (Е.Ешімов нұсқасы)	355

Ғылыми қосымшалар

Томға енген мәтіндерге түсініктеме	455
Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер	460
Сөздік	465
Жер-су атаулары	468
Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы һәм жинаушылар туралы мәлімет	471
Шартты қысқартулар	472
Пайдаланылған әдебиеттер	473
Резюме	475
Summary	477

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

36 том

ГЕРОИЧЕСКИЕ ЭПОСЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М. О. Ауэзова

Шығаруға жауапты Р. Қ. Тұрлынова
Редакторы Ұ. С. Тілегенова
Техникалық редакторы Г. Бектібаева
Компьютерде терген ва
Компьютерде беттеген М. О. Ноғайбаева

Дизайнын әзірлеген «Баур» баспасы
ИБ № 2186

Теруге 26.07.06 жіберілді. Басуға 15.08.06 қол қойылды. Пішіні 60х90¹/₁₆.
Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 30. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № .

«Фолиант» баспасы
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

«Фолиант» баспаханасында басылды
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

ISBN 9965-35-267-9

